

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАГЕРЛІК-РЕДАКТОРЛЫҚ ЖӘНЕ ДИЗАЙНЕРЛІК ӨНЕР
КАФЕДРАСЫ

ЖУРНАЛИСТ, АҚЫН, ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ

Жақып Бауыржан Өміржанұлының

60 жасқа толуына арналған

«БАСПА ІСІ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС: ҚАЛАМҒЕР – РЕДАКТОР – ОҚЫРМАН»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

ӘОЖ 655(063)
КБЖ 76.17
Б 26

Жалпы редакциясын басқарған:
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Темірғали Көпбай

Ғылыми редактор:
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Айгүл Рамазан

Құрастырған әрі жауапты редактор:
Ермахан Шайхыұлы

Журналист, ақын, ұстаз, ғалым Бауыржан Жақыптың 60 жасқа толуына арналған «Баспа ісі және әдеби процесс: қаламгер – редактор – оқырман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 220 б.

ISBN 978-601-04-6547-3

Журналист, ақын, ұстаз, ғалым Бауыржан Жақыптың 60 жасқа толуына арналған «Баспа ісі және әдеби процесс: қаламгер – редактор – оқырман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары топтастырылған.

Автордың редакциясымен шығарылды.

ӘОЖ 655(063)
КБЖ 76.17

ISBN 978-601-04-6547-3

© әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2023

Туған күн

Құдіретті Алла шешімін,
Орындап, қосқан дүбірге.
Мен аштым дүние есігін,
Сәуірдің тәуір күнінде.

Өмірге келдім көктемде,
Көкірегімді ашып саумалға.
Күн нұрын көктен төккенде,
Аспаннан жаңбыр жауғанда.

Тұңғышы едім әулеттің,
Күлімдеп әжем қуанды.
Іңгәлап алғаш әндеттім,
Үкілеп тақтым тұмарды.

Кеудесін жарып қуаныш,
Жайраңдап әкем жар салды.
Жан анам тауып жұбаныш,
Жап-жарық дүние қарсы алды.

Жиналып көрші-қолаңмен
Ағайын-туыс алқалап.
Тудым мен тұнық жанармен,
Өз тағдырымды арқалап.

Анамның ерек құшысы,
Бар құрмет мендей балаға.
Ауылдың үлкен-кішісі,
Жиылды шілдеханаға.

Сол күні азан шақырып,
«Бауыржан» қойды атымды.
Сөз етті бәрі отырып,
Аңыз қып Баукең батырды.

Қазақтың бәрі білетін,
Жайылған даңқы жаһанға.
Сөзіне ел құлақ түретін,
Айналсын деді Атанға!

Тілегі көптің көл деген,
Қосылдым келіп қатарға.
Семсер боп жауға сермеген,
Аттандым сөйтіп сапарға.

Өлеңнің түстім жолына,
Өмірдің күйін шертермін.
Қаруын емес, қолыма
Қаламын алып Баукеңнің.

Бауыржан Жақып



Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана қ, Ақорда

11/12/2023

**Қазақстан Жазушылар одағы
Басқарма төрағасының
орынбасары, ақын
Б. Жақыпқа**

Құрметті Бауыржан Өміржанұлы!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Оқырман қауым өзіңізді қазақ поэзиясын дамытуға елеулі үлес қосқан көрнекті ақын, қарымды қаламгер ретінде құрметтейді. Сіз ұзақ жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еңбек етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледіңіз. «Қазақ энциклопедиясын» басқарып, төл шежіремізді таңбалау ісіне зор еңбек сіңірдіңіз.

Сіздің көркемдік қуаты мол шығармаларыңыз жұртшылықтың жүрегіне жол тауып, лайықты бағасын алды. Туындыларыңыз өзге тілдерге аударылып, қазақ әдебиетін дәріптеуге үлес қосып келесіз.

Төл мәдениетімізді өркендету жолындағы еселі еңбегіңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Алдағы уақытта да оқырмандарыңызды жауһар жырларыңызбен қуанта бересіз деп сенемін.

Сізге толағай табыс, шығармашылық шабыт және отбасыңызға амандық тілеймін!


Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

АҒАЛАР ЛЕБІЗІ

Бауыржан Жақып ақын ретінде кеңінен танымал. Оның поэзиясы тазалығымен және мөлдірлігімен өзіне тартып тұрады. Ол (бұрынғы Семей) қазіргі Абай облысының тумасы ретінде туған жерінің, өскен өлкесінің әсем табиғаты мен қасірет-қайғысын терең сезінеді. Бұл оның «Жан дауысы» атты айрықша шеберлікпен өрілген дастанында ядролық сынақтарды мүлдем тоқтатуға ашық қарсы шығып, киелі жерден шыққан ұлы тұлғалар монологумен, тіпті тау, өзен, тас, тоғай, жел сияқты табиғаттың атынан сөз алады.

Міне, осынысымен де ақын көптеген оқырмандардың қолдауына ие болған.

Олжас Сүлейменов,
*Қазақстанның халық жазушысы,
Қазақстанның Еңбек Ері*

Әдетте, ақын деген, егер ол шын ақын болса, әдебиет табалдырығын аттаған бойда, ең болмаса, бір шумақпен болса да, жұртты жалт қаратары сөзсіз. Олай болмады ма, онда ол ақынның одан әрі жұртшылық аузына іліне қоюы екіталай. Бауыржанның оқырман қауымды бірден өзіне қаратқан өлеңі – «Әжемнің ұршығы». Бұл өлең кезінде жай оқырманды ғана емес, қазақ өлеңінің күмбірлеп тұрған көне қоңырауы – Әбділдә Тәжібаевтың дуалы аузына іліккен болатын.

Темірхан Медетбек,
*ақын, Қазақстан Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты*

Табиғи таланты мен әдеби біліктілігі сай өсіп, толысқан Бауыржан Жақыптың бабына келген, бауырынан жараған жүйріктей сүйрік поэзиясын айтатын кез жетті.

Бауыржан – қазақ жырының ұлы мектебінен өткен, білімді дарын. Дәстүр жалғасы. «Қолтаңба» кітабында үздікпеген үздік жырлары бар. Бауыржанның «Абайдың Қасқабұлағы», «Қолтаңба», «Үш тал үкі», «Қылу» өлеңдері ұзақ жасайтын өміршең сөз.

Асқар Егеубай,
*Қазақстан Ленин комсомолы
сыйлығының лауреаты,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, ақын, сыншы.*

Ақ шырағданның жарығында жетпіс түрлі сәуле болса, Бауыржанның өлеңдерінде де сондай жетпіс түрлі бояу, өрнек бар екені көзі қарақты кісілерге бұрыннан белгілі. Бұл – ақынның ақынына ғана бұйыратын Тәңір сыйлығы!

Рафаэль Ниязбек,
*ақын, I. Жансүгіров атындағы
сыйлықтың және Шешенстан
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты*

Текті аталардың ұрпағы

Бауыржанның еңбек жолында бұлай жарқырап көрінуі – заңды құбылыс. Өйткені ол – текті аталардың ұрпағы, кешегі Атақозы атасы Абралы жерінен Меккеге барып, халыққа имандылық жолымен танылса, оның баласы атақты Тәңірберген 3000 жылқы өсіріп, 12 жыл бойы болыс болып, ел басқарған кезінде: бірінші болып Патшаға хат жолдап, қазақтан әскерге адам алудың орнына мал алуды сұраған. Сонымен қатар Абралы өңірінің атынан Қарамола съезіне қатысып, ұлы Абаймен бірге заң жүйелерінің Қазақ арасында қолданылуы жөніндегі жобаның қабылдануына ат салысқан қайраткер! Осындай ұлы іскер аталарының өмір жолдарын біліп өскен Бауыржанның шығар биіктері әлі алдында. Сенің еңбегіңе Толағай табыстар тілей отырып, өнеріңе өнер қосылып, дами берсін, халқыңа адал қызмет етіп, сүйікті ұлы бол! – деп айтқымыз келеді. Шығармашылық өнерің шарықтау биігіне көтеріліп, халқыңа ұнайтын әсерлі жырларың көп болуын шынайы жүрегімізбен тілейміз!

Серікқазы Мейірханов,
*Абай, Абыралы аудандарының
Құрметті азаматы,
Еңбек ардагері*

Қымбатты да қадірлі інім Бауыржан Өміржанұлы!

Сіз асқаралы, биік шың – 50 жасқа толған мерейлі туған күніңмен қызу құттықтаймын! Халықтың шын патриоты болып, поэзияға дарындық талантыңызбен оза шауып, бәйгелерде тілмен орақ жондыңыз, алдына жан салмай дара шықтыңыз, өзгенің тілін таптыңыз, ұстазға бауыр бастыңыз. Жырыңыз сезімді бөлеп, бой балқытады, сөз күдіретін аспандатады. Жырға шабыт қостыңыз, аянбайсыз, тура шабасыз. Жүректегі жырларыңыз көкті шарлады, алқынбады, толқын болып тасқындады, бой бермеді, асау тасқындай буырқанды, алай-дүлей көңіл бұлқынды. Тұсау салғызбадыңыз, поэзияның тарланы атандыңыз! Сіз Абай, Мұхтар, Шәкәрім туған жерде туып, рухтандыңыз, гүлдендіңіз! Ұлылар елінің туын асқақтатып, өсе беріңіз! Біліміңіз, өнеріңіз, дүниенің кілтіне айналсын. Ғылым, біліміңіз аспандап, бүкіл әлемді шарласын! Жасымасын. Жүрегіңіз Абай елі деп соқсын, қырандай самғасын! Дара ағашындай даралықты, хан ордасындай сәнділікті, әулиелер даңқындай ұлылықты тілеймін!

*Өлең сөздің өсіріп қасиетін,
Ел-жұртына қашанда бас иетін.
Ғалым әрі ұстаз деп бағалаймыз,
Айтатын әр уақытта әділ шешім.
Биікте жарық жұлдыз жарқыраған,
Әр кезде биік болар берер бағам.
Әркімнің жүрегіне нұр құятын,
Сара жол болсын деймін енді саған.
Бір өзіңді таңдапты кең гарышың,
Хан тәңірі! Поэзия ардақтысын.
Сен келгенде өнердің бағасы артып,
Көп өлеңнің су татып қалғаны шын.
Бұл, бәлкім шаттығыңның тасуы ма?
Айналып өр халқыңның хас ұлына.*

Өмірдің көктемi мен қысын көрiп,
Кеп жеттiң 50 жастың асуына.
Бұл тойдың мәртебесiн бәрi ұғынар,
Адамсыз жақсылыққа жаны құмар.
Әлемге аты мәшһүр ақынысыз,
Арынды, қаламының қарымы бар.
Сiзге бүкiл теңдiктi жиып берген,
Бiрге боп мынау жарқын сүйiктi елмен.
Жүрiңiз ортамызда аман-есен,
Көрiнiп заңғарлардан, биiктерден.

**Изгi тiлекпен, ақжарма көңiлмен:
Ағаңыз Рысбек КӨРКЕМБАЕВ.**

4 маусым 2013 жыл

I бөлім

Ақын. Ғалым. Ұстаз

Жас поэзия жайсандығы

*Қара құс түн қанатын жайғанында,
Үйірлді ымырт Қойтастың қойнауында.
Отагасы бір кіріп, бір шығады,
«Қонақ келер ме екен, – деп қойлы ауылға.
Қоныс бар ма жайлаудай шіркін жайлы,
Самауырда шай қайнап, бұрқылдайды.
Иесінің сезгендей бүкіл ойын,
Жата қалып дәу төбет тың-тыңдайды.*

(Ымырт)

Пай-пай? Көк жайлаудың көгалында аунағым келіп кетті! Шараяқпен қымызды сіміргім келіп кетті. Асықты жілікті мүжігім келіп кетті. Қазақы мінез қалтқысыз!

Жұрт аяғы басылған, мал жусаған, мамыражай тыныштық қойнындағы іңір. Бұл – Бауыржан Жақыповтың жырдағы баршаның ымыртынан бөлек өз ымырты.

*Ешкім келмей қалса егер мейман болып,
Ай түнейді түсіп үй түндігінен...*

Рас-ау, қара мақпал түнгі аспаннан түндік арқылы түскен ай сәулесі ақ жүзінді аймалаған сәттері ә дегеннен ойға оралып, рақат сезімге бөлейді. Жетпіске иек артайын деп отырсаң да, бала болғың кеп кетеді...

Сонау кобыз қылып, домбыра тұншыққан дүлей жылдарда, әттең, осындай өлең-жыр оқып, арман толы әндер естіп өсе алмаған ұрпаққа қазақтың, қазақы мінез, елдік өрнектік қайдан дарысын?! Осындай өрнекті поэзияны, ұлттық рухты тудай көтеретін құдіретті сөздерді көбірек тапсақ, иншалла, еңсеміз биіктей түсері хақ. Жасамысымыз да, жасымыз да осыны ұмытпасақ болды.

Бауыржанның басқа да бағалы жырларынан жаныңды желпір жаңа леп еседі. Оқырманды есінен тандырып, оқыс ойлар айтпайыншы деп алабұртпайтын автор жай ғана қоңырлатып отырып-ақ қоңыраулататыны бар екен.

*Көмекейі бүлкілдеп шағын арық,
Жарық күнді барады сағына ағып.
Үрген иттің дауысын жаңғыртады,
Бір жартастан бір жартас қағып алып.*

(Ауыл түні)

*Аңызақ кеулей-кеулей көкірегін,
Таулардың басы айналып құлайтындай...*

*Шілдені мүйізімен шайқап іліп,
Сырлар бара жатыр оқалақтан...*

Таңдайыңды тастай кептірген, маңдайыңды теріне көндірген шілде көрінісі екі жолдың бойына сыйған да кеткен!

*Бір сәтке, әже, тынышып па ең,
Шүйкеге мол жіп жиылып.
Отырушы едің ұршықпен,
Уақытты қоса иіріп, –*

деп басталған өлеңнің соңы:

*Өзімді сонда жұбатып,
Өмірге іштей күйінгем.
Ұршық қой мына уақыт,
Жіп қылып бәрін иірген, –*

деп аяқталады. Мұндай өлеңді ақынның тырнақалды «Көзімнің нұры» атты жинағынан аз кездестірмейміз. «Ақын жылмиған жыр жасаймын деп, жылмағайландырып алудан сақтанса екен!» деген тілекті тұстарын да айтатын көрінеді. Біздің тілек сол реуішті.

Шериаздан Елеукенов,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Бұл өлке – өлең-жырдың сарайы еді

Ақын Бауыржан Жақыптың жаңа жинағынан туған ойлар

Жинақтың негізгі мағлұматтары мұқабаның сыртында емес, ішкі титул бетінде көрсетілген: «Бауыржан Жақып. Шығармалары. Бірінші том. «Еліккөрген». Өлеңдер, балладалар, поэмалар. «Foliant» баспасы. Астана –2013».

Өзімді айырықша қуантқаны, «Алтай–Ертіс» кітапханасы» атты айдары. Қазір не көп, баспа көп. Бірақ берекесі аз. Қалтаң қалың болса, кітап басу оп-оңай, тіпті жазу-сызудан хабары шамалы қабілетсізге де. Ал Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің мына іс-шарасы қалыптасқан қаламгерлердің кітабын шығаруды көздейді. Облыс басшылығына Бердібек Сапарбаев мырза келгелі Өскемен мен Семей жұртшылығы талай толайым табыстарға қол жеткізуде. Қай әкімнің де шаруасы бастан асады. Бірақ Бекең бәріне үлгереді.

Жуырда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Оңтүстікте халық көп, жер аз. Ал бізде жер көп, халық аз» атты мақаладан Шығыс Қазақстан облысында қаңдастарға қанатты қамқорлық жасалып отырғанын оқып, о жаққа Қытайдан, Моңғолиядан, өзіміздің Оңтүстік облыстардан 800-ге жуық отбасы көшіп келіп, топырағы құнарлы, шөбі шүйгін, өзен суы ағыл-тегіл өлкеде өнімді еңбек етіп жатқанын біліп, ой, бәрекелділеп сүйсініп қалдым...

Әнеубір жылдары Өскеменге барғанымда, қазақтың Бас ақынына пристань жақтағы таудың етегінен үш-төрт жапырайған саман үйдің басын құрайтын бір шолақ көшені бере салғанына қорланып, жағамды ұстап едім. Енді мына тәуелсіздігіміз заманында, ұлы Абай Ақ Ертісті өрлеп келіп, облыстың орталық көшесіндегі биік тұғырға көтеріліпті...

Мұрнағы жылы Вашингтонға жол түсіп, қаланың тазалығына қайран қалып едім. Қайтып келіп, Өскеменге соққанымда, тазалығы әйгілі шаһардан кем түспейтіндігіне және таң қалайын. «Алтай–Ертіс кітапханасының» пайда болуы – Қазақ елінің рухани байлығын молайтуға қосылған айтулы үлес сияқты көрінеді маған.

Филология докторы, профессор, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторы Бауыржан Жақып інімнің бүгіндер жігіт ағасы жасына келіп, ақындық шабыты тасқындап тұрған шағы. Мақала аталымы – осы жинақтағы «Көз алдымда» өлеңінен алынды.

*Көз алдымда туған жер, Абай елі,
Қажымас өзгерсе де қалай өңі?
«Іші алтын, сырты күміс» сөзден соққан
Бұл өлке өлең-жырдың сарайы еді.*

*Көз алдымда көрінді Саржалым да,
Біздің ауыл қол бұлғап ар жағында.
Алыс жерден мауқыңды басу үшін
Оралудың өзі де олжа мұнда.*

Бұл жолдардан метареализмнің аяқ алысы байқалады. Ақын Қазақ елінің өткені мен бүгінгісін бұрынғы жазылымдардан өзгеше бір-біріне шендестірмей жырлаған. Жинақты оқып шыққанында, тек жалғыз өлкені ғана емес, жалпы ұлан-байтақ Қазақ елінің арғы-бергі дәуірінің бәрін «өлең-жырдың сарайына» балайсың. Өз басым – Алтай өлкесіненмін. Менің де «Алтай–Ертіс кітапханасы» арқылы «Тәуелсіздік көзімен» атты кітабым жарық көрген. «Қайдасың, сол күндер?» деген мемуарлық роман-эсседе кіндігімнің қаны тамған жері Ертістің сол жақ өңіріндегі Аршалы ауылы екенін жазғанмын. Бауыржанның жинағынан «Аршалар» деген өлеңді кездестіріп, қадала қалайын.

*Біздің елдің тауында өскен аршалар,
Жартастарды жарып шығып жар салар.
Айқыш-үйқыш, тау мойнына асылып,
Көкірегіңнің көзін ашып қарсы алар.*

*Іісі бөлек шашу етіп шашатын,
Күйші керек домбыраға қосатын.
Жап-жасыл боп еркелеген көк арша
Жас сұлудай Күнге бұрым тосатын.*

*Қысы-жазы таудың көркі аршалар,
Жерден өрге өрмелеп кеп жол салар.
Құдіретіне, биіктікке талпынған
Қолаттағы бүкіл ағаш қол соғар.*

Сөз өнері, көркем әдебиет өзге де қоғамдық сана түрлерімен, саяси идеология, философия, мораль, адамгершілік салаларымен ажырамас байланыста, бәрі қосылып заманауи проблемаларын танып, зерделеу жолымен дамитыны белгілі. Тәуелсіздік дәуірі ой-санамызды тереңдете түсті, шындық дүние мен мұрат, идеалымызды айқындап, Отанымыздың жарқын болашағына

сенімімізді болып көрмеген дәрежеде нығайта түсті. «Туған жерім көмкерілген гүлменен» дегізді («Сөзмоншақ»).

Самуил Маршактың бір сөзі жадымда қалыпты. «По-настоящему воспитывает та книга, где автор не взбирается на кафедру, чтобы поучать читателя, а в полную силу своих чувств, радуясь и страдая, живет в созданной им реальности».

«Аршалының» лирикалық геройы – «биіктікке талпынған» бүгінгі Тәуелсіз Ел адамы. Бейнелі сөздің түпкі тамыры – шындық кәусарымен суарылған. Қазақ елінің табиғаты – көкке өрмелейтін аршасына дейін мәңгілік мұрамыз, ырысымыз. Халқымыздың сөз қорындағы ертеден сіңісті шегі, шеті жоқ уақыт өлшемін білдіретін сөз қазіргі уақытта мүлде жаңаша естіледі. Тың сөз өнері – бөлекше форма іздеп шарқ ұрудан емес, жаңа лирикалық кейіпкер жүрегінен туып балаламақ. Аршалы образы азат елдің азаматы үшін киелі бойтұмар есепті.

Кіндік кескен жер тұрсын, жалпы Қазақ елінің ұлан-ғайыр аймақтарының әрқайсысының дара қасиетін сезінудің өзі қандай ғанибет?! «Сарыарқаның самалы», «Қос жағасы Есілдің», «Оңтүстіктен Ебінің есті желі», «Сарыағаш», «Ақмешіт», «Бесқарағай», «Атыңнан айналайын, Баянаула», «Ертіс өзені», т.б. өлеңдеріне қарағанда, Бауыржан республикамыздың төрт бұрышын түгел дерлік аралап, тарихы мен бүгінгісіне, сол өлкелерде туып, исі қазақтың атын шығарған, даңққа бөленгендер ерлігін жыр кестесіне жарқырата түсіруге талпынған. «Әлемнің барлық жаңарған картасына енген» бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан – Ғажабстан. Айналдырған 20 жылдан астам уақыт ішінде 20 ғасырға татитын жолдан өткенін ақын бар ынты-шынтысымен, көкірегіне қонымды етіп жырлайды. Мәскеу бір күнде салынбаған ғой. Сондай мәтел бар. Ал, біздің Астана ше?! Астана қас пен көздің арасында әлем көз тігетін шаһарға айналды.

*Топырақ көміп, тарихым таста қалған,
Өтті заман жанымды жасқа малған.
Кеше гана ырысты Ақмола еді,
Бүгін, міне, нұр ұшты Астанамнан.*

*Не көрмеді қазақтың бұл даласы,
Бостандықтың қымбат-ау тым бағасы.
Сайын дала төсінде бой көтерген,
Бүгін мүлдем жаңғырған тың қаласы.*

*Осынау күнді сан ғасыр күткен дала,
Жарқырайды Астанам тіптен дара.
Абылайдың ақ туын Ардай сақтап,
Нұрсұлтанның көк туын тіккен қала.*

*Отан үшін кеткендер отқа кіріп,
Ұрпағының жадында жатты арылып.
Бәйтеректің ұшарын бұлт шалмайды,
Ақордадан ақиқат ақтарылып.*

(«Қос жағасы Есілдің». Үзінді.)

Ақынның «Алматы», «Ақындардың қаласы», «Алматының сирені» өлеңдерінен де азат елдің аршынды адымы сезіледі. Оңтүстік астана «күн сайын алуан түрге енуде». Автордың толғанысы оқырман ой-сезімін сан саққа жүгіртеді. Алматы метросы ше? Бұл – жер жүзінің адам қолымен жасалған тағы да бір ғажайып кереметі («восьмое чудо») болғалы тұр емес пе?!

Поэзия – әсемдік әлемі. Бауыржанның өлең кітабы эстетикалық құндылықтары зор құбылыстарды ойлана, толғана жырлап, оқырманды қуанышқа, Отанға деген риясыз махаббатқа

бөлейді, жарқын мұрат-идеалға жетектейді. Әрине, өмір болған соң, оның көлеңкелі жағы барын, әсемдік эстетикасына қарама-қарсы тұратын зұлмат күштер де қарап жатпайтынына да қанық. Ұсқынсыздық (безобразное) деген ұғым – аты келісіп тұрмағанымен, бұл да эстетиканың маңызды категорияларының бірі. Ерекшелігі, ұсқынсыздық эстетикалық сезінілуі жағынан қарама-қайшылықты ұғым. Бейнелеу объектісі жүрек айнытатындай кескінсіз болса да, сурет құдіретімен образға айналғанда түбірінен өзгереді. Жамандықты жерлеу, сынау қоршаған дүние құбылысын жаңа қырынан тануға жол ашады. Суреткер тіліне, сөз тапқыштығына сүйсіндіреді.

...Қазақ елінің ХХІ ғасырдағы ғажайып аяқ алысын көре алмаушылар бар екені жасырын емес. Өнеубір әзірде Қазақстан туралы ойына келгенді шатып-бұтып фильм түсірген Саша Коэн енді қайтып бұл тақырыпқа оралмайтынын мәлімдепті. Осыдан төрт-бес жыл бұрын Президентіміз Ұлы Британияда болғанында, пресс-конференция үстінде жайдары күліп тұрып: «Осы әлгі біздің қазақстандық тележурналисіміз Борат қайда? Өзін көрмей тұрмын ғой. Мен оны Қазақстанға келіп кетуге шақырамын», – дегені есімізде.

Әдемілік пен ұсқынсыздық диалектикасы – күрделі құбылыс. Сол диалектиканы ойната білу, айталық, сырты бүтін, іші түтін кейіпкердің пердесін әшкерелеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Жоғарыдағы мысалдан қарапайым сауал қойып, жайымен күлімсіреп тұрып-ақ дұшпанның жайын табуға болатынын байқаймыз. Мұндайда қатырған екен бәлемді деп сүйсінеміз.

Борат, дегенмен, әлі де бізді аяқтан шалуға тырысатын сияқты. Өнеубір әзірде Британиядағы Қазақстан елшілігіне телефон соғыпты. Елшінің міндетін уақытша атқарушыдан:

– Бұл Қазақстан елшілігі ме? – деп сұрайды біреу таза ағылшын тілінде.

– Иә, сәләмәтсіз бе?

– Сәләмәтсіз. Бұл Борат қой, Қазақстанның тележурналисі. Осы жаңа әзірде Астанадан ұшып келген бетім. Маған машина жіберуіңізді өтінемін.

– Түсінбедім. Кімсіз бұл сөйлеп тұрған?

– Борат. Бо-рат.

– Мынау трубка жөнді естіртпей тұр. Фамилияңызды әр әрпін ежіктеп айтыңыз.

– Б-о- р-а-т.

– Иә, тындап тұрмын сізді.

– Маған машина жібертсеңіз. Жерлесіңіз Лондонды аралап көргісі келеді.

– Айыпқа бұйырмаңыз. Елшіліктің міндетіне жатпайтын шаруалар болады.

– Сіз мені дұрыс түсінбедіңіз білем. Ағылшын тіліне шорқақтау едім.

– Олай болса, қазақша не орысша сөйлеңіз.

Борат елшілік қызметкерінің аты-жөнін қайта-қайта сұрап, өзін көрінеу келемеж қылып тұрғанын түсініп, қайтып тіл қатпай, телефон трубкасын қоя салады. «Терісін бітеудей сойды» деп осындайда айтса керек.

Кеудесіне нан піскен Борат секілді дұшпандарға ақынның сөз семсері әрдайым қайраулы болуы тиіс деп санайды Бауыржан.

*Мынау біздің жалғанда,
Арам да көп, қу да көп.
Қанатымды қызғаныштың
Қызыл оты шалғанда,
Қауырсынымды матырдым,
Мөп-мөлдір ағын суға кеп.
Мынау біздің заманда,
Көтерілгенде байрағым,
Дұшпан да көп, жау да көп.*

*Жігерімді жаныдым,
Намысымды қайрадым;
Жақпар-жақпар тасы бар,
Көпті көрген тауға кеп.*

(«Мынау біздің жалғанда». Үзінді)

Бауыржан ақын тарихымыздың мұнарасына жиі көтеріліп, көңіл құсымен қазақ халқының басынан өткен нелер хикметтерге көз жібереді, Орхон бойын шарлайды, тасқа қашалған ата-бабаның зарлы өсиетіне құлақ тосады.

– Біз мемлекетті халық едік. Қайда сол мемлекетіміз?

– Біз қағаны бар халық едік. Қайда сол қағанымыз?

Ата-бабаларымыздың көне тарихының талып естілген үні, уайымы Бауыржан поэзиясынан әлсін-әлі сарындап, эстетикалық сараптама, салыстырулар арқылы өрнектеледі («Тұмар», «Тұғыр», Тәуелсіздікке арналған өлеңдер).

*Сақ та болдым, зұн болдым әуелде мен,
Тарихымды еске алсам кемелденем.
Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін боп,
Тас тілінде сөйлестім әлемменен.
Махамбет боп сөзіммен от ойнатып,
Абай болып үн қаттым өлеңменен.
Отар болдым, от кештім, суға баттым
Күнін кештім шарқ ұрған шағаланың.
Енді бүгін көрдім мен қазағымның
Азаттықты бақытқа балағанын.
Шекарамды бүтіндеп көзім жетті
Бостандықта өлшеусіз баға барын.
.....
Тәуелсіздік Күндей нұр төккен еді,
Артта қалды өмірдің өткелегі.
Сен Көк Туға айналдың көгімдегі,
Алғаш сені Елбасы өпкен еді.
Соныңмен де асылсың Тәуелсіздік,
Сенен басқа бақыттың жоқ керегі!*

(«Тәуелсіздік жыры» үзінді)

Астанада тұрғызылған Аркада тұңғыш Президентіміздің (шартты түрде айтқанда бүгінгі қағанымыздың), қолымен «Мәңгілік ел» сөзі жазылуы – өркенді өмір салтанаты. Қазақ атаулы Тәуелсіздік рәмізін бейнелейтін бөлек жаратылысты ғимаратқа табына, тамсана қарайды. Айырықша эстетикалық ләззат алады. Бұл ұғым-сезім бүгінгі тәуелсіздік заманымызбен қоса, ерлікке толы кешегімізді, жарқын болашағымызды түгел қамтиды. Бауыржан жинағынан «Тайқазан» атты ғибраттық мәні зор жыр да сол мәңгілік тақырыбының құнарлы арнасынан табылады.

*Бұл қазан – басқаларға арман қазан,
Шүнілдеп нұры Алланың толған қазан.
Жазылып Құран сөзі ернеуіне,
Қағбасы Түркістанның болған қазан.*

*Кеңдік пен қонақжайлық үлгісіндей
Қазақтың қасиеті қонған қазан.
Орнынан бір дүлей күш қозғап кетіп,
Қараусыз Эрмитажда қалған қазан.*

*Сол қазан бәрін көрген азабымның,
Куәсі талай-талай аза-мұңның.
Тайқазан Түркістанға алынған соң,
Басына бақыт қонды қазағымның.*

(«Тайқазан». Үзінді)

Бауыржан қатынаған қазақ өлкелерінің бәрінде, керек десеңіз, жинақтың «Түрік дәптерінде», «Ыстамбұл», «Елазығ шаһарында» бұрынырақ мен де болғанмын. Сондай сапарларда Бауыржан ақынның Аристотель айтқан катарсиспен нәрленіп, іштей жуылып қайтатынын түсінемін.

Түркияда Бауыржан «Түсті есіме Күлтегіннің көктасы», Түсті есіме Білге қаған қақпасы», «Сені көріп теңіздей буырқанды, менің-дағы бойымда түрік қаны» деп толғанады. Түріктей «Алыстағы бауырымыз» (Мағжан) – қазір біздің ең жақын бауырымыз.

Бүгіндер Түркияға бара қалсаң, түрік ағайындар жаны қалмай күтеді. «Үйден қырық адым шықсаң – мүсәпір боласыңды» да басқаша қабылдайсың. Мына қазақ мүсәпірлерге алдыңғы жақтан орын беріндер» деген сөзді ілкі естігенінде тіксініп қалғаныңмен, бара-бара жүрегіңе жылы тиеді. Өйткені түрікше «мүсәпір» мейман сөзінің мағынасын береді.

Бауыржан Жақып Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Аққора ауылында туған. Мұны еске алып отырғанымыз тағы бір эстетикалық парадокске оқушы назарын аудару еді. «Атыңнан айналайын, Абыралым...» өлеңінде атом, сутегі бомбаларының жарылысынан жарадар болған ауданды Қажы атаның аруағын шақырып, әйгілі Әміренің әнімен, Тәттімбеттің күйлерімен «емдеп» тербетеді.

*Тамыздың жиырма тоғызы...
Күн емес, алып шар шықты.
Аспан көзінен қан шықты,
Дегелең деген өр таудың
Кеудесінен сол күн жан шықты.*

«Тамыздың жиырма тоғызы» – ұзақ өлең. Жыраулық толғау іспеттес күйден диалектикалық жаңа сапаға көшіп, одаға айналады.

*Тамыздың жиырма тоғызы...
Шерменде болған өтті күн.
Желбіреді енді Көк туым
Елбасым беріп пәрменді,
Полигон жабар жетті күн.
Кеудемді теуіп текті жыр,
Оған да жиырма өтті жыл...*

Жиырма жылда жиырма ғасырлық жолдан өткен Қазақстан – Ғажабстан жаһанды жұтуға айналған атомдай дәу-перінің жұтқыншағын тығындап, Жер–Ананың, адамзаттың «жандырып жанын өрт» етпеуге, «айықпас дертке шалдықтырмауға» шақырады...

Поэзия – өмір оқулығы. Бір жағы педагог, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жылдар бойы сабақ беріп келе жатқан Бауыржан, оқырманын жағымды характер-

лердің іс-әрекетін, ой-сезімдерін терең сезініп, түсінуге баулиды.

Бауыржанды оқығанда туатын ойлар ағыл-тегіл. Көбі көңіліңе ұялайды. Кей шақта эне-жері, мына жері дегізеді. Ініге ағалық ақыл қосу артықтық ете қоймас...

Ғабен жарықтық (Мүсірепов): «Көршім сиырымыз бұзаулағанда: «С новым счастьем!» деп келуші еді. Ал, бізде бақыт сөзі үйінде нәресте іңгалағанда шын қалпын табады», – деп отырушы еді. Ескілікті әдет, бірақ үстіміздегі уақыттың мүдделері бүлдіршін зәрулігін өте-мөте қатты сезіндіруде.

«Киіз үй», «Алаша», «Білте шамның жарығы», «Домбыра», «Қасқырдың терісі», «Ауылдың қысын сағындым», «Қолтаңба», «Үш тал үкі» өлеңдері – ақынның балалық шағының тәтті күндерін елестетеді. Лирикалық геройдың ғана емес, қазақ атаулының бір кезде бастан кешкен бал дәурені туралы жырлар қилы-қилы проблемаларды қозғайды. Ал, «Әжемнің ұршығы» өлеңі жіті сезімді баланың ер жетуді кезеңімен ұласады. Оқыған жанды зәрулі, заманауи ойларға бастайды. Санамалағанда былайша келеді.

Кетсең де алыс күнге ұшып, Кетпейсің естен, ендеше. Өзің боп мені жүр құшып, Сен тоқып берген кеудеше.

Немере өз балаңнан да ыстық көрінеді. Ата-баба атанғандардың бәрінің басында бар нәрсе.

Мұны – бір дейік. Екіншісі – тұнып тұрған пәлсапа.

*Бір сәтке, әже, тынышып па ең,
Шүйкеге мол жіп жиылып.
Отырушы едің ұршықпен
Уақытты қоса иіріп.*

Әр адам – тарих ұршығы. Ұршықты томпитып барып жер томпайтады. Өлеңнің үшінші қисыны бәрінен де бөлектеу. Алдымен уақыттың қатыгездігіне байланысты.

Сен жоқта көңіл серги ме,

*Сағындым аңсап бұл – шыным.
Иесіз қалды төргі үйде
Киелі сенің ұршығың.*

Әжесінің аялы алақанының табы калған ұршықты көргенде Бауыржан, мүмкін, көзіне жас та алатын шығар... Кім біліпті? Бірақ өлең жолдарын оқыған адам қилы-қилы ойға шомады. Поэзия табиғатында көп қырлы, көп сырлы дүние ғой. Иесіз қалған ұршық бүгінгі замана әйеліне байланысты, жалпы ел, тіпті адамзат тағдырына қатысты шартарапты проблемаларға ден қойғызады.

Бауыржанның ұршықтың иесіз қалғанына қапаланатынын өз басым әйелдің әр үйдің алтын дінгегі болудан қалып бара жатқандығымен түсіндіру керек деп есептеймін. Әйел атаулы теңдік алғанына 100 жыл толыпты. Қазір отбасы, ошақ қасында отырмайды. Еркектермен бірдей сыртта қызметте. Кезінде бәріміз бұған қол соқтық, ескі заманды күллі жаһан болып жамандадық. Төргі үйде иесіз қалған ұршыққа мән бермедік. Бауыржан әжесінің ұршығын көзінің карашығындай сақтар. Ал келесі ұрпақтар ше? Күресінге лақтырып тастауы да мүмкін...

Қазірдің өзінде дүние жүзі бұқаралық ақпарат құралдары гөй-гөй салуда. Мәнісіне құлақ түрмесіңе болмайды. Әйелдің теңдік алып, ер адамдармен бірге қызмет қылуы – тым қымбатқа түсуде, әсіресе өркениетті елдерде халық саны азайған үстіне азайып бара жатыр, – деп дабыл соғулары жайдан-жай емес... Орта есеппен алғанда, орыс, француз, ағылшын әйелдері ары кетсе екі нәресте, әйтпесе көбіне жалғыз ғана бала табады екен. Ақ нәсілді халықтардың бүгінгі заманда күрт азайып бара жатқаны сол себептен.

Ал қазақ әйелдері ше?! Олар да табыскерлік жағынан ешбір бұрымдылардан кем соқпайды. Үйде де, сыртта да жұмыс істеп жүріп, «Әлди, әлди, ақ бөпемді» бала көтерер шағында екі-ақ рет айтуға мұршасы келсе сол... «Ұлан-байтақ жерде бір уыс шөкімдей ғанамыз» деп зарлана-

мыз, ебеп-себебінің түп-тамырын қазбаламаймыз.

Иесіз қалған қазақ ұршығы бұрынғыдай толысып томпаймайды. Уақыт жіп қылып жөнді иіре алмайды, Бауыржан інім!

Бауыржан ақындығы үстіне көрнекті ғалым. «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» атты докторлық диссертациясына оппонент болғаным есімде. Барша көркем жанрлардың ұйтқысы ойтолғақ жанрын саралаудағы үздік еңбегі үшін кезінде «Дарын» сыйлығымен марапатталғанын білеміз. Публицистикалық һәм ақындық талант бір адамның бойынан табылатыны сирек кездесетін жәйт. Сондықтан «Әжемнің ұршығы» өлеңінің идеясын толық қандырмай аяқталғаны өкінішті. Не нәрсенің де жемісін әбден пісіріп алмай, жұла бермеуге керек.

*«Егемен Қазақстан» газеті,
3 маусым 2014 жыл*

Әбілфайыз ҮДЫРЫСОВ,

Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Көсемсөз зергері

Қай жұрттың, қай елдің, қай халықтың болмасын журналистикасының алтын қазығы, күре тамыры – сол жұрт, сол ел, сол халықтың өзінің төл ана тіліндегі көсемсөзі және сол көсемсөздің қыр-сыры, болмысы жайлы терең зерттелген тұғырлы ғылыми еңбек. Міне, осы тұрғыдан алғанда біздің төл журналистикамыз өзінің лайықты көсемсөзі болғанымен, ол жайындағы тұғырлы ғылыми еңбекке тумасынан зәру еді.

Журналистикамыз тарихы, теориясы мен тәжірибесі, жанрлары, салалары, полиграфиясы, безендірілуі, басылуы, айтылуы, көрсетілуі, басқа да қырлары жайлы жазылған, жарық көрген еңбектер, зерттеулер аз емес.

Туып, дамуы ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан бастау алды деп тұжырымдалған туған журналистикамыздың басылымдық тарихы жайында ғана: оны тұңғыш зерттеген профессор Қайыржан Бекхожин, белгілі әдебиетші профессор Бейсенбай Кенжебаев, профессор Темірбек Қожакеев, қоғам қайраткері Сағдат Имашев, сыншы, профессор Шериаздан Елеукенов, белгілі библиограф Үшкілтай Субханбердина, журналист Құрманбек Әбілдаев және осы мақала авторының еңбектері бар. Ал радиотележурналистика саласы тарихынан осы журналистикамыздың білімпазы профессор Намазалы Омашевтің сүбелі зерттеулері мен профессор Сағымбай Қозыбаевтың, белгілі телевизияшы, публицист Совет Масғұтов, ғалым Рамазан Сағымбековтың зерттеу еңбектері мақтан тұтарлық. Бұдан өзге әр салалары бойынша тың пікірлерге толы еңбектер қаншама?!

Дей тұрсақ та, бір жарым ғасырға жуық уақыттан бері дамып келе жатқан журналистикамыздағы көсемсөз жайлы, 1934 жылдан бері журналист қаламгерлер жасағын даярлап келе жатқан журналистика факультетінің ұстаздары – бізде күні кешеге дейін шәкірттеріміздің қолына ұстататын көсемсөзіміз хақындағы шын мәнінде, ғылыми негізі тұжырымдалған тұғырлы еңбек жоқ болды. Көбінесе өзге елдердің теориялық кітаптарын ақтарып келдік.

Біз бұлай етуге ең алдымен, сол кезде өктемдігі жүріп, дегенін істетіп тұрған коммунистік-кеңестік орыстың ұлылығын алға шығара уағыздап, мадақтау идеологиясы әсері ықпа-

лымен мәжбүр едік. Оның үстіне біздің қолымызда қазақ көсемсөзі жайлы М.И.Фетисовтың: «Зарождение казахской публицистики» атты еңбегі мен Р.Ыдырысовтың «Казахская военная публицистика» атты шағын кітапшасынан басқа әдебиет те жоқ-ты. Ал бұл аталған еңбектер де баяғы сол кеңестік-коммунистік шовинистік үстем идеологияның талабына лайық жазылған зерттеулер болатын.

Туған журналистикамызда мықтап орын тепкен осы кемшіліктің орнын Бауыржан Жақыптың «Публицистикалық шығармашылық негіздері» атты оқулық-туындысы толтырды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, республикаға танымал ақын Бауыржан Жақыптың «Публицистикалық шығармашылық негіздері» деп аталған оқулығы 2007 жылы «Қазақ университеті» баспасынан ауқымы 30,5 баспа табақ көлемде 484 бет болып, 500 данамен тұғырлы кітап етіліп басылып шығарылған. Ол – әрқайсысы атан түйенің жүгін көтеретін проблемалық тақырыпты арқалаған, төрт бөлімді оқулық. Әр бөлім бірнеше ішкі тарау-тақырыпшаларға бөлінген.

Алдын ала айтатын жайт, сонша шөкімдей данамен шығарылған, оқырман қауым күні ертең іздеп жүріп таба алмайтын, тіпті бүгінгі республикада бар кітапханалардың бестен біріне де жетпейтін аса құнды бұл тұғырлы кітап оқулық деп аталғанымен, шынтуайтына келгенде, бастан аяғына дейін ынталана, құмарта оқитын: әрі ғылыми, зерделі әрі танымдық мәнді, әрі рухани әсерлі әдеби ерек тұғырлы энциклопедиялық туынды.

Ол: «Адамзат асыл қасиеттерінің бірі – сөз өнері» деп басталатын кіріспесінен-ақ бірден өзіне тарта жөнеледі. Төрт үлкен бөлімнен, 36 тарау-тақырыпшадан тұратын бұл туынды бастан-аяқ солай. Бұл, әрине, оқулық туынды авторының өзінің де көркем сөздің, көркем ойдың құдіретін бойына мол дарытқан көсемсөзші ақындық қасиеттен де болар. Бірақ қалай болғанда да «Публицистикалық шығармашылық негіздері» атты оқулық әрі ғылыми, әрі көркем публицистикалық энциклопедиялық туынды.

Бауыржан Жақыптың сөз болып отырған оқулық кітабының ғылыми құндылығы: алдымен, онда бағзы замандарда пайда болған ұлттық өнеріміздің бірі – көсемсөздің өзіндік өнер екендігі бұлтартпас мысал-деректермен ғылыми терең зерделеніп, дәлелдегенінде. Мұны ол туындысының «Публицистика табиғаты» деп аталған бірінші бөлімдерінің тараушаларында-ақ бастаған. Алғы тараушаларда автор ұлттық көсемсөздің туу, пайда болу, даму тарихын, сондай-ақ оның өзіндік табиғатының қыр-сырларын ашып көрсеткен.

Бұл орайда ғалым ұлы ұстазымыз, ұлы әдебиетшіміз Ахмет Байтұрсынұлының қағидаларына сүйеніп, көсемсөздің көне заманнан-ақ шешенсөзден бастау алғанын дәлелдейді. Және көсемсөз өз бастауын 3 мыңыншы жылдықтарда пайда болған адамзат жазбасынан алатындығы туралы мысалдарды келтіре көрсетеді. Тарихшы ғалымдарымыз: ол б.з.б. 156-136 жылдарда өмір сүрген Нулы Би деп дәлелдеген Алтын адамымыздың күміс тостағаншадағы профессор Алтай Аманжолов ажыратып оқыған жазудағы: «Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы) тізеңді бүк! Халықтың қарны тоқ (болғай!)» деген мәтінді мысалға келтіріп, оны ол қазақтық көсемсөзіміздің бір көне мысалы, – деп тұжырымдайды.

Профессор Бауыржан Жақыптың «Публицистикалық шығармашылық негіздері» атты оқулық туындысының және бір ерекше ғылыми мәнділігі – онда ұлттық көсемсөз өнеріміздің негіздерінің, бастауларының айқындалғанында. Мұны ол оқулықтың «Қазақ публицистикасының тарихи негіздері» деген екінші бөлімінің тараушаларында алға тартқан. Ғалым нақты тарихи фактілер, деректерге сүйеніп, ондай негіздер: арғысы б.з.б. 2-1 мыңжылдықтарда пайда болған магиялық аңыздарда, тотемдерде, қабырнама жазуларда, эпиграфияларда, бергісі – біздің заманымыздың бастапқы ғасырларында жасалған Білге қаған, Күлтегін, Күллі-Шор, Тоныкөк, Өнгін, Селегін, Суджын, Караболғасун ескерткіш тастарында жазылған өмірбаяндық жазу мәтіндерінде, ортағасырлық батырлар жырларында, көне жыраулар поэзиясында, халықтың, халық билерінің шешендік сөздерінің түйіндерінде деп айқындаған. Және осы айқындауларын оқулық авторы әлгі аталған бастау негіздерге қатысты Геродот сынды көне замандар тарихшы-

лары, Бартольд, Радлов, Малов, Бернштейн, Томсен сынды әйгілі шығыстанушылар жеткізіп кеткен ойларына сүйенеді және басқа да тарихи деректерді саралайды. Соларды автор өзіндік зерделеу ой елегінен өткізе отырып дәлелдейді. Әр бастау негізге қатысты деректерге жүгінеді, тарихшылардан, әдебиетшілерден, лингвистерден алған деректерінің астарларын аша, талдай баяндайды. Сөйтіп қаншама танымдық, біліктік, соны фактілерді, оқиғаларды алға жаяды. Қазақтың көсемдері болып табылатын түркі қағандары өмірі, қарекеті жайынан, көне ескерткіштер, жазулар жайынан қаншама соны деректерге қанықтырады. Солардағы халқымыздың көне тарихының қыр-сырларына кенелтеді. Мәселен, Бумын, Естеми, Елтеріс қағандарымыз кімдер екені жайынан, Күлтегін батыр ерлігі жайынан Әлкей Марғұлан ғұламамыз, Бейсембай Кенжебаев білікті әдебиетшіміз, Мырзатай Жолдасбеков түрікшіл ғалымымыз қандайлық жаңа тарихи деректерді белгілі етті? Олардың деректеріндегі қазақ көсемсөзіне қатысты не мәністер бар?

Профессор Бауыржан Жақып аталған оқулықтың екінші бөлімінің тараушаларында осы жайттарда алға жая отыруды да естен шығармайды. «Публицистикалық шығармашылық негіздері» оқулығының авторы сол публицистиканың негіздерін айқындаған екінші бөлімнің әр негізге арнаған тарауша-тақырыптары мәтіндерінде де, сол негізге қатысты әйгілі ғалым-ғұламаларымыздың, әдебиетші, ғалымдарымыздың айтқан ойларын, мәйекті деректерін әділ зерделеп, соларды бағалап отыруды ұмытпаған. Зерттеп отырған тақырыбы, проблемасы сырын, астарын ашуға өте шебер пайдаланған. Мәселен, көсемсөздің негіздерінің бірі – батырлар жырына арналған «Батырлар жыры – ауызекі публицистика үлгісі» атты тақырыпты тарауында Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мұхтар Әуезов, Есмағамбет Исмаилов, Қажым Жұмалиев, Мәлік Ғабдуллин, Әлкей Марғұлан, Бейсембай Кенжебаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Мырзабек Дүйсенов, Сұлтанғали Садырбаев, Рахманқұл Бердібаев, Сейіт Қасқабасов, Мұхтар Мағауин және басқа да ғалымдардың батырлар жырларына қатысты ой-пікірлерін алға тартып, солардағы көсемсөзге қатысты тұстарды өз идеясын жеткізуге өте сәтті қолданған.

Жоғарыда аталған әдебиетші ғалымдардың ауыз әдебиеті – фольклоры, оның эпосы, толғауы, дастаны жайлы пікірлерінен көсемсөзге қатысты жайларды, түйіндерді теріп алып, солардан өзіндік тұжырым шығарады. Осыны және Бауыржан Жақып жеке батырлар жырларын талдай, оларға ой-пікірін айта отырып жасайды. Автор көсемсөздің жыраулық поэзиялық бастауында алда баян еткендей әдіспен айқындаған. Бірақ мұнда ол жыраулық поэзиядағы көсемсөздік сарынға, осының мысалдарына ерекше назар аударған. Осының бәрі, алда көрсеткендей, публицистикалық пафоспен жазылған. Оқулықтың туындылық мәнділігі міне, осында!

Сөз етіліп отырған «Публицистикалық шеберлік негіздері» атты оқулық – туындының айрықша назар аударарлық тұғырлы бөлімі – оның «Қазақ публицистикасының баспасөз беттерінде қалыптасуы» атты үшінші бөлімі. Бұл бөлімнің өзі мән-мағынасы, мазмұны жағынан ерекше оқулық іспетті. Онда әр кезде әркім тиіп-қашты сөз еткен Шоқан, Абай, Ыбырайдың публицистикасының, сондай-ақ әлі де толық зерттелмеген Мұхаметжан Сералин публицистикасының, әлі мүлде зерттелмеген Дінмұхаммед Сұлтанғазин, Қорабай Жапанов, Отыншы Әлжанов, Рахымжан Дүйсенбаев, Асылқожа Құрманбаев, Райымжан Марсеков, Ғұмар Қарашевтер публицистикасының қыр-сырлары тұңғыш рет ғылыми зерделеніп, ресми алға жайылған. Олар жайлы айтылғанның бәрі жаңалық, бәрі соны.

Бөлімдегі «Түркістан уәлаяты газетінде» публицистиканың қалыптасуы», «Дала уәлаятының газетіндегі» ұлттық публицистика» атты тақырыптар да –тың тақырыптар. Аталған бөлімдегі «Публицистикадағы шығармашылық даралық» атты тақырып та сондай мәнді. Сонымен, оқулықтың аталған бөлімі тақырыптарының бәрі соны. Бұл бөлімді де «ерекше оқулық-туынды іспетті» деуіміз, міне осыдан. Соны тақырып, соны деректерді, соны фактыларды алға жаяуды, бұрын айтылмаған ой-пікір айтуды, бұрын жасалмаған түйіндер түюді, бұрын жасалмаған тұжырымдар жасауды, бұрын көтерілмеген проблема, мәселелер көтеруді талап етеді.

Профессор Бауыржан Жақып оқулық-туындысының үшінші бөлімінің қай тақырыбы да осы талаптарға сай. Мәселен, «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газеттері беттерінде пу-

блицистиканың қалыптасуын сөз еткенде, осы газеттердің бұрын тарихын қаузаған профессор Қайыржан Бекхожин сол өз уақытының ұлы орысшыл өктем саясатының ыңғайына амалсыз жығылып: «Түркістан уәлаяты» газеті Қазақстанды Ресейге жақындату рөлін атқарған, қай салада да прогресшіл, демократиялық бағыттағы газет болды» деген тұжырымды алға тартса, профессор Бауыржан Жақып «Түркістан уәлаяты» хақында: «Газетте жарық көрген материалдарда ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы саяси ахуал, сол кезде өмір сүрген шенді адамдар есімі көрсетіліп тұрды» деп, ол газеттің Ресейдің отарлау саясатын уағыздағанына мегзейді. Және бұл зерттеуші аталған газеттердің тарихын жазған Қ.Бекхожин ол газеттердің беттерінен алып ғылыми айналысқа түсірген бірде-бір материалды, бірде-бір фактыны, бірде-бір деректі пайдаланбайды. Ол ұстазы айтқан бірде-бір ой-пікірді қайталамайды.

Сөз болып отырған оқулық авторы профессор Бауыржан Жақып Дінмұхаммед Сұлтанғазинді нақты деректерге, фактыларға сүйеніп, тұңғыш рет ұлттық публицистикамыздың негізін қалаушылардың бірі ретінде сипаттаған. Бұл орайда ол Д.Сұлтанғазиннің «Дала уәлаяты» газетінің 1899 жылғы № 6 санында жарияланған «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты ауыз сөз» деген мақаласына айрықша назар аударады. Дінмұхаммед Сұлтанғазиннің ұлттық публицистикамыздың негізін салушылардың бірі екенін автор оның «Дала уәлаяты» газетінің 1888 жылғы № 48; 1894 жылғы № 12; 1899 жылғы № 22,24 сандарында жарияланған көсемсөздік материалдарын талдау арқылы дәлелдейді.

Профессор Бауыржан Жақып өзінің оқулығының үшінші бөлімінде «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты», «Қазақ», «Дұрыстық жолы», «Қазақстан», «Үльфат», «Шура», «Айқап» басылымдарында жарияланған көсемсөздік мәнді материалдарын тұңғыш рет жалғанның жалпағына алып шығып, талдау жасау арқылы бұрын есімдері жұртшылыққа белгісіздеу Қорабай Жапанов, Отыншы Әлжанов, Асылқожа Құрманбаев, Райымжан Мәрсеков және Ғұмар Қарашев сынды ХІХ ғасырлық қаламдастарымыздың әрқайсысын өзіндік ерекшеліктері бар публицистер ретінде танытқан. Мәселен, Қорабай Жапановтың «...тек сол күндердің кілтипанын ғана ойлап, сонымен шектеліп қалмағанын, болашаққа да көз жүгірткен, жарқын болашағы үшін жастарды оқу-білімге ықыласы болуға шақырған қаламгер-публицист болғанын, Отыншы Әлжанов «...Әр мақаласында қоғамдағы болып жатқан әртүрлі оқиғаны бағалаушы, солардан ой түйуші, тұжырым жасаушы, ұшқыр көсемсөзші екенін», ал Асылқожа Құрманбаев болса, қазақтардың қамсыз, еріншектігін сынап, мақала, мысал жазған, «...қазақы қамсыздықтан, еріншектіктен құтқару идеясын уағыздаған» қаламгер екенін, Райымжан Мәрсековтың «...қазақ әйелдері құқығын қорғаған, елдің шынайы тұрмыс-тіршілігін бақылаған айтыскер жазғыштығын...», Ғұмар Қарашевтың «...мұрасы әр алуан шындықты тұтас күйде толғайтын... ойшыл, фелсафашыл, талдап-тексергіш, байыпты жазғыш» болғанын, олардың жоғарыда көрсетілген басылымдарда жарияланған материалдарын талдау, түйіндеу арқылы жасаған. Және олар хақында деректерді ғалымдар, зерттеушілер пікірлеріне сүйене отырып, ой түйген.

Журналистикамызда есімдері бұрыннан белгілі Мұхаметжан Сералин мен Рахымжан Дүйсенбаевтарды Бауыржан Жақып өз оқулығында жұртшылыққа бұрын мәлім емес қырларынан танытқан. Мәселен, зерттеуші Рахымжан Дүйсенбаевтың аудармашы публицистігіне, сондай-ақ оның жаңа кәсіп түрлерін уағыздаған қазақтың кім көрінгенге жем болған надандығын әшкерелеген, жаңаша білім алуды жақтаған ағартушы публицистік қырына басты назар аударған. Ал Мұхаметжан Сералин публицистігін сөз еткенде оқулық авторы, оның бұрын сөз етілмеген «...үкімет саясатына үнемі бас иземеген публицист болғанына» ерекше көңіл бөледі.

Оқулықтың «Қазақ публицистикасының жаңашылдық түрі ретінде дамуы» деп аталатын төртінші бөлімі негізінен кеңестік дәуірдегі публицистикамыздың болмысын ашып, алға жаюға арналған. Бұл да аса ауқымды тақырып. Сондықтан бұл бөлім мазмұн, мәні де арнаулы кітаптық жүкті арқалап тұр. Автордың осыншалықты ауқымды жайларды оқулығының бір бөлімі мазмұнына сыйғыза сөз еткеніне қайран қалмауыңа қақың жоқ. Әрине, оның бұған қаншама ізденіспен, қаншама еңбекпен, қаншама тер төгіп жеткені өзінен-өзі белгілі.

Оқулықтың төртінші бөлімі мән-мазмұны жайлы осы мадақпен-ақ тынуға болар еді. Бірақ

жақсының жақсылығын қалай айтпассың?! Бұл бөлімді құраған тақырыптарында да профессор Бауыржан Жақып соныға сүрлеу салған. Тың факті, тың деректерді алға тартып, тың ой-пікірлер, тұжырымдар жасап отырған. Мәселен, төртінші бөлімнің «Кеңестік дәуірдегі публицистика» деп аталатын бірінші тақырыбында автор сөзді: «Біздің түсінігімізде публицистика – өз кезегіндегі қоғамдық өмірдің өзекті проблемаларын, құбылыстарын және процестерін жедел түрде көрсететін шығармашылықтың бір түрі», – деп бастайды. Асты сызылған тіркесте ол берген публицистика не дегеннің жаңа анықтамасы тұр. Бұрын: публицистиканы көбіне жанр ретінде ұғынып келсек, оған берген Бауыржанның мына анықтамасында: публицистика – шығармашылық түрі делінген. Бұл айқындау, анықтама соны емей, немене!

Сөз етіп отырған бөлімде, оның «Айқапта», «Тіршілік», «Ұшқын», «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ» газеттерінде, «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған көсемсөздік материалдарын жаңадан іріктеп, талдай келе Сәкен Сейфуллинді журналист ретінде: «...саяси бағыттағы публицистиканы негіздеуші публицист» деп бағалаған. Бұл да соны баға, жаңа сөз!

«Алаш», «Сарыарқа», «Абай» басылымдарында қызмет еткен журналист Жүсіпбек Аймауытовқа күні кешеге дейін публицист ретінде берілген, тұжырымдалған баға жоқ еді. Оны жазушы, көркемсөздің қас шебері ретінде танып келгенбіз. Бауыржан Жақып, оның алда аталған басылымдарда, сондай-ақ Семейдің губерниялық «Қазақ тілі» газеттерінде жарияланған көпке беймәлім баспасөздік материалдарын тірнектеп іздеп тауып, талдай қорытып, Жүсіпбек Аймауытовты журналистикамыздың көркем публицистикасын негіздеушінің бірі ретінде танытып, журналистикаға тікелей әкеліп отыр. Ал өз шығармашылығын «Айқапта», қолжазба «Садақ» журналында бастаған Ақаң мен Жақаңның «Қазағының» өркендеуіне ат салысқан, «Алаш», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Жас азамат», «Ұран» газеттеріне де қол ұшын берген, кейін «Ауыл», «Еңбекші қазақ», «Сыр бойы», «Ақ жол», «Ауыл тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Жаршы» журнал редакцияларында жұмыс істеген, қазақ тіліндегі 20-30 басылымдарға тұрақты жазып тұрған қазақ журналистикасының «Қара өгізі» Бейімбет Майлин жайында ше? Ол жайында ғалым Биағаңның шығармашылығын зерттеген ғалымдар сөз еткен оның бірде-бір «қарабайыр» материалына тиіспестен, Б.Майлиннің солардың көздеріне түспеген көсемсөздерін жаңадан іздеп тауып, оларды саралап, Биағаңды оқулығында сатиралық бағыттағы публицист деп танытып отыр. Бұл да жаңа сөз!

Бұл арада сөз етіп отырған оқулықтың соңғы – төртінші бөліміндегі Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың «Айқап» журналындағы публицистикаларына қатысты жазған тақырыптарын және «Қазақ» газетіндегі публицистика» мен Ә.Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі публицистикасы» тақырыптары хақында мақаламызда: «бұлардың да мән-мазмұны жаңалықты» деп қысқа ғана түйеміз. Өйткені ғалымның әлгі аталған тақырыптарға жазғандары да кең көсіле айтуды қажет етеді. Ал бұл шағын мақалада олай жасауға мүмкіндік жоқ. Ал оқулықтың соңғы бөліміндегі: «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы публицистика», «Соғыстан кейінгі жылдардағы публицистика», «60-70 жылдардағы публицистика», «80-жылдардағы публицистика», «Публицистика типологиясы», «Тәуелсіз Қазақстан публицистикасындағы тақырыптық, проблемалық ізденістер» деп аталған тақырыптар жайында да: «Бұлар – ең кемі бір-бір кандидаттық зерттеулік жүкті көтеріп тұрған ғылыми еңбектер» деп түйіндеумен тынбақпыз.

Сонымен, алда баяндалғандардың бәрін түйе айтсақ: қазақ журналистикасында қаншама уақыттан бері жаза да, жасай да алмай зәру боп келген ұлтымыздың көсемсөз жайлы ерек тұғырлы туынды – оқулық қолымызда. Ол оқулық-туынды тұтас бір ғылыми институт ұжымы атқаратын зерттеу жүгін көтеріп тұр.

Қазақ публицистикасы (көсемсөзі) жайлы ғажап ғылыми оқулық қолымызда! Оны игілігімізге пайдаланайық! Шын мәнінде, қазақ көсемсөз өнері болмысының бар қыры тұтас ғылыми терең зерделенген тұғырлы туынды жарыққа шықты.

Ең соңында жасар бір ұсыныс: Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі мұрындық болып, осы оқулықты ықшамдап, көп данамен қайта

бастырып шығарса, олардың біріншісі – ол кітапты республиканың күллі кітапханаларына, екіншісі – оны мектептерге таратып, мектептерде көсемсөзді арнаулы пән ретінде өткіздірсе. Бұл пән көрнекті дидактика рөлін атқарар еді.

Хафиз Матаев,
Семей қаласы мен
Абай ауданының
құрметті азаматы.
Мемлекет және
қоғам қайраткері

Әр сөзінен алтын шашырағандай...

Бауыржан қарағым!

Ең алдымен, бүгінгі әдеби-музыкалық кешке ақын болып келіп тұрсың! «Ақын мен әнші – адамзаттың бұлбұлы» деді М.Әуезов. Байтақ еліміздің бір шөкім Шыңғыстауында туып-өсіп-ақ әлем биігіне көтерілген ұлы Абай:

*Жалын мен оттан жаралған
Сөз ұғатын қайсың бар! –*

демеп пе еді?! Жас мөлшерің 50-ге енді келсе де үнің жалын боп шалқығандай, саңқылдаған даусың әлемнің шың-құзын аралап кеткендей әсерде тұрғанымды жеткізгім келеді. Зерттеуші ғалымдар Абай ақындығын 4 сипатқа бөледі екен:

1. Тіл шеберлігі, сөз көркемдігі;
 2. Ой тереңдігі;
 3. Адам тұрмысы, қоғам тұрмысы;
 4. Өлеңнің сыртқы формасы мен ішкі мазмұнының сай келуі, – депті.
- Абайдың өзі айтып кеткен ғой:

*Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да олардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы? –*

демеп пе еді. «Өлең жазғанның бәрі ақын емес, көбі өлеңші» дейді Қайым Мұхамедханов. Әлем ойшылдарының бірегейі Виктор Гюго деген сүлей: «Перо писателя пишется тогда хорошо, если в чернильницу прибавлено несколько капель крови своего собственного сердца» депті.

Бүгінгі Бауыржанның әр өлеңін жүрекпен жазғаны, жүрегінің қанын ағызып отырып жазғаны, оқушысын магниттей өзіне тартып ала жөнелетінін бөліп айтуға болар еді. «Құнанбай сөйлегенде сөзінен алтын шашырайды» деген сөз бар. Жамбыл баба Нұрилла ақынмен айтқанда «сөзімнен сорғалаған тамады алтын» деп айтатыны бар емес пе?!

Бауыржан қарағым, заманыңа, жасыңа, өзін қатарлас ақындарға қарап бағаласақ, бұрқыратып, лапылдатып ала жөнелгенінде сенің де әр сөзіңнен алтын шашырағандай әсер алғанымды білдірмекпін. Өз өлеңіңнен 1-2 мысал келтірейік. Семей аймағында, әсіресе Қайнар, Саржал ауылына қасірет әкелген Полигон туралы Бауыржан:

*Ұлы Абайдың туған жерін қорғайын,
Шәкәрімнің жатқан жерін қорғайын.
Хан Кененің басын алған кер заман
Дәл осы үшін басымды алсаң – мен дайын.
Тәттімбеттің туған жерін қорғайын,
Әміренің өскен жерін қорғайын.
Енді қалған өмірімді түп-түгел
Жарылысты болдырмауға арнайын, –*

депті. Жүректен шыққан сөз – осындай-ақ болар.

Қаныш Сәтбаев тірі кезінде Лондонға барып, халықаралық көрмені аралап жүріп, 2000 тастың ішінен бір асыл тасты көріп, онда «ағылшынның тасы» деген жазуды оқып, Черчилдің өзін таңқалдыратынын Бауыржан жыр ғып жазған ғой:

*Әлгі тас Қаныш үшін асыл еді,
Жарқ етті көпке қарап жасын өңі.
Жазылған жазуларың дұрыс емес:
Мына тас – Қарсақбайдың тасы, –*

деді. Ағылшын ғалымдары Қанышты ортаға алып, мойындай келе «Қарсақбайдың тасы» деп тасқа сол арада таңба соғуға мәжбүр болады.

ІІІ мысал. Ана құрсағында жөргекте туа біткен турашыл, тіліп айтатын қайсар ақын Төлеужан Ысмайылов туралы өлеңінде:

*Даланың министрі ақын еді ол,
Өлеңнің оқшау тұрған шатыры еді ол.
Кімнің кім екендігін бетіне айтар,
Бейбітшіл замандағы батыр еді ол, –*

деп толғайды Бауыржан. Сондай-ақ 2009 жылы Өскеменде орнаған ең биік Абай ескерткішін паш ету, Абай ауданы күніне арналған «Әуезді өлке, әнді өңір» топтамасы, Полигон тақсыретін тартқандар атынан лағнет айтып тұрғанда Қайнарда орнатылған монументті тебірене жырлаған Бауыржан әссесін халық ерекше серпіліспен қабылдағанын айтпақпын. Мұндай мысалдар көп.

Бауыржан, қарағым!

Қазақта мынадай құдіретті сөз бар: «Ешбір құлын бір күнде, теңелмейді дүлдүлге» деген. Жалын боп лапылдатқан ақын екеніңді айтып жатырмыз. Дүлдүл дейміз, бұлбұл дейміз! Сөзімен алтын шашқан, күмбез тұрғызған деп жатырмыз. Бәрі рас! Ақын болу – ұйқысыз түндермен, күлкісіз күндермен, азапты оймен, жанкешті, жалықпайтын еңбекпен келері хақ! «Сөз өнері – дертпен тең» деді ғой Абай.

*Алыстан сермен,
Жүректен тербен,*

*Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл
Сөйлейін десең өзің біл, –*

деді. Шын ақынның өлеңі тоқсан толғақпен, тоқсан толғаумен келеді деген – сол.

Бауыржан, қарағым!

Беталыс – бағытыңды, әрбір аршыңды қадамыңды ел боп қуана құптаймыз! Аз жылдардың ішінде байтақ елімізді, тіпті әлемді шарлап үлгеріпсің. «Бұл сапар біле білсең серуен емес» деп өзің жазғанындай жер жүзін аралап жүріп, өмірлік ғылым, білім-өнер тағылымын ала жүргеніңе қуанамыз. Дүниенің төрт бұрышын шарлап, кемел ойға, ғылым, білім, ақылға белшеннен бата жүріп, ұлылықтың босағасынан төріне қарай ұмтыла, аттай жүргеніңе ырза боламыз, қарағым! Ұлы Абайдың ғылымға шақырып, надандыққа қарсы зар күйімен айтатыны бар ғой.

*Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жөндіге жөн келмей,
Табар қайдағы шәрғезді.
Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме жынды сөзденіп.
Жасынан үлгісіз, шіркін,
Не ғылсын ғылым ізденіп, –*

деді.

Бауыржан қарағым!

Ерекше қасиетің бар: Ол – кешегі Кеңестік кезеңде Абай ауданының «Қызылту» кеңшарында ұзақ жыл партком хатшысы болған сабырлы, маңғаз мінезді әкең Өміржан Жақыповтың тәрбиесі бойыңа дарыған. Өзіңнің де жүріс-тұрысында байсалдылық бар: 27 жасында лауреат атаңдың, 30-да – кандидатсың, 40-та ғылым докторысың, Журналистиканың академигісің, Жоғарғы мектеп академигісің, Жазушылар одағының лауреаты, еліміздің Мәдениет қайраткері, Бүкіл түрік қағанаты ақындарының және Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма хатшысы, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторысың!

Осынша атақ-даңққа мастанбайсың, шалқақтамайсың, бұлғақтамайсың! Орыс даналарының өкінішпен айтатын бір ұлығат сөзі бар: «Когда у человека больше ума, совести, образования – вокруг него собирается пошлость!» деген. Қазақша бұл сөзді тереңдете айтсақ, әсіресе, бізге арналғандай: «Адамның ақыл-ойы кемелденіп, биік сатыға көтеріліп, атақ-абыройы өскен сайын, оның айналасына қызғаншақ күншілдер, өштер, қастар көбейе түседі» деуге болады. Бұл қасірет – талайдан бері, әсіресе, біздің қазақтың соңынан қалмай келе жатқан дерт.

Бауыржан қарағым!

Нағыз дер шағы жасқа енді келдің. Ұлы Абайдың да ақындық өнерге деген кемелдігі 40-тан асқан соң басталған дейді ғой зерттеушілер. 40-қа шейінгі жастық өміріңнің басы – мөлдір бұлақтай екен. Алдағы ұзақ өмірің қаяусыз мөлдір, аса өнімді, құнарлы болсын!

Қабдырахман ҒАБДОЛЛАҰЛЫ,
Білім беру ісінің үздігі,
ардагер ұстаз

Ақынның бір өлеңі туралы

«Туған ел тұғырың» дегендей, туған еліңізге көп жылдық шығармашылық еңбегіңіздің жемісі – шығармашылық кешіңізбен келіп қалыпсыз. Бұл кештің ШҚО әкімі Бердібек Сапарбаевтың «Туған жерге тағзым» деген бастамасымен, Шығыста түбірлі өзгеріс, елеулі жаңалық енгізіп жатқан бастамасымен, елден жырақ жүретін азаматтарды селт еткізер бастамасымен мезгілдес өтуі сәтті қадам және ол табысты, қызықты өтеді деп ойлаймын.

2009 жылы 28 тамызда, Семей полигоны құрбандарына арналған, Семей полигонына жерін берген Абыралы өңіріндегі Қайнар ауылында орнатылған ескерткіш монументтің ашылуына арналған жиында Бауыржан өзінің «Тамыздың жиырма тоғызы» деген өлеңін оқыды. Бұл өлеңде жеріміз Абыралы мен Шыңғыстау, Қарқаралы мен бүкіл Семей өңіріне Семей полигонындағы ядролық жарылыстардың қандай орасан зиян келтіргенін, туған жерге деген, елге деген сүйіспеншілігімен орны толмас өкінішімен, аянышымен қоса:

*Тамыздың жиырма тоғызы...
Жандырып жанды өрт етті
Айықпас тәнге дерт екті, –*

деп өзегі өртене жырлайды. Ақын Сарыарқаға 40 жыл атом бомбасымен ойран салған жерімізді бір кезде Қаздауысты Қазыбек бидің, Алшынбай мен Құнанбай бастаған ел билеген бабалардың, Меккеге үш рет барып, хазірет атанған Сеңкібай қажы бастаған, Өндірбай мен Ноқа қажының да, ел қорғаған батырлар Жапалақ пен Сартымбайдың мекендегенін айта келе:

*Бойымда қаным қайнады,
Өртенді ата қонысым.
Қырдағы мен ойдағы,
Әміренің әсем әні мен
Жанақ ақынның ойлары,
Абайдың асыл қыстауы,
Тәттімбеттің жасыл жайлауы,
Таптады жерді киелі
Қайдағы мен жайдағы, –*

деп халқымызды қырық жыл қырғынға ұшыратқан атом полигонының қасіретті трагедиясын ашына жырлайды.

Қайнардағы монумент ескерткіш алдында полигон құрбандарын: өмірден ерте өткен ата-аналарын, аға-қарындастарын, бауыр ет балаларын еске алған халық көздеріне жас ұялатып, қайғының құшағында тұрып, түрегеп тұрып тыңдады. Ақын өлеңінің қорытындысында:

*Аждаһаның аузынан
Алып қалған елімді,
Алып қалған жерімді,
Өшпейтін мәңгі рух пенен
Қазаққа біткен құдіретті
Құдайым берген күш қана, –*

деп халқының рухани күшіне сенеді, Аллаға сенеді, тәуелсіздікке сенеді:

*Тамыздың жиырма тоғызы...
Сезімдерімді шарпыстыр,
Ойланар бізге тал түс бұл.
Қасіретті тұңғыш жарылыс,
Оған да өтті алпыс жыл, –*

деп енді жарылыстың болмауына сенеді, халқын полигон зардабын жоюға шақырады. Ендеше біз де сенейік, біз де ойланайық, ағайын!

Ағайындар, бұл күндері Бауыржан Өміржанұлы 20 жасында творчестволық жастардың «Жігер» фестивалінің лауреаты атанған бозбала Бауыржан емес, Бауыржан – бұл күндері елуге келіп, бес белестен асқан, өз елінде ғана емес, бүкіл түрік дүниесіне танымал көрнекті ақын. Мен бұл Бауыржанның бір-ақ өлеңі туралы айттым, алайда Бауыржанның барлық өлеңі қазақи рухтың шұғыласымен суғарылған деп ойлаймын. Ендігі айтпағым, Бауыржан шығармашылығын зерттеп, насихаттау – ғалымдардың, замандастары мен жастардың міндеті. Ол үшін тиісті орындар Бауыржанның өлеңдерін жеткілікті тиражбен томдап шығаруды, оның шығармаларын мектеп бағдарламаларына енгізуді қарастырса екен.

Бауыржан айналайын, кешің қайырлы болсын, шығармашылығыңда, жаңа да жауапты қызметіңде табысқа жет, Алла денсаулық, отбасына амандық берсін! Махаббат келініміз (Төлеген ақынның қызымен) екеуіңіздің балалармен бірге қызықты да бақытты өмірлеріңе тілектеспін!

Темірхан Медетбек,
Қазақстан Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

Таны мені, ашып көр құпиямды

Кімге қалай екенін қайдам, ал мен үшін ең жаман өлең – ортақол өлең. Неге? Өйткені жаман өлеңнен өлеңнің текті табиғаты мен бекзат бітім-болмысын, сыртқы мүсіні мен ішкі тынысын түгел қамтып, түптеп тани алмайтын, дайындығы аз, түсінігі шала оқырманның өзі де бірден жерінеді. Ал ортақол өлеңнен көп-көп оқырман, тіпті өзін өлең дүниесінің білгірімін, сөздің тамыршысы, ойдың безбенімін деп санайтын көзіқарақты, көкірегі ояу адамдар да бірден бас тартып, бірден сырт айналмайды. Өйткені ортақол өлеңде бәрі бар. Ұйқас пен ырғақ дегеніңіз буын-буынымен үйлесіп, бунақ-шумағымен қосылып сіресіп тұр. Балталамақ түгілі, көк мұздың көбесін сөгетін сүйменмен ұрсаң да бұза алмайсың. Теңеу ме? Ол да бар. Образ ба? Із-десең оны да табасың. Әрине, ол теңеулер мен образдар оқыған адамды селк еткізетіндей, ең болмаса, селт еткізетіндей жаңа да, тың да емес. Әбден таптаурын болған көне немесе әлжуаз, көтерем. Бірақ қалай болғанда да, ондай өлеңдер, ең бастысы, өлеңге қойылатын негізгі талаптар мен шарттардың барлығын игеріп алған. Енді оған не демексің? Ондай өлеңге бірдеңе деуге қандай себеп, нендей салдарың бар? Әлде, ол өлеңнің авторымен алакөз бе едің? Сұрақ дәл осылай төтесінен, кісілігіңе салмақ сап қойылғанда, өзің-ақ амалсыз тосылып қаларың хақ...

Шынында да, ондай өлеңдерде бәрі болып келеді. Бірақ оқып шыққанда әлгінде айтқанымыздай, «не селк етпейсің, не селт етпейсің». Тым үйреншікті. Кәдімгі механикалық машықтан туған конвейерлік өнім. Штамп. Бірінен-бірі аумады. Жарқ ете қалатын сілкініс те, сарт ете түсетін серпіліс те жоқ. Қимыл-қарекеттері – жіппен басқарылатын қуыршақтардың қимыл-қа-

рекеттері. Жанынның терең қабаттарына кіріп, тебіреніске түсіретін сарабдал ой да, күркіреп, күрпілдеп келіп, жарқылдап жататын жасындай асау мінез де жоқ, тек әлеміш бояулармен сылап-сырланған, күн көзінде жатқан шынының сынығындай жалт-жұлт етіп көзді арбайтын жасанды, алдамшы әрекет қана бар. Мұндай ортақол өлеңдердің қауіптілігі сонда, оқырман қауымның өлеңге деген талғамын барынша бүлдіріп, барынша аздырып-тоздыратындығында. Яғни, оқырман қауымның осындай жылтыраған целофан қапшықтағы өлеңдерге әбден бой үйретіп, сүйексінді болып алатындығында. Жұртшылықтың ондай өлеңдерге әбден бой үйретіп алатындығы сондай, кейде олардың қолына қан-жыны сорғалаған дүниені ешқандай орап-бүктемей, сол қалпында молынан қарпып ұстата салсаң, «не боп қалды?» деп шошынып кетері хақ. Өйткені ол жылтыраған целофан қапшықтағы өлеңдерге үйреніп алған. Әдемілеп, әрлеп, орап-сырлап беруің керек. Ақырында ортақол өлең оқырманды адастырып, шатастыратыны сондай, оны бидайдан арпаны, күріштен күрмекті, тарыдан қауызды айыра алмайтын жағдайға жеткізеді. Менің ортақол өлеңді жаман өлеңнен де жек көретінім содан.

Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырған себебіміз, әсіресе, кейінгі кезде шын талантты өлеңдердің сұрқай, ортақол өлеңдердің лайлы тасқынының астында қалып бара жатқандығынан. Содан барып шын талантты өлеңдер қаламға көп ілікпей, көзге көп шалына бермейді. Оның есесіне ортақол өлеңдердің пысықай авторлары орынсыз әспеттеліп, орынсыз құрметке ие болып жатады. Міне, осындай келеңсіз үрдістердің салдарынан сырт қалып, көзге көп шалына бермейтін ақындардың бірі, сөз жоқ, Бауыржан Жақып дер едік.

Әдетте, ақын деген, егер ол шын ақын болса, әдебиет табалдырығын аттаған бойда, ең болмаса, бір шумақпен болса да, жұртты жалт қаратары сөзсіз. Олай болмады ма, онда ол ақынның одан әрі жұртшылық аузына іліне қоюы екіталай. Бауыржанның оқырман қауымды бірден өзіне қаратқан өлеңі – «Әжемнің ұршығы». Бұл өлең кезінде жай оқырманды ғана емес, қазақ өлеңінің күмбірлеп тұрған көне қоңырауы Әбділда Тәжібаевтың дуалы аузына іліккен болатын. Ол өлеңді бәріміз де сүйсіне оқығанбыз. Тағы бір оқиық.

*Бір сәтке, әже, тыншып па ең,
Шүйкеге мол жіп жиылып.
Отырушы едің ұршықпен
Уақытты қоса иіріп.*

*Қолыңнан шыққан сыйлықтар,
Қонатын үйге құт болып.
Секундтар және минуттар,
Иірілетін жіп болып.*

*Сен жоқта көңіл серги ме,
Сағындық аңсап – бұл шыным.
Иесіз қалды төргі үйде,
Киелі сенің ұршығың.*

*Кетсең де алыс Күнге ұшып,
Кетпейсің естен ендеше.
Өзің боп мені жүр құшып,
Сен тоқып берген кеудеше.*

*Өзімді сонда жұбатып,
Өмірге іштей күйінгем ...
Ұршық қой мына Уақыт,
Жіп қылып бәрін иірген.*

Міне, жай ғана тұрмыстық бір шаруа алып әлемнің тыныс-тіршілігімен жалғасып, кішкене

ғана бір деталь – Уақыт дейтін ұлы ұғыммен ұласып жүре берді. Оның үстіне секундтар мен минуттардың өзін жіп қылып иіріп отырған Әженің сиқырлы қуаты қандай десеңізші?! Бейне бір ол Уақыт билеушісіндей... Бірақ бәрін де үгіп, бәрін де уатып, жалмап-жұтып жатқан жебір Уақыт күндердің күнінде кәрі кейуананы да өзінің иіріле үйіріліп тұрған иіріміне тартып алып кетті. Тағы да осы өлеңдегі Әжеге деген соншалықты құштар сағыныштан, қимас аңсардан тағы бір сөз айтсаң, көз жасы құйылып жүре беретін қыстығып тұрған бозбаланың лебі мен демі қандай?! Сол леп пен дем сенің де көкірегіңе кіріп, сенің де жаныңа ұя сап жатқан әлдебір сағыныш пен аңсарды оятып, дүр сілкіндіріп, кеуденді кернеп алып бара жатады.

Жалпы, Бауыржан – өткеніне, балалық шағына көп үңілетін, сол бір дәуреннің тұнығына көп сүңгітін ақын. Рас, жалғыз Бауыржан ғана емес, бәріміз де өткенімізге, Бердібек ағамыз айтқандай, «балалық шаққа саяхат» жасамайтынымыз жоқ. Бірақ көбіміздің балалық шаққа жасаған саяхаттарымыз жалпылама баяндап беруден, сол бір шақты өліп-өшіп сүйетінімізді жел сөздермен күптіре айтудан әрі аспайды немесе ол шақты суреттеп береміз деп көрген-білгенімізді этнографиялық мұражайдың библиографиялық көрсеткішіне айналдырып алатынымыз бар. Әрине, нақты бір детальді, айқын бір затты көрсетпей, қандай бір кезең, қандай бір мезгілді өлеңмен өрнектей қою қиын. Бірақ ол деталь да, ол зат та тірі көрініс, тірі суретке айналу керек қой. Ол да бізден әлдеқайда жас бола тұра, бәріміз сияқты, «Қолтаңба» өлеңінде айтқандай, «ағаш қасықпен құрттың көбігін жалап» өскен ақын. Осы сөздің өзі-ақ талайымызды балалықтың шат-шадыман күндеріне алып кетіп, көңіл-көздеріміз уақыттың қалың тұманының ар жағында қалған талай-талай қызықты көріністерді бірінің соңынан бірін ілестіріп шығары сөзсіз. Бірақ өлеңнің міндеті өткенді тек көрсету ғана емес қой. Өлеңнің міндеті, ең алдымен, өткенді тірілту. Образбен көрсету. Тірі образбен! Сондықтан жұрттың Бауыржан ақыннан құрт қайнатып жатқан әжеңнің қолтаңбасын қай жерден көріп тұрсың деп сұрауы әбден заңды. Оның үстіне біздің қазіргі түсінігімізде қолтаңба деген қастерлі ұғым, қадірлі түсінік. Олай болса, құртта қандай қолтаңба болуы мүмкін. Бірақ Бауыржан бізді дәл сол қастерлі ұғым мен қадірлі түсінікке алып келеді.

*...Келешек бізді күтті алдан,
Келмеске сәби күн кетті.
Сол кезде сықпа құрттарда,
Қолтаңбаң барын білмеймін.*

*Құртыңды аңсап жаныммен,
Қолтаңбасын мен сағындым –
Аялы алақаның мен
Салалы саусақтарыңның.*

Әжесінің аялы алақандары мен салалы саусақтарының ізі қалған құрт. Құрттағы әже қолтаңбасы! Өткеннің тірі образы дегеніміз осы емес пе?!

Бауыржанның әжесі туралы, әжесінің қолынан шыққан дүниелер жайлы жазған өлеңдер біршама. Тағы да ол өлеңдердің бәрі дерлік сәтті, бәрі дерлік желсіз күнгі көл тұнығынан күміс кесемен шөп еткізіп іліп алғандай мөп-мөлдір, тап-таза. Өйткені олар аса бір құштар сүйіспеншілікпен, аса бір құмбыл ықыласпен жазылған. Бауыржан үшін әжесі, өзі бауырында өскен аяулы адам, асыл ана ғана емес, ол тұтас бір әлем. Әжесі бұл дүниеден өткенде, сол бір тағдырлы тұтас әлем де әжесімен бірге қопарыла көтеріліп, барса келмес бақи дүниеге көшіп кеткендей...

Бірақ әжесінен қалған мұра өлмек емес. Тағы да ол мұра – мұра қалпында қалмай, әлдеқайда масштабты, әлдеқайда ауқымды кең дүниемен жалғасып кетеді. «Алаша» өлеңін алайық. Әжесінің көзінде кәдімгі алаша. Сол алаша үстінде жатқан ақын қандай күй кешеді дейсіз ғой. «Жатсам сенің үстінде туған жерде ояндым» дейді. Бұл, әрине, детальдің ғана ойнауы емес. Тамыры да, қуаты да әріде.

*Ойға баттым не түрлі,
Қасиетімсің төрдегі.
Ұшқыш кілем секілді,
Алып кеттің сен мені.*

Енді, міне, туған жердің бәйшешек-гүлдері бетіне ою-өрнек боп түсіп, туған жердің бояуы сіңген алаша бір сәтте сиқырлы кілемге айналды да, үстінде жатқан ақынды көтеріп алып, әлем үстімен ұша жөнелді.

Бауыржан, сөз жоқ, дәстүршіл ақын. Бірақ дәстүршілдікті әлдекімдердей тар қауызға салып қарастырмайды, әлдекімдердей тым үстірт, тым жадағай, тым таңқы түсінбейді. Кеңірек қарастырып, тереңірек үніледі. Менің бұлай деп шұқшиып сөйлеп отырған себебім, қазір бәзбіреулер дәстүршілдік дегенді өлеңнің сыртқы кейпі, яғни формасы деп ұғады екен. Басқаны былай қойғанда, өлең әлемінде едәуір аты бар деген бір замандасымыз «Біз өлеңді Абайдың жыр үлгісімен ғана жазуымыз керек, сол нағыз дәстүр» деп байлам жасапты. Рас, Абайдың ғажайып жыр-үлгілерінен ешуақта да бас тартуға болмайды. Өйткені ол үлгілермен біздің ұлы құндылықтарымыз дүниеге келген. Ол үлгілермен әлі де талай-талай таңдай қақтырып, таңғалтатын шығармалар дүниеге келетініне шәк келтірмейміз. Яғни, ол үлгілер – мәңгі жасайтын үлгілер. Оған ешкімнің де дауы болмаса керек. Ешкімнің де! Бірақ Абай бұрын-соңды қазақ өлеңінде болып көрмеген жаңа үлгілер алып келді ғой. Тағы да ол жаңа үлгілер қазақ ұғымына соншалықты жақын. Сүйектес бауырдай боп сіңісіп кетті. Олай болса, оның сол дәріс сабағынан неге тағылым алмаймыз. Ол дәріс сабақтың біз үйренетін ең басты қасиеті – жаңа үлгілердің Абай ғана айта алған жаңа мән, жаңа мазмұнға қызмет етуінде. Абай ғана айта алған ол жаңа мән мен жаңа мазмұнды жеткізуге бұрынғы үлгілердің мүмкіндігі жетпес еді. Ол жаңа мән мен жаңа мазмұндағы Абай өлеңдері бізде бұрын болмаған жаңа үлгілерді киіп дүниеге келді. Табиғи түрде! Сондықтан бүгін өмірге келіп жатқан немесе болашақта өмірге келетін бөлек мән мен тосын мазмұндағы өлеңдер де өз үлгілерін киіп, дүниеге келіп жатса, оны жатырқамаған жөн. Тек табиғи болсын, арғы тамыры болсын Абай дәстүрі бізге осыны үйретеді. Олай болса, жаңа мән, жаңа мазмұнсыз жаңа үлгіңіз де, көне үлгіңіз де әншейін бір іші қуыс схема боп шығады. Тағы да қайталап айтамыз: жаңа үлгіні жаңа мән, жаңа мазмұн ғана тудыра алады. Әрине, көне үлгілермен де ғажап дүниелер өмірге келуі әбден мүмкін. Келіп те жатыр. Тіпті кейде ұйқасқа ғана құрылып, таңдайы тақылдаған дидактикалық үлгімен жазылған өлең де жүрегінді баурап, жаныңды жаулап алады. Бұл да бір сиқырлы құбылыс! Бір сөзбен айтқанда, қандай үлгімен жазсаң да, ол үлгі қозғаған тақырыбыңның мән-мағынасын, болмыс-бітімін ашуға қызмет етуі керек. Бауыржанның «Домбыра» атты өлеңі бар.

*Бұлбұлдың дауысы
 сіңген домбыра,
Қыран боп түлкі
 ілген домбыра.
Аңшы боп ойға
 шомған домбыра,
Аттың шабысы
 қонған домбыра.
Лекіткен домбыра,
 лепірткен домбыра,
Ортекелерді
 секірткен домбыра,

Бәйге атындай
 баптаған домбыра,*

*Арыстарымды
жоқтаған домбыра,
Арқаны жаяу
кезген домбыра.
Азапқа талай
төзген домбыра,
Азаттық күнін
күткен домбыра.
Қазаққа ғана
біткен домбыра!*

Біз бұл өлеңнің қандай үлгімен жазылғанына мән беріп жатпаймыз. Өйткені бұл өлеңде, ең бастысы, домбыраның табиғаты мен тағдыры сөйлеп тұр. Қараңызшы, өлеңнің әр жолы саусақпен басқан сайын бір леп пен бір гәп шығаратын пернеге айналып кеткен жоқ па?! Сонымен бірге бұл өлеңге тек домбыраның ғана табиғаты мен тағдыры ғана емес, қазақ рухының да табиғаты мен тағдыры өрілген.

Бауыржанның бізді тағы бір тәнті ететіні – оның байқағыштығы мен қырағылығы. Ол, әдетте, жалт еткен жақындағыны шап беріп ұстай алатын, қиядағыны қалт жібермей қағып түсетін алғыр. Көзімен көргенді сол сәтінде сөзімен суретке түсіре қояды. Әрине, ол жылт еткен нәрсенің бәрін сырт еткізіп баса беретін ешқандай композицияны, ешқандай арақашықтық өлшемін, ешқандай көлеңке мен жарық тепе-теңдігін білмейтін, талғам атаулыдан жұрдай бей-берекетсіз фотограф емес. Оның сөзбен салған суреттерінің бәрі дерлік әрі нақты, әрі жанды. «Объектив – дерсің жанарым, жүрегім – фотоаппарат» дейді ол бір өлеңінде. Дәл солай.

*Шілдені мүйізімен шайқап іліп,
Сиырлар бара жатыр оқалақтап.*

Жанымызға соншалықты жақын, көзімізге соншалықты таныс аптапты күнгі ауыл суреті. Бірақ «шілдені мүйізімен шайқап іліп» бара жатқан сиырларды тек Бауыржан ғана көре алыпты. Енді Бауыржанның жаңбырлы күнгі күзгі ағаштарына қараңыз:

*Күллі ағаш моншаға түсіп жатыр,
Шешіп тастап киімін сыртындағы.*

Бұрын мұндай суретті қай ақын салыпты? Бауыржанның кейбір суреттері аса іріленіп, зор қайрат, зор қуатқа ие боп кетеді. Сенбесеңіз, таңалакеуімнен тұрып, жұмысына кіріскен көше сыпырушының қимылына көз салыңыз:

*Сырылмен таңды оятып,
Сытырып түнді жүргендей.*

Бұған енді қалай сүйсінбейсіз? Тізе берсек, Бауыржан салған суреттерден тұтас бір көрме жасақтап шығуға болар еді. «Үлпілдеген көгалда, бүлкілдейді ақ бұлақ», «Жел жүгіріп барады су бетімен, су жүгіріп барады жер бетімен», «Дүр етіп қарағайдан ұшқан құстай кетті ұшып жүрегімнен қалың өлең», «Төсіне қырат-батырдың тағылған гүлдер орден боп», осылай жалғаса береді, жалғаса береді.

Егер Бауыржан табиғаттың көңілді де, көзді де арбар сыртқы құбылыстарын сөз-суретке түсірумен ғана болып, тек соны ғана қызықтап кетсе, онда ол оқырман қауымды тез жалықтырып алған болар еді. Онда ол қаншама әдемі бояулар жағып, қаншама қызық суреттер салса да, бар болғаны пейзаждық қана ақын боп қалар еді. Өйткені табиғат әлемі, бізді қоршаған мына дүние әсем қимыл-қарекеттер мен ажарлы әсем суреттерден ғана тұрмайды ғой. Оның да тартысқа толы, драмасы, күйініші мен сүйініші, бітіспес күресі мен тіресі бар. Сондықтан

енді ол дүние астарына үңілуге бет қояды.

*Өзендерім желең төсі ашылып,
Тереңіне ағады сыр жасырып.
Қара жердің астарында асыл бар,
Қойнауына шөккен талай гасырлар.
Қалың бұлттың астарынан жай құлар,
Қуаныштың астарында қайғы бар.
Жарықтың да астары бар – қараңғы,
Ой да астарлы, ұстама, дос, жағаңды.*

Дүниенің лебі мен деміне алаң ақын, енді бұдан былай антеннадай сақ, мембранадай сергек. Сондықтан да ол уақыттың кеше, бүгін, ертеңіне, яғни үш өлшемінен де сыр мен гәп іздейді. Дүниенің бар түпкірімен жалғасып, дүниенің бар тарабымен байланысқа түскен ақын көкірегі, сөз жоқ, күмбір мен дүбірге толып шыға келмек. Енді оның бәріне алаң, бәріне күпті көңілі, тіпті космос кеңістігімен де байланысқа түскендей.

*Басқарып тұрған әр қадамды үнсіз,
Басқарып тұрған айналамызды.
Ғажап бір күш бар жалғаған сымсыз,
Күнге де бізді, Айға да бізді.*

Әрине, бұл жолдар арқылы ақын өзінің дүние танымы мен қиял кеңістігінің мүмкіндігін ғана көрсетіп қоймай, айнала тіршілікпен біртұтас, бір жаратылыс екенін, мына әлемнің бірімен-бірі қабысып, бірімен-бірі жалғаса жамырасқан құбылыстардан тұратынын, оның діңі де, тіні де бір екенін, ол әлемнің бүкіл тыныс-тіршілігі де, болмыс бітімі де сенің жүрегінде жаңғырып жататынын жеткізіп тұр. Ақынның дүниетанымы мен қиял кеңістігі қаншалықты масштабты, қаншалықты ауқымды болса да, оның жаны, ең алдымен, жер бетіндегі өмір мен жер бетіндегі тіршілікке, тіпті оның көл бетіндегі қоңыр үйрегінің тағдырына да алаң. Өйткені космос корабльдері де, ең алдымен, осы жұмыр жердің қамын ойлап, күйін күйттеп ұшып жатады. Олай болса, қоңыр үйрек екеш қоңыр үйректе де мына қатыгез заманның қасіреті жатса, ақын жаны қалай күйінбесін, ақын жаны қалай тебіреніп солықтамасын. Сол өлеңді түгел оқыңызшы. Үзіп-жұлып, бөліп-жарып оқу – бұл өлеңге обал.

*Қалмастан тілсіз жауға жаны күйреп,
Қаперсіз, су бетіне салып ирек.
Көрдім мен, кетпейді әлі көз алдымнан,
Уланған көлде жүзген қоңыр үйрек.*

*Қоға да, жағадағы қамыс та улы,
Қосылған бұлақтағы ағыс та улы.
Балапан кезінде-ақ бұл үйректі,
Дегелең дүмпулермен таныстырды.*

*Тұратын қалың қамыс бүркеп, қорып,
Өсті ол көл бетінде үркек болып.
Биікке ұшушы еді бір кездері,
Шалдығып, соңғы кезде жүр көп қонып.*

*Мойылдай жанарына нұр сіңді айдан,
Қалайша у сәулені жусын бойдан.*

*Саржалдың сағымына жүр шомылып,
Қайнардың қасіретін білсін қайдан?!*

*Көзінен үңілген жақ мұңды көрер,
Оны бір көрген адам шындық өрер.
Өн бойы сәулеленген қоңыр үйрек,
Өлсе де туған көлге сүңгіп өлер.*

Қолтоқпақтай ғана қоңыр үйректе бүкіл туған жер мен туған елдің қасіретті трагедиясы жатыр. Адамның қарау пиғылымен жасалынған алапат жарылыстың улы сәулесін балапан кезінде-ақ тұла бойына сіңіріп алған қоңыр үйрек халі – аянышты хал. Зорға ұшып, зорға қонып жүрген ол үйрек, бірақ бәрібір туған жерін, туған көлін тастап кетпек емес. Бәрібір ол, өлсе де сол туған көліне, улы болса да, сүңгіп өлмек. Осы бір жол арқылы-ақ, жаңғыз қоңыр үйрек қана емес, сол жерді мекен еткен тұтас бір елдің тағдыры көз алдыға келіп тұра қалады. Неткен жанкешті қайсарлық! Қоғасы мен қамысына дейін уланып жатса да, семіп те, суалып қалмайтын неткен ессіз махаббат. Олай демей, не дерсің?! Айналаның бәрі улы сәуле сіңіріп алған. Ауру, дімкәс, кеселді, дертті. Санасыз қоңыр үйрек, әрине, оны білмейді. Ал саналы адамдарға не болған? Қопарыла, көтеріліп көшіп кетпей ме?! Мұндай сұрақтың сан сапалағын, мың түрлісін қойсаң да оған басқаша жауап таба алмайсың. Оған бір-ақ жауап бар. Ол – туған жерге деген ессіз де көзсіз махаббат. Сол махаббат қана оларды шырмап буып, шідерлеп ұстап жібермей отыр.

Бауыржан да сол тулақтай кеуіп, бордай үгітіліп |жатқан Дегелеңнің дәл түбінде, яғни от бұрқырап, от жалмап, от жалап ойран-ботқасы шыққан Абыралыда дүниеге келген. Сол Бауыржаннан «сен үшін дүниедегі ең ыстық жер қай жер?» деп сұраңызшы. Ол ойланып жатпастан-ақ: «Арқау болып келбетің көп өлеңге, қайта түлеп қырларың көгерер ме? Дерттенсең де, қырық жыл өрт көрсең де, перзент үшін сендей жер жоқ әлемде» деп жауап берері хақ.

Туған елі мен туған жерінің ғұмыр бойы басылмайтын күйікті өксігі мен күйінішті зарын естіп өскен Бауыржан сылдырмақ-шылдырмағы көп мынау алдамшы өмірдің шаттығына шомылып, қуанышына жуынғысы кеп, өзін-өзі қаншама алдарқатқысы келсе де, бірақ бәрібір ол «ақ қан» боп ауырған туған даласының ауруымен өмір сүріп, дертімен дем алады. Өзі солай дейді: «Келген сайын, қан жылап жан-жүрегім, қайтып жүрмін қайғы алып қала жаққа». Бейне бір ауылына қайғы алып қайту үшін баратындай. Неткен ауыр тағдыр?! Неткен азапты ғұмыр?!

Сенің де жаның азапқа түседі. Тамұқтың отындай ыстық жалын сенің де жүрегінді шарпып өтеді. Мұндайда жан дауысы керек шығар. Солай болады да. Бауыржанның қолынан «Жан дауысы» атты дастан дүниеге келген. Тағдырдың өзі қойғандай тақырып. Ақынның жан дауысы шырқырап, туған жер төсінен «айнадай жарқыраған,көлін» іздеп, «көкорайлы шалғынын таба алмай», «ән шырқап ататын ақ таңынан» адасып бебеу қағады. Құлындаған дауысы құраққа жететіндей. «Киік те жоқ, арқар да жоқ, қыран да жоқ. Жоқ! Бәрі жоқ. Тіпті дөңкиіп-дөңкиіп жатқан төбелердің де «әскердің тәртібімен шаштары алынып тасталғандай». Туған жерді адам айтқысыз зұлмат басқан. Сол зұлмат сұмдығынан тау да шыдай алмай зар қағады. Дегелең зарлап тұр:

*Басталды сол бір сұмдық бастан кешкен,
Секілді әлдеқайда аспан көшкен.
Жазығым көрінбейді жадыраған,
Барлығы төңіректің астаң-кестең.*

*Жалмады айдаһар-өрт жаппай маңды,
Барлығы төңіректің отқа айналды.
Қаптаған қарағайым шоққа айналды,
Жүрегім шошынғаннан соқпай қалды.*

Таудың алып жүрегі тоқтады. Тау өлді. Енді ол күлге, үйіндіге айналды. «Жүрегім соқпайды енді, демім бітті, ей, таулар, жиналыңдар жаназама» дейді Дегелең. Жер үстіндегі бүкіл тауларды жаназасына шақырып тұр. Ақырғы сөз, ақырғы тілек. Таудың өзін өлтірген ол сұрапыл сұмдық күшке ештеңе де төтеп бере алмақ емес. Сенбесең, қураған тоғайдың: «Улы ортаға қамалдым да, улы сәуле уыстадым, улы, судан нәр алдым да, улы ауамен тыныстадым. Бұтақтары қудай болып, құшағымда тұнған ағаш, абыройдан жұрдай болып, қалдым бір күн тыр жалаңаш» деген төбе құйқанды шымырлатар соңғы сөзіне құлақ тұр. Немесе «Жылайын десем, жасым жоқ, тарайын десем, шашым жоқ. Әлдекімдердің қолымен көкірегіме басылды от. Қырлардың көші қаралы, қош айтып маған барады. Әнімнің бәрі мұнды да, тәнімнің бәрі жаралы» деп еңіреген алып Даланы тыңда. Әйтпесе, «Өткеннің бәрі ойымда, ұмытпағанмын, сүйретілемін еңтігіп тұрып қаламын. Шалдықтым мен де ауруға, шамам жоқ енді, құрдымға суым кеткендей құрып барамын» деп тұншығып, демі бітіп бара жатқан тартылған өзеннің мұңын естіп көр. Болмаса, «Жерімдегі жарылыс, жетті маған дүмпуі. Ойламаппын болар деп мұндай сұмдық бір күні. Кидім ажал көйлекті, жоғалып ем тапқызбай. Рухымды сөйлетті көрде тыныш жатқызбай. Адам азды, жер тозды, су тартылды, ну жанды. Қайда апарып сақтармыз қу сүйекті, қу жанды» деп шошынған зираттағы Абай сөзіне мойын бұрыңыз.

Әйтеуір, бұл дастандағы қай тарауды оқысаңыз да қаның атқақтап басыңа шауып, жаның шүберекке түйіліп, ет-бауырың езіліп, сай-сүйегің сырқырап қоя береді. Сөз жоқ, Дегелең мен Абыралы қасіреті – бүкіл жердің, бүкіл қазақтың қасіреті. Ол қасіретті бүкіл болмыс-бітіміңмен, бүкіл тамыр-талшығыңмен сезінесің. Бірақ ол қасіретті дәл Бауыржандай сезіне қоюымыз қиын. Өйткені ол – сол жердің ауасын жұтып, сол жердің суын ішіп, көлінен қоңыр үйрегін көріп, қорасынан қоңыр қозысын өргізіп өскен ақын. Алматыдан ауылына барса да, ауылынан Алматыға қайта оралса да алапат сұмдық зұлматтың аждаһа демінен әлі күнге азап шегетін жандармен күнде кездесіп, оларды күнде көріп, олармен күнде сөйлесіп отыр. Күнделікті күйбең тірлік жетегімен жүрген біз көбіне ол қасіретті естен шығарып, біз көбіне ол қасіретті естен шығарып алатынымыз рас. Ал Бауыржан тағдыры басқа. Бірде ол маған: «Тем-аға, мен тіпті ойын-тойда да елегізіп отырам...Телефонның дауысы кейде маған шок басып, шар ете қалған баланың даусындай естіледі. «Тағы да не боп қалды?» деп шошып кетем» дегені бар. Яғни, ақын жүрегі ел қасіреті мен ел азабын арқалап тұр деген сөз. Ол қасірет пен азапты Бауыржан енді жүрегінен сылып тастай алмайды. Ғұмыр бойы олай өмір сүру, әрине, ауыр. Бірақ лағнет атқыр, мына қу тағдыр оның жүрегіне сондай қасіретті жүк арқалатып қойса, не дерсің?! Амалың жоқ қой. Олай болса, енді оның ақындық бағы да сол азапта. Басқаша айту мүмкін емес. Шындығы – сол.

Мен бұл мақаламда дауысы нық, тегеуріні қатты Бауыржан Жақып ақынның шығармаларының табиғаты өзіме жақын бағыттарын ғана сөз еттім. Шын ақынның бітім-болмысын, оның көркемдік-эстетикалық өресі мен өрісін түгел қарастыру, оның ұңғыл-шұңғылын түгел тану мүмкін болмаса керек. Бауыржанның «Таны мені, ашып көр құпиямды» деген сөзі де біздің сол ойымызбен үндесіп тұрғандай.

Рафаэль Ниязбек,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының
және халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты.

Жүрегінен жұлдызды жырлар саулаған

Батыр Бауыржан – біреу, ақын Бауыржан – бірнешеу: бірақ бұлардың арасында ақындық қуатымен елге тұтқа болу былай тұрсын, есікке тұтқа болуға жарамайтын қаламгерлер де жоқ емес. Ал Бауыржан Жақыптың жөні бөлек. Ол – топтан оза шауып, көзге ерте түсіп, талантын таныта білген тұғырлы ақын. Оның: «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы», «Қызыл қайың», «Абайдың қасқабұлағы» сияқты жыр кітаптары сүбелі туындылардың қатарында жоғары бағаланып, Мұқағали Мақатаев атындағы және «Дарын» мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атануы – біздің сөзімізді толық дәлелдей түсері хақ. Оның 2004 жылы Түркияның Стамбул, Әзірбайжанның Баку шаһарларында өткен және 2007 жылы Түркияның Елазығ, Македонияның Скопье қалаларында өткен «Хазар жыр ақшамдары» поэзия фестивалдерінде қазақтың қара өлеңін бүкіл түркі дүниесіне таныстырып, лауреат атанып қайтуы – ұлттық поэзиямыздың қаншалықты биікке көтерілгенін танытады.

Семей өңірінде туған ұлылардың еңбектерін оқып, ұлағатты тәлім-тәрбие көріп, еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқайып өрлікпен өскен Бауыржанның көп өлеңдерінен өжет мінез, өршіл рухтың лебі есіп тұрады. Мейлі ол соғыстан кейінгі жаралы ауылдың тұрмысын жырласын, мейлі ол ғасырлардың ауыртпалығын жырласын, мейлі ол қазандай қайнаған қала тіршілігін жырласын, тіпті қай тақырыпқа қалам тартса да егеулі найза мінезінен танған емес. «Ұйқыға батып жатыр батыр-дала, Қаратау басындағы дулығадай» деп ұлы шайқастан соң дамылдап жатқан алып батырды көзіңе елестетеді. Сөйтіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір-ақ кесіп айтса да, ғасырлардың күрделі беттері санаңда найзағай ойнатып, жарқ етіп, күркіреп өте шығады.

Бауыржан, сонымен бірге дала көрінісін көп суреттеген ақын. Бірақ қандай жағдайда да құрғақ баяндауға бой ұрып көрген емес. Сөзбен сурет салып, береке дарытып, бедерлі бейнелейді. Дала қырында шашыраңқы өскен қызғалдақтан да идея тауып, содан өзгеше ой түйе білген шеберлігі кісіні таңдандырмай қоймайды. Жаны сұлу ақын қашанда сұлулықтан сұлу өлең өреді.

*Жете алмай арманына жау қалғалы,
Жерімнің кеңдігіне таңданғаны...
Шашылып жатыр қырда қызғалдақтар,
Бабамның сияқтанып тамған қаны.*

Бұл шумақтан, біріншіден, жалпақ дала төсінде ұлтарактай жерді де жауға бермей жанталасып шайқасып, қызыл қаны шашыраған батыр бабалардың ерлігі көрінсе, екіншіден, қырда жайқалған қызғалдақтың нарттай жанып алаулап өсіп тұрғаны көзіңе елестейді. Ойдан ой, суреттен сурет туындап жатса, сөз жоқ, бұны сегіз қырлы Бауыржан ақынның бір қыры деп қабылдаған абзал.

Ақ шырағданның жарығында жетпіс түрлі сәуле болса, Бауыржанның өлеңдерінде де сондай жетпіс түрлі бояу, өрнек бар екені көзі қарақты кісілерге бұрыннан белгілі. Бұл – ақынның ақынына ғана бұйыратын Тәңір сыйлығы. Көкірегінде сәулесі жоқтар, әрине, бұны аңғара бермейді. Аңғарса да аңдамаған, сезсе де сезбеген болады.

Бауыржан тебінгісін теріге шірітпей, тебіренбей жыр жазған емес. Баласы сырқаттанып қалғанда жазған өлеңі де сондай тартымды, сондай сәтті әрі ұтқыр шыққан. «Күй кешемін сен емес, сенесің бе? Емханада жүрегім жатқандайын!» деп күйзеледі. «Балам, ауырып төсек тартып жатып қалды» демейді. Бейнелі тілмен сөйлеп: «Емханада жүрегім жатқандайын» деп шыбын жаны шырқырайды. Өлеңді өлең етіп, көркемдік биікке көтеріп тұрған жалғыз нәрсе – әке жүрегі. Осындағы «жүрегім» деген бір сөзді алып тастасаң, өлең ажар-көркінен, күш-қуатынан айырылып, солғын тартып шыға келеді. Орнын тауып қолданылған жалғыз сөздің өзі кейде қандай өлеңді де құлпыртып жібереді.

Сабырлы ағатын терең өзендердің ағыстары қат-қабат болып келеді. Бауыржан да сол сияқты: аз сөзбен көп мағына білдіруге ұмтылады. Оның: «Қаңғып келген қайыршы, Қайығыма жармасты» деген екі жол өлеңін оқығанда соңғы үш ғасырдың небір сұмдықтары жүрегіңді шабақтап, көңіліңді өксітіп, көзіңе елестеп, кеңістік ауада қалқып, қылаң берері даусыз.

Сырттан азып-тозып жеткендер иіліп келсе де, бойы мен көзі үйренген соң, тұрмысқа қажеттің бәрін тартып алып, ел мен жеріңе иелік жасап, билеп алған жоқ па?! Ақ ордаңа сұраусыз кіріп, сары қымызыңды сұраусыз ішіп, қылықты қызыңды қалыңсыз құшқан жоқ па?! Сонда бұған не себеп? Қара орман елдің ішінен бір азамат шығып: «Оу, бұларың не?» деп тіл қатпағаны қалай сонда?! Ел қорғайтын ер, ер қолдайтын ел қайда?! Ай тағалап жүрмесе қайда?! Бұл сауалға да ақынның өзі орнықты жауап береді.

*Бір-бірінің сөздерін тыңдамастан,
Ағалар бар қаржасып, жұлмаласқан.
Ұсақтар да бұл күнде шығып жатыр,
Ұлыларды туатын күллі Алаштан.*

Жарғақ тонды қайыршы азуын Айға білеген алты Алаштан айлалы көрінді. Алыстан барлап, айналасына тор құрып келіп, қыл сағақтан бір-ақ алған. Сексеуілді сексеуілге соққандай қазақты қазаққа ұрып сындырып, ұлыларын көк бөрідей ұлытып, азаматтарын аттарынан аударып түсіріп, сатқынын сардар етіп көтеріп, ұсағына ұлысты басқартып, жарамсағын жарылқап, іргелі елді ішінен ірітуге көшкен-ді. Сосын қайтеді, арыстан кеуде ата қазақ заманның алып диірменіне тартылып, ұнтақталып кете барды. Жарғақ тонды қайыршы бұл сәтті де қапы жібермеді. Жақсы мен жайсаңдарды өзара қырқыстырып, жауықтырып қойды да, солардың қолдарымен от көсеп, шындық іздегенді шыңғырауда шыңғыртып, ар жолын қуғандарды абақтыда шірітіп, тулағанды тулаққа, өжетті өгізге айналдырып, торғайдай тоздырып жіберді. Көкірегінің бар асылы сыпырылып, құр сүлдесі қалып, бірақ соған қарамай билікке таласып, қырықпышақ болған қиқым елде қандай береке болсын, қандай қауқар болсын?! Қынаптан қылыш суырып, ақырып теңдік сұрай алмайтын бейшара күйге түсті. Ендеше туған халқын жан-тәнімен сүйген Бауыржанның жүрегінің түбіне сыр жасырмай ағынан жарылып, ақтарыла айтпасқа шарасы жоқты. Бірде елінің асқақ рухын аспандата жырласа, бірде кемшілігін жанына батыра сипаттап, намысын жаныды.

Ол задында идея іздеп, ит қуып, арамгер болған емес. Жер-жаһанның бүкіл ауыртпалығын жалғыз арқалап, көкірегін қайғы-қасірет жайлаған Абай, Абыралы өңірінде туып-өскен оның өзегі онсыз да жалынға толы болатын. Аузын ашса, ақ жалынның атырылып ақтарылатыны содан.

Б.Жақыптың «Қазақ жолы» деген өлеңі оның, міне, осы үддеден шыға білгенін танытады. Онда дала жұртының бұралаң соқпағы, тартқан тауқыметі, шеккен азабы, сонымен бірге мінез-кұлқы, қанағатшыл сезімі – бәрі-бәрі шынайы суреттелген. Соған қарағанда қазақ пен азап бірге туғандай сезіледі. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Қазақ десең – азаптың, азап десең – қазақтың еске түсетіні тегін емес.

*Жел жылап, қаңбақ қашып қыраттардан,
Тартылып талай мөлдір бұлақ қалған.
Жетпіс жыл жетімсіреп өмір сүріп,
Қырық жыл қырылды біз сынақтардан.*

Түр-түсі бөтен, пиғылы жат қараулардың сұрқайлығына күйінсең, атом деген аждаһаның аран ауызына жұтылмай, қырылса да құрып кете қоймаған қайсар қазақтың құлан сүйектігіне, асылдығына сүйінесің. Төзімін сауыт етіп киген момын жұрттың қырық жылғы қырғынға қалай төтеп бергеніне таңғаласың.

*Каспий тасып, төгіліп сабасынан,
Балқаш қалды айырылып сағасынан.
Арал болса тартылып күннен-күнге,
Бара жатыр алыстап жағасынан.*

Адамдар табиғатқа қиянат жасап, адамгершіліктен, ар-ұяттан қалай алыстаса, сол сияқты Арал да тартылып, жағасынан соғұрлым алыстаған. Ақын, міне, осы көңілсіз көрініс арқылы «адам табиғатты сақтаса, табиғат сұлулығымен дүниені қорғайды» деп кім-кімді де үлкен ойға жетелейді. Бірақ мәселе ой айтуда емес, соны қалай айта білуде.

Орыстар ақ патшаны дарға асса, қазақтар Сөз Патшасын дарға асқанға ұқсайды. Сөз тыңдайтын құлақ жоқта, тыңдаса оны ұғуға тырысатын құлық жоқта ақынның шамырқанып жазған жыры да айдалаға атылған оқтың кебін құшады. Содан кейін ол: «Жатыр енді жаралы жолбарыстай, Махамбет пен Абайды туған дала» деп шарасыз кейіпте күңіренбегенде қайтеді?!

Қайғы да, қасірет те, зұлымдық та, өрт те, соғыс та, қысқасы жер бетіндегі жамандық атаулының бәрі адам қолымен жасалып жатқаны баршаға аян. Саналы адам бола тұра әлгіндей сұмдықтарға неге барады десек, сайып келгенде, оған да негіз жоқ емес екен.

*Адамдар көшелерде топ-тобымен,
Асығып бара жатыр түнге қарай.*

Тосын ой, тосын сурет, тосын шешім. Бұрын ешкім бұлай айта алмаған. Айтар еді, кімнің ойына келген? Бәлкім, тереңнен қайнап, тебініп шыққан бұндай ордалы ойды Алла Тағала сүйікті ақынның аузына ғана салатын шығар, кім біледі? Әйтсе де адамдардың жарыққа емес, түнге қарай асығатыны қалай?

Автордың бұл арада көздеген басты нысанасы түн емес. Ол – фон ғана. Оның негізгі айтпағы: адамдар бұрын жақсылыққа ұмтылып, оны үйренуге құштар еді, ендігі мезетте жамандық атаулыға ден қойып, соған ұмтылып, жанығып жүргені қалай деген ой болатын.

Ақынның алапат бомбалардан, жойқын жарылыстардан, зұлмат сынақтардан тау-тас жанып, күлге айналғанын көріп, жаны күйзеліп, аза тұтып жазған поэмасы – «Жан дауысы». Қазақ әдебиетінің шоқтығы биік туындыларының қатарынан саналатын бұл поэманы сай-сүйгің сырқырамай, жан дүниенің күйзелмей, өзегің өртенбей оқу мүмкін емес. Ақынмен бірге тау боп күңіренесің, аспан боп күркірейсің, бетін дауыл сапырған теңіздің бұйра жалды толқыны боп тулайсың, боз дала боп боздайсың. Себебі бұл бір ғана ақынның немесе бір ғана халықтың дауысы емес, бүкіл әлемнің жанайқайы.

*Әскердің тәртібімен дөңдердің де,
Шаптары тақырланып алынғандай.*

Бұдан өткен сұмдық, бұдан өткен зұлымдық бар ма? Адамның шашын, шашпен қоса басын алып құныққан қатыбас қоғам уақыт өткен сайын екі ұрты қанға толып, дөңдердің де шашын

тақырлап қырып, пұшайман халге түсірген соң не шара?! Бұл заманнан ба, жоқ адамнан ба? Адамнан, әрине. Томас Гоббе: «Адам – адамға қасқыр» деген. Бірақ қалай десек те, табиғатқа қасқырлық жасауға бола ма?

Адам табиғатқа қастық жасау арқылы өздеріне де қастық жасап жүргенін көп жағдайда ескере бермейді. Адамзат азып, рух қашқанда, ақыл-ой кейін ысырылып, жауыз қолдар сойылға жармасады. Әлеуметтік күрделі мәселенің бәрін қылыштың жүзі, қарудың күшімен шешуді көздейді. Сынақ жұмыстарын жүйелі жүргізу үшін де тұтас бір халықты құрбанға қиналмай шалып жібере салады.

*Табиғат адамның да бел баласы,
Жоқ па, әлде соны айтатын ел ағасы?!
Өртейтін табиғатты крематорий
Секілді Аспан менен Жер арасы.*

Ал керек болса! Ақыл-ойға сүйенбей, суық қаруға иек артқан адамзат баласы ар-ұяттан жұрдай болып, осынша азып, құлдырап, жауыздыққа біржола ден қойып, табиғатты өртеп, Аспан мен Жер арасын ұлан-ғайыр алып крематорийге айналдырады деп кім ойлаған?!

Зады, ақыл-ой өсіп, ғылым дамып, өркендеген сайын адам қолы жасайтын қиянат, зұлымдық та арта түседі ме? Қалай?!

Поэманың «Дегелең тауының зары», «1949. Тамыздың жиырма тоғызы», «Қуарған тоғайдың соңғы сөзі», «Боз даланың қасіреті», «Тартылған өзеннің мұңы», «Желдің жоқтауы» және «Ей, адам!» сияқты тараулары даланың бұлшық еті секілденіп, табиғаттың өзінен жаралған сом дүниелер екені ешқашан күмән тудырмайды.

*Сен өмір сүргің келмесе,
Жылап мен өмір сүрейін.
Соңыма ертіп
Бүкіл ғаламның үрейін.*

Бұл – боз даланың соңғы боздауы болса да, шынын айтқанда, оның шамырқанған ызалы кейіпте бүкіл адамзат баласына: «Естеріңді жиып, ақылға келіндер. Өмір сүргілерің келмесе, табиғатқа тыныштық беріндер. Онсыз да бүкіл әлем үрей құшағында» деп жар салғаны еді.

*Адамзаттың қолынан жараланып,
Қайда жерім, барасың домаланып?!
Ғалам кезіп келесің үндеместен,
Үстіңдегі қаптаған моланы алып.*

Бұндай ордалы ойды айту үшін де ақынға үлкен жүрек керек шығар. Бауыржан туған елі мен жерін өртеніп сүймесе, дәл осылай өлеңді де өртеніп жазбаған болар еді.

Ғасырдың сұмдығы мен ойраны жүрегінің үстінен өтіп жататын Бауыржан – аспан асты, жер үстінің тағдырын толғаған тарлан талант. Күрделі өмірдің күркіреген ақыны. Бауыржан жыры – жарылыс, сынақтардан да өлмей өмір сүріп, кесір-кесапаттың бәріне майдан ашып, болашаққа жол тартқан ажалсыз ата қазақтың асқақ рухы, жеңіс салтанаты. Бауыржан жыры – жұлдыздардан ақтарылған сәулелер ағыны. Айбоз ақынға жұлдызыңның ағыны толастама-сын деп ізгі тілек білдіргім келеді. Жұлдыз бар жерде сен де, сен жазған жыр да жасай береді. Ләйім солай болғай!

*«Ана тілі» газеті,
23-29 мамыр 2013 жыл*

Семей сапары

Қазақ өлеңіне өз дауысымен, өзіндік өлең өрнегімен келіп, жылдар жаныған табиғи таланты толысып, әдеби біліктілігі артып, қазіргі қазақ қауымына кеңінен танылған ақын Бауыржан Жақып өткен жылдың мамыр айында егеулі найза елу жасқа толған еді. Мерейтой иесінің шашпауын көтеріп, бір топ өнер адамдары жолға шықтық. Семей қазақ руханиятының ордасы болған қала ғой, кейінгі жылдары қанша қиындық, қысастықты бастан өткерсе де елдік қасиетін жоғалта қоймапты. Алматыдан ат арытып барған қонақтардың бәрін жылы қарсы алып, Бауыржан Жақыптың творчествосына арналған әдеби кешті дүрілдетіп өткізді. Өйткені бұл ұлы өңірде Абай, Шәкәрім, Мұхтар салып кеткен сара жолдың іздері әлі де сайрап жатыр.

Ертеңінде жеті «ДЖИП» көлігіне мінген қонақтар ерте күнді кеш қылмай шұғыл жиналып, жолға шықтық. Жолай Күшікбай батырдың бейітіне соғып, Бөрлідегі Мұхтар Әуезов мұражайына соғып, Нұржамал ана мен Омархан ақсақалдың, Ақшоқыдағы Құнанбай қажы әулетінің рухына Құран бағыштап, одан соң Абайдың мұражайына ат басын тіреп, аралап көріп, көптеген құнды заттармен танысып, тағы да ілгері жылжыдық. Бұл жолғы бағытымыз – Мамай батырдың ұрпақтары жайлаған Архат тауы. Оған себеп: Бауыржан Жақып онжылдық мектепті сол ауылда оқып бітіріпті. Ұстаздар мен оқушылар өз мектебінен түлеп ұшқан тас түлегін қарсы алуға күні бұрын дайындалып қойыпты. Шынында да солай болды. Шетінен суырылып сөйлегенде, таңдайы тақылдап тақпақ оқығанда, аспан асты ағындаған сәулеге толып, бүкіл дүние шат-шадыманның құшағында тербетіліп тұрғандай сезілді.

Бұдан кейін бұл жыр-думан Архат тауының жазығына тігілген ақ боз үйлерде жалғасын тауып, қазақ әні түннің бір уағына дейін... әй, бір армансыз шырқалғаны естен кетер ме, сірә?!

Ал Абай ауданының мәдениет үйінде өткен әдеби кешке жұрт көп жиналды. Кешті аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбеков мырза ашып, Бауыржанның ойлы ақын екенін баса айтып келіп, оны елу жасқа толған мерейтойымен құттықтап, халқымыздың салты бойынша иығына жақсы шапан жапты. Кезек осы ауданның әдеби үйірмесін басқаратын ақын Төлеген Жанғалидың шәкірттеріне келгенде әдеби кеш тіпті қыза түсті. Жас өскін бала шәкірттер сахнаға шығып, той иесіне арнап жазған өлеңдерін оқығанда жиналған жұрт дүркіреп, әруақтанып кетісті. Шынында да бұлар құрсағында жетілген жас таланттар еді.

Бұдан кейін Жидебайға барып, Абай, Шәкәрімнің рухына Құран бағыштап, содан соң Қоңыр әулиенің үңгіріне соғып, сол терең үңгірдің ішіне түсіп, телегей теңіз суына бет жуып, одан шығып, елден жырақ айдалаға екіқабат етіп алып котдеж салып, қарауындағы екі жүз жылқысын шашау шығармай бағып, өткен-кеткен жолаушыға қымыз ұсынып, шөлін басып, сауапты іс атқарып жүрген Дулат Биязбековтің үйіне елу қаралы кісі боп барып қонып, Бауыржанның туған ауылы Таңатқа жеткенше біраз өтті.

Таңатқа бара жатқан жолдағы Бауыржанның кіндік қаны тамған ескі ауылда шағын қорым кездесті. Заманында тағдыры талқыға түсіп, жұмыр басы талай дауда қалып, жұлынып кете жаздаған тарлан ақын Төлеужан Исмайлов өлген соң осында жерленіпті. Ат басын бұрып, Құран бағыштап аттанғанды жөн көрдік. Марқұмның басын қарайтып, ескерткіш орнатқандардың бірі – Бауыржанның әкесі Өміржан екенін естігенде ішіміз жылып, риза болмасқа шарамыз қалмады. Соған қарағанда Өміржан ақсақал асылын терең жасырған текті кісі көрінді. Әдетте, екіталай күн туғанда егеулі найзаға айналып, атқа ақырып қонатын есіл ерлер ел ішінде елеусіз жүрген осы Өміржан сияқты бұйығы жандардан шығатын.

Ойлап көрсең, Бауыржанның Таңат ауылы кілең ұлылар туған ауылдармен жалғасып жатқанын байқайсың. Мына жағында Жүсіпбек Елебековтің ауылы – Қайнар тұр. Ал мына жағынан Парижде ән шырқаған әйгілі әнші Әміре Қашаубаевтың сағымға оранған ауылы алыстан мұнартады. Полигонның ішінде қалған Тәттімбеттің сары жайлауының жанары әлі мұңды көрінді. Қырық жылғы атом сынағы тулақтай тоздырып жіберсе де, баяғы бал дәурен қызықты, думанды шағын аңсап, болашақтан үмітін үзбей өз көктемін күтіп жатқан секілді сезінеді.

Тату-бірлігі мықты Таңат ауылының билікке алақан жаймай, өз жыртығын өздері жамап, ер-тұрманын өздері бүтіндеп, өсіп-өркендеп келе жатқаны байқалады. Бұл күнде мектеп қай ауылда да бар шығар. Алайда балабақша бола бермейді. Облыс орталығынан, аудан орталығынан шалғай айдалаға шығандап шығып кеткен шағын ауылдарда балабақша болады деп кім ойлаған? Мынандай жақсылық атаулы қат, кісәпір заманда. Сұрастыра келгенде бұл балабақшаны салып, балалардың ойнайтын бөлмесін, тамақ ішетін бөлмесін, жатын бөлмесін – бәрін түгел дүние-мүлікпен жабдықтап, пайдалануға берген тағы да Өміржан Жақыпов боп шықты. Ол кісінің көрші ауылдарға да осындай балабақша салып беріп, жас ата-аналардың алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасағанын естігенде; көкірегіміз күмбірлеген күйге толып жүре берді. Ал оның зейнеткермін деп қол қусырып отырғысы келмей, тендерге қатысып, талай жобаны ұтып, оған қыруар қаржы бөлдіртіп, ауыл жастарын жұмыспен қамтамасыз етіп, олардың аяғынан тұрып кетуіне жағдай жасаудың өзі неге тұрады?! Бұл еңіреген ердің ғана қолынан келетін шаруа емес пе?!

Алайда Өміржан Жақыпов ақсақалдың бұның бәрінен де құнды ерен еңбегі – өзі туып, өскен кішкентай ауылдың үлкен тарихын жазып, көлемді әрі қалың кітап етіп шығарғаны. Бұнда ауылдың іргесін қалаған қариялардың қажырлы еңбегі, қиын-қыстау кезеңде көрген азаптары, тартқан тауқыметтері сол жолда бар ауыртпалықты қайыспай көтере білген қара нар қайсарлығы – бәрі-бәрі шежіре тілмен шебер баяндалған. Кітапта көптеген фотосуреттер де өткен өмірден сыр шертеді. Ендеше бұл кітап та тәуелсіз Қазақ елінің үлкен тарихына қосылған тұғырлы туынды екені даусыз. Ауылда «Кішкентай ауылдың үлкен тарихы» деп көрнекті етіп жазғызып, ақ кірпіштен қалап, ауыл қарияларын қара мәрмәрға салынған бейнелерін орналастырып, аспан асты дала мұражайын жасап, жас ұрпаққа үлкен сый жасапты.

Таңат ауылы, шынында да, ақын ұлының торқалы тойына ерекше дайындалыпты. Жазық далаға қаздай тізіліп ақ шатырлар, ақ боз үйлер тігілген. Жұрт жауған жаңбырға да қарамай, тұс-тұстан ағылып келіп жатты.

Алдымен құнан, содан соң аламан ат бәйгесі болды. Несіпбек ақын кәтте ат сыншысы екен. Ен таққан құнаны да, аты да бәйгеден келіп, бүкіл жұрттың алдында мәртебесі биіктеп, айбынданып қалды. Жүйріктердің бәйгесі беріліп бола бергенде, той иесі Бауыржан Жақып жұрттың алдына шығып, ағайын-туыстарына, ауылдастарына, жиналған халқына алғысын айтып келіп, Ұлықбекке бір ат, Несіпбекке бір ат және маған бір ат мінгізіп, иығымызға шапан жапты. Жезтаңдай әнші Баян Сағымбаеваға да құрмет көрсетті.

Күн екіндіге ауғанда Семей қаласына асығыс тартып бара жатыр едік.

Орта жолда бізді Сарыжал ауылының Сайлау, Қуат, Амантай есімді азаматтары күтіп алып, дәм татып кетіндер деп жібермеді. Амалсыз ат басын бұруға тура келді. Екі мың тұрғыны бар бұл ауылдың өте дәулетті тұратындығы көшелерінің тазалығынан, ақ шаңқан үйлерінің сәнді әрі биік салынғанынан айқын байқалды. Сегіз мың жылқы ұстап, үстінен жонып жеп отырған ауылдың ат көпір ғып жайған ақ дастарқанында құс сүтінен басқаның бәрі бар еді. Шеті кертілмей сол күйінде қалды. Қызығын ауыл адамдары көрген шығар.

Қараңғы түнде тас жолға түскен жеңіл машина жұлдыздай ағып келе жатты. Кенет Бауыржан қалта телефонын алып, Семеймен хабарласып еді. Ауруханаға түскен әкесіне операция жасалғанын естіді. Көңілі бір түрлі жабырқап, түнеріп сала берді. Біздің де көңіліміз алай-түлей болды. Әлден уақытта Ұлықбек Бауыржанға қарата: «Сенің әкең бүгінгі заманның Құнанбайы екен!» деді. Оның бір өлеңі:

*Ақындардың ақылы басында емес,
Ақындардың ақылы жүрегінде, –*

деп аяқталатын. Арамызда жалған сөйлейтіндер жоқ емес, ал ақын жүрегі ешқашан жалған айтпайды. Ертеңінде біз Алматыға жүріп кеттік те, Бауыржан әкесінің жай-күйіне қарайлап Семейде қалып қойды. Арада бірер күн өткенде ол кісінің қайтыс болғанын естіп, онсыз да

жүдеу тартып жүрген көңіліміз одан сайын құлазып, суып сала берді. Жан-дүниесі ізгіліктен жаралған жайсаң кісі еді, жарықтық. Беу, жалған дүние-ай! Бұ қазақтың маңдайына кім сыйған демеске шара қайсы?!

Жақында Бауыржан бауырымның «Жұлдыз» журналының екінші санына жарияланған «Әке туралы поэма» деген көлемді туындысын оқыдым.

*Сен өткенде, жан әке, тоқтай қалды Қара Ертіс,
Алатауға бұлт шөгіп, ақпай қалды Қара Ертіс.
Омырылып омыртқам, қайысты да қабырғам,
Өкпем өшіп, жүрегім соқпай қалды, Қара Ертіс...*

Шарпылысқан сезім үстінде шамырқанған көңілден туған бұл поэма – Бауыржанның әкесі Өміржанның басына жауһар жырдан сомдап тұрғызған ескерткіші. Қазақтың қара өлеңі ешқашанда өлмейді. Ендеше Өміржан ақсақалдың рухы да қара өлеңге айналып, мәңгі жасай береді.

Марат ЫСҚАҚ (Төремұрат),

ақын,

филология ғылымдарының кандидаты

Табиғатпен тілдескен

Соңғы жылдары «жұрт қазір прозаны ғана оқитын болды, поэзия оқырмандары мүлде азайып кетті» деген жаңсақ, ұшқары пікір белең алып жүр. Бұл меніңше дұрыс пікір емес. Әдебиетімізді төл бесігінде тербеген анасы – поэзия оқырмандарына қашан да жақын, қашан да қимас сүйіктісі. Жүрегін жыр тебірентпейтін қазақ болады дегенге өз басым сенбеймін. Мәселе – сол жырдың қалай жазылуында және оны кім жазуында. Жаман жыр жазып, мұны неге оқымайсыңдар дегендердің өз обалдары өздеріне. Жүмекеннің, Мұқағалидың, Төлегеннің, Қадыр мен Тұманбайдың, Фариза мен Күләштің, Сәкен мен Сабырханның жырларын жалындамай, шалқып тасқан айран-асыр көңіл күймен толқымай, ләзәттанбай оқу мүмкін бе?! Аға буынды айтпағанның өзінде жаңағы аталғандар біздің болашақ Есениніміз, Блогіміз бен Ахматовамыз емес пе?! Әлде, осылай деп айтуға аузымыз келіспей ме? Махамбет пен Абайдан бастау алған біздің поэзиямыз – өзінің өміршең өр мінезін анық аңғартқан әлем мойындаған құдіретті поэзия.

Осы бір сұлулық дүниесімен Тәңіріндей табысып, табиғатқа тіл бітіре жырлап жүрген бүгінгі жас ақындардың ішінде өзіндік стильдік мәнерімен ерекшеленіп жүрген – Мұқағали атындағы сыйлықтың лауреаты Бауыржан Жақыпов. Ақын жырының сырт сипаты «мен мұнда лап» тұратын әсіреліктен мүлде азат, байсалды да ұстамды, ал ішкі мазмұны – ойлы да терең мағыналы. Күрделілігі – жырларының гүл шоғының күлтесіндей нәзіктігінде. Бауыржанның жырын оқып отырып, «әй, тап осындай етіп мен де жазатын шығармын» деушілер табылуы мүмкін. Алайда оның жыр кітабын бір сәтке жаба қойып, сол Бауыржан құсап жыр құрап көріңіз. Көңіліңізге келсе де айтайын, жыр құрау түгіл сол ауылдың маңайын көре алмай қаласыз. Ақын жырының мөлдір ағыстары, ішкі жандағы баураған иірімдері «саған ұсынсам қолы жетер ме» дегізіп, биікке өрлеп бара жатады. Оның жырларының өзінің мінез-құлқы тап осы тұста айқын аңғарылады. Сөз жоқ, мұндай шығармашылықтың егіз қырын бірдей шағын мақалада айтып беру мүмкін емес. Мен оның бірер қырына ғана тоқталып өтпекпін.

Бауыржан – лирик ақын. Соның ішінде баллада жазудың шебері. Қысқа сюжетке құрылатын поэзияның осы бір жанрын туғызуда, оның композициясын құруда, образ жасауда, көркем ой түйіндеуде аса икемділік, тапқырлық байқатып отырады. Осы қасиеттер автордың шығар-

машылық талантымен бірге табиғат-анаға деген ерекше сүйіспеншіліктен туған. «Жаңғырық» атты балладасы – осының айқын айғағы. Бұл – нағыз трагедия. Әлдебір саятшы соңына лағы ерген киікті атып алады. Жанындағы ұлының «аясаңшы» деген өтінішін құлаққа ілмейді. Осы қатігездігі үшін тағдыр оны да қатал жазалайды. Сұлу табиғат жаратқан тау тағысының киесі оны аман жібермейді. Аңшы оқтаулы тұрған өз мылтығының оғына ұшып өледі. Киіктің лағы мен аңшының ұлы жетім қалады.

*Баба шың бүгеді ішке көне сырын,
Кім ұтты, кім ұтылды, төреші кім?!
Қозы жүр
Жерге ұйыған қан аралас
Қызғылтым сүтін жалап енесінің.*

Міне, осы бір сұмдық трагедиялық көріністі осылай түйіндейді ақын. Бір ғажабы, мен осы балладаны оқығанда Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» атты талантты жазылған лирикалық поэмасын еріксіз еске аламын. Соған қарағанда, Бауыржан балладасы Сәкен жырлаған тақырыптың бүгінгі көтеріңкі талап тұрғысында тың бір қырынан көркем бейнелі көрініс табуы ғой деп ойлаймын.

Бауыржан күнделікті көзіміз үйреніп кеткен елеусіз тіршіліктің шағын бір құбылысынан-ақ жан күйзелте көңіл тоқтатарлық мағына тауып алып, оқырманына көлденең тарта қояды.

*Жалғыз шалы көз жұмды. Өмірі еді.
Жалғыз кемпір егілді, еңіреді.
Жоқтағандай қалқиган қара шалды,
Сиярлары ауылдың мәңіреді.
Енді шалдың ауылы жырақ мүлде,
Тірлігінде төкпеді ол шуақ кімге?!
Сияр айдап тастайтын жан табылмай,
Қарттың орны білінді бір-ақ күнде.*

Бауыржан жырларының тақырып ауқымы кең. Алайда оның лирикасының негізгі өзегі – адам мен табиғат арасындағы байланыс. Ақын осы тұста сұлулық іздеп шарқ ұрып, Ләйлісіне ғашық болған Мәжүніндей күй кешеді. Оның қаламына ілінген тауға да, желге де, суға да тіл бітіп, жан кіріп жүре береді. Ал бірде ол сұлулыққа қатер төнгенде ақын оны қызғыштай қорып, даланың беймаза бозторғайындай шарқ ұра шырылдайды, әлемге жар сала жан даусын шығарады. Автордың «Жан даусы» поэмасы осындай сәтте туған.

*Туған жерім, ояттың аз әніңмен,
Өзің айтқан өлеңді жазамын мен.
Төсің кезген перзентің жел жылайды,
Төбе құйқам шымырлар азалы үнмен...
Алшаң-алшаң басатын аяқтарын,
Пенделердің көрдің бе тояттауын?!
Жылап жүріп, шарла жел, бар әлемді,
Кереңдердің жылап сен, оят бәрін.*

Тіршілікті мәңгі әлдилеп, тербетіп тұрған Жер – Ана бүгін неге шашын жайып жоқтау айтады? Ол жоқтауды таскерен қатыгездер неге естімейді? Жер – Ананың асыл перзенті – адамдар өміріне неге қатер төнеді? Ақын жүрегі осыған ашынады, осыған күйінеді. Оның арманы табиғат пен адам арасындағы келістілік, үйлесімділік, сұлулық, мөлдіреген тазалық. Осы әсемдікті қырағы ақын көзі, сезімтал ақын жүрегі жарқын бояулармен жыр жолдарында өрнектейді.

*Айдың нұрына түн шомылғанда,
Тыныштық келіп тұнса қырларға.
Тылсым әлемнің құшағына еніп,
Билейді сәуле құм шағылдарда.
Өзеннің гажап күйі болады,
Жағаға толқын тиіп ағады.
Бетінен судың шөп-шөп еткізіп,
Нәзік бір сәуле сүйіп алады.
Жұлдыздар көлге жиі қонады...
Самал сипаса алақанымен
Самарқау белдің иі қанады.*

Бауыржан лирикасының сиқырлы сыры осындай. Адамның табиғат-анасын тануы, одан өзінің мінез-құлқын табуы. Нағыз жарастық, гармония деген осы болар. Байқасақ, Бауыржан жырында «билеп» жүрген сәулелер бірде су бетін «шөпілдетіп сүйіп» жатады. Ал саф-самал «самарқау белдің иін қандыра сипалайтын» құдды массажист болып кетеді.

Ақын жырларын оқи берген сайын сезімді сергітер әсем әлемге сүңги бересің, жан рақатына бөлене түсесің. Өзгелер де осындай күйде болатын шығар-ау деп ойлаймын. Өйткені Бауыржан туындыларын қызықпай, сүйсінбей, бей-жай қалыпта оқу мүмкін емес. Поэзиядағы құдірет деп жүргеніміз осы болса керек.

Кенесқазы Башеев

Уатылып кеткен обалар

*Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі...*

Абай

*Хан, Орда, Шұнай, Дегелең мен
Қарауыл, Құндызды, Арқат
Дейтін жер, шіркін, көңіл құмар тарқат.*

Қасым Аманжолов

*Армысың, атақоныс Қарауыл, Абыралы,
Басыңнан бағың қайда жамырады?*

Төлеужан Ысмайылов

«Рухани өсудің өлендегі бітім-болмысының тұсын іздеу дегеніңіз – сананың сан сабыла кезуін тілейтін құбылыс» деген В.Белинский. Сондықтан ақынның тұтас бір әлемге айналуы – кез келген таланттың, тіпті кейде тегеурінді таланттың да маңдайына біте бермейтін ерекше жайт. Әрине, ақын тұтас бір шығармашылық әлемге бағы жанып, жолы болып кеткендіктен немесе әлдеқандай бір желеп-жебеушілердің қолынан тартып, қолтығынан дегенінен айнал-

майды. Өйткені ақын – шығармашылық әлемді өзінің талант, зейін, зерде, ілім-білім, маңдай тер қуатымен дүниеге келтіреді. Шынында да, ол шығармашылық әлемнің тұтас бір табиғатын, ауа райын, көлі мен шөлін, қысы мен жазын, қысымы мен қызуын түзеп, жанды жаратылысқа айналдыру оңай шаруа емес. Ондай жанды жаратылысты ғұмыр бойы толастамайтын қуатты шығармашылық немесе тоғыз айлы толғақ қана дүниеге келтіре алмақ. Ұлтымызға, Семей халқына қасірет жамылдырған, күні бүгінге дейін қатерлі ісік, қан қысымы, өзіне қол жұмсау тәрізді жастардың мезгілсіз өмірмен қоштасуына жаны күйзеліп:

*Улы ортаға қамалдым да,
Улы сәуле уыстадым.
Улы судан нәр алдым да,
Улы ауамен тыныстадым, –*

дейді ақын. Бәрі рас. Бірақ мен оны батылдық та, үлкен ерлік те санамаймын. Мен саясаткер де, оппозиционер де, халық қалаулысы да емеспін. Бар-жоғы қарапайым қазақпын. Қазақ деген ұлы халықтың бір кішкентай перзентімін. Бар-жоғы 48 жасында атом зардабынан қайтыс болған анама да араша түсе алмадым. Бірақ біздің қоғамда анаң араша түсу асқан ерлік болып саналса, ол ешқандай да батырлық емес, тек заманымыздың кері кеткенінің, азып-тозғанының белгісі шығар, мүмкін.

«Әдебиетке құлдық болмауға тиіс» деген аталы сөзді кезінде Достоевскийдің күнделігінен оқып, өз қойын дәптеріме түсіріп қойыппын. Өкінішке қарай, талай қазақ ақындары биліктің, байлықтың, атақ-даңқтың, мансаптың, даңғойлықтың жолына түсіп, әкімге арнап ода жазып, құлға айналғалы қай заман?! Ақиқатында бұл – өте қорқынышты құбылыс. Құлдыққа мойын ұсынып, рухын жоғалтып, ұлтымыздың ұлы армандарының жолынан адастыруда. Ойдың көзі жабылып, бұлағы суалып, жанымыз қурайды. Ұлттық рух эрозияға ұшырайды. Шығармашылыққа құлдық қамыттың киілуі билік үшін де қауіпті екені рас. Себебі, ондай сөз өнері өмірдің жабайы шындығына шырмалып, ақиқатты қапысыз тану мүмкіндігінен айрылады, қоғамға төніп келе жатқан қайғы-қасіреттен сақтандыра алатын көріпкелдік қасиетін жоғалтады, қалың бұқараның ішкі мәдениетін төмендетіп, жұртты жаппай тобырға айналдырады. Ал, мәдениеттен жұрдай халық аталы сөзге тоқтайтын қабілетін жоғалтып, бүлік бастап, билікті төңкеріп тастап, қоғамды ұзақ жылдарға созылатын (шешендер мен қырғыздар тәрізді) қайғы-қасіретке ұрындырады. Осындай ұзақ қасіретті бүгінгі күні семейліктер ғана көріп отыр.

Арғы-бергі қазақ өлеңіндегі ат төбеліндей жұлдызды шоғырдың ішінде мен білетін екі-үш ақын болса, соның бірі – Бауыржан Жақып. Сөйтіп, айтайын дегенім – бүгінгі күні Бауыржан атты тұтас бір шығармашылық әлемнің бар екені айдай ақиқат. Ол әлем, әрине, жылыға орап, жұмсағын алдыға тартып, сені бейжай бойкүйездікке түсіретін, бір сәтке болсын өткенінді ұмыттырып, ертеңінді естен шығаратын, көгілдір аспан астында көз бен көңілді қатар арбап көсіліп жатқан көкорай шалғынды әлем емес. Ол – дауыл тұрғызып, дабыл қақтырып тұрған әлем. Ол әлем – шарпылыстар мен тартылыстардан, қақтығыстар мен соқтығыстардан, бұлқыныстар мен сілкіністерден тұратын әлем. Яғни, ол шығармашылық әлемінің климаты төбеңнен себезгілеп сәуле төгіп, әлсін-әлсін аспаннан жаңбыр бүркіп, табанына шүйгін шалғынның ұлпа мамығын төсеп, жаныңды жадыратып рақатқа бөлер субтропикалық жібектей жұмсақ климат емес, ол шығармашылық әлемінің климаты – аңқанды кептірер аптап пен аңызактан, құтыңды қашырап құбылған боран мен сақылдаған сары аяздан тұратын субконтинентальды қатал климат. Сондықтан да Бауыржан Жақыптың поэзиясы өз оқырманының көңілін аулап, кішкентай кірбің-ренішін жуып-шаям деп сылап-сипап, бәйек бола қалатын елгезек поэзия емес, қайта қалғып кеткен оқырман көңілін алай-дүлей етіп, астаң-кестеңін шығаратын, кірбің-ренішін күл етіп ұшырып, оның жан-жүрегіндегі жараны қандауырмен қанын сорғалатып сылып тастайтын адуынды поэзия.

налған өлеңдері де ерекше. Мәселен:

*Даладай пейілің тарылмаған,
Аққудай көлдегі мамырлаған...*

Немесе

*Айтқандай сен жайлы самал әнін,
Ақша бұлт ұшырғандай орамалын.
...Төгілген иыққа шашың қандай,
Көзіңнің ішінде асыл бардай.*

Шынын айту керек, Бауыржанға дейін де, кейін де ақындарымыздың махаббат тақырыбына арналған өлеңдері, негізінен, бір қалыптан шыққандай бір-бірінен аумай жататын. Сондықтан да ол өлеңдер адам жанының табиғи сезіміне емес, бейнебір фабрика не зауыттың өніміне көбірек ұқсаушы еді. Жасандылық штамп, ол тұстағы өлеңдерде екі жас қалай да толысқан ай астында қол ұстасып, жымыңдаған жұлдыздардың сәулесі түскен көл үстінде қайықпен қыдырып, құйып тұрған жаңбыр астында құшақтасып, сылдыраған бұлақ басында кездесіп, сыбырлаған жапырақ астында сүйісіп тұратын. Өзгеріс болған жағдайда да, тек олардың орыны ауысатын да, сөзі мен ісі сол қалпында қалушы еді. Сонымен бірге ұлдарымыз ол өлеңдерде көбіне-көп тым прозелитизмге – берілушілік құмарлықта боп келетін. Тағы да ол именшектік пен бұйығылықты ибалылық пен ізеттілікке теліп әспеттеп бағушы едік. Содан барып махаббат тақырыбына арналған өлеңдерімізде лакқа малып алғандай жылтыр сөз, майлап қойғандай күлімдеген көз қаптап кетуші еді, ал Бауыржанның көздің өзін асыл затқа, алмасқа теңеуі орынды. Осы бірінің аузынан бірі түскендей «джентльмендер» мен «бикештер» образдары біз үшін үйреншікті образдарға айнала бастаған-ды. Тіпті, ол өлеңдердегі махаббат драмалары да (айырылысу, ренжісу) бірер жаттанды арзан сценарийлермен басталып, аяқталып жататын. Осы бір сіреу қардай сіресіп жатқан штампты алғаш бұзғандардың саны екеу болса, бірі – Бауыржан, бірі болса – өзі.

*Сағыныштан сазып кетсе жүрегің,
Сағынганың емес пе?
Аяулым-ау, алабұртып гүл өңің,
Дәл осы сәт алдың ба сен мені еске?»*–

десе, енді бірде:

*Саған деген сағынышым, жан сәулем,
Ілінді ме кірпігіңе моншақ боп?»*–

деп әбден мезі қылған әлгіндей шарттылыққа қарсылық көрсетіп отыр. Бұл – «сіз», «біз» деп сызылып, қылымсып тұрған жасанды сөз, жаттанды қылыққа қарсылық болатын. Ақынның махаббат тақырыбы өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер оқырман көңіліне сабырлы мінез, шалт қимылдың адамы емес, оның «әдемі сөздерге» жаны қас, «сүйері – ащы шындық». Сондықтан да оның жаны «жүректің жалынымен сүйгізе алатын қызды» қалайды. Сол үшін «тар жол – тайғақ кешулерден» өтті...

Дей тұрғанмен, жоғарыда айтқанымдай, Бауыржан ақынның «Айдындағы аспан» кітабына лирикалық өлеңдермен бірге сюжетті балладалары, сондай-ақ «Жан дауысы» атты өзгеше формада жазылған поэмасын оқығанда, оқушысын бей-жай қалдырмай, ақынмен бірге болғандай әсерде боласың. Поэманың негізі өте зор пікірге құрылған. Оны іс қылып, ұқсатып шығару күші толып, кекселенген емес, жас таланттың да қолынан келетінін дәлелдегендей. Онда қырық жыл бойы қасірет төккен, енді ол қасіретті екі-үш жүз жыл көретін ұрпақты еске алғандай боласың. Онда өлімге деген адамның тітіркену сезімі әр көңілде аяныш тудырады. Бірақ ақынның өлім түнегін құшқан кейіпкерлері – пессимизмге бой ұрғаннан аулақ тұлғалар. Олардың

өмірге деген махаббаты мәңгілік. Өмірге мәңгі сөнбес жарық күн тілеген оптимистік тұлғасымен оқшауланады. Өмір шырынын қимай мәңгі түнекке аттанған аяулы жандарды бүкіл халық еске алып, әрқайсының есімін құрмет тұтады. Адамның өзі қолдан жасаған қасіретпен бетпе-бет келіп, өлгенімен, артында тындырған ісі, адамға лайық аты мәңгі жасайды. Өз халқының жүрегінде өмір сүреді. Нағыз адам ол өлмейді, өлімнің өзі – мәңгі өлмес сапарға аттану.

Қазаның қайырымсыздығына халық ешқашан басын иіп көрмеген. Халықтың көңілі мен тарихтың төрінде өзі өлсе де ісі өлмеген ізгі азаматтардың, азаматшалардың есімі қалады. Мәңгілікке аттанған азаматына, азаматшасына деген сағынышы әр жүректе ту болып жасайды. Өлген тәнді жас топырақ жабар, бірақ ұлы сарапшы уақыт әркімді өз орнына қояр, бағасын берер.

Бұл күнде ақын шығармашылығы жайлы, әсіресе оның «Жан дауысы» поэмасы жайлы таным биігінің бар деңгейінен дерлік пікір айтылды десек, сол тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы жолдардағы тәрізді қарапайым шындықтың мәндік болмыс пен мағыналық тұлғаға айналуына саятын тәрізді. «Ақынның қадау-қадау жекелеген өлеңдерін алып, оның дүние-танымын, көзқарасын, алған бағыты мен азаматтық үнін аңғарам деу қиянат» деп жазған екен Чернышевский деген орыстың сыншысы. Бұл үлкен шындық, әрине. Бауыржанның сөз өнеріндегі болмыс-бітімін аңғару үшін, ақындық, азаматтық, адамдық қуатын тану үшін «Жан дауысының» өзі-ақ жетіп жатыр.

Ақынның осындай ауыр трагедиямен аяқталатын поэмада автор сюжет құру шеберлігін танытқан. Поэманың сюжеті баяндау түрінің даму процесін қарастырғанда, оның жанр ретінде ауқымды философиялық тұрғыда дүниеге келген туындының бір мысалына осы Бауыржан Өміржанұлы Жақыптың «Жан дауысын» айтуға болады. «Поэма дегеніміз – ғасырдың және тарихи уақыт ағымындағы адам орнының философиялық проблемалары туралы образды ойлау» (Литературное обозрение, 1979, № 11, 56 стр.) дейді И.Абашидзе. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі таңда поэмаға екі нәрсе – терең психологизм мен философия қажет. Мұндай мысалға белгілі ақын М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», одақтық дәрежеде белгілі ақын А.Кулешовтың «Цунами», Д.Кулгульдиновтың «Ой жарылысы» («Бунт разума») сияқты поэмаларын атауға болады. Бауыржанның поэмасы жанр ретінде де концепциялық ұғымға құрылған. Ол – ғаламат трагедияға тап болған семейліктер туралы ой-толғау. Бауыржанның идеялық мақсаты – адам санасындағы ұғымды сынға салу. Бұл поэманы оқығанда оқырманның өзін ойлантып, шешімін іздегендей болады. Өмір мен өлім, күн мен түн, табиғат пен адам арасындағы және қолдан жасалған трагедиямен арпалысты аңғарту сияқты ойлар жатыр. Бәрі де адам тіршілігі, рухы үшін қажет деген идея бар. Бұл бір жағынан дәстүр сабақтастығын байқатса керек. Көркемдік шешімі нанымды, тағылымды. Меніңше, «Жан дауысы» поэмасы – қасіретті заманымыздың Бауыржан орнатып отырған сұлулық мұнарасы!

*Төсіңді қайғы басып, мұң таптаған,
Тозған жер, жүдеу өлкем, сырқат далам...*

десе, одан әрі

*Тіл бітті бүгін маған, бәрін де айтам,
Ей, адам, сен сенбесең Жер сенеді.*

Халықтың, адамның, заманның рухани тазалығы үшін бітіспес күреске шыққан нағыз ақын азамат қана осылай сөйлей алса керек.

*«Ертіс өңірі» газеті,
23 қаңтар 2013 жыл*

Жыржүрек

Қүдіретті өлеңі жайлы эссе-толғаным

Қазақ сөз өнерінің, тарихы бай мұрасының жан-жақты зерттелуі туралы тілге тиек еткенде біз үшін мән-маңызы жоғалмайтын, қайта уақыт өткен сайын кие тұтар, қастерлі есімдерге айналатын ұлтымыздың аяулы ұлдары баршылық. Әдебиетіміздің қалыптасу кезеңімен дәуір өткен сайын жаңаруы жайында кең-құлашты терең зерттеу жасап, керегі мол, дерегі тың дүниелерді тудырған мұндай тұлғалар туралы сөз қозғаудың өзі оңай емес. Өйткені ол кімге де болса, үлкен жауапкершілікті жүктейтін ерекше міндет десек, шындықтан алыс кетпесіміз анық. Сарқылмас қазына мен таусылмас мұрамыздың тоғысқан саласы – әдебиетіміздің кешегісі мен бүгінгісіне жүгенсек, еселі еңбек еткен ақын-ғалымдарымыздың өзі бір шоғыр екенін байқаймыз. Сонау Алаштың алыбы – Ахмет Байтұрсыновтан бастап, Әуезовке дейінгі аралық арқылы Қайым Мұхамедханұлын қамтып өтсек, одан Бейсенбай Кенжебаев, Зейнолла Қабдолов, Зейнолла Серікқалиев, Серік Қирабаев, Жұмағали Ысмағұлов, Мекемтас Мырзахметұлы сынды кесек тұлғаларды тізбелей жөнелгенде айналып өтуге болмайтын айрықша ұстанымдағы тағы бір мақтанышымыз бар. Ол – ғалымдық болмысының өзі қазыналы биіктен мен мұндалай көрінетін, ұлт әдебиетін зерттеушілердің бірегей ұстазы деген ұғымға да сыятын Бауыржан Өміржанұлы Жақып десек, сөзіміздің шындығына ешкімнің де таласпасы анық. Ауыз толтырып айтатын, бір басынан асып жығылатын атақтарынан бұрын, ғылыммен ұштасқан ғұмыр жолындағы ұшан-теңіз еңбектерінің өзінен ғұлама ғалымға тән сұңғыла ақындығы айқын көрінеді. Еңселі зерттеу еңбектерімен әдебиетіміздің күрделі тақырыптарына бойлай еніп, ақтаңдақтардың ақиқатын ашудағы ізденістері, қазақ энциклопедиясына жаңадан кірісіп, жаңаша белеске көтеруіне тыңнан төккен тері, қысқасы сөз өнеріне қатысты қандай саланы қамтысақ та біз Бауыржан Жақыповтың әдебиет әлеміндегі соныдан салып жүрген соқпағына қызыға қараймыз. Өңшең ығайлар мен сығайлар топтасатын, ақындық өнердің жігін шаққан әдеби ортада асқақ қалпында білікті ғалыммен бірге аралас-құралас болмасам да жақсының жақсылығын айтуды өзіме парыз санадым. Иә, рас, Бауыржан бауырым туралы, оның ғалымдық болмысы, шығармашылық жолы, зерттеу еңбектері туралы лайықты баға әлдеқашан беріліп, мойындалып қойған. Бауыржан Жақыптың қаламгерлігінің ерекше сипаты – шығармашылық шабыт, терең теориялық білім, үздіксіз іздену, өнердің, әдебиеттің даму процесіне әлемдік биік талап тұрғысынан қарау болып табылады. Б.Жақып қаламынан туған сын-зерттеулер мен ақындық өнеріндегі туындылар – ерен еңбектің, қайсар талаптың, қажырлы таланттың жемісі. Қазақ әдебиетінің төрінде «Айдындағы аспан», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы» атты жыр кітаптарымен өзіндік орны қалыптасқан ақынның ғалымдық қырын танытатын да сүбелі зерттеу еңбектері мол. Мәселен, «Мұхтар Әуезов – публицист», «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары», «Публицистикалық шығармашылық негіздері» сияқты көптеген ең құнды зерттеулері қазақ ғылымының дамуына қосқан зор үлесі болып саналады. Өмірде барлық адамзатқа керек құндылықтарды жасайтын адам – адам болғанда Құдай ерекше жаратқан талантты адам. Ондай адамдар көп емес. Әрине, олар кеудесін өрге сүйреп, жүзден жүйрік болып көрініп қалуды мақсат еткендер емес, мыңнан тұлпар секілді дара жаратылғандар. Дара тұлғалардың көп жағдайда ойы биік тұрады. Олардың ұлттық рухы да бөлек. Бүгінде шоқтығы биік іргелі ел болған соң, жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде айтар асыл азаматтары аз болмайды. Сондай азаматтың бірі де, бірегейі де «Қазақ энциклопедиясының» бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып халықаралық Айтматов академиясының академигі болып бірауыздан сайланды. Ғалымға осы және басқа берілген атақ

пен көрсетілген құрметтің, оның атқарып келе жатқан қызметтерінің күн-түн демей талмай еңбек еткен маңдай терінің тамаша жемістері мен жетістіктері, ұлттық әдебиет пен әдебиеттану ғылымының туын биікке көтеріп, ғылымның асыл мұраттарын өзінің төл мұратына айналдырғаны – азаматтың ең биік шыңы емес пе?! Дей тұрғанымен, Б.Жақыптың ғалымдық бейнесін тарихта қалдыратын, әдебиеттану ғылымының тарихына алтын әріппен жазылатын белгілері бұлар емес, ондай айшықты белгі-беделдер алдымен ғылымның тамаша зерттеулері, зерделі ізденістері екені дау тудырмаса керек. Б.Жақып зерттеулерінде шешімін тапқан мәселелер қазақ әдебиетінің шеңберімен ғана шектелмейді. Оның жалпы түркологиялық мәні де аса зор. Себебі, олардың ішінде қазақтың ежелгі өлең-жырлары, қырғыздың «Манас» эпосы, түркі халықтары өлеңдерінің типологиясы туралы зерттеудің болғандығы ғана емес. Сөз жоқ, бұлар да аса маңызды. Сонымен бірге қазақ әдебиеті мен фольклорына арналған ізденістерінде жалпы түркі халықтарының әдебиетіне қатысты маңызды тұжырымдамалық идеялардың ұсынылатындығы. Әсіресе, өлең өрнегінің байырғы белгілері, ауызша поэзияның көне поэтикалық дерекнамалық сипатын топшылаулар – түркология ғылымы үшін елеулі жаңалық. Бұған түрколог ғалымдар да назар аударуда. Иә, жиырма бес жылдай әдебиеттану әлемінде елімізде болған елеулі оқиғалармен қарайлас ғұмыр кешіп келе жатқан ізденісі мол майталман ғалым туралы қысқаша мақалада бәрін қамту мүмкін емес. Тіпті көрнекті зерттеулерінің де атын атап, түсін түстеп шығудың мүмкіндігі болмады. Алайда даңғазға ұғымдармен дабырайтып мақтанғаннан гөрі тағылымы мен тәлімі мол, бәрімізге етене жақын әдебиетіміздің биік мұраттары алдында бетке ұстар ғалымымыз Бауыржан Жақып десек, ешбір артық айтқандық емес. Біз – жерлестері Баукеңді бүгінгі зиялы қауымының айшықты бірегей тұлғасы деп бағалаймыз. Қазіргі ұлттық интеллигенциясының бетке ұстар символы ретінде құрметтейміз, ертең қазақ интеллигенциясының эталонына айналарына сенеміз. Баукең бүгіннің өзінде қазақ интеллигенциясының, зиялы қауымының бағдар тұтар алтын қазығына айналууда. Тек шың асқарларға самғай беріңіз!

Б. Жақыптың ұстаздық, ақындық, ғалымдық қырларының арнасы тоғысар нүктесіндей асыл сыры – әдебиет әлемі. Шәкірт санасына талмай, қажымай үйреткен ілімі де, берген қымбат білімі – әдебиет. Бәукеңнің байлығы да, бары да, ардағы да, ары да, қаны мен жаны да – әдебиет. Қазақ әдебиетін қалтқысыз сүйеді. Жан-тәнімен беріледі. Атқарған еңбектерінде ой сезімталдығын, ақыл-парасат тереңдігін көреміз. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар хас зергерлік шеберлік танытты. Әдебиетке кіндігімен байланды, ыстығына күйді, суығына тоңып, толғанған ардағына айналды. Төл әдебиетіміздің тамырынан нәр алды, тек әдебиет үшін жаралды. Әдебиет еңбегінің алыбынан саналды. Бейнеткерлігі, табиғи талғампаздығы өз ортасынан айрықша биіктетті. Эстетикалық терең мәдениеттілікке көтерілді, әдебиет майданының алдын бермеген аламан атанды. Шауып бәйге алған сыршыл лирик ақын екенін ұшқырлығымен байқатты. Білуге баладай құштарланды, даналыққа даладай дарқан екенін сездіртті. Қазақы мінезі де жайсандығын, бөлекше жаратылысын әйгіледі. Б. Жақыптың тағы бір шығармашылық қырын танытар сыршылдығында атап өту орынды. Абайдай киелі өлкеде өскен, Жәнібектің буырқанған, көбік шашқан, телегей толқыған күйлерін тыңдап, халқы үшін қан жұтып, тағдырдың талай дауылына ұшырап, қиын-қиын соқпақтың дәмін татқан, қақыраған ақиық ақын Төлеужанның отты жырларын оқып, зор түйсікпен санасына сіңіріп, аса бір шәкірттік ілтипатпен көкірегіне түйіп өсті. Сырлы сөздің сымбатын танып өскен албырт жас ақындық өнерге де қалам тербеп, бұл жолдағы ізденісі де нәзік сыршылдығымен сипатталады. Оның «Айдындағы аспан» әрбір жастың жүрегіне жатталып қалды десек, артық айтқандық емес.

*Төбемде – Аспан. Мен келем,
Алшаң басып жерменен.
Мынау өмір шексіздік,
Таусылмайтын мәңгі өлең, –*

деген келісті жыр өрнегі тыңдарман жүрегіне жылы тиді. Ақын өз болмысының жыршысы.

Өзінің көргенін, түйгенін, түйсінгенін, ең бастысы мына әлемге көзқарасының эстетикалық мәнін жырлайды. Егер өз болмысынан алшақтаса, онда не жасанды, не жаттанды жыр туады жүректен. Не өзі сене алмайтын, не өзгені сендіре алмайтын ондай жыршы көп арамызда. Ақын, публицист, толғамды мақалалары мен ойламды жырлары арқылы көпшілікке кеңінен таныс Бауыржан Өміржанұлының шығармашылық белеңін шұқшия зерделесеңіз, жасандылықтың зәредей бояуын сезінбейсіз. Жадыраңқы, мөлдір, нәзік, жайма-шуақ, жылы лирикаларына қарап-ақ ақын болмысының, оның мінезінің айшықтарын білетіндейсіз. Себебі, шығармашылығында ала-құлалық жоқ, «сылдырап өңкей келісім», өз арнасымен ағып жатыр. Жаңа ғасыр ұлтымыздың алдына көптеген сұрақтарды көлденең қоюда. Әсіресе, қазақтың жанын ұғуға ұмтылыс басым. Тапқанымыздан жоғалтқанымыз, барымыздан жоғымыз көп заманда есімізді жиған ұлтпыз. Кеше кім болдық, мінез-бітіміміз қалай еді? Бүгін кіміз? Мінез-бітіміміз қалай өзгерді? Осы сұрақты қай сала мамандары болса да, өздеріне қоюда. Қазақтың жанына анықтама көп. Қойдан қоңырмыз. Бұл жуастықты білдіре ме? Әлде, көнбістікті ме? Мұндай ұғымды қазаққа теліген кім? Егер қойдан қоңыр деген ұғымды бұлай талдасақ, онда біздің ұлтқа тағар мініміз көп мына заманда. Меніңше, қойдан қоңыр ұғымы ұлттың нақтылы болмысына жауап берер анықтама емес. Жылқыдай тарпаңбыз. Мұны әдетте біздің ұлттың мінезді, ашуланса ойға шабатын, қайраттанса «айшылық жолды» қиынсынбайтын қайсарлығына балаймыз. Қазаққа жылқыдан жақын түлік жоқ. Ердің қанаты да, елдің серігі де сол – жылқы жануар әлімсақтан. Сондықтан жылқы мінездіміз деу көңілге қонымдырақ. Алайда қазақтың қайсарлығы болғанымен, тарпаңдығы жоқ. Ұлан даланы қазақ ақ найзасынан бұрын, салмақты, қиянатшылдыққа төзбейтін болмысымен қорғаған. Қазақтың бір мінезі – қоңырлығы. Қоңыр ұғымының аясы кең. Поэтикалық та, эпикололық та. Егер дәл қазақтың жанын жырлайтын ақындарды тізбектесек, біраз шайырымыздың есімдерін қысылмай жазарымыз хақ. Бауыржан Өміржанұлы сол тізімдіктің негізгі тінінде тұратыны даусыз. Ілияс Жансүгіровтың эпикалық қуаты, Мағжанның мөлдір әлемі, Мұқағалидың қарақаттың суындай тұшымды дүниесі, Есенғалидың сексеуілдің бүріндей өзгеше бояулы танымы, Бауыржанның көбелек қанатының діріліндей, таңғы шыққа малынған жапырақтың кіршіксіз лүпіліндей риясыз кәусары – қазақ жанының шұғыласы. Мұңын да, қайғысын да, шерін де, наласын да дәл қазақша, онда да өзінші жырлайтын ақындардың қатарында болу – екінші бірінің пешенесіне бұйырмайтын бақ. Өлеңдерін қиналмай оқысыз, бірақ мың бір нұрлы сағыныш қалады көкіректе. Жеңіл оқылады, желпініп, аласұрып, айғұлақтана алмайсыз, қоп-қоңыр мұңның нілі жұғады санаға. Мұндағы табиғат – бала кезіңіздегі табиғат. Мұндағы суреттер – кіршіксіз сәттеріңіздің, өмірдің тасқындарын сезбеген, түрлі бояуларын жүрекке дарыта қоймаған кездердің суреттері. Лепті, мұңды, сазды. Оқылық:

*Қандай әдемі –
Сенде ұйыған сезімнің балдай әлемі!
Зерлі, зерделі айнаңды айналып ұшты
Ақын жанының аң таңда торғай – өлеңі.
Нұрлы түндерде Ай таққан омырауын,
Күміс таңдарда Күн қаққан қоңырауын.
Шағалалардың даусымен шартарапқа сен
Шырқап келесің шырғалаң өмір әнін.*

(«Айдындағы аспан», 189-бет)

Осылай басталар төрт шуақтан тұратын жыры бар. Зерделей оқысақ, бұл жырда кейіпкер мен табиғаттың ымырасыз бір-біріне айналуы бар. «Таң» деген сөзді арқау ете отырып, келер таңға үміт артады. Бірден оқыған адам, бұл жырды жай бір суреттеу, көңіл-күй шеңберіндегі қатардағы жыр деуі мүмкін. Жоқ, қайталап оқысаңыз, өлеңнің айтпағы да, сездірмегі де басқа

нәрсе екенін білесіз. Алдыңғы үш шумақ бір ізді, алабұртқан жан дүниенің сәтін береді. Ал, соңғы бір шумаққа келгенде өлеңнің әу бастағы мағынасы күрт өзгеріп, тілшігі басқа арнаға бұрылады. «Таңым маған не берер?» деген үмітті сұрақпен қоса, «Нұрлы түндерде Айтаққаным, Күміс таңдарда Күн қаққан қоңырауын» деп тілек етеді. Өлеңнің көтерер жүгі осы екі жолда дамыл тапқан. Біз батқан күнге салауат айтып, атар таңнан үміт күтетін халықпыз. «Ескі Ай – есірке, жаңа Ай – жарылқа» деп мінәжат ету – Аллаға сыйынудың, тәубешілдіктің бастауы. Бұл отқа, күнге табынудың қалған сарқынды емес, арбадай дөңгелеген дүниенің әрбір сәтіне шүкірлік етудің ұлтымызға тиесілі пайымы. Батқан күннің берері мол болғай, атар таңның ырзығынан айырма дейтін таным өлеңнің өн бойында қанат қаққан. Сол ойды тұшымды тілмен өрнектеу үшін автор таң ұғымын екі рет қайталайды. Әр реткі таң алыстан жақындап, жақыннан өзіне айналуының өткелегін нұсқайды. Сондай-ақ бұл өлеңде ерекше бір тыныштық бар, бейне домбыраның шанағынан бояу төгілген әлдебір сағынышқа толы күй секілді. Негізі, бұл қасиет автордың қай-қайсы ертеңіне болса да ортақ.

*Ақша бұлт барады қалықтап,
Бұлақтар сәбидей шалықтап
Дүние құлтырып,
Көзіме нұр тұнып,
Шабытым шалқиды, шарықтап.
Айналам кең маңдай далам
Жайнаған әсемдік жаралған.
Табиғат сан алуан,
Өзіңнен нәр алған,
Тіршілік бір сенен таралған.*

(«Айдындағы аспан», 97 бет)

Бұл өлеңде де өзгеше бір тыныштық бар. Мұндағы тыныштық мұңлы жымыған шығыстық суретшілердің пейзаждары секілді, табиғаттың тылсым қасиеті. Шығыстық пейзаждардың бір қасиеті, онда бояудың қанықтығы негізгі мәселе емес, күңгірттеу болса да, нәзіктікке барын салады. Таудың, орманның суретін сала отырып, соның ішіндегі белгілі бір детальға зейін нүктесін шоғырландырады. Сол нүктені дәл тани алған адам, пейзаждың арғы тінін қолмен ұстағандай нықтап тани ақын Бауыржан Өміржанұлының өлеңдерінде, әсіресе табиғат лирикаларында жасырынып жататын сондай бір ерекшелік бар. «Ақша бұлт барады қалықтап, бұлақтар сәбидей шалықтап» деген егіз жолдағы «сәбидей шалықтап» сөзіне мән берген жан, өлеңді қалтқысыз сезім арқылы қабылдайды, көңілі бүршік атып, өзінше бір әсерге бөленеді. Суретші болу үшін бояулардың мың бір құбылысын жете сезіну жеткіліксіз, сондай-ақ сол бояулардың араласу қасиетін, өзгеріс құбылысын, бұлдыр сағымдардың қарақошқыл мезетін дәл бейнелейтіндей ерекшеліктерін жете ажырата білу ләзім. Байқап отырсақ, Бауыржанның жырларынан біз бояулардың ерекше бір толғаныстағы нәзік шілтердей қозғалысын көреміз. Сілтідей тынған тыныштықтағы осы бір дірдек ағыс – қозғалыс жан дүниеңе өз жарығын түсіреді. Бір өлеңнен кейін тағы бір өлеңін қайталай оқисыз. Тыныштық – қозғалыс жарасымы екінші өлеңде басқа бір кейіпте алдыңнан шығады. Шыңғыстау өңірі – ән-жырдың, өзгеше сарынды күйлердің, дауылда киелі алыптардың мекені. Айтулы тарихының алтын зерлі сәттері жұмбақтарын ішіне бүгіп жатыр. Құмдауытты, қатпар-қатпар таулы, табиғаты бөлекше осы өлкенің ақындық әлемге сыйлаған күш-қуаты да бөлек. Шыңғыстау өңірінде өмірге келген ақынның көп жырларынан сол өңірдің табиғаты мен мұңдалап тұрады. Әулиелер мекенін, таулы даланың тосын мінездерін суреттегенде алдыңда көсіліп, ұзыннан-ұзаққа созылған даланы еркін басып жатқан таулы үстірт елестейді. Өзі де: «Пай, пай, пай! Тауға көңілім құмар-ақсың, Мөлдіреп омырауынан бұлағы атсын» деп, арнайы тоқталуының бір мәнісі сонда

болса керек. Ақын жырларының тақырыптық мазмұны бай. Әрбір өлеңінде өзек етіп, тағдыр жайлы толғаныс топтайды. Мейлі табиғатты, даланы, болмаса басқа бір дүниені жырға қосса да, әрбірінен оймақтай ой түйесің, өткінші тағдырдың, уақыттың жүрдек ағысын сезесің... Ақын – өзінің табиғатымен ақын. Өзіне тән сөз сорабы, тек өзіне тән өлеңдегі мінезі болады. Жалған мінез, жалған байлам, жалған ой өлеңді өрге сүйремесі анық. Асып-таспайтын, бәрін Ар таразысы арқылы жөнге салатын, содан түйгенін өлеңге айналдыратын Бауыржан Өміржанұлы әйдік ақын Әбділда Тәжібаевпен сұхбаты кезінде «Әдебиет – ардың ісі» деген аталы сөздің мән-мағынасын кеңірек ашып беруін сұрапты. Сонда Әбекең: «Ар, намыс – қазақ қана емес, барлық тілдерде осы мағынада туып, осы мағынада ғасырлар бойына әрбір халықтың дәрежесін көрсетіп берген өлшеуіш сөз». «Мен – адаммын» дегенді арымыз дәлелдегендей, «Мен – қазақпын» дегенді де арымызбен дәлелдейміз. Ар – адамның айбыны, намыс оның асынған семсері сияқты. Екеуі бірдей табылған жерде жеке адамның да, тұтас бір ұлттың да бүтіндігі, ірілігі, тазалығы бар. «Малын жанының садағасы, жанын арымның садағасы». Арын аяқтасты еткен, құлқынға тұтқын адамда намыс та жоқ. Ондайлар есепте бар, істе жоқ, санда бар, ас ішіп, аяқ босатушылар ғана», – деген екен. Бұл түйін сөзді автордың зейін-зердесіне берік тоқығаны бүгінгі бедел биігі арқылы әмсеге белгілі. «Мен – ақынмын» дегенді арымен дәлелдеген, отты жырымен дәлелдеген ақыннан бақытты кім бар?!

*Биікте, өрле, аспанда
Жаңбыр боп шашу шаш тауға.
Өлеңім, қосыл тамшы боп,
Көзбен бір шыққан бастауға.
Жел болып бірге азынасам,
От болып бірге маздасам.
Шашасына шаң жұқпас
Шабыттым барда жазбасам,
Несіне тудым ақын боп?! –*

деген өз сертінде, Ардың сертінде тұрған ақын қай тұрғыдан алсақ та бақытты. Кімнің ақын, кімнің өлеңші екенін ажырату қиынға соққан алақұйын сәтте жүрегіңіздің дірілі бар екенін еске салатын жылы жырларды оқудың өзі бір ғанибет. Әу басында қазақтың жаны туралы сөз етіп едік. Оқырман қауым жоғарыдағы үш өлеңнен-ақ біздің неге осы мағынаға баса мән бергенімізді ұғынған шығар. Қазақтың жаны – жырында, қара өлеңнің қанатында. «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деген Абайлық тұжырымның арғы өзегінде де қаншалықты салмақ барын өзіңіз қаперге алып көріңіз. Бауыржан Өміржанұлының шығармашылық әлемнің біз бірер тамшысына ғана өз әлімізше үңіліп көрдік, бұдан ары қаузай берсек, небір жауһар айдынға жолығарымыз хақ. Қазақстанның көрнекті ақыны Бауыржан Жақыптың шығармаларын қолыма аламын да, ақынның өткір көзқарасы, пікір анықтығы мен әлеуметтік орта құбылыстарына немқұрайды қарай алмайтын шыншылдығы да, өзінің сөзі мен ісі де бір-біріне сай келетін ерекшелігі тағы да ақынмен дидарластыра, қауыштыра түскендей. Өмір сұлулығына қызыға да таңырқай көз тігеді, ой түйеді, шүйіркелесіп өзіне еркелей де біледі, барын бардай, жоғын жоқтай, болмағандай ақ көңілімен әдемі жеткізе алатын пәк сезімді нәрестедей аңсайтыны – адалдық, көксейтіні – шыншылдық пен әділдік бойына бітер, ойына жиналар күш-қуат рухын тудырады да, масаттана толпынады, іздейтіні тек қана шынайы адамшылық жылы сезім...

*Ашылды Күннің пердесі,
Басылды күйдің пернесі.
Оралды бірге өлкекпен,
Ақ шыңның ақ бұлт – сәлдесі.
Ақ бұлақ Күнге шағылып,*

*Ағады шолпы тағынып,
Сағымның келдім ішінен,
Ауылдың таңын сағынып.
Бұлбұлдың үнін аулады,
Даламның жұттым саумалын.
Басайыңшы бір мауқымды,
Құшағыңа ал, мені, тауларым.*

(«Айдындағы аспан», 79-80 бет)

Ақын – сөз маржанын өзінің шабытты ойлары мен жырларына бағыштай отырып, «Басылды күйдің пердесі», «Ақ шыңның ақ бұлт – сәлдесі», «Ағады шолпы тағынып», «Даламның жұттым саумалын» ой-өрісі аран ашып қамалай түседі. «Құшағыңа ал, мені тауларым» деп сізді иландыра шүйіркелеседі.

*Анашым! Білемін сағынып жүргеніңді,
Менің балалық шағымды есіңе алып,
Аяулы, менің, ардақтым.
Аялап өсірдің гүлдеріңді...
...Ана көрді еңбегі өтелгенін,
Ұлы ержетіп, келін де әкелгенін.
Соғыс өрті шарпыған жастық шағын,
Жетім өскен сол бала – әкем менің...
...Тамылжып мыңсан бояу жер-көгінен,
Көзді арбар әр алуан өрнегімен...
...Сапырып қымыз құяр күбі ыстаған
Торқабық тобылғының түтінімен.*

(«Айдындағы аспан», 50-137-148-149 бет)

Енді бірде Жер – Ана, Ана мен Әке ақын жанының өзегі, бар ғұмыры болып шуақ күндерге бастайды. Сағынған жыры кез келген жанға ұмытылып бара жатқан кіндік қаны тамған жерін, өскен ауылын еске түсіріп, тәубесіне келтіре, осы жолдар авторына да туған жеріме деген сағыныш сезімін кешегіден гөрі келбеттендіріп те жібергенін, қайтейін, мойындаймын.

*Тұғызған талай дауыл – жыр,
Сілкініп қалған қауым бір.
Төсінен өлең өргізіп,
Төлеужан туған ауыл – бұл.
Жаңбыр боп жырым жауғанда,
Жаңғырып қара жартастар.
Сілкінсін таныс таулар да,
Айрылып талай тау-қырдан,
Уланған улы жаңбырдан.
Теперіш көрген тағдырдан,
Ата-бабамның мекені –
Абыралы қайта жаңғырған...*

(«Айдындағы аспан», 102-103 бет)

Туған жер толғаулары ұяң жүрек тілі шынайылығымен, пәк көңілдің ақ жарқын қуанышындай қабылдап, жүрек қылын шерте алатын қуатты жыр. Ақын Бауыржан – дүниетаным жағынан табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтары мен әлеуметтік орта ахуалын жасынан танып-біліп өз көзқарасын қалыптастыра білген қуатты ой иесі. Нені айтса да беріле, шынайы ойын бүкпей білдіріп отыруының өзі де бүгінгі таңда кездесе қоймайтын ақиқат. «Ей, Уақыт – көбелек», «Есімде менің», «Қайыңдар үндемей тұр тұнып», «Ауылым, сені сағындым», «Ауыл – аңсарым» өлеңдері сол бір шындықтың сақшысындай ақынның жүректен шыққан алаулаған отты сезімдері...

*Ей, Уақыт – көбелек,
Күндіз болса, Күннің нұрын себелеп,
Түн баласы Ай сәулесін себелеп,
Қанатыңды қағып-қағып талмастан
Күндер болып ұштың бастан не керек?! –*

десе, уақыттың көбелек сияқты жылдамдықпен өтетіндігін, өмірде күндер болып қанаттанып отырады.

*Есімде менің,
Көрсетті Аспан, Жер кеңдік,
Көктемнің кеші төңірек толы көркемдік.
Жүздік біз сол түн өмір – өзенде
Махаббатымызды желкен қып,
Сезімімізден серт өрдік.
Өртендім мен де, өртендің сен де, өртендік.*

Өзін ұнатқан, өзіне ұнаған қыз-келіншектерге ынтық зарын білдіріп, махаббат пен сүйіспеншіліктің сырларына әлеуметтік мән бере қарайды, сүю сезімі бойын билеген жанның басынан өткендері қазіргі жастарға таптырмайтын үлгі тағылым.

*Қайыңдар үндемей тұр тынып,
Аспаннан қарайды – жыр тұнық.
Жүрекке сыр тұнып,
Төңірек келеді құлпырып.*

Қандай табиғаттың әсем көрінісін, қалай теңеумен суреттей алған?!

*Ауылым, сені сағындым.
Құмай дөң, құмбыл беліңді.
Қарақатыңды сағындым,
Сағындым бүлдіргеніңді.
Ауыл, ауыл, ауыл, ауыл – аңсарым,
Қала, қала, шуылыңнан шаршадым.
Тауым, тауым, қыраттарым, сағынттың,
Дала, дала – сәруар самал, сол сағым.*

Сұлулық атаулыға жан-тәнімен құмар, ынтық. Оның сағыныш сезімге толы жырлары үнділігі, әсерлілігі ментальдігімен қауыштырады. Өз ғұмырында ауылына деген ынтық көңілі бір өзгермей, ауылын қорғай білетін жан Бауыржандай-ақ болар! Ақын нені жазса да, қалай айту түрін оқырманымен шүйіркелесу жолымен шешуге ұмтылады, ұмтылысы көкейге және

қонады да! Аққу – арманы сағыныш боп, самғауына қуат, күш-қанат беретін құдірет те сол сағынышпен бірге махаббат, аңсау ғаламаты болуы – оны қанаттандырып, биіктен-биікке көтеріп отырғаны шынайы шындық дегіміз келеді. Ақын өз оқырмандарын тапты. Тағылымдық дүниелері кті мол. Бауыржан Жақып шығармалары қазақ поэзиясы тарихы төрінен тиісті орын алатын еңбек. Тұрсын Жұртбай «Отырар» кітапханасының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор: – Поэзия – аңсарлы үміттің шуағы. Оны оқитындар, оқығанын тоқитындар бар. Жай оқығанмен, жолынан сипатпас сезім тарпаңы арғы өзегіне бойлатпайды. Тұңғыығына сүңгіген сайын, шымырлап, одан арман құпиялана түсетін, құбыла түсетін ерекше қасиетті бойына сіңірген киелі өнер. Сөздің қадірін ардың ілімімен ұштастырған ақындар жетерлік. Бауыржан Жақып поэзиясын оқыған сайын, шыншылдықты, қарапайымдылықты ғана емес, айтар ойы мен жазар тақырыбын қапысыз байланыстырған жарасымдылықты көреміз. Қай өлеңін оқысаңыз да, орағытпай, нақтылыққа, қысқалыққа, тұшымдылыққа жүгінеді. Бұл – бүгінгі жастар үшін де үлгі. Арап Еспенбетов, Шәкәрім атындағы Семей педагогикалық университетінің гуманитарлық факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор: – Әдеби буын – рухани құбылыс. Әр буынның өз мақсаты, өз миссиясы болады. Өзінің парызын орындай алған, ұлт руханиятына берешегін артығымен берген ақындар легіне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Қазіргі қазақ поэзиясы өссе, өркендесе, онда ақындардың төккен тері, тынымсыз еңбегі ақталғаны деп білемін. Бауыржан Жақыптың лирикалары ой мен жанның тебіренісін қатар тербетеді. Тақырыптарының әр алуандығы, ой тамшыларының мөлдірлігі көбелектің қанатындай нәзік сезім бояуы оқығанын таңдандырмай тұрмасы анық. Жандос Әубәкір, Абай – қорық мұражайының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент: – Күй мен поэзия – егіз. Жұмакөненше айтсақ, «Ауырлығы табыттай, жеңілдігі көбіктей» қара өлеңнің қасиетін білгіңіз келсе, қазақ күйлерін тыңдаңыз. Егер Сіз мұны толық құптама-саңыз, қазақ ақындарын оқығанда, әлдебір күйлердің әуезін еске түсіріңіз. Мүмкін «Абайды», мүмкін «Саржайлауды». Сонда оқыған шайырыңыздың тұңғыығына бойлай түсеріңіз анық. Белгілі ақын Б.Жақыптың шығармашылығына үңілген жан, Арқаның шертпе күйлерін тыңдап отырғандай күй кешері анық. Меніңше, қазақтың әр ақынының атына Интернет-портал ашып, шығармашылығына терең бойласа, сол арқылы рухани мұрасын жинаса, құба-құп болар еді. Бұл зерттеуші үшін де, оқырман үшін де қайырымды іс болары сөзсіз. «Ұлы Абай» Ғылымсыз дүние жоқ» деп көрегендік танытып айтқан. Ғалым болу үшін ұшан-теңіз білім және дарын қажет. Онсыз алға баса алмайсыз. Ал, шын дарын туса, ізденімпаздық жолмен келеді. Соған білімді сүйіп, талмай іздену арқылы қол жеткізуге болады. Мен Бауыржан Жақып туралы сыр төккім келгені – оның мектептен алған өзінің ізденімпаздығынан туған талантының биіктігі, шоқтығы. Тума біткен талант жоқ, бәрі есейе келіп, сүйекке сіңіп тамырласып барып бітеді. Иә, Бауыржан мектепте оқып жүріп-ақ білімін шындап талабын қайрады. Тілме тілмен орақ жонды. Алдына жан салмай дара жүрді. Жас дарын атанды. Өзгенің тілін тапты, ұстазға бауыр басты. Тілін тасқа қайрап, жарқыратты. Одан кейін шабыттана жыр жазды. Жыры сезімге бөлеп, бой балқытты, сөз құдіреті асқындады. Шабыт қосты. Аянбады. Тура шабысты. Тайынбады. Ақыры, жеңді. Балғын жүректегі жыр көкті шарлады. Алқынбады. Толқын болып тасқындады. Бой бермеді. Асау тасқындай буырқанды. Алай-түлей көңіл бұлқынды. Тұсау салғызбады. Ақыры жеңді. Жемісті жыл дүниеге келді. Сәмбі тал жапырағын жайды. Алғызбады. Жүрек сөйледі. Тыңдап көріңіз:

*Қайыңдар, аппақ қайыңдар,
Олар да сырын ақтарсын.
Теректер оқып ойымды әр,
Айтуға жатқа оқталсын.*

Түйдек те түйдек көшкін. Түйінделген жыр көшкіні. Ағы-тегіл. Ақ жауын. Ақ жауын боп жауылады. Неткен тамаша көрініс.

*Ақ қайың өзіңмен сырласқандай,
Сен жүрген қырлары гүл басқандай.
Жұлдыздан сырға, Айдан алқа таққан,
Ажарың ғажайып түнгі аспандай.*

Ал, жанып кет! «Ақ қайың сырласады», «Қырларды гүл басады», «Жұлдыздан сырға, Айдан алқа тағады», «Ажарың ғажайып түнгі аспанды» – қандай өзекті тілетін теңеулер десеңші. Түс отқа лапылдап. Жана түс жалындап. Махаббат есігі ашылғандай. Құс болсаң, ақ қайың аққудай бол. Сол үшін киелісің. Құрметтісің. Жыр құдіреті деген осы. Жауған шығар қыс гүлі ауылға да:

*Үні өшіп аждаһаның іргеңдегі,
Жаңғырды жылдар салып атың бүгін –*

деп, жанайқайы жер-дүниені сілкіндіреді. Жаңғыртады. Неткен ақын үні! Ғажап:

*Төсіңе мөп-мөлдір боп төгіледі,
Жырлары Төлеужанның нөсерлетіп, –*

дегені дауылпаз ақынға берген бағасы. Өз құрметі. Тілеуі. Неткен сұлулық десеңші!

*Қасиет сізге қадір білінбеген,
Жат жұрттықтар тәніңді тілімдеген.
Айғыз-айғыз аяулы жүрегіңді,
Өмір бойы емдеймін жырынменен.*

Не деген күш, не деген қасиет біткен бойына! Тіс батпайды. Елі үшін жан қиюға бар. Тартынбайды. Елін сағынады. Араша түседі.

*Асқар шығып Аққора биігіне,
Көксеңгірім төс ашып биігіне, –*

деп, сағынышын жеткізе жыр төгеді. Жарасқан мөлдір бұлақтай. Қызғалдақтар – балаларының тамған қаны болып елестейді.

*«Ақ қағаздың үстінде
Аппақ боран ұйтқытып».
«Адамның көңіл-әйнегін,
Ақ қырау болып айшықта».
«Күнді елден бұрын көрген шың,
Ақ мамық бұлтты өңгерсін»
«Алма ағашы гүл ашсын,
Ақ сезіміме ұлассын...».*

(«Қайрау» өлеңі, 5-6 бет)

Сыршыл өлеңді оқыған сайын бойың шымырлап, тас бұлақтың тастай суын мейлінше ішіп марқаясың. «Ақ қағаз», «Аппақ боран», «Ақ қырау», «Ақ мамық», «Ақ сезім» деген синонимдік сөздер өлеңнің сұлулығын арттырып, сұлу жырдың моншақтай сырларын теңіздің

тамшысындай тамсана таңырқайсың. Міне, жыр! Міне, жыр нөсері! Пай, пай?!

«Қалықтайды ақша бұлт көкті қармап»,
«Лағыл сәуле бұлақта жылтылдайды»,
«Кең дүниенің көзінше бұлт ұрлайды»
«Тау да тасын қояды домалатып»
«Ақ шуаққа қыраттар жылынады»

(«Тірі бәрі» өлеңі, 7-бет)

«Таудың суы ағады сайға құлап»,
«Айнабұлақ
Ақ көбігің – әжемнің қаймағы ма ақ?»,
«Айнабұлақ
Қос жағаңда қоңыраулы ой жамырап»
«Бұрымыңдай мөл-мөлдір өлеңді өрдім»
«Буыршын мінезімді сенен көрдім...»

(«Айнабұлақ» өлеңі, 35-36 бет)

«Аққу болып сұңқылдады, қаңқылдады қаз болып»,
«Бозторғай боп көк төсіне тақты әнді»,
«Қаршыға боп қара жерден күйілді»
«Кең даланы емді бүлк-бүлк бұлақ боп
Су қасында мәжнүн тал боп иілді».

(«Менің даусым» өлеңі, 41-42 бет)

«Мөлдір моншақ таң шығын»,
«Шаштың тәтті иіс уыстап».

(«Тобылғы» өлеңі, 67-бет)

«Сары күз – сары уайым»,
«Жапырақ – жасы төгіп,
Жылап тұр кәрі қайың»,
«Ақ қыс ызғар шашып»,
«Лапылдап жанарымда сары жалын».

(«Сары күз – сағынышым», 82-83 бет)

«Күн сәулесін қою бұлт көлегейлеп,
Қорғасындай төбемнен төнеді ой кеп»,
«Таулар киген боз көйлек, көне көйлек».

(«Күн сәулесін қою бұлт көлегейлеп» өлеңі, 110-бет)

*«Төбе құйқаң шымырлар»
«Қара түңілік желпілден»
«Қара жердің қарыстай».*

(«Қобыз сарыны» өлеңі, 143-бет)

*«Тәнімнің бәрі жаралы»,
«Тауым тұр улы бұлт құсап»,
«Көз жасын төгіп көшті бұлт»
«Қатыгез заман қан ішіп».*

(«Боз даланың қасіреті» 162,163,164 бет)

*«Қазбауыр бұлттар – аспанның ақ сағымдары,
Қазбауыр бұлттар – аспанның ақ шағылдары»,
«Патша көңіл, ақша бұлт, пәк шағымдағы».*

(«Қазбауыр бұлттар» өлеңі, 171-бет)

*«Желсіз түнде жетті үнің жүрегіме»
«Қандай әдемі –
Сенде ұйыған сезімнің балдай әлемі!»
«Нұрлы түндерде Ай таққан омырауың,
Күміс таңдарда Күн қаққан қоңырауың».*

(«Айдындағы аспан» өлеңі, 189-бет)

Міне, ғажап тізе берсең, метафора, синоним, омоним, антоним, эпитет, метонимих сөздер өлеңнің ажарын ашып, жырлары асқақтап кетеді. Көңілге жылы леп келеді. Желпінген ойдың сарқылмас бұлағы сел болып ағады. Тоқтатып көр! Жыр аспандап барып, сырдың да сыршыл, мөлдір жарқылы – найзағай оғындай атылады. Міне, тума талант! Міне, өршіл дарын! Міне, мәңгіліктің жыры! Өлмей тұғын?! Бауыржан поэзиясына мөлдірлікке құштарлық, асқақ ынтызарлық, әсем суреткерлік, жоғары пафостық, образдылық пен ұлттық бояудың қанықтығы тән. Менің сыр ашқаным «Айдындағы аспан» кітабының жырынан жүрек лебім, көңілге түйгенім. Осы жинағы жастардың «Дарын» сыйлығына ие болды, жоғары баға алды. Дарыны дараланды. Бұдан артық қандай сый болушы еді-ау, осы?!

Поэзияның тарланы болған «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС-нің бас директоры және бас редакторы қызметіне жерлесіміз, Абай ауданының тумасы, филология ғылымдарының докторы, белгілі ақын Бауыржан Өміржанұлы Жақып тағайындалды. Бұрында ғалым ретінде танылған әрі редакторлық жұмыс және әдебиетінің арғы-бергі тарихынан хабардар азаматтың жаңа қызметте жаңа табыстарға жететініне сеніммен қараймыз. ҚазМУ-дың журналистика факультетінің түлегі қазақ теледидарында, «Жалын» баспасында редакторлық шыңдалу мектебінен өткен, соңғы жиырма жылдан астам әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, деканның орынбасары, декандық қызметтерді абыроймен атқарған Бауыржан Өміржанұлының қазақ және орыс тілдерінде он шақты ғылыми монографиялары жарық көрді.

1994 жылы кандидаттық, 2004 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Бауыржан Жақып – қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі Мұқағали Мұқатаев атындағы сыйлықтың, Македонияның Скопье, Түркияның Елазығ, Стамбул, Әзірбайжанның Баку шаһарларында өткен бүкіл түркі дүниесі ақындары фестивальдарының лауреаты. 1999 жылы мемлекеттік «Да-

рын» жастар сыйлығының иегері. Оның «Жұлдызды шақ», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы», «Қызыл қайың» т.б. жыр кітаптары жарық көріп, әдебиет сүйер қауымның оң бағасын алды. Қазақстан Журналистер академиясының академигі атанды. Ресейдің Мәскеу мемлекеттік университетінде, АҚШ-тың Оклохома университетінде білім жетілдіру тәжірибесінен өткен Бауыржан Жақыптың асар асу биігі алда. Алматыда Ұлттық ғылым академиясының жалпы жиналысының сессиясы өтіп, академия құрамына жаңадан корреспондент-мүшелер қабылданған болатын. 17 жылдан кейін өткізіліп отырған жиын кезінде жерлесіміз, ақын Бауыржан Жақып «ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі» деген ғылыми атаққа ие болды. Сондай-ақ ұзақ жылдардан бері Қазақ ұлттық университетінде, Абылайхан атындағы Әлем тілдері университетінде, Алматыдағы IT ақпараттық-технология университетінде дәріс беріп, ұстаздық қызметін де ойдағыдай атқарып келе жатқан Бауыржан Өміржанұлының ғылыми жетекшілігімен 21 шәкірті ғылым кандидаты атанды. Сондай-ақ 3 ғылым докторы, 1 PhD докторанты өз еңбектерін сәтті қорғады. Тағы да Абай бабама жүгінейінші: «Дүниенің ғылымын білмей қолмақтық – бір үлкен зарарлы надандық», «Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек», «Бір ғылымнан басқаның кеселі көп асқанға» дейді. Бауыржан да Абай, Мұхтар, Шәкәрім туған жерде туып, рухтанды, гүлденді. Ұлылар елінің туын асқақтатып, ұлылар елінің рухын биіктетіп өсе берсін! Білімі, өнері дүниенің кілтіне айналсын! Ғылым, білімі аспандай көріктене түссін! Жасымасын! Жүрегі Абай елі деп соқсын дегім келеді.

*Өлең сөздің өсіріп қасиетін,
Ел-жұртына қашанда бас иетін.
Ғалым әрі ұстаз деп бағалаймыз,
Айтатын әр уақытта әділ шешім.*

*Биікте жарық жұлдыз жарқыраған,
Әркезде биік болар берер бағам.
Әркімнің жүрегіне нұр құятын,
Сара жол болсын деймін енді саған.
Бір өзіңді таңдапты кең зарышын,
Хантәңірі! Поэзия ардақтысын.
Сен келгенде өнердің бағасы артып,
Көп өлеңнің су татып қалғаны шын.*

*«Семей таңы» газеті,
14 қаңтар 2010 жыл*

Жанғара Дәдебаев,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу
институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Оның жүрек айнасы тап-таза...

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі қазақ әдебиетінің барлық жанрында басты тақырыпқа айналды, әсіресе поэзия мен публицистикада терең тебіреніспен пайымдалды. Қазақстан тәуелсіз мемлекет, тәуелсіз ел болып жарияланған жылды, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңін ақындар мен көсем сөз шеберлері қатарында гүлдей жайнап, күндей балқып толғағандары да, ой бағып, ойланғандары да болды.

Қазақтың қазіргі таңдағы көрнекті ақыны, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының, М. Мақатаев атындағы, Ж. Нәжімеденов атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты Бауыржан Жақып «Менің далам» (Алматы: Атамұра, 2014) кітабындағы «1991» атты өлеңінде елінің тәуелсіз мемлекет құрған жылын тебіреніп жырлады:

*Мың тоғыз жүз тоқсан бір –
Бабама болған арман жыл,
Басыма бақыт қонған жыл,
Қазақтың көкте жұлдызы
Жарқырап тұрып жанған жыл.*

Тәуелділіктің, бодандықтың, бөгдеге кіріптарлықтың ел мен жердің қабырғасын қайыстырған, оққа байлаған, отқа салған, аштық пен жоқтыққа қамаған қияметінен аман шығып, тәуелсіздік таңының шапағынан шапағат көрген ақындық танымның шаттығы көлдей шалқиды. Ол ақынның «Айдындағы аспан» (Алматы: Атамұра, 1996), «Уақыт ұршығы. Өлеңдер, балладалар, поэмалар» (Алматы: Жазушы, 2004) кітаптарында да, олардан беріде жарық көрген «Абайдың Қасқабұлағы» (Алматы: Жазушы, 2012), «Шығармалар. Еліккөрген: өлеңдер, балладалар, поэмалар» (Астана: Фолиант, 2013), «Менің далам. Өлеңдер, балладалар, поэмалар» (Алматы: Атамұра, 2014) жинақтарында да жарық шашып тұрады.

Ақынның «Жаңа заман әдебиеті. Поэзия» сериясы бойынша жарық көрген «Абайдың Қасқабұлағы» (Алматы: Жазушы, 2012) өлеңдер кітабына тәуелсіздік жылдары жазған шығармаларының таңдамалылары енген. Ақын өлеңдерінің тууына негіз болған, ақынның көңілін тербетіп, көңілін толқытқан шындық құбылыстар алуан түрлі. Өмірдің алуан түрлі шындық құбылыстарын қабылдаудан туған өлеңдердің өзегі тәуелсіздік туралы ойдың нұрымен шайланады.

Өткен замандардың қилы кезеңдерінде қазақтың даласының да, баласының да басынан өткен қияметтер аз болмаған. Ақынның поэтикалық ойлауының тарихи кеңістігінде тәуелсіздік нұры сол қилы кезеңдердің қияметтерін де шарпып өтеді.

Қасқабұлақ – қазақтың ұлы ақыны Абайдың және Бауыржан Жақыптың жарық дүниеге келген жері. Автордың өлең кітабын «Абайдың Қасқабұлағы» деп атауында үлкен мән бар. Абай өмірден көргендері мен сезгендерінен, білгендерінен алған әсері негізінде түйген ойларының жүйесінде: «Мен ішпеген у бар ма?», «Ішім – өлген, сыртым – сау», – дейді. Елінің, өзінің басындағы күйді, адам мен заман жайын ұлы ақын осындай сарында аңғартады. Бауыржан Жақып «Абайдың Қасқабұлағы» кітабында, «Абайдың Қасқабұлағы» өлеңінде ұлы Абайдың басындағы, Абайдың «қалың елі қазағының» басындағы қилы замандардың сызынан қалған

сіздік үшін күресте қиылған жанның қаны мен тері қалған. «Қараой» тарихының салмағы да зіл-батпан. Тәуелсіздік таңының ақ қанат ажарында осындай да күйдің лебі бар. Екі күй ақынның поэтикалық әлемінің биігінде үркер мен айдай тоғысады. Үркер мен айдай тоғысқан күйлердің сазынан драмалық ахуал сезіледі. Онда өткеннен қалған сыз бен бүгінгі күннен төгілген нұр біртұтас құбылысқа айналған. Нұр мен сыздың тоғысуында шаттық күйі шалқиды. Тәуелсіздіктің шаттық күйінің сазын өзегін өрт шалған өткеннің шырылымен үндес өру – ақынның шығармашылық тұлғасына тән даралықтың белгісі. Ақынның шығармашылық тұлғасына тән даралық оның көркемдік ойлауына, ақындық танымына, шығармашылық өміріне, азаматтық мұратына тән ерекшеліктер негізінде танылады.

«Тұмар» атты бір өлеңінде ақын: «Мен – рухпын!» дейді.

*Мен – рухпын!
Жаралғанмын жанған Күннен, Жалыннан,
Гун де болып сапар шектім сағымнан.
Көк түріктің мәңгі тірі рухымын,
Көктегі айға Көк бөрі боп табынған.*

*Тәңірқұты Мөде болып құт тасып,
Баламер боп кездім жерді нық басып.
Еділ болып уысымда ұстадым
Шығыс пенен Батысыңның тұтқасын.*

*Бұмын, Білге, Естемі боп өрледім,
Тоныкөк пен Күлтегін боп ерледім.
Өсиетімді тасқа қашап қалдырып,
Сөзбен жудым ұрпағымның жөргегін.*

Ақынның айтқан сырында бір де бір артық леп жоқ. Рас. Шын. Ақын: «Мен – рухпын!» дей отырып, ата-бабалар рухының ұлылығын ардақтайды. Ақынның «Тұмар» өлеңі – ілкі замандарда жасап, елінің еркіндігін, ерен азаматтарының ерлігі мен көрегендігін, адалдығы мен адамдығын ардақтаған, мемлекет тәуелсіздігін қаны мен терін төгіп қорғаған, кейінгі ұрпаққа аманат еткен тарихи тұлғалардың рухына шексіз құрмет көрсетудің поэтикалық үлгісі. Ақын өлеңін өршіл пафоспен аяқтайды:

*Рухпын – мен!
Рухымын мен сақтардың,
Жүрегімді алау етіп жаққанмын.
Қыпшақ болып қылыш алып қолыма,
Қарсы келген жаудың басын шапқанмын.
Дүбірімен дүниені ояттым,
Дүсірлеген тұяғымен аттардың.
Кеңдік, Өрлік, Ерлік – осы үшеуін
Үшбұрышты тұмар етіп таққанмын.*

Не деген қасиетті халық едік. Ақын өлеңі өзінің оқырмандарын осындай ойға қалдырады. Өлеңнің «Тұмар» деп аталуының мәнісі де осы тұста анықталады. Кеңдік, Өрлік, Ерлік. Осы үшбұрыш – көк түрктің, ілгеріде өткен ата-бабаларымыздың рухының тұмары. Ақын рухының, ата-бабалар рухының, халық рухының мәні осы тұмарда. Ақынның өзінің таққаны да, халқынан тапқаны да, еліне ұсынғаны да осы тұмар. Ақынның өлеңінің поэтикалық құндылығы – ондағы рухтың Кеңдігінде, Өрлігі мен Ерлігінде.

Бауыржан Жақыптың Тәуелсіздік жылдарындағы шығармашылығының мәні туған жер мен туған елге, ата жұртқа деген құрмет пен сүйіспеншілікте, мақтанышта.

*Байтақ елім – сен менің мақтанышым,
Әр сөзімнен басыңа бақ дарысын.
Қарыздармын мен саған қасиеттім,
Арайланып әр таңың атқаны үшін.*

*Мен – бір сенің жайқалған жапырағың,
Шабытымды жел шайқап шақырамын.
Бар байлығым – бір жұтым ауаң менен
Бір түп жусан, бір уыс топырағың, –*

деп бастайды ақын «Байтағым» деген өлеңін.

Байтақ елінің әр таңының арайланып атқаны – автордың ақындық танымында баға жетпес асыл қасиет. Байтақ елінің әр таңының арайланып атқанынан баға жетпес қасиет тауып, соны ардақ тұтып, соған қанағат ету – құтты білік. Мұндай білік – болмысы асыл, жүрек айнасы тап-таза ақын үшін ғана құт. Бауыржан Жақып – Тәуелсіз Қазақстанның болмысы асыл, жүрек айнасы тап-таза ақыны.

Байтақ елінің бір жұтым ауасы мен бір түп жусанын, содан соң бір уыс топырағын бар байлығына балап, дүние жалғанға бой алдырмай, ақындық өмірдің ашық аспанында жұлдыз жандыруға талпынған, елінің өсер өркеніне айтарын аспай-таспай айтуға, айтып үлгеруге ұмтылған ақын адамзаттың досы, бауыры болуға лайықты. Бауыржан Жақып – адамзаттың досы, бауыры болуға лайықты азамат-ақын.

Намазалы Омашұлы,
филология ғылымдарының докторы,
профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Жұрфакта Жақыповтың өз орны бар

Бауыржан Жақыптың есімі қазір қаламгер қауымға ғана емес, жалпы жұртшылыққа кеңінен таныс. Өйткені ол – осы жасында талай саланың тізгінін ұстаған, жан-жақтылығымен танылған әмбебап тұлға. Әрине, ондай дарынды Алла сүйікті құлына ғана беретіні белгілі. Болмаса, бір кәсіпті де дұрыс игере алмай, күн жаумай су болып жүргендер қаншама?! Ендеше, біз бүгін Баукеңнің уақыт өткен сайын ашылып жатқан жаңа қырларына, байи түскен мінез-құлқына тоқталып көрейік:

Тумысынан ақын

Ол – жасынан лиро-эпостық жырларды жатқа оқып өскен ауыл баласы. Ауыл болғанда кәдімгі қарасөзден қаймақ түсіретін Абай жерінен. «Ауыл ақсақалдары хат танитын балаларға көне кітаптарды оқытатын. Түннің бір уағына дейін білте шамның жарығымен жарыса оқимыз. Сол кезде көбінесе дауысы ашық деп маған тапсыратын. Әдебиеттің дәнін бойыма сепкен – сол ауыз әдебиеті» дейді бір естелігінде.

Бауыржанның ата-бабаларының қонысы – Қарағанды мен Семейдің ортасындағы Берікқара тауының бөктері екендігіне бір барғанда көз жеткізгеміз. Ол жақта қыс тым ұзақ, қар қалың жауады екен. Ат құлағы көрінбейтін ақтүтек боран апталап соғады. Көктем келіп, кәрі қысты ысырған кезде, қардың көбесі сөгіліп, жылғалардан су ағып, жер жіби бастайды. Сондай шақтың бірінде бала Бауыржан алғашқы өлең жолын қалай құрағанын бүгіндері былай еске алады: «Далада мұз ойып жүргем. Үшінші сыныпта оқитын кезім. «Апа, келіп қалды, келіп қалды» деп, үйге қарай жүгіріппін. «Не, кім келді?» десе, «Шабыт келіп қалды» дейді екенмін деп, өз қылығына өзі күлетіні бар.

Қар еріп, жер бусана бастағанда бүршік атқан бәйшешек – дарын, үлбіреген ұйқастар, қазір қабырғалы қамалдай берік, уақыт пен кеңістікке еркін самғайтын кең тынысты, кемел ойлы, интеллектуалды поэзияға айналды.

*Қазақстаным, Тәуелсіз Қазастаным!
Ақ қанат таңның көрдім мен гажжап ұшқанын.
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір айдындарыңды,
Алатау, Алтай, Қаратау – айбындарыңды.
Ұлытауды көрдім мен, Шыңғыс тауды да,
Абайдың жыры оқылған мың қыстауыңды...*

*Махамбет сөзі лаулаған Қараойды көрдім,
Мағжан боп өзі қаулаған дара ойды көрдім.
Мұстафа, Халел, Жақып пен Әлімхандарың,
Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек, Әлихандарың...
Бауырыңа қайта оралды өз арыстарың,
Қазақстаным, Тәуелсіз Қазастаным!!!*

Міне, бүгінгі қазақтың қабырғалы ақыны – Бауыржан Жақып осылай самғайды. Онда жоғары поэзиялық пафос та, кең тынысты білім көкжиегі де жетеді.

Дәрісті тамылжытып оқиды

Бауыржанның дәріс оқу тәжірибесі тынбай ізденудің арқасында біртіндеп қалыптасқандығын білеміз. Оған ақындық дарыны, естіген жанды елең еткізетіндей жағымды үні көп көмегін тигізді. Бірақ қаншама қаздауысты болса да аудиторияны құр сезім күшімен ұзақ уақыт ұстау қиын екені белгілі. Сондықтан ұшқыр сезімге қорек беру арқылы тындаушы ықыласын жаулағасын, парасатқа да лайықты орын керек. Бауыржанда бұл да бар. Жасынан құймақұлақ болып өсе келе ол, әсіресе, студент шағынан бастап білікті ағаларының тағлымын бойына сіңірді. Олардың ұстаздық тәлімін игерді. М.Әуезовтің публицистік шеберлігін, қазақ сөзінің публицистикалық қуатын сезінді. Осындай еңбек пен талант арқасында аудитория күткен дәрісті төгілтіп оқитын дәрежеге жетті. Ол қазір қандай ортада болмасын салиқалы сөз сөйлеуге, көсілтіп баяндама жасауға әбден төселіп алды.

Ата қанымен, ана сүтімен келген қасиетті біліммен байыту, танымдық тамырына парасат нәрін құю, қисығын түзету, түзуін өркендету – ұстаздың еншісіндегі мысқалдап жасалар ізгілікті іс.

Абай іргесін қалаған жазба ақындық мектеп пен Мұхтар шаңырағын көтерген суреткерлік әрі ғалымдық жолдың өнегесінен және сол өнеге дәстүрін қалыптастырғандар рухы сіңген ортада өсіп-өнген оның ойының озық, танымының кең болмауына еш реті жоқ.

Ғалымдығы

Баукең – әдебиеттану мен журналистика ғылымын тең емген ғалым. Оның докторлық диссертациясы көркем және публицистикалық шығармашылықтың тоқайласқан тұсынан қорғалды. Ол әдебиет пен журналистика ғылымын қос қанатындай сезінеді. Кандидаттық жұмысына Тауман Салықбайұлы Амандосов жетекшілік етсе, докторлығына академик Зейнолла Қабдолов ағамыздың жетекшілік жасауы сондықтан.

Публицистиканың көне түркілік бастаулары мен батырлар жырындағы, жыраулық поэзиядағы бүкіл түркі әлеміне ортақ жазындыларды ғылыми айналымға енгізді. Ауызекі публицистиканың генезисі анықталып, тарихи тамырын тануға жол ашты. Одан кейін шешендік өнердегі публицистикалық сарындар баспасөздегі публицистикамен тұтас алып қарастырылады. Яғни, қазақ публицистикасының туу, шығу, тарау генесеологиясы тарихы, әдеби және журналистік зерттеу аспектілеріне сүйеніп ашылады. Қазақ халқының сөз өнері ұлттың рухани байлығы екенін дәлелдейді. Тарихта «Не болды? Қалай болды? Кімдер өмір сүрді? Олар қандай әрекет, мінез көрсетті?», міне, осы сауалдардың бәріне жауап таба аламыз. «Өткенді бүгінге, бүгінді болашаққа жалғап тұрған ақиқат көпірін көргіңіз келсе – ол публицистика өнері» деп түйіндейді ғалым.

Қазақ публицистикасының «осыған дейін бұтағы бар да, тамыры жоқ күйінде тар шеңберде қарастырылуы кеңестік мәжбүрлік еді. Тәуелсіздіктен соң, оған ұлттық таным тұрғысынан баға берудің мүмкіндігі туды, көнетүркілік тамырын, фольклорлық дәстүрін, шешендік негізін ашудың сәті түсті» деп дөп басады. Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ публицистикасының қалыптасуындағы қайшылықты кезеңнің әділ бағасын берудің қажеттілігін ашып көрсетеді. Сол сияқты кеңестік кезеңнің өзіндегі қазақ публицистикасына бүгінгі тәуелсіздік тұсындағы ұстанымдар тұрғысынан қараудың да кезі келді деген пікірімен келіспеу қиын.

Публицистігі

«Ақынға қара сөзден өлең оңай» демекші, Баукең өмірлік деректі, тарихи шындықты көркемдік шешімге, поэзияға айналдыруға шебер. Ол білгені мен көргенін төгілтіп жырлайды. Онысы құйылып түседі. Оны публицист- ақынның өзіндік ерекшелігі деп батыл айтуға болады. Көптеген өлеңдерінде ақындық дарыны мен білім көкжиегінің кеңдігі кісінің сезімін баурап, таным көкжиегін кеңейтеді. Оқырманды осылайша тәнті етеді. Оған мысал жетерлік: «Ауыл шетіндегі дөңде ұста шалдың дүкені бар болатын» деп басталатын өлеңінде бір сикыр

бар секілді. Дүкеннің иесі – Әлімбек ақсақал таң ата тұрып, маңайды ұстахана дауысымен оятады. Өзі қоңқақ мұрын, шот маңдай, шодыр мінез, қайшы мұрт, қашау қасты, шегір көзді бір тоға адам. Ашуланса тілі ащы.

Өлеңді оқып отырып, шағын елді мекенді, ұста дүкенін, ауыл адамдарын елестетіп отырасың. Көз алдыңа ұстаның образы келеді. Оның қолынан шыққан бұйымдар: баланың бесігі, ат әбзелдері, шана, шөміш, шөңке, тіршілікке керек-жарақтар, тұрмыста қолданудан қалып бара жатқан заттар арқылы ауылға деген сағынышты оятады. Қимас адамыңның әңгімесін тыңдағандай күйге түсесің. Бұл – өлеңнің публицистикалық қуаты болса, «Алаш оты» деп басталатын өлеңі мүлдем басқаша әсерге бөлейді:

*Тасшоқы, Алтыншоқы, Сұлушоқы,
Уақыттың маздап жанған құйылса оты.
Жазғанын Әлиханның тауып алып,
Жас ұрпақ, жадыға ұстап, бірінші оқы.
Ақшоқы, Қызылшоқы, Қарашоқы,
Кеудемде жанады лаулап, Алаш оты.
Кітабын Ахмет пен Міржақыптың
Балалар, көзіңді ашып, таласа оқы.
Көкшоқы, Күмісшоқы, Қоңыршоқы,
Қазақтың «мен мұңдалап» жағылса оты.
Мағжан мен Жүсіпбектің маржандарын,
Теңізден сүзіп алып, табылса оқы.
Наршоқы, Жалғызшоқы, Құлыншоқы,
Ұлтыңның солар болған жылынса оты.
Ардақтап Алаш туын мен өтемін,
Болса да уақыттың бүгін соты.*

Ұстамды мемлекетшіл тұлға

Бауыржанның талантты ақын бола тұра, эмоцияға беріліп, ауа жайылып кетпей, ұстамды мемлекетшіл позицияда қалатынына таң қаламын. Ақындық арыны басылмаған жастау кезіндегі кейбір қылықтарына орай ескерту жасап жүрген біздің де кейде артық айтып қалатын тұстарымыздың кездесетінін жасырмаймыз. Ал, Бауыржанның бойынан ондай осалдықты осы күнге дейін кездестірген емеспіз. Басқалар бірде олай, бірде былай сөйлеп, алмағайып шақтың күйін күйттеп жатса, ол сол баяғы отаншылдық позициясынан ауытқымайды. Ондай қасиетін әркім әртүрлі бағалауы мүмкін. Бірақ шындық – сол. Артық қыламын деп тыртық қылып жататындардың басына бәле тілеп алатын кездері кездесіп жататыны жасырын емес қой. Бауыржан ол жағына өте сақ, ұстамды. Бұл – жасынан бойына сіңген қасиет шығар.

Ұлтшылдығы

Адам баласына қасиете те, кие де туған жерінің табиғатынан даритыны бесенеден белгілі. Өз ошағының, отбасының қадірін сезінген жаннан ғана ұлтжандылық, елін сүю деген ұлы сезімдерді, содан туындайтын керемет істерді күтуге болады деп ойлаймын.

Абай, Дулат, Шәкәрім, Мұхтардай халқымыздың біртуар ұлдары дүниеге келген қасиетті Семейде ата-баба жолын жалғастырар ұрпақ сабақтастығының барлығы табиғи құбылыс сияқты. Сол сабақтастықтан нәр алып өскен оның ұлтжанды болмауы қиын. Әрі ата-анасының мейірім шапағатына бөленіп ержеткен дарынды жастың бойындағы еліне, жеріне деген сүйіспеншілік құбылыс, әжесіне деген сағыныш сезімінен бастау алары анық.

Жан әжем, сенің бауырыңда,

Түйсіндім қазақ әлемін, –
деген екі жол өлеңге бәрі сыйып тұрған секілді.

*Өзіңнің бесік жырыңмен,
Кірпігім менің ілінген.
Көзіңнен төккен нұрыңмен
Саумалын жырдың сіміргем.
Сен шерткен қалың шежірең
Еске алып күнде көз ілем.*

Бұл – ауыл баласының көбі бастан кешкен, киелі дәстүр, тамыры терең тәрбие. Бауыржан шығармашылығындағы үзілмейтін ұлттық бояу, ұлтшылдық асыл қасиет осылай дарығаны анық.

Басшылық қызметі

«Көз алдымда өскен Бауыржан басшылық қызметке қалай қалыптасты, ел таныған тұлғаға қалай айналды?» деген сұрақ менің көкейімде ылғи тұрады. Ешкім анасынан бастық болып тумасы анық. Оның осы жолға түсуіне жастайынан Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев сынды ағаларының қасында жүріп, студент жастарды үйіріп алатын дәріс оқып, оларды мамандыққа баулитын талап-тілек қою арқылы өзі де өсті. Осындай ұстаздық тәрбиенің толысуы негізінде оның бойында көпшілікті өзіне қарататын, иландыратын мінез қалыптасты деп ойлаймын. Ол тек, аудиторияда дәріс оқып қана қоймай, факультетте атқарылатын ұйымдастыру жұмыстарына: білім мен тәрбие беруге, түрлі қоғамдық істерге араласу арқылы, тек студенттерді ғана емес, өзі қатарлы үлкенді-кішілі ұстаздарды тартуды игерді. Осылайша, ұйымға жетекшілік жасауды, оларды басқаруды біртіндеп меңгерді. Әсіресе, студент жастар арасында сыйлы болды. Әріптес ұстаздар да құрметтеді. Келе-келе кафедрадағы, факультеттегі оқу ісін ұйымдастыру, оқу жоспарын іске асыруды игерді. Яғни, жоғары оқу орнында атқарылатын іс тетігін жетік білді. Оның осылайша басшылыққа сатылы жолмен келуі – кейін «Қазақ энциклопедиясындағы» бас редактор–директорлық қызметінде де, Жазушылар одағындағы хатшылық жұмысында да көп көмегін тигізіп, әжетке жарады деп ойлаймын.

Клара Хамзақызы,
журналист, жазушы

Менде қалыс қалмайын дедім

1999 жылы алғашқы кітабым «Жалғас» жарық көретін болды. Қолжазбамды оқып шыққан Бауыржан Өміржанұлы: «Өмірдің өзегінен алынып, тіршілік түйткілдері дәл сол қалпында айна-қатесіз қағаз бетіне түседі. Клара Хамзақызының әңгімелерінің ең басты қасиеті – шынайылығында. Және сол шынайылықтың өзі қарапайымдылыққа суарылған. Тілдік кестесі де шұрайлы, сонысымен де оқырман жүрегін кейіпкер жүрегімен бірге соқтырады. Кейіпкер күрсінсе, сіз қоса күрсінесіз. Асылы, қаламгер қабілетін аңғартып, шығарма шырайын енгізетін көркемдік жоғары деңгей деген осындай-ақ болар» деп, мен жүрексіне ұсынған, алғаш жарық көргелі тұрған кітабыма жылы пікір айтып, жолымды ашқан болатын. Жолдың ашылғаны сол – «Жалғастан» кейін төрт кітабым еш кедергісіз оқырмандарына жол тартты.

Сол кітабыма «Алғысөз» жазған жылдары Бауыржан небары 36-ақ жаста екен. Содан бері жиырма төрт жыл өтіпті. Зымыран, уақыт-ай! Биыл Баукең көпшілік айтатын «талтүстегі» 60-

тың ауласына қарай қадам басып отыр. Осындай айтулы датада мен де қалыс қалмай, мерейтой иесіне жүрекжарды жылы сөзімді айтсам деймін.

*Ақсу-Аюлы, Ақсу-Аюлы,
Менің көзімдей тапшы мойылды.
Көрпеңді төсеп күтіп ал мені
Қызыл-жасылды, көкшіл оюлы...*

Баукең жырға қосқан Ақсу-Аюлы – менің туып-өскен, бүгінгі күндері сағынышыма айналған туған ауылым! «Бозбала Абайға батасын берген», ел арасында «Жаксы Жәкең» деп аталып кеткен Жанқұтты би – сол даланың перзенті. Ақын тілге тиек еткен Шерубай Нұраның жағасында бала кезімізде асыр сап ойнап, шомылушы ек... Ақсу бөлімшесіндегі көпбейітте Шортанбай бабаның бейіті бар. Шортекеңді жағалай менің ата-бабам, әке-ағаларым мәңгілік мекендерінде тыныстап жатыр. Ақынмен мені табыстыратын да осы – «Ақсу-Аюлы».

Бауыржан жазған жырларының бәрі дерлік әжесімен сырласу арқылы өрбиді.

*Бір сәтке, әже, тынышып па ең,
Шүйкеге мол жіп жиылып.
Отырушы едің ұршықпен,
Уақытты қоса иіріп.*

Маған таныс сурет. Өйткені менің анам – балаларымыздың әжесінің қолынан ұршығы түспейтін еді. Сол ұршығы анамның көзіндей боп үйімізде тұр. Оны көрген сайын анамды еске аламын. Тәтті сағыныш. Әже алақанындағы қолтаңбаны ақын:

*Келешек бізді күтті алдан,
Келмеске сәби күн кетті.
Сол кезде сықпа құрттарда,
Қолтаңбаң барын білмеппін.
Құртыңды аңсап жаныммен,
Қолтаңбасын мен сағындым.
Салалы саусақтарың мен
Аялы алақаныңның...*

деп ғажап суреттеген. Әжесіне қойылған мәңгі-ескертікші!

Әже бауырында өсіп, әже әлдиімен өскен әр немеренің бойындағы сағыныш сезімін оятары сөзсіз. Олай дейтінім, біздің балаларымыз да – әже мейіріміне қанып өскен ұрпақ. Мәңгілік мекеніне аттанып кеткен әжелерін олар сағынады. Әжелері айтқан әр сөзін күні бүгінге дейін ауыздарынан тастамай еске алады. Сондықтан да Бауыржанның әжесі – бүкіл қазақы немерелердің әжесі.

Ауылдан шыққан әр қазақ баласы алаша үстінде аунап-қунап, ойнап өстік емес пе?! «Алаша» өлеңі арқылы балалық шаққа саяхат жасап, даланың бар бояуын бойына жинаған киелі алашаның құдіретін суреттеп, оны тоқыған асыл әжесіне деген сағынышын бірге өріп жеткізген. Өлеңдерінің бәрі дерлік қазақи бояумен ерекшеленеді. Құдай берген талантын білім көкжиегімен кеңейтті. Ол жазған әр өлеңнен, әйтеуір бір ойда қалар түйір дән табасың.

2009 жылы біз Астанаға қоныс тептік. Сол кездегі Баукеңнің Нәкең туралы жазған «Марқасқасы» мен үшін тым ерекше жыр болды. Өміріміздің ең әдемі, мәнді күндері өткен, өзімізді биікке самғатып өсірген Алматымызды қимай, қиналып жүргенімізде құс қанатымен келген үшбу-өлең сағынышымызды ұлғайтып жібергендей еді.

*Төрт аяғын тең басқан,
Жалт қарасы алмастан...*

Нәкеңді жақсы білетін жұрт осы көзқарасты дәл суреттеген деп бағалар еді.

*Бәйгеге барсаң тақымдап,
Атқұмарлығың – бір қырың.
Ақиқаттың айттың асылын,
Шындықтың үзбей шылбырын.
Алматыда жүрміз сағынып
Күмістей күлкің сыңғырын, –*

деген жеріне келгенде, тамағыма тас тығылып, онсыз да сағыныштың сары көйлегіне оранып жүрген мен еріксіз көзіме жас алған ем. Ақын жүрегінің соғысы оқырман жүрегінің соғысымен ұштасқан тұсы да – осы!

*Жан әжем, сенің баурыңда,
Тыңдадым қазақ өлеңін.
Жан әжем, сенің баурыңда,
Түйсіндім қазақ әлемін.*

Әжесінің бауырында ертегісін естіп, ұлттық дәстүрдің мәйегіне тойып өскен Бауыржанның лирикалық жырларын бір деммен, рақаттана оқисың. Өзің де балалық шағына саяхаттап, қой-бүлдірген теріп жеп, сөредегі ши бетінде жаюлы тұрған сықпа құртты ұртыңа салып сорып, түрлі бояуға малынған туған жердің оюлы төсінде асыр сап ойнайсың-ау, шіркін!

Бауыржан Өміржанұлы өзі айтқандай: «өлеңмен жөргегін жуып, өлеңмен қиялын қуып, Абай салған жолмен жүріп» отырып, алпыстың да ауылына жақындапты. Жетпіске келгендер: «Алпыс деген не тәйірі, баласың әлі!» дейміз ғой. Шындығы – солай. Өзіңнен әлі де жүрекке жылы лирикалық жырлар, дастандар күтеміз. Жазарың көп болсын!

Ғалым Жайлыбай,
ақын,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Суреткер ақын

Қасиетті Шыңғыстау мен киелі Қарқаралының арасында Берікқара атты тау бар. Біздің ұлы даланың маңдайына біткен таулар секілді бұл да мажар, бағзы тау. Тарбағатай сілемдерімен ұласып жатыр. Сонау палеозой заманында қалыптасқан.

*Бір тау бар біздің елде Берікқара,
Тұрады жақын жерден төніп қана.
Алыстан менмұндалап шақырады,
Дегендей құпиямды келіп қара.
Қызылжал – бір қойнаудан үн қатады,
Қызарып сол бір жалға күн батады.
Қазақтың қара өлеңін, құлақ тоссаң,
Ескен жел Қараөлеңнен тыңдатады.*

*Жабырқап біреуді іздеп Жал тұрады,
 Бір мезет көкірегіне ән тұнады.
 Жазықта Ноха қажыға ас берілген,
 Арқаның шертпе күйі тартылады.
 Қалады сол жағымда Абыралы,
 Аршадан әшекейін тағынады.
 Ұқсатсам, сол тауларды киіз үйге,
 Ақбиік – ақорданың шаңырағы.
 Жалғызтау оң жағымда қарауытып,
 Мәрәмік ұшқан құстан ән ағытып.
 Құшағын кеңге жайып Берікқара,
 Тұрады жылда мені дара күтіп...*

.....

*Аймалап айналаңды самал келіп,
 Ақ бұлттан кигізіпті далам бөрік.
 Тау едің қасиетті, кие қонған,
 Тәу еттім, Берікқара, саған келіп...*

Осы Берікқараның бауырында өскен Баукеңнің өлеңі бұл, Бауыржан Жақыптың. Біздің дархан халықта әр әулиесіне бір-бір биік, әр ақынына бір-бір тау сыйлайтын (атын беретін, телитін) дәстүр бар емес пе еді?! Сексенінші жылдары әдебиетке келген буынның ішінде серілігімен де, сергектігімен де, сыршылдығымен де өзі де бір биік Бауыржаннан аярым бар ма, ба-яғының шайырларыңша шалқыма көңілмен осы тауды саған қидым дейін десем, бұл екеуінің тарихы тіпті арыда жатыр екен.

Бұрын Құран-Кәрімде айтылып, кейін ғалымдар ашып, таудың да тамыры болатынын білдік. Бауыржан Жақып – сол Берікқараның тамырына берік байланып, түп-тұқиянымен бітісіп, тұтас болмысымен жымдасып кеткен ақын. Жоғарыдағы өлеңінің өзінен соны аңғаруға болады. Берікқараның қызылқоңыр топырағы жүзіне қызылкүрең шырай беріп, селеулі беткейлерінен селдір шашына дейін аумай қалған. Есте жоқ ескі замандарда Берікқараның батыс бөлігі силур (палеозой кезеңдері) жыныстарынан түзілсе, Бауыржанның болмысы сақ заманындағы салқам сезімдерден («садағындай боп сақтардың»), Берікқараның шығысы девон кезеңі жыныстарынан болса, Бауыржанның жаны Дешті Қыпшақтың дауылпаздығынан («жарқ етті найзағайларым, қыпшақтың қылышындай боп»), Берікқараның енді бір беткейі ордовик кезеңі жыныстарынан болса, Бауыржанның табиғаты ортағасырлық түркілердің тектілігінен («Көктүріктің мәңгі тірі рухымын» (Тұмар) туғандай. Ақынның Қызылқұмның жеріндегі «төрт мың жыл бұрын болған гуманоидтардан» бабасын іздеп жүруі де төрт жүз миллион жыл бұрынғы кезеңдерде қалыптасқан тауды сүйіп, тасын маңдайына басқандығынан да шығар.

Табиғат лирикасының талғампаз жыршысы Бауыржан Жақыптың түпкі дүниесі, тұңғиық сыры – осы Берікқараның бітімінен-дүр деп білеміз. Сол таудың тағдыры ақынға көшкендей, сол таудың зар-мұнын ақын арқалағандай, сол тау арқылы бүкіл қазақ даласын жырлайды, сол Берікқараның өзі болып ұлан-ғайыр байтақ өлкені кезеді.

*Қылаң беріп қырды асқан мынау таңдар менікі,
 Мынау өзен, мынау көл, мынау талдар менікі,
 Ай мүйізі нұр шайқап, күн арқандар арқарлар,
 Шыңдарына шыршалар шығар таулар менікі.*

.....

*Жасын жыры менікі, жаңбыр әні менікі,
 Жағажайдың балауса балқұрағы менікі,
 Дөң маңдайлы, тұма көз құба жазық менікі,
 Жыра қазып жол ашқан тау бұлағы менікі.*

.....
*Қызыл-жасыл гүлдері, шалғыны да менікі,
Адамдардың сан қилы тағдыры да менікі,
Ақын болып туған соң, жырлау керек бәрін де,
Аспан асты, жер үсті – барлығы да менікі!*

(Ақын монологі) –

деп, таңбасынан танып, ен салып еншілейді де:

*...Шөкімдей ақ бұлт көрсең көк жүзінен,
О, жұртым, менің жырым деп ойлағын.*

немесе:

*Көк өрім шыбық көрсең көктемеде,
Ойларым ол да менің бүршік атқан.*

яки,

*Уақытты шырқ үйірген құйын көрсең,
Ішінде сол құйынның өлеңім бар;
Көл көрсең көз алмаған түнгі аспаннан,
Дүние, мені есіңе бір аларсың...*
(Элегия),

болмаса:

*Даламын – мен, созылған даламын – мен,
Баяу ескен самалмен аламын дем.
Көк жүзіне аударып көл көзімді,
Ойға батып, кей кезде қаламын мен*
(Дала),

тағы да:

*Таумын – мен, аспан төсін еркін емген,
Күйлерін биіктіктің шертіп, өрген.
Ешқашан аласармау – шыңдарымның,
Алдында құдіреттің серті берген.
Тәкаппар тұлғам осы төмендемес,
Сол тұлғам тұтасымен өлеңге көш.
Шоламын қарауылдай кең даланы,
Қыраттар мен көргенді көрем демес*
(Тау),

одан соң:

*Аспанды демім шарпыған,
Бұлтпын – мен, көкте қалқыған,*

*Анаға құштар сәбидей,
Жетем деп күнге талпынам*

(Бұлт),

ары қарай:

*Қынамын – мен, қынамын,
Қойтасқа өрлеп шығамын.
Жабысып жартас басына,
Қайызғақтанып тұрамын, –*

деп, сол табиғаттың өзіне айналып (Құдайым-ау, ең ақыры қынасына да), «Мен – бір жалғыз сәулемін жерден өнген», «мен – бір жалғыз тамшымын шөлдеп өлген» (Жалғыз), «ұшып бара жатырмын құсқа айналып» (Ақмешіт) деп, табиғаттың өзі болып жырлайды. Жырлағанда, жағалауда тұрып жарқабақты ұрған толқындарға, етегінде тұрып, жел мен жаңбыр тоздырған шыңдарға, саясында тұрып, жапырағын самал ойнатқан қайыңдарға қарап, сүйсініп жырлаушы ғана емес, сол жарқабақ болып, сол шың, сол жапырақ болып түйсініп жырлайды Бауыржан Жақып.

«Аспаны – ұлы суретші; «Аспаны фотограф» (Ақ нөсердің астында), «күні – альпинист» (Жасыл әлем), «қыраттары – батыр, гүлдері орден»; «тауы – қария»; «бұлттары – бәдәуи»; «айы – қайық» (Ертіске сыр), «жанары – объектив, жүрегі – фотоаппарат»; «ұшқан бұлбұлдары карағайлардың әндері» болатын ақынның мәңгі жас, мәңгі жасампаз сұлу әлемі сүйсіндірмей, сұқтандырмай қоймайды. Оның әлеміне енгің келеді, бірге ілесіп жүріп, үзеңгі жолдастықпен, үзілмес сыйластықпен сапар шеккің келеді. Ол жырлағанда – дүние өзгеше. Ол жырлайтын «көк жота, қызыл адыр, күрең белі, тойған қозы секілді дөңдерімен» ат бауырымен шық кешіп кезгің келеді екен кең дүниені.

*Тербетіп Оңтүстікті, Арқаны үнмен,
Қазақтың қоңыр күйін тарта білген.
Алтайдан кең көсілген Атырауға,
Сүйемін кең даламды жан-тәніммен*

(Менің далам)

деген ақын «түйе таулары түрегеліп кетердей» байтақ даланы суреттегенде, сағым көшкен сар дала сана түкпіріне шөге береді, шөге береді. Осы бір өлеңінің өзінде жусаны мен бетегесі, жыланшөп, түйетабан, жалбызы, құлқайыр, итошаған, киікоты, сүттіген, атқұлағы, ханқызы, қарақат, бүлдіргені, долана, жиде, мойылы, шиі, қамысы, бояны, терегі, үйеңкісі, қайыңы, ыққыны, көкбедесі, шыршасы, аршасы, селеуі, сасыры, қияғы, шытыры, тобылғысы, қызғалдағы, сарғалдағы, тораңғысы, қарағаны, жантағы, адыраспаны, кекіре, ерменкурай, меңдуана, қырықбуын, шашыратқы, изені, айғыржуа, итмұрыны, сорасы, есекмия, дерменесі, ақ шеңгел, кара шеңгелі, рауғашы, қымыздығы, кәуілі, бидайық, жыңғыл, мыңбас, жолжелкенін сыйдырып, сүйдіріп үлгереді. Енді бақсақ, сол даланы сүйдіріп, сол далаға ғашық еткенде, тандансын, тамсансын демеген екен, толғансын, тозғанын көрсін, зарын естісін деген екен оның жүрегі. Бауыржан болып сол даланың әнін айтса, Берікқара болып зарын айтқан екен.

*Құлтырған құлан жазық, құмай белің,
Шыңғыстау, Абыралы шұрайлы едің.
«Сол бағың қайда кеткен бастан ұшып,
Сол шағың қайда кеткен?!»- сұрайды елің...*

*.....
Жазығың бұрынғыдай гүл тақпаған,
Төсіңді қайғы басып, мұң қаптаған.*

*Мен де енді өзің болып толғанайын,
Тозған жер, жүдеу өлкем, сырқат далам, –*

деп, кешегі зұлмат жылдардың зардабын, долы қолдардың даланың алқымында қалған қанды ізін көрсетеді. Алдында тау болып жырлағанында тауға айналғандай күй кешсек, енді Дегелең тауының зарын айтқанда жауға айналғандай қуыстана бастайсың. Дегелең тауы былай деп жырлайды:

*...Ақша бұлт басымдағы сеңсең еді,
Ұлдарым – шоқыларым еңселі еді.
Тіл бітті бүгін маған, бәрін де айтам,
Ей, адам, сен сенбесең, жер сенеді.*

.....
*Күлмін – мен, тау емеспін, үйндімін,
Шертіліп жатыр соңғы күйім бүгін.
Сан алуан дүниедегі таулар үшін,
Көтеріп тұрмын тірлік қиындығын.*

.....
*Көкірегім күл болсам, тола жара,
Қасымнан қоныс тепті «мола» жаңа.
Жүрегім соқпайды енді, демім бітті,
Ей, таулар, жиналыңдар жаназама!*

Дегелең Берікқараны жаназасына шақырғанда, ақын оқырманына оны қалай айтпасын?! Ескертпеде өзі де көрсеткеніндей, Дегелең тауының астында ядролық сынақтар нәтижесінде көп мөлшерде радиоактивті қалдықтар қоймасы қалыптасқан. Өз қуатын мыңдаған жылдар бойы жоғалтпайтын плутоний газы бір кездері жер үстіне жарып шығып, аса қауіпті апат болуы ықтимал екен.

*Өң жоқ, түс жоқ ажарымды,
Көз жасыммен сулап та алғам.
Тыңда бәрің азалы үнді,
Тоғаймын мен құрап қалған.*

.....
*Тіршіліктен кенде қалдым,
Тамып көзден түсті көп шық.
Ей, жұмбақ дерт, меңдеп алдың,
Қу тіземді құштым өксіп, –*

деген құраған тоғайдың соңғы сөзі сай-сүйегінді қалай сырқыратпасын?! Сұлулықтың артындағы ұсқынсыздықты, ұсқынсыздықтың артындағы шарасыздықты, шарасыздықтың артындағы өмір үшін күресті жырлайды.

*Мен – боз даламын!
Қоршалдым.
Дүмпулерден тозды алабым.
Орыны тілім-тілім сорға айналып,
Сағынып жатыр көлім қаздар әнін.
Мен – боз даламын!
Жылайын десем, жасым жоқ,*

*Тарайын десем, шашым жоқ.
Әлдекімдердің қолымен
Көкірегіме басылды от!*

Немесе:

*Құдайға жылап, табындым,
«Қайтар – деп – титтей жұрнағын қуатты ағынның»,
Бителіп қалған көздері ашылар ма еді,
Мен тұс-тұстан демейтін бұлақтарымның.
Айқайласам ба шыңғырып өктем,
Толар ма еді арнам, тек сонда ындыны кепкен?!
(Тартылған өзеннің мұңы);*

Немесе:

*Айдала – тозақ,
Айналам – азап,
«Құтқар!» деп, Айға жалындым.
Мойнымда – қамыт,
Қойнымда – тамұқ,
«Құтқар!» деп, Күнге табындым.
Баладай өксіп жылаймын,
Қашанғы мен де шыдаймын?!
.....
Жер шарын кезіп жүрейін,
Барамын қайда???
Молаға барып түнейін...
(Желдің жоқтауы).*

Міне, осылай дала шаттығының симфониясы дала қасіретінің реквиеміне айналады. Ақын соны айтады, соны жырлайды.

Біз бұл толғаныста Бауыржанның ғылым көкжиегіндегі жетістіктерін, атақ-абырой, марапат-мадақтарын сөз етуді мақсат етпедік. Сол жетістіктерінің бәрі түптеп келгенде ақын жырына қызмет ететіндей елестейді маған.

Бауыржан Жақып поэзиясы, оның табиғатты жырлаудағы лиризмі мен трагизмі, оның формалық, мазмұндық жаңашылдықтары, оның қазақ өлеңінде әже культін биік деңгейге көтергендігі, сан қилы кезеңдер жыныстарынан тұратын Берікқара секілді сан қырлы, сан қатпарлы Бауыржан Жақып болмысы, табиғаты жайлы әңгіме енді айтылады. Бауыржан Жақып кешіп келген елу жыл Берікқара тауы кешкен бес жүз миллион жылдай мазмұнды, мағыналы деп білеміз.

2013 жыл

Дегелең тауының зарын әлемге естірткен...

Бауыржан Жақып – қазақ жырын қырандай қалықтатып, қазақ әнін аққудай айдынына қондырған киелі топырақтың перзенті. Оның ақындық таланты арысы сонау Қаз дауысты Қазыбек биден, ұлылардың ұлысы Абай бабамыз бен Шәкәрім данышпаннан, Көкбай, Ақылбай, Мағауия, әйгілі Өуезов дәстүрінен, кезінде Рүстем төре, Барақ сұлтандарды сөз сойылымен іреп, Түбекпен жыр шарпыстырған Жанақ ақынның, бар жоғы 41 жыл өмір сүрсе де Арқадағы

сал-серіліктің үлгісі болып тарихта қалған Мәди Бапиұлының, шертпе күйдің асыл шыңы Тәттімбеттің, ән тәңірі Әміренің ұлттық мектебінен, берісі Шәкір Әбенев, Сапарғали Бегалин, Камен Оразалин, Төлеужан Ысмайылов, Кашаф Туғанбаев, Медеу Сәрсекеев, Төкен Ибрагимов, Рымғали Нұрғалиев, Рысхан Мұсаұлы, Мерғали Ибраев, Жәнібек Кәрменов сынды сөз өнерінің хас таланттарының әдеби мұрасынан тамыр тартып жатыр.

Екінші бір айтарымыз, Бауыржан ақын ретінде ерте танылған болатын. Ол 80-жылдары бірде республикалық жас ақындардың семинар-кеңесінде адуынды ақын Гафу Қайырбековтің назарына іліксе, енді бірде Алматыда, Пицундада өткен Бүкілодақтық жыр фестивалінде Қазақстан атынан қатысып, жоғары баға алып, өлеңдері орыс тілінде аударылып басылды. Студент кезінің өзінде «Аудитория», «Баспалдақтар», «Қарлығаш» атты жыр жинақтарында өлеңдері жарық көрді. Тағы бірде 1984 жылы Республика жастарының «Жігер» фестиваліне қатысып, аузы дуалы, сөзі уәлі жыр абызы Әбділдә Тәжібаевтың батасын алып, бірден-бір лауреат атанды. Міне, сол кездерден бері, қаламы қолынан түспей, республикалық басылымдарда жиі жарияланып келе жатқан Бауыржан ондаған жыр кітабын оқырман қауымының назарына ұсынып, әдеби ортада жоғары бағаланып келеді. Алғашқы «Көзімнің нұры» (1990) кітабы үшін Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықты иеленді. «Айдындағы аспан» кітабы үшін 1999 жылы мемлекеттік «Дарын» сыйлығын иеленді. Оның өлеңдері туралы Зейнолла Қабдолов, Тұрсынхан Абдрахманова, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Сәкен Иманасов, Марфуға Айтхожина, Жарасқан Әбдірашев, Күләш Ахметова, Нұрлан Оразалин, Асқар Егеубаев, Несіпбек Айтұлы, Темірхан Медетбек, Рафаэль Ниязбек сынды аға буын өкілдері баспасөз беттерінде сүйсіне пікір білдірді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар бедерінде Бауыржан Жақып Түркияның Стамбул, Елазығ шаһарларында, Әзірбайжанның Баку, Македонияның Скопье, Струга, Косованың Приштина, Сербияның Маврово қалаларында өткен Бүкілтүркідүниесі жыр фестивальдерінде қазақтың қара өлеңінің мерейін өсіріп, мәртебесін асқақтатып қайтқанын айтуымыз керек.

*Жүрегім соқпайды енді демім бітті
Ей таулар жиналыңдар жаназама!*

деп Дегелең тауының зарын әлемге естіртіп, боз даланың қасіретін, тартылған өзеннің мұңын, құраған тоғайдың соңғы сөзін, желдің жоқтауын жеткізетін «Жан даусы» поэмасы қазіргі қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік шығарма ретінде өз бағасын әлдеқашан алған. Ал оның ағылып-төгіліп бір деммен жазылатын философиялық иірімдерге толы табиғатты көркем суреттейтін, ұлттық бояуы қанық лирикалық өлеңдері де өз оқырманын тапты деп батыл айта аламыз. Ақын өлеңдері орыс, украин, қытай, түрік, македон, қырғыз тілдеріне аударылды.

Ендеше, Абай мектебінің кәусарынан қанып ішкен өздеріңіз томағасын сыпырып, алғашқы батасын берген ақын ұлдарыңыз орталарыңызға жырдан шуақ шашып, сөзден қуат шашып келіп отыр. Ұлы Абайды ту еткен ардақты Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов пен Жақып Ақбаевтың, Мәннан Тұрғанбаев пен Халел Ғаббасовтың, Райымжан Мәрсеков пен Нәзипа, Нұрғали Құлжановтардың, Сұлтанмахмұт пен Сәбит Дөнентайұлының, Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезовтің, Қаныш Сәтпаев пен Әлкей Марғұланнның сөнбес рухы жарық берген нұрға толы, жырға толы кеш болсын – киелі Семейдегі әдебиет кеші!

Мамытбек Қалдыбайұлы,
халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері,
бауыржантанушы.

Нағыз ақын

(Бауыржан Жақыптың әкелі-балалы Құнанбай мен Абай бейнесін сомдай суреттеген «Қарауылтөбе» өлеңін оқығандағы оқырман әсер-сезімі)

Ақ қағазды шимайлап, ұйқастың құлы болып, ұялмай, қызармай өзін-өзі ақынмын деп кеуде керіп жүргендер қаншама?! Олар ақындық жолдың азапқа толы екенін, жүрекке, миға ауыр салмақ түсеретінін, ар-ұжданына үлкен жауапкершілік жүктейтінін, суреткерлік ақындық күдірет әркімге дари бермейтінін, оның сырын түсіну үшін рухани кемелдік керек екенін білмейді, білсе де мойындамайды. Нағыз ақын үнемі ізденіп, өмірден көп мехнат шегетінін, күйреп, құлап қалмас үшін жанкешті өмір сүретінін алдын ала болжап, соған тәуекел етеді, тәуекел етуі керек. Оның бар мақсаты – адамдарға жаңа ой, жаңа сезім, сұлулық сыйлап, оларды рухани байыту. Ол үшін нағыз ақын «табаныма кірген тікен маңдайыма қадалсын» деген ұстаныммен әрдайым сөз майданының алғы шебінен табылады. Сондай ақындарымыздың бірі – Бауыржан Жақып. Оның «Қарауылтөбе» өлеңі ұзақ жылдан бері санамда сақталып, ұмытылмай келеді. Неге? Бұл сұраққа жауапты талдау барысында берелік.

«Қарауылтөбе» – құрылысының жаңалығымен, философиялық тың ой тереңдігімен, сазды әуезділігімен жан дүниенді бірден баурап алар мінсіз туынды. Сөзіміз жалаң, жадағай болмас үшін дәлелдер келтірелік. Өлең:

*Қарауылтөбе, Қарауылтөбе,
Көзіндеісің даланың көне.
Жазықты салып алақаныңа,
Қариядай болып қарадың төне, –*

деген жолдар арқылы ақын жансыз табиғатқа жан бітіріп, нағыз суреткерге тән тапқырлық танытады. Бауыржан ұғымындағы Қарауылтөбе жай төбе емес – жазық-өмірді мекендеген перзенттерінің әр қадамын қалт жібермей қадағалап, әр құбылысты сын тезінен өткеріп, ойға шомған қария-тарих тектес төбе. Оның «даланың көне көзіндеі» бейнесін барынша күдіреттендіре суреттеген ақын:

*Асау бұлттарға бұғалық салып,
Асыл тұлғаңнан Күн алып шабыт.
Тұрдың сен бір кез үнсіз, қажыға
Құнанбай шалды шығарып салып, –*

деген жолдардағы тың теңеулерді сәтті қолдана отырып, қария-тарих бейнесін сомдауға ден қояды. «Әр азамат туған жері табиғатына тартып туады» деген қағиданың дұрыстығына көңіл бөлсек, асау бұлттар – мұң-қайғыға толы қиындықтар, оны жеңген асыл тұлға – Қарауылтөбенің «Күнге шабыт сыйлауы» тегін бе? Ол оңай шаруа ма? Осындай алып күш иесінің Құнанбай шалды қажыға шығарып салған сәті көңіліңді еріксіз қимас сағыныш, мақтаныш сезіміне бөлейді.

*Ұзатып көзбен арғымақ Айды,
Тосқансың талай таңды да жайлы.*

*Сабырлы қалпы күтіп алғансың,
Семейден қайтқан балғын Абайды.*

Бұл жолдар жан дүниемізге қозғау салып, Қарауылтөбеге деген ризалық, алғыс сезімімізді оята түседі. Әсіресе, «Ұзатып көзбен арғымақ Айды» деген жалғыз жолда қаншама сыр жатыр десеңізші? Ақын мұнымен де шектеліп қалмай:

*Қол бұлғап бір кез сағымың белден,
Қара сөздердің ағынын көргем, –*

деп Қарауылтөбе қойнауының сұлулыққа, ақындық толғанысқа, рухани байлыққа толы екенінен хабар бере келіп:

*Қарауылтөбем – қасиетті төбем,
Қара өлеңімнің тәңірін берген, –*

деген тұжырым жасайды. Егер ақын «Қол бұлғап бір кез сағымың белден, қара сөздердің ағынын көргем» деген жолдарсыз бірден «Қарауылтөбем – қасиетті, қара өлеңімнің тәңірін берген» десе, ол ешқандай әсерсіз, жалаң сөз тізбегі болып шығар еді.

Табиғат көріністеріне түйме де, ине де, пышық та, түйе де, адам да, шыбын-шіркей де, қысқасы тіршілікте бар нәрсенің бәрі жатады. Бәрі бізге қызмет етеді. Мысал келтірелік. Расул Ғамзатовтың: «Кішкентай халыққа үлкен қанжар керек» дегенін «кекшіл болу керек» деп түсінген бір сауатсыз қаламгеріміз «Алматы ақшамы» газетіне «кекшілдік ұлтқа өте қажет» деп жазды. Кек пен намыс екеуі екі басқа екенін, ұлттық намыс жақсылықты қорғайтынын, кектің түбі қан төгіспен аяқталатынын, оның жеке адамды да, халықты да орны толмас өкінішке ұшырататынын ол түсінбеген.

Расул Ғамзатов – дүние жүзіндегі миллион ақымаққа бергісіз дана ақын. Ол «кішкентай халыққа үлкен қанжар керек» дегенде біреуді өлтіру үшін емес, екі жүзді қанжардай өткір, өжет ұлдар керек, ұрпақ керек дегенді айтқан. Біздің қаламгерсымағымыздың ақын сөзінің астарын түсінбей, ойланбай, «ұлтқа кекшілдік өте керек» дегені не сандырқ?! Ол ұлтын сақтау үшін кімнен кек алмақшы? Мен оны қаламгер деп есептемеймін. Өйткені ойы, ісі адамгершіліктен жұрдай. «Кекшіл болуымыз керек» деген сөзінің өзі оның кім екенін айқайлап айтып тұр.

Кекшілдік – қанішерлік. «Әкеңді өлтіргенді өлтіруің керек» деу – қанға – қан, жанға – жан ал дегендік. Ол мұндай кекшілдікпен ұлтының ғана емес, қара басының намысын сақтай алмайды.

Өлгі қаламгерсымағымыз: «Кекшілдіктің ең үлкен үлгісін еврей халқы көрсетті. Олар Гитлердің қылмысын мойындатып, қолды болған бұрынғы зауыттарының, жер иеліктерінің құнын түгелдей қайтарып алды», – дейді. Қазақта «жеңілген жауға қатын ер» деген сөз бар. Халықаралық адам құқығында: «Жау конституциялық заңға қайшы әрекетке барып, жерінді күшпен басып, не тартып алса, оны қалпына келтіріп қайтаруға тиіс», – деп жазылған. Өткен өтісін төлетіп алу – кекшілдік емес. Оның еврейлер кекшілдік жолмен өтісін қайтарып алды дегені – барып тұрған сауатсыздық. Қаламгердің дүниетанымы жан-жақты әрі жоғары болуы керек емес пе?!

Нағыз шығармашылық иесі – табиғат көріністерінің сырын оқып, жіті танып ғана қомай, оны өз мақсат-мүддесіне шебер пайдалана білуі тиіс. Өйткені ол үшін табиғат – жанды бейне. Керісінше, жай, қарапайым жандарға Қарауылтөбе күнде көріп жүрген жансыз, қимылсыз, үнсіз жатқан төбе ғана секілді. Шын мәнінде шығармашылық иесі үшін ол тұңғыш құпия сырға толы төбе, әкелі-балалы Құнанбай мен Абайдың қамқор тілеулесі, тілеулесі ғана емес, мұсылмандық пәк дүниеге – Меккеге сапар шегіп бара жатқан рухани қазынамыздың тірі куәсі.

*Жарық күн көктің жанарында еріп,
Жайнаған елдің жамалын көріп.
Ұқсайсың кейде қара шалыма,
Халқына тұрған қарауыл болып.*

Ақын суреткерлік қиялының құдіреттілігімен Қарауылтөбенің ұмытылмас жанды бейнесін жасау арқылы ұлы дала ұлылары – Құнанбай мен Абай бейнесін барынша биіктетіп, жанымызға жақын ете түскен. Сондықтан Қарауылтөбе жалғыз ақынның ғана емес, барлық қазақтың қимас сырласына айнала алған. Ақындық суреткерлік шеберлік деп осыны айтсақ керек.

Бауыржан Жақыптың суреткерлігі, сұңғыла сезімталдығы «Қарауылтөбе» туындысында ерекше жарқырап танылды. Санамызда сақтап қалуымыздың да, ең үздік шығарма деп тануымыздың да басты себебі, Қарауылтөбенің ұмытылмас абыз бейнесін сомдай алуында дер едік.

Бекен Нұрахмет,

журналист-жазушы.

Кеден қызметінің полковнигі

Тай кезінен тарпуы мықты болған

Жастық шақ-ай, шіркін! Әсіресе мөлдіреген бұлақтай кіршіксіз көңілді шақтарды айтсаңшы. Ол біздің бозбала сәтті артта қалдырып, жігіттік кезеңге бет бұрған кезіміз болатын. Бәрімізді асқақ арманның желігі Алматыға жетектеп әкелді.

Иә, бізді тағдыр 18-ге де толмаған бозбала шағымызда таныстырыпты. Ол бір тарихи кезеңге тап келді. Себебі, 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасы алауын жаққан шақта біз университет табалдырығын аттадық. Енді ойлап қарасам, арада 43 жыл уақыт та құйрығын бұлаңдатып өте шығыпты. Осы қырық үш жыл бәрімізге өмірдегі өз еншімізді бөліп берді. Тарам-тарам тағдыр жолы бізді жан-жаққа тарыдай шашыратып жіберсе де, баяғы дос көңілімізге ешбір қаяу түсіре алмапты. Әлі күнге дейін қуанышымыз болса – бөлісіп, қайғымыз болса – ортақтасып жүретін дәстүріміз өз жалғасын табуда. Оған да шүкіршілік етеміз.

Біздің көпшілігіміз негізінен 63-жылдың түлектері болатынбыз. Уақыт неткен жылдам десеңші. Енді ойлап қарасам, түйдей құрдас болған бір кездегі жалаңтөс жігіттер бірінен соң бірі алпыстың асуына аяқ тіреп жатыр екенбіз. Бір жақсысы, солардың ешқайсысы да алпыстың асуына қоржындарын бос сүйрегіп келген жоқ. Мысалы, бір топта оқыған Бейбіт Исабаев досымыз Жетісу облысының әкімі болса, Аязби Бейсенқұлов профессор, Төрехан Данияров «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы, т.б. мақтанарлық азаматтар жетерлік. Солардың ішінде 43 жыл бойы қазақ поэзиясының көкжиегінен көріне білген және ғылым жолында да өзіндік қолтаңасымен түрен салған Бауыржан Жақыптың орны бөлек.

Иә, біз бір топта оқып, бір жатақханада тұрдық. Сонау Абай елінен мектепті алтын медальмен бітіріп, Алматыға арман қуып келген ол бірінші курстан-ақ өзінің зеректігімен көзге түсті. Университет қабырғасында жүргеннен үнемі ізденіс пен талпыныстың нәтижесінде көптің бірі емес, бірегейі болды. Өйткені ҚазМУ-дың журналистика факультеті құдды бір бәйге аттарын сынайтын ипподром сияқты болатын. Тарпуы нашарлар орта жолда шаң қауып, оқудан шығып кетіп жататын. Себебі, қолынан жазу келмейтін және шығармашылықтан аулақ жүретін студенттер бірден байқалатын. Ондайларды журналистік орта дұрыс қабылдамайтын. Сөйтіп, соңғы курсқа дейін біразы іріктеліп барып, өмір атты сүрлеуден өз бағыт-бағдарларын табатын.

Бауыржан біздің топтың старостасы болды. Студент кезінен поэзия әлемінде өз қатарының алдына шығып, тырнақалды шығармалары «Аудитория» атты студент ақындар жинағына енді. Себебі, ол заманда кітап шығару мен жинаққа ену дегенің жас ақын-жазушылар үшін

үлкен жетістік және болашағын айқындайтын барометр сияқты болып есептелетін. Және де бір өлеңді немесе әңгіменді республикалық газет пен журналға шығару үшін қаншама сүзгіден өтетін кез. Сондықтан да республикалық басылым беттерінен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар ғана көріне алатын. Солардың қатарында Бауыржан досымыздың фамилиясын жиі көретінбіз. Былайша айтқанда, тай кезінен тарпуы осал емес болды.

Жалпы, Бауыржан екеуміз құрдас әрі үзеңгілес жолдас болсақ та, өз басым одан үйренгенім көп. Үшінші курста жүргенде ол мені өзінің туған жері – Абай ауылына ертіп барып, ұлы хакімнің аяғының ізі қалған және жамбасы жерге тиген әулие жерлерді аралатты. «Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» деген емес пе?! Мен сол кезде ғана Ұлы Абай мен Шәкәрімге және заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовке байланысты көп деректерді Бауыржанның аузынан естіген едім. Ғибраты мол бұл әңгімелер мен үшін жаңа бір руханият әлемінің есігін ашқан сияқты көрінген еді. Сонда ғана жасы жиырмаға да толмаған Бауыржанның әдебиет тарихы мен поэзияға байланысты өй-өрісі бізге қарағанда әлдеқайда жоғары екенін байқадым.

Оқу бітіргеннен кейін де жұбымыз жазылған жоқ. Ал енді жеке шаңырақ құрып, үйленген кезде мен оған күйеу жолдас болдым. Сол кезде тарихи «Қоңыр әулие» үңгірінің ішіне кіріп, табиғаттың керемет бір тылсымын көргенім көз алдымнан кетпейді. Бұл өлке де талай тарихты ішіне бүгіп жатқан қасиетті жер екенінде күмән жоқ. Бұған қоса, Бауыржанның жолдасы Махаббат қазақтың біртуар ақыны Төлеген Айбергеновтың қызы болғандықтан, оның Абай еліне келін болып баруының өзіндік ерекшелігі бар еді. Себебі, сол тойда ұлы Абай мен Төлеген ағамыздың сөзіне жазылған әндер өзара үйлесім тауып, ерекше нақышта таң атқанша шырқалғаны есімде. Бұл әдеттегідей екі жастың үйлену тойы ғана емес, жан сарайымыз жадыраған ғибратты кеш болды деуге болады.

Бауыржан жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін шығармашылықпен ғана емес, ғылыммен және ұстаздық іліммен айналысты. Студент кезінен қаламының қарымдылығымен және ізденімпаздығымен талай конференцияларда баяндама жасап, көзге түскен Бауыржанды ұстазымыз, профессор Тауман Салықбайұлы Амандосов журналистика факультетіне өзі басқаратын кафедраға жұмысқа шақырды. Жалпы, соқпағы мен тоқпағы көп өмір жолында Бауыржанның артынан тіреп тұрған көкесі болған жоқ. Сондықтан да ол тек өзіне ғана сеніп, инемен құдық қазғандай еңбек етті. Ол үшін, әрине ерік пен жігер және қажымас қайрат керек екені сөзсіз. Біз кейде «Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді» деп айтатынымыз бар. Бауыржан үш кеменің басын бірдей ұстаса да, өз соқпағынан жаңылған жоқ. Тіпті, қазақ әдебиеті мен поэзиясы құлдырау кезеңін бастан кешіріп, әдебиет пен шығармашылық ешкімге керек болмай қалған тоқырау заманында да қолынан қаламын тастамады. Соның нәтижесінде жақсы ұстаз да, зеректі ғалым да және талантты ақын да бола білді. Ғылым саласында филология ғылымының докторы, профессор, ҚР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі дәрежесіне дейінгі жолды еңсеріп тастады. Ұстаздық жолында өзі оқыған факультеттің деканы дәрежесіне дейін көтерілді.

Кейіннен Баукең «Қазақ энциклопедиясының» бас директоры қызметінде жүрген кезінде де өзін жаңашыл қырынан таныта білді. Қазақ руханиятына байланысты көп дүниелерді жарыққа шығарды. Бірде ол маған хабарласып:

– Беке, жуырда біз Шығыс Қазақстан облысының энциклопедиясын шығардық. Соның бір данасын саған сыйлық жасайын деп едім, – деді.

Өз басым 14 жыл Шығыс Қазақстан облысында «Бақты», «Семей», «Ауыл» кедендері мен кеден бекеттерінде басшылық қызмет істегеннен кейін бұндай энциклопедия мен үшін өте керек дүние екені түсінікті. Содан қызмет орнына келіп, аталмыш кітапты қолыма алдым. Ашып қарасам, ішінде мені де кіргізіп, өзімнің ШҚО кеден саласына сіңірген азын-аулақ еңбегімді де атап өтіпті. Бұл мен үшін тосын жағдай еді, әрине. «Болар елдің баласы бірін-бірі батырым дейді» дегендей, осындай достық пейілі үшін Бауыржан досыма рақметімді айтып, қызметіне жеміс тіледім. Өкінішке қарай, кейіннен талай жәдігерді сыйға тартқан «Қазақ энциклопедиясы» жекеменшік қолға өтіп, өзінің қазақ руханияты алдындағы деңгейін түсіріп алды.

«Алмас қылыш қын түбінде жатпайды». Баукең «Қазақ энциклопедиясынан» кеткеннен кейін әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті ректорының кеңесшісі және Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары қызметіне жоғарылады. Бір сөзбен айтқанда, кезінде Мұхтар Әуезовтан бастап Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин сияқты ұлылардың ізі қалған қара шаңырақтың уығын ұстап отырған азаматтардың қатарына қосылды. Сондықтан да қазіргі уақытта Бауыржан досымызды зиялы қауым ортасынан жиі көретін болдық. Әсіресе әдебиетке байланысты халықаралық дәрежедегі конференциялар мен кез келген мерейлі даталардың бәрінің басы-қасында Бауыржан жүреді, баяндаманы да Бауыржан жасайды. Бұл оның әдебиетші ғалым, талантты ақын және қоғам қайраткері ретіндегі өз биігін көрсетері хақ.

Ал енді ақындық жолына келер болсақ, атағы жер жарған спортшылар сияқты, Бауыржан алмаған титул, Бауыржан алмаған атақ жоқ шығар. Студент кезінен бастап ешбір жыр мүшәйрасынан қанжығасы майланбай қайтпайтын ол есейе келе де ақындар көшінің алдында жүрді. Соның бірі де бірегейі – Қазақстан Республикасы «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты атануы. Оның қаламынан шыққан «Жұлдызды шақ», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Аудитория», «Баспалдақтар», «Қолтаңба», «Ақ лак» «Бір кемелдің үстінде», «Уақыт ұршығы», «Қызыл қайың» сияқты жыр жинақтары оқырман жүрегіне жылы жол тауып, ақын ретінде де өз биігіне шықты.

Біз өмір жолында әрдайым бір-бірімізге қамқоршы әрі сүйеу болып жүрдік. Бұл – біздің кіндігі бір жіпке байланған егіздер сияқты ажырамас достығымыздың белгісі. Сонымен қатар қуанышымыз бен қайғымызда да біргеміз. Әсіресе, өзімнің нағашым, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-журналист Кәкімжан Қазыбаевтың 80 және 90 жылдық мерейтойларын өткізгенде сіңірген еңбегі ерекше. Кәкімжан ағаның шығармашылығына байланысты жасаған сындарлы да мазмұнды баяндамасы, арнау өлеңдері, деректі фильм түсірудегі тигізген қолғабысы – оның үлкен азаматтығының белгісі. Бұған қоса, өзімнің «Менің тағдырымдағы адамдар» атты эсселер жинағым жарыққа шыққанда қуанышымды бөлісіп, «Түркістан» газетінің айқара бетін ала жазған рецензиясын оқырмандар өте жылы қабылдады. Ол кезде Бауыржан «Қазақ энциклопедиясының» бас директоры қызметінде болатын. Осы рецензияны оқыған бір досымның телефон шалып: «Беке, сіздің кітабыңызға «Қазақ энциклопедиясының» бас директоры әрі профессордың рецензия жазуы тегін емес қой» деп таңданыспен айтқаны әлі есімде қалып қойыпты.

Ал енді Бауыржан 50-ге толған жылы Семей өңірінде оның шығармашылық кеші өте жоғары деңгейде өтті. Сәтін салғанда мен ол кезде «Семей» кеденінде басшылық қызметте болатынмын. Сол кезде есімі Семей өңіріне танымал азамат, белгілі меценат Марат Құрманбаевпен бірлесе отырып, сол шараны абыроймен өткізгеніміз әлі есімде. Аталмыш кездесуде жырдан шашу шашылып қана қойған жоқ, Баукеңнің сөзіне жазылған әндер де шырқалды. Кеш болатын күні бүкіл ұжымды Баукеңнің әдеби жыр кешіне зорлықпен алып бардым. Поэзияны онша түсіне бермейтін кейбір кеденші әріптестерім сол кештен кәдімгідей рухани ләззат алды. Тіпті кейбіреулері бұндай шығармашалық кешке өмірінде бірінші мәрте барып тұрса керек. Ертесіне жұмысқа келген бетте солардың біреуі:

– Бекен Төлеужанұлы, кешке апарғаныңызға көп рақмет. Көптен бері өлең тыңдап көрмегендіктен бе, көзіміз көп нәрсеге ашылғаны рас. Мәдени тұрғыдан жақсы дем алып қалдық. Мынандай танымал жігіттермен бірге оқып, жолдас болып жүрген сіз де тегін адам емессіз ғой, – деп таңданыспен айтқаны бар еді.

Иә, біз жалындаған жастық шағымыздан бір нанды бөліп жеген дос болғаннан кейін бір-біріміздің қалжыңымызды да, өкпе-назымызды да көтере береміз. Олай дейтінім, 2002 жылы Бауыржан отбасымен Алакөлге демалуға келді. Ол кезде Шығыстағы «Бақты» кеденінде басшылық қызметте болатынмын. Алдынан әріптес жолдастарыммен құрметті қонағым ретінде тосып алдым да, көрнекті жерге орналастырдым. Себебі сол жылдары Алакөл демалыс аймағы дұрыс дамымаған және тиісті талапқа сай жатын орын табу қиын кез болатын. Шамам келген-

ше досымның бүкіл жағдайын жасауға тырыстым. Сонымен қатар жанымда жүрген жігіттерге аяғын жерге тигізбей таныстырып, барлық атақ-дәрежелерін түк қалдырмай тізіп айттым. Бәрі жақсы болды. Бауыржан досым да, бала-шағасы да дән риза. Бір ғана әттеген-айы – астына мініп келген «Жигулиі» қайта-қайта бұзылып, әбден есті шығарды. Әріптес достарым техникалық жөндеу орталығына апарып, жөндетіп алып келеді. Көп ұзамай, қайта бұзылады. Сол кезде жанымда жүрген жолдастарымның біреуі:

– Сіздің досыңыздың атағы жер жарып тұр, алайда астына мініп жүрген көлігі затына сай келмейді екен, – деп айтып қалмасы бар ма?! Өзім де солай ойлап жүр едім. Содан кейін қайтар кезде Бауыржанға:

– Бауке, профессор, декан, лауреат деген атағың жер жарып тұр. Сондықтан да атағыңа сай дұрыс көлік алшы. Ақшаң жетпесе мен берейін, – дедім.

Менің мына сөзімді естігенде Бауыржан күліп жіберді. Содан арада көп уақыт өтпей-ақ Бауыржан телефон шалды. Ол кезде Алматыға кезекті еңбек демалысына келген едім. Ар жақтан:

– Беке, Алакөлде дұрыс көлік алсаңшы деп ұрсып қоймап едің. Ертең автобарахолкаға баруға жиналып отырмын. Енді сол көлікті өзің таңдап бер, – демесі бар ма?!

Ертесіне екеуміз автобарахолкада кешке дейін жүріп, бір «Мерседес» автокөлігін таңдадық әйтеуір. Осы орайда қазақта «Алла Тағала бергенінің берекесін берсін» деп айтады емес пе?! Сол көлікті Бауыржан ұзағынан мініп, өзіне құтты дүние болып қонды. Және де аталмыш көлікті мініп жүріп, қанжығасы майланған аңшы сияқты, әр сапары сәтті болды. Сөйтіп, бір кездегі бала Бауыржаннан дана Бауыржанға айналып, немере сүйген аталы Бауыржан дәрежесіне жетті. Сонымен қатар кез келген ортада төрден орын алып, көпшілік бата сұрайтын абыройға ие болды. Түсіне білген адамға кез келген пенденің маңдайына жазыла бермейтін бұл да бір үлкен бақыт, үлкен жетістік, әрине.

Иә, бұл өмірде құтың қашпай, құтты дүниелерің көбейе бергенге не жетсін?! Қазіргі уақытта біз Бауыржан досымызды мақтамаймыз, онымен мақтанамыз. Ол – қазақтың ғана емес, Алаштың атын шығарып жүрген азаматтардың бірі және бірегейі. Өйткені оның жүрегінің түпкірінен мөлдіреп шыққан жыр шумақтары қазақ оқырманы ғана емес, орыс, түрік, украин, македон, түрікмен, қырғыз тілдеріне аударылып, қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтере білді. Сөйтіп, бір кездері ұлы хакім туған топырақтан нәр алып, Алматыға Абай поэзиясымен сусындап келген Бауыржан да ұлы көштің қатарына қосылды. Бұл абыройы мен азабы қатар жүретін киелі көш, әрине. Сондықтан да бұндай көштің соңында шаң қауып қалмау үшін даналық пен даралық керек. Ал ондай қабілет Бауыржанның бойында жетерлік. Көшің көлікті, қоржының толықты болғай, достым!

Бауыржан Омар,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, академик.
ҚР Президентінің кеңесшісі

Біз үшеу едік... (Алақандай эссе)

Біздің дәуірімізде журфакта үш Бауыржан бар едік. Бауыржан Үсенов, Бауыржан Жақып және біз. Тату едік. Тілеулес едік. Сыйлас едік. Бауыржан Үсенов отыздың үзеңгісіне енді ғана аяқ артқан кезінде өмірден өтті. Содан екінші Баукең екеуіміз бұйырған белеске бірге беттеп келеміз. Баукемнің бұл турасында жазған «Үш Бауыржан» деген өлеңі де бар...

* * *

Сонымен, Бауыржан Жақып... Абай аулының перзенті. Шыңғыстаудың шайыры. Арқалы ақын. Әлеуетті әдебиеттанушы. Ғибратты ғалым. Даңқты доктор. Парасатты профессор. Шарапатты член-корр...

* * *

Баукеңді дәл осы суреттегі кейпінен, жо-жоқ, суретке анықтап қарайыншы, одан да ілгеріректегі кезінен біледі екем. Сырықтай ғана жіп-жіңішке жігіт. Жасы он сегізге ғана. Бауырмал. Изетті. Бізден бір курс жоғары оқыды. Жыр қуған һәм жын қуған журфакта бір-екі курстың айырмасы білінбейді. Бір үйдің баласындай араласып-құраласып жүре бересің. Бауыржан салғаннан өлең жазды. Университет қабырғасындағы балауса жырларының ішінен «Ұқсап кеттім сол сәтте менің өзім, Ұзындыққа секірген спортшыға», – деген сыңайдағы бірді-екілі жолдары есімде қалыпты. Ол шынымен де поэзия кеңістігінде ұзындыққа секірді. Жыл өткен сайын жырлары жетіле түсті. «Бейнеңді жүрем жаттап-ап, Жүрегім – фотоаппарат», – деп махаббат лирикасына өзгеше өрнек салды. Онысын көңілі ауған белгісіз аруға: «Сені мендей көп түсірген, Фотограф жоқ әлемде!», – деп шегелеп тұрып ұқтырды. Баяғыда біздің курстың арқыраған ақыны Құтмағамбет Қонысбайдың бесінші жатақхананың бір ақмаңдайына арнап шығарған «Бәрінен жігіттердің алда келгем, Мен саған су да бергем, бал да бергем», – деген өлеңін малданып жүрген бізді Баукеңнің «Сені мендей көп түсірген фотограф болмақ емес бұл жалғанда» деген поэтикалық декларациясы жүдә тәнті еткен-ді. Оны айтасың, бір күні әрі студент, әрі бойдақ Бауыржан ақын:

*Саған да ашық есік әр,
Менімен келсе жұпталғың.
Келіні болсаң, несі бар,
Ұлы Абай менен Мұхтардың?! –*

деп тұжырымы тосындау бір әдемі жыр жазды. Шынында да, әсерлі. Абай ауылының ақын баласы басқа не демек?! Қандай жарасымды! Содан біз де Баукеңе еліктеп, Аралдың атақты адамдары мен «Қан мен тердің» әйгілі кейіпкерлерін тізбелеп көреміз. «Әйтеке мен Әбеңе, Келін болсаң, несі бар?». Жоқ, болмайды. «Еламан мен Мөңкеге, Келін болсаң, несі бар?». Біртүрлі. «Келіні болсаң, несі бар, Судыр Ахмет көкемнің?». Қой, мұндай өлеңнің Шыңғыстаудың бөктерінде туып-өскен Бауыржан досымызға ғана жарасатынын білдік те, оның әйгілі кейіпкерлеріне серік қоспадық. Өлеңге жоламадық сосын.

Ақындығы өз алдына, Бауыржан жақсы ұстаз болды. Журналистер армиясының қалың қолы Баукеңнің алдынан өтті.

Журфак – ақыны көп ауыл. Сол ақындарды аялаған декандар да, аямаған декандар да бол-

ды. Бауыржан Жақып журфак деканының орынбасары боп тағайындалғанда:

*Ақындардың ішінен
Декан өсіп шықпайтын.
Декандардың ішінен,
Ақын өсіп шықпайтын.
Заңдылық деп түсінген,
Жұрт та мұны құптайтын.*

*Қызмет қой бұл түбі,
Ақын емес жанға тән.
Б.Жақыпов бір күні,
Болып шықты замдекан!*

*Ұстаздар да құп деді,
Шәкірттер де құп деді.
Декандығын білмейміз,
Ақындығы мықты деді! –*

деп қалжың айтқанбыз. Сол Баукең кейін замдекан тұрмақ, деканның өзі болды. Тіпті бүкіл студент бөлмесіне кіруге асығып тұратын нағыз халық деканына айналды. Күллі журфак оны төбесіне көтерді. Атақ та, абырой да, бақ та, береке де оны өзі іздеп тапты.

Расында да, ол іздесең таптырмайтындардың санатынан емес-ті. Жарасқан ағамша айтсақ, «Тұрады айтқан сөзінде, Келеді айтқан кезінде...». Қарапайым. Кішіпейіл. Ол адамды аялай біледі. Аялай білген соң, саялай білетіндер оның төңірегінде толып жүреді.

Іздегенде оңай табылады демекші, бір-ақ рет қана оны таппай қалдық. Баяғыда Мамытбек Қалдыбаев ағай Светқали, Бауыржан (Үсенов), Нүсіп төртеумізді Бауыржан Момышұлына ертіп апарып, арнайы жолықтыратын кезде, Баукең қолға түссеші... Жер жұтып кеткендей жоқ. Тіпті бошалап та үлгермеген бозбала шағы... «Әлгі Жақыпов қайда жүр? Баукеңе үш Бауыржанды ертіп апарсам деп едім», – деп, Мамытбек ағам қынжылып, желкесін қасып, КазГУградтан ұзағанша бесінші жатақхана жаққа қайта-қайта қарайлаумен болды. Бауыржан ұшты-күйлі жоқ. Алпыс бірінші автобустың өзі оның жоқтығына кіжінгендей, «Орбита» ықшамауданына қарай ыңырана тартты. Сөйтіп, бас Баукеңе жас Баукеңсіз бардық. Сол жолы Бауыржан бірге болғанда Светтің белгілі балладасының аты «Момышұлына сәлем бере барған бес шайыр туралы хикая» деп тұрар еді. Е, Бауке... Сол күні қайда болғаныңды әлі күнге дейін сұрамаппыз, сен айтпапсың... Шынымен қайда жүрдің ей сонда? Алпысқа келдің ғой, айта салшы енді...

Тұмадай тұнықтық

Жас ақын Бауыржан Жақыповтың бес топтама жинаққа енген сыршыл жырларын оқырмандары кезінде жылы қабылдап, республикалық мерзімдік баспасөз беттерінде ыстық ықыластарын білдірген болатын. Таяуда «Жалын» баспасынан оның «Көзімнің нұры» атты жаңа өлеңдер мен балладалар жинағы жарық көрді.

Кітап екі бөлімнен тұрады. Автор Отан, туған жер, өскен өңірге деген азаматтық көзқарасы мен ақындық шабытынан туындаған жырларын «Мөлдір моншақтар» атты алғашқы бөлімге топтастырыпты.

Өзгеге ұқсасмас жеке үн, дара стиль қалыптастыруды алдына биік мақсат қойған Бауыржан қай тақырыпқа қалам тербесе де жан-тәнімен беріле, жүрегінен жарыла ақтарылады. Бұл – ақындыққа тән басты ерекшелігі. Алмастың жүзіндей өткір ойлы, кең арналы, терең мазмұнды жырлары оқырман болмысын өзіне баурап ала қояды. Баурампаздығы сол – лирикалық кейіпкерлерімен бірге жанасың, жалындайсың, қатуланасың, қаһарланасың, енді бір сәт оңаша қалып, өзгенің бәрін ұмытып, ет-жүрегің елжіреп, сағыныш күйін шертесің. Осылайша өлең-сөздің күдіреттілігіне тәнті боласың.

*Көрдім де көкжиектен кереметті,
Жанымның жалын күйін шерте бердім, –*

деп шалқыған автордың жырына «азықты», жанына шабытты өмірдің қайнаған ортасынан алатынына иланасың. Әрі таспадай тілініп, қамшыдай өрілген өлеңдерінен ақындыққа тән көрегендік, сезімталдық, сергек байқағыштық, тамаша тапқырлық қасиеттерді көріп қуанасың. Республикалық комсомол Даңқы музейіне арналған толғауында:

*Музей тұр көмкерілген мәңгі жасыл,
Жастықтың дәл өзіндей шыршаменен, –*

деуі көз қорына іліккен әр нәрседен ақынның астарлы сыр түйіп, тағылым ала жүретінін аңғарса керек.

Осындай жоғары пафоста жазылған «Қара шаңырақ», «Менің антологиям», «Алатау», «Семей», «Қостанайға барсаң егер...», «Жарық туралы», т.б. өлеңдері – тұма суындай мөлдіреп, тереңнен шымырлап, қайнап шыққан өзекжарды туындылар. Өрнекті сөздің әріне де, нәріне де қанығасың. Осындағы табиғат-ананың тамылжыған тамаша көркіне таңдай қағып, құр тамсана бермей, оның әр бұтасының бойына қан «дарытып», жан бітіре суреттеу – Бауыржанның поэзиядағы өзіндік ерекшелігі деп түсінген ләзім.

Осы тұста тағы бір аңғарғанымыз – жас ақынды бүгінгі күннің қоғамдық, әлеуметтік мәні бар мәселелері көбірек толғантады екен. Дүйім жұртты дүрліктірген табиғат экологиясы оның да арқасын аяздай қарып, жанын сыздатады.

*Сыр қайда, сырбаз шағын сағынбай ма,
Әндетіп кеп қосылар Әму қайда?
Екеуі баяғыдай жарыса ағып,
Қасынан Аралымның табылмай ма?! –*

деп суын аңсаған шағалаша шарқ ұрады. Жұбайына еркелеген қас арудың қос бұрымындай

бұлғақтап, арнасына сыймай, жағалауын соққылап, асып-тасып жататын егіз өзеннің Аралға әкеп «сыйлайтын» тау-тау тасқынын көз алдына елестетеді.

*Мен үшін Аралым – жыр, Балқашым – ән,
Бойымда соларды ойлап қан тасыған.
Күні ертең келер ұрпақ шарқ ұрмасын,
Таба алмай Жер шарының картасынан.
Биіқынып құлазыған құм қармаған,
Дауысын толқындардың тыңдар ма адам?
Айрылып қос көлінен – қос көзінен,
Қалмасын соқыр болып туған далам! –*

дегендегі метафоралар поэзия пәрменділігін барынша арттыра түседі. Жас ақынның жыр бәйгесінде көсіліп, ұзаққа шабар кең тыныстылығын айғақтайды. Осы шумақтардағы жан түршіктіретін болжамдар жанарыңа еріксіз жас үйіріп, қолыңнан келгенше арашаға ұмтылуға жетелейді.

«Сыр сандығын ашып қарар» болсаң, автордың сағынышқа толы сазды әуендері «Сезім сырлары» бөлімінен шуақ шашады. «Мәңгілік сағынышым», «Балалықты еске алу», «Ұста шал», «Қарағаш сайы» өлеңдеріндегі ұтымды тіркестер мен оқыс теңеулер жыр табиғатын жұтындыра жарқыратады.

Бауыржан адамтануға да бейім. Ол характер жасауда портреттеуден гөрі кейіпкерінің ішкі жан-әлеміне үңілуге бейім. Оның осы үрдісте туындаған «Шәкәрім тойына» атты өлеңінің соңғы шумақтарын оқып көрейік:

*Сол өлкенің қарты кеп, жасы келіп,
Беріп тұр тұлпарыңның басына ерік.
Қазақтың қасиетті жыр-көшінінде,
Барасың ұлы Абайдың қасына еріп.
Салмақты сөзбен жетіп алысқа ойың,
Тамсантақтың Сыр жағасын, Арыс бойын,
Тағдырын байтақ елдің толғап өткен,
Өзіңсің қазақтағы Толстойым, –*

Міне, араға жарты ғасыр уақыт салып, қайтып оралған туған әдебиетіміздің алыптарының бірі – Ш.Құдайбердиевке ол осындай қысқа да нұсқа баға береді. Бұл – авторлық көкейтесті тұжырым.

Қалам иесінің атап көрсетер тағы бір қыры – оның әр сөзді мағынаға байытып, ойды ойнатып, көркем жазуды мақсат тұтатыны. Мұндай жырларын санаңда саралаған сайын, орнын тауып, тіркес түзген «сөз сарасынан» сусындап, мейірінді қандырасың.

Кітаптағы «Қара бура», «Жаңғырық» балладалары да – шындықпен суғарылған шымыр дүниелер. Бұл төлтумаларда маңдайын күнге күйгізіп, табанын тасқа тілдірген халқымыздың шаруақор азаматтарының толыққанды бейнесі «мен мұндалайды». Әрі осындағы ұлттық ою-өрнек, дәстүр-салтымызға лайық кейбір көріністер шығарма мазмұнын қордаландырып, көркемдік дәрежесін биіктете көтереді.

Өмірді өлеңімен өрнектеген жас таланттың бір өлеңінде «Ақын мен әлем арасында да, құдіретті күш бар шығар, бәлкім» деп пайымдауы оның жыр алдындағы жауапкершілігінің безбені іспетті. Олай болса, халқына бергенінен берері мол Бауыржаннан жыр сүйер қауымның күтері көп. Ендеше, біз: «тұмадай тұнықтығыңнан айрылма» демекпіз.

*«Алматы ақшамы» газеті,
11 шілде 1990 жыл*

Әмірхан Балқыбек,
журналист, ақын

Бұлттардан аспан ойын оқыған...
ақын Бауыржан Жақып шығармашылығы жайлы

Әсілі, нағыз ақын жайлы әңгіме айту – қиынның қиыны. Жандүниенің әлдебір түкпірінде ақын жайлы ақынның өзінің өлеңдерінен артық кім айта алады деген күдігі қалың кірпияз қарауыл ой қылаң береді де тұрады. Ал ол шығармашылығы жайлы сөз етпек ақыныңыз табиғи тұма ой-сезім мен аспани асау шабыттың иесі болса, халіңіз тіпті мүшкілдене түспек.

Бауыржан Жақып творчествосы туралы толғанбақ алдында біз де басымыздан осындай алаңдаулы дүдәмал көңіл-күйді кешкенімізді жасыра алмаймыз. Әйтпесе, өзіне-өзі бас бармақты баға беріп тұрған мынандай ай маңдайлы өлең жайлы не пікір айтуыңызға болады:

*Аспан – Ұлы суретші, неткен құдіретті едің!
Күннен алған гажайып бояуларыңмен
Сен салған бұлт – суреттерің
Жатыр менің астасып ой-арманыммен.*

*«Сұлу әйелдер бар жанның шұғыла – арманы»
«Сары күздегі алтынжал Сібір орманы...»
«Қара бояудың сан түске құбыла алғаны...»
«Көгілдір үміт. Көк теңіз. Кеме күйреген...»
«Халықтың салты, дәстүрі, мұңы мен зары...»*

*Леонардо да Винчи, Врубель...
Шишкин, Суриков...
Куинджи.
Айвазовский.
Қастеев, Телжанов... ұлылар бәрі
Сурет салуды сенен үйренген.*

Міне, бұл – құйылып түскен өлең. Өз мазмұны, парасат-пайымыменен ғарыштан келген әлдебір тылсым әуен жетегінде ақын жүрегінен жарық дүниеге қас-қағым сәтте жарып шыққан өлең. Дүр өлең.

Сұлу әйел... Сары күз... Қара бояу... Көгілдір үміт... Халықтың салты, дәстүрі, мұңы мен зары... Осының бәрі бірімен-бірі жарыса, астаса өріліп жатыр. Бір қарағанда әйгілі суретшілердің ұлы туындыларының ақын санасында өзгеше өрнекте таңбаланған атаулары секілді көрінсе, ал енді бір қарасаң, бүкіл адамзат баласының, тіпті күллі ғаламның тарихы іспетті сезіліп кетеді. Қараңызшы: «Қара бояудың сан түске құбыла алғаны...». Мұндай тосын жыр жолын енді аспани асау шабыттың бұрқағы демеске шараңыз жоқ. Неге дейсіз бе? Айтайық.

Әдетте, Жердің тартылыс күшін жеңіп, ғарыш кеңістігіне көтерілген қай-қай адамзат баласы да космостың миллиардтаған жұлдыздар мылқау үн қататын ұшы-қиыры жоқ қара бояудан тұратындығын әңгіме етіп жатады. Ал сол қара бояу жерге келгенде күрт өзгеріп сала береді екен. Бәрі де бірауыздан, бір кездері Лермонтов ақын көріпкелдікпен жазғанындай, Жер – Ана көк төсінен көгілдірленіп көрінеді дейді. Яғни, түпсіз қара бояу құшағындағы Жер – Анамыз «Көгілдір үміт. Көк теңіз...» түске еніп құбылады. Сосын ондағы мың сан ұлыс пен ұлтқа бөлінген адамзат баласының қилы тағдыры «Халықтың салты, дәстүрі, мұңы мен зары...» болып түйінделеді. Бұдан кейін Аспанның Ұлы суретші екендігіне, арғы-бергі әйгілі қылқалам шеберлерінің бәрі де сурет салуды сол Ұлы Аспаннан, бәлкім Тәңіріден үйренгендігіне еш

күмәніңіз қалмайды. Көз алдыңызға майлы бояумен кенепке түнгі жұлдызды аспанды, яки күнбағысты тез-тез шабыттана бейнелеп жатқан атақты Винсент Ван Гог елестеп өткендей болады. Мұнда да сол бояу орнына сөзбен жұмыс істеудегі экспрессивтілік байқалады, мұнда да сол танып-білгенінді, сезініп-түйсінгенінді ірі-ірі айшықтармен анық та дәл түсіру шеберлігі аңғарылады. Ван Гогты суретшілердің ішіндегі ақын десек, Бауыржан Жақыпты ақындардың ішіндегі суретші демеске лажыңыз қалмайтындай.

Ван Гог дегеннен шығады, сол Ван Гогты әлемге әйгілі еткен күнбағыстар жайлы атақты суреттер топтамасы деп түсінсек, Бауыржан Жақыптың да қайта-қайта айналып соға беретін бір тақырыбы бар. Өлең жинақтарына, олардың мазмұнына көз жүгіртіп отырып, ақынның кәділгі бұлтқа ен таққанын, оны өз шығармашылығының киесі іспетті сезінетіндігін аңғарасыз. Мысалы, «Ақша бұлт» атты өлеңінде:

*Саған сіңген сан алуан
тіршіліктің нұры ма?!
Көрдім, көрдім, көп көрдім,
қанбай қойдым сырыңа.
Менің жаным бір күні
ақша бұлтқа айналып,
Сол ақша бұлт айналар
бір ақынның жырына, –*

деп өзінің ақша бұлт – ақындық сапарын жырласа, ендігі бір «Бұлттардың жазған жазуы...» атты өлеңінде сол ақша бұлт – ақындық ғұмырдың түйгені мен түйсінгенін пәлсафалық ой-қуатпен былайша таратады:

*Қаңқылдап ұшқан қаз үнін,
Естісең, гажап басталған.
Бұлттардың жазған жазуын
Көрдің бе оқып аспаннан.*

*Сыр да бар онда гажайып,
Сан алуан түрлі бояулар.
Көбейіп, бір сәт азайып,
Үңілсең, күтіп аялдар.*

*Жыр да бар сол бір бұлттарда,
Шежіре шертер дастан бар.
Найзағай осып жыртықанда,
Құламай қалған аспан бар.*

*Тарихтың небір парағы,
Жазылған көкке бұлт болып.
Толтырып күйге даланы,
Оқыған соны жұрт көріп.*

*Мұң да бар онда, шер де бар,
Төгілген маңдай тер де бар.
Екпіндеп аққан өзенмен,
Екіленіп соққан жел де бар.*

*Қуаныш та бар, бақ та бар,
Абырой, атақ, тақ та бар.
Тебінсе шапқан ат та бар,
Тебіреніп тұрған шақ та бар.*

*Ер де бар елін қорғаған,
Ел де бар бақыт орнаған.
Бұлттармен бізге жетеді,
Бабалар үні қолдаған.*

*Құс та бар, шіркін, құтқарсаң,
Шыға алмай тордан, байланған.
Сұлу бар онда сұқтансаң,
Періште-бұлтқа айналған.*

*Құлаққа ұрған танадай,
Тып-тыныш туған айлар бар.
Өртенген қайың, қарағай,
Астаң да кестең майдан бар.*

*... Оңаша жатыр жазығың,
Осында бәрі басталған.
Бұлттардың жазған жазуын
Оқып көр ойлы аспаннан.*

Бауыржан Жақып шығармашылығында бұлттарға арналған бұлардан басқа да бірнеше өлең бар. Бірақ бұдан ақын тек аспанға үңіледі екен, демек шынайы өмірден ой-ордасын бөлек қондырып, сезім-көшін өзге бағытта бет түзеткен деген жалған түсінік шықпауы керек. Оның бұлттар жайлы өлеңдерінің өзінен ақынның нақты реал өмірге аспан көзімен қарауға ұмтылатындығын анық аңғаруға болады. Бұл жағынан келгенде Бауыржан Жақыпты табаны жерде, туған жердің киелі топырағында нық тұрған ақын деп батыл айта аламыз.

Орыс поэзиясының тарихында екі ұлы ақын – Пушкин мен Лермонтовты өзара салыстыра келіп, Лермонтовты көктен жерге бет алған ақын, ал Пушкинді жерден, яғни, өмірдің кәдуілгі шындығынан Аспанның абсолют ақиқатына бет түзеген қалам иесі деп танитын ұғым қалыптасқан.

Бауыржан Жақып – осы Пушкиннің, қазақ поэзиясындағы Ілияс, Қасым, Төлеужан, Төлеген сынды ағаларының ізбасары. Яғни, шығармашылық күш-қуатты туған жерден, оның табиғаты мен туған халқының тарихынан, рухани мол мұрасынан алатын ақын. Бұл сөзімізге ақынның мына өлеңі нақты дәлел бола алады:

*Ойсызға жұртым балама,
Ойсыздар бізде аз ба еді?!
Оятқан мені далада
Қаңқылдап өткен қаз демі.*

*Сағынып биін талдың да,
Сарғайып қазір шақ жүрміз.
Оятқан таңның алдында,
Аспаннан аққан ақ жұлдыз.*

*Кеудеме құйған мың сан нұр,
Сәулесі Күннің бейуақта.*

*Оятқан иісі жусанның
Қытықтап мені кей уақта.*

*Оятқан мені әжемдей,
Әдемі таңның әлдіі.
Күмбірлеп аққан өзендей,
Күйшінің шерткен сан күйі.*

*Аспаным сөйлеп не тілмен,
Жанары бұлттың жсай атты.
Сондай бір кезде бетімнен
Тамшылар сүйіп оятты.*

*Қақың жоқ, ақын, қалғуға,
Алқа жырыңды Айға тақ.
Шалқаңнан жатып шалғында
Оянған шақтар әйбат-ақ.*

*Оята берші, небір үн,
Бастала берсін қайта өмір.
Оятқан табиғат – Тәңірім,
Ұйықтатпа мені, әйтеуір.*

Ақынның шығармашылық жолы, міне, осылай басталған. Ал мұндай ақынның мың қатпарлы ойда терең, миллион түс бояулы сезімде биік болмасқа қақысы жоқ және солай да!

Біздің қазақ «измдерден» қашатын бір балаң аурудан құтыла алмай жүр. Бұл дұрыс емес. Әр дүние өз орнымен бағалануға тиіс. Сол «изм»-дердің бірін, яғни, «импрессионизмді» қазақша сөйлетсек, «әсершілдік» деген сөз шығады екен. Ал осы «әсершілдердің» атақтыларының бірі Клод Моненің «Бұлбұл қалай сайраса, мен де суретті солай саламын» деген қанатты сөзі бар. Бұл сөз сурет өнерімен ауылы қашанда көрші қонып келе жатқан поэзияға да ортақ десек, оның бір айғағы тағы да Бауыржан Жақып шығармашылығынан табылады. Мысалы, ақын «Бояулар» атты өлеңінде былай толғайды:

*Өзендер ағады, мұхитқа құям деп,
Таулар тұрады, бұлттарды жиям деп.
Бұлттар көшеді, жаңбыр боп жауам деп,
Даланың төсіне тамшы боп тамам деп.*

*Көлдер тұнады, аспанды көрем деп,
Түнде құс жолынан жұлдыздар терем деп.
Ормандар шулайды, жапырақ бұлғайды,
Әнін бұлақтың гүлдер тыңдайды.*

*Самал еседі шалғынды билетіп,
Құстар сайрайды ән-жырды үйретіп.
Түндер сыйлайды Айды әкеліп,
Таңдар атады, Күнді көтеріп,
Тасқа тіл бітеді қызыл қына боп,
Дала жатады бәріне куә боп.*

Мұны енді поэзиядағы «импрессионизмнің» үздік үлгісі емес деп қалай айта аласыз?! Көз алдыңызда туған жердің табиғаты, оның қиялға қанат бітірер тылсым бояулары тұнып тұрған жоқ па?!

Ақын творчествосында туған жер табиғатын тебірене жырлаған, оқырман жанын қиял биігіне самғатып, шуақты әсерлерге бөлейтін мұндай өлеңдердің жұлдызды шоғыры бар.

Туған жері мен халқын өлең өзегі етіп алған ақын жаны қайғы-қасіреттен де кенде емес. Бұл тұрғыдан алғанда ақын қаламынан туған «Жаңғырық», «Жан дауысы» секілді поэмалар – арнайы әңгіме етуді қажет ететін кесек туындылар.

Ақынның жыр жинағын ой елегінен өткізе отырып, көптеген өлеңге белгі соғыппыз. Ризашылық белгісін. Бірақ олардың бәрі туралы әңгіме қылып жатуға амал қанша, мақала көлемі мүмкіндік бермейді. Сондықтан да әңгімемізді ақындыққа қатысты Шығыста ежелден айтылып келе жатқан тәмсілмен түйіндегенді жөн көріп отырмыз.

Шығыс тәмсілі дарынды ақыннан болашаққа, келесі мыңжылдықтарға екі-үш өлең мұра болып қалса, кемеңгер қалам иесінен ертеңгі ұрпақтарға кемі он өлең ой-тұмар болып жетеді дейді. Мұндай өлеңдер, өз сөзімен айтқанда, «Кендік, Өрлік, Ерлік – осы үшеуін Үшбұрышты Тұмар етіп таққанмын» деп тебіренетін ақында бар деп сенеміз. Ойымызды осылай тұжырымдай отырып, ердің жасы – елуге жетер-жетпес жасында «Жарықтық Абай салған жолға түстім» деп толғанған ақынға дарынды жырларыңыз кемеңгерлік биігіне көтеріле берсін деген тілек айтқымыз келеді.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,
30 наурыз 2012 жыл*

Айгүл Кемелбаева,

жазушы, әдебиеттанушы, кинодраматург

«Көмейден төккен көркем үн»

Бауыржан Жақып: «Халқына бар асылын береді ұлдар».

Бауыржан жырларында кібіртіктеу немесе постмодерн деген сылтаумен беймағына шоқырақтау жоқ. Ол – кең сахарада еркінше көсілетін ұлттық дүниетанымнан айнымайтын ақын. Жаңа заманғы өлең өрісін бір ақындай біледі.

*Жай – қамшымен сұр аспан тартып қалып,
Бұлт иегі бұлтиып кемсеңдеген.*

«Бұлтты жұбату» атты өлеңі ұлттық сипатта өріліп, Тютчев, Лермонтов дәстүрінде қазақы қалыбымен бұлғақтайды. Бауыржанның лирикасының өзегін табиғат, туған жер және азаматтық жыр құрайды. Тың, тосын теңеулер, жыр әлемінде метафоралар қайталанса да қаймағы қалың бейнелеуден ақын кенде емес. Бауыржанның Ертісі ерке, балықерін өзен.

*Төсінен көктің төменге / Төгіледі-ай кеп ырыздық.
Жуынып жуа белеңде, / Тоятпап басын шайқаған.
Тәтті иіске әтір-гүлдердің / Құтысы толып қайтадан.*

«Нөсер». Ақ селеу – қыр төсін теңіздей ырғалтып өсетін шөп. Бұл атаудың ұлттық ұғымға тым жақындығын, шежірелі елдің атрибуты екенін даланың адал сүт емген, бөтенге елікпеген

өз баласына қойған айшықты есімінен де аңғару қиын емес.

Бауыржанда өтірік көз жасы жоқ, жас балаша таңырқау мен масайрау қайғы-мұңды көміп кететіні бар. Өлең ырғағына жасанды нәрсені жұқанадай болсын жолатқысы жоқ тәрізді. Арқаның сауырында өскен баланың континенттік қоңыржай ауа-райын сүйіп суреттей беретіні рас. Табиғат пен жыл мезгілдерін көп жырлаған қазіргі қазақ ақындарының бірі. Мұнда өмірсүйгіштік сарын үстем. Бауыржанның күні де, түні де, таңы да ақ һәм ару болатыны содан болса керек.

Тамшылар, толқындар, нөсер, бұлтты ақын сан алуан сұлулығымен көреді. Бауыржан Жақып бұлтқа ода жазған. Қазақ болып туған соң, ақын қаздардың қаңқылынан бұлттардың жазған жазуын оқиды, содан халқының шежіресін ұғады. Негізінде осынау әсіре тәрізденер поэтикалық суретте ақиқат шындықтың нәрі бар, ғылым куә: әлем жадына жазылатын ақпарат атаулы су тамшыларында болады екен. Су – дерек сақтаушы табиғи қордың көзі. Ал көктегі бұлт – су тасушы, судың алтын ордасы ғой. Адамның өзі тегіс дерлік судан тұрады. Ақын жаны тіршілік көзі – суды риясыз сүйеді: «Су да – кен ғой» десе, «Судың да сұрауы бар» дегенді көшіп-қонған ұлы бабасы айтқан. Оның көшпелі бұлты төрт түлікпен кейіптелген: «Аруана – бұлт», «Шөкімдей ақ бұлт – менің жырым деп ойлағын», періште-бұлт, жыр-бұлт, бұйра бас бұлт, бұлт-ойларым, бұлт өртенді, бәдәуи бұлттар көші, «Ақ бұлттан кигізіпті далам бөрік», «Қорғасын бұлтпын балқыған», «Қара бұлт – қара сәйгүлік тауға қонады», «Ақша бұлт сонау аппак ән», найзағай төпей қамшылаған құлын бұлт, «Түннің алтын кебісі – Айды ұрлады қара бұлт». Қазақ ертегілерінде алтын құйрық құлынды ұрлайтын қара күш жадымыздан өшпейтіні рас. Фольклорлық санасы терең халықтар әлемде аз қалды. Өлеңнен айрылғанның бәрі есеңгіреп, материалдық құл дүниенің шырмауықтай торына әбден тұтылған, өзін жоғалтқан.

Жыраулар поэзиясынан мәлім: Шалкиіз жырау «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп рух шақырады. Бұл тылсым дүниенің қозғаушы күші Көктен екенін анық танытатын, көркемдігі теңдесі жоқ образ. Өмірді астаң-кестең ететін күдіретті күштің символы – аспанды торлаған шағырмақ бұлт. Жарқылдап, жапан дүниені тітіретіп, жай отын тастар шағырмақ бұлт – Құдайдың күдіретінің кенеттен басатын тұспалын аңдататын аса биік поэтикалық образ. Жыраулар поэзиясының кие қонған асыл рухы бір жолынан-ақ танылмақ, онда тұнып тұрған азаттық пен күрес рухы бар.

Абай дәстүрі баршаға ортақ. «Еліккөрген» – марапаты асқан жас поэзияға тағзым. Оқыған сәтте өлеңнің пірін іздеп жазылғандай көрінді. Ол келесі бір өлеңінде осы сарын, Еліккөрген, өлеңтөбенің рухын аңсайды: «Кіндігін өлеңімнің тауым кесіп, / Самалмен тербетеді ауыл-бесік». Таудың күдіреті ерекше, яғни биіктік, жан биігін сүйетін рух. Бір толқын замандас ақындардың кескін-келбеті, даралығы бар. «Еліккөрген» – сол 1980 жылдар басындағы буынның рухани тазалығындай, уызынан жарып шыққан қазақтығының ақ сүті еріндерінен арылмағандай әсер етеді. Олар романтик, ана тілінен мақұрым, адасқан ұрпақ еместігімен баурайды. Сондықтан арада отыз жыл аунағанда бұл өлең ностальгия тәрізді оқылады. Сол достар ішінде 40-тан аса ерте о дүниелік болған ақындар бар. Олардың тірі күнінде-ақ ақынды сағымдай толқыған сағыныш бұғаны бекер болмапты. Адам ғапыл болған соң.

*Жүрегім сағыныштан кетті езіліп,
Достарым қайда жүрсің Еліккөрген.*

Бауыржан Жақып – қыр баласы. Оның өлеңдерінде «Бірде ұршығын иіріп елестесе, / Бірде тоқып көрінер алашасын» әжесінің бейнесі ерен сағынышпен, балалық балдай тұнық сезіммен, сүйіспеншілікпен жарқырайды. Бесік жырын тыңдап, уызынан жарып өскен жылқылы ауыл баласының көзі қырағы, көкірегі сау. Танымы қазақтан қисық өскен, томырық өзімшілдіктен аспас қаланың боз өкпе шалақазақ баласы емес. Қала баласында бауырмалдық, қазақтық дарқан мінез сирек болатыны ащы шындық.

Ауылда өскенін басындағы бағындай көретін Бауыржанның әжесі қолынан ұршығын таста-

майтын, құрт қайнайтын, қазы-қарта, жал-жая пісіретін ырысты қара қазаны оттан түспейтін, алаша тоқып отыратын, тұлабойы тұнған мейірім, аналық ақ ниеті кіршік шалмаған. Қазақтың анасы солай болады.

Бауыржанның «Қолтаңба» атты өлеңінде өмірден өтіп кеткен, аруаққа айналған ата-бабасына тағзым бар. Мұнда ақын өз әжесінің бейнесі арқылы исі қазақтың асыл текті әжелерін суреттей алғаны айдан анық. «Жан әжем», сенің баурыңда, / Тыңдадым қазақ өлеңін», «Өмір сүрген бір менің бағым үшін, / Әже, әже – мәңгілік сағынышым» – ол үлкен шешенің мейірімі, жан жылуы жадында ғұмыр бойы өшпестей болып тұнған балалық шағындағы, тұрмыс-салтты айнытпай көшірген суретке жан салады. Бұл – қазақ ұлтының тұтас психологиялық портреті. Ата-бабасын, өскен ұясын, түп-тұқиянын ұмытқан қазақ тегінде қазақ емес, қаны бөтен біреу, әлдекім. Нағыз қазақтықтың коды міне:

*Келешек бізді күтті алдан,
Келмеске сәби кетті күн.
Сол кезде сықпа құрттарда,
Қолтаңбаң барын білмеппін.
Құртыңды аңсап жаныммен,
Қолтаңбасын мен сағындым –
Аялы алақаның мен
Салалы саусақтарыңның.*

Ең кереметі, бұл өлең тек Бауыржанның қаламынан шыққан жырға ұқсамайды. Оның авторы – мына сіз, мына біз. Со замат о дүниелік болған ұлы әжелерімізді сағынамыз, көбін көзімізбен көрмесек те, құлағымыз естіген қайталанбас есімдері сұлулыққа оранып, көкейімізге оралады: «Өлінің бәрі тірілген, / Асыл сөз төгіл тілімнен» («Қайрау») дейді бір жырында ақынның өзі, сол айтпақшы, әже десе, менің есіме оралатын Нұржан, Балдай, Шәкім, Кенжеғаным – үлкен шешелерім. Бауыржанның өлеңі есіме сол ардақты аналарымның нұрлы бейнесін салуымен құнды. «Сендерге қазақы қасиеттер / Қалар ма екен қалтқысыз маған дарып?» («Ақсақалдарды аңсау»). Олардың қазақы мінезінің бір бояуын еншілесек, бағымыз қайтпағаны. Ал сол асыл әжелерімізге, аталарымызға мүлде ұқсамай шықсақ, онда Құдай шындап атқаны деп білемін. «Жұлдызды аспан көрпедей әжем жапқан» – Бауыржан біздің ұлтқа ежелден тән мейірімді ардақ тұтса, ол соған лайық болғаны. Қазақ – аяғы жерде тұрғанмен, көк жүзіне жиі телміретін, Тәңір Құтын көңілі аласұрып іздей беретін діндарлығы табиғи халық. Бірақ оның діндарлығы басқа халықтарға мүлдем ұқсамайды. Қазақтың ұлттық санасы «Көк пен жерді байқақтап» космогониялық сана болып қалыптасуы – шынайы құтты білік құдайшылдығынан.

*Көмейден төккен көркем үн,
Сен айтқан аңыз, ертегің,
Білмеппін сол кез, шіркін-ай,
Ертеңім екен, ертеңім!*

Бауыржан «Әжемнің шырағы» атты өлеңінде өсер баланың бағы әжелердің бесік жырында, ертегі-өлеңінде екенін анық айтса, бұл – елдіктің, тектіліктің қасиеті һәм қастерлі мұрасы. Қазіргі жаһанданған сана асылын жоғалтып алған соң, азған қоғамның рухы төмен құлдылап, бәңгі күйге ұрынған. Сөз киесін ұмытқан соң, солай.

Дала поэтикасы Бауыржанда мол, сондықтан ақын кейбір өлеңдерінде табиғатты бейнелеуінде қайталауға ұрынуы – заңды. Бірақ бұл оның перзенттік болмысының шынайылығынан болса керек. Адам жадында тұнған бейнелерді есте қимайды, көрікті әннің қайырмасындай еміренеді. Ақынның сондай бір айшықты өлеңі – «Қынананың монологы», жаратылыстың әрбір құбылысын сүю. Қойтастың бетіне шыққан қына мынау дүниенің сән-салтанаты:

*Қынамын, мен – қынамын!
Қойтасқа өрлеп шығамын.
Жабысып жартас басына
Қайызғақтанып тұрамын.
Қабыршақтанған бетімді
Ай нұрына жуамын.
Бояуы бар не түрлі
Күн нұрына жуамын.
Желмаядай желіп кеп,
Жел келіп мені өбеді.*

Ежелгі қазақ санасындай айқын. Толғаудай көркем. Ертегідей сұлу һәм қарапайым жыр. Қазақ баласы осы тектес жаны жұмсақ бейбіт өлеңмен өсуі керек. Бұл ретте бесік жырының сарынына, ертегінің ұйқасына ұқсайтыны ғажап: «Әлди-әлди бөпем-ау», «Ерте, ерте, ертеде, / Құйрық жүні бөртеде...». Бауыржанның желмаясы Қорқытты һәм Асан қайғының сағымдай бейнесін жадымызда тірілтеді. Бұлар – әлемді сақтар сұлулықты кие тұтқан, ізгілік аңсаған әулие жүрек иелері. Тұңғиығынан тартса, тас бетіне өскен қынада қобыз сарын бар: «Бота-қобыз киелім / Неге сонша боздадың?» («Қобыз сарыны»). Қисын қайсы дер?! «Қашсаңдағы өлімнен» бұл – Қорқыт баба образы, аңызда ол қобызын желмаясының мойын терісінен жасаған дейді. Бауыржан жырларында жалған құсаның ізі жоқ. Кейбір жоқ қайғының өзін қайдағыдан қазып алғыш ақындарда бұл қасиет ырымға жоқ.

«Менің далам». Қазақ әлемінің флорасы мен фаунасын тегіс қамтитын отансүйгіштік рухтағы зоологиялық өлең. Оқып отырғанда жан сүйсінтетін бір құпия болатыны, адам жаратылысы табиғатқа телі. Оның аң-құсы, өсімдігі өлмесе, адамзат нәсілі өлмейді. Табиғатқа қазылған ор, жан-жануардың тұқымын тұздай құртар көр – бұл адамзаттың түбі өзі өкіріп келіп құлайтын қара көрі. Ертеде «қара» сөзі үлкен, ұлы деген мағынада қолданылғанын ескерсек, бұл көрдің көлемі дөңгеленген жер бетін тегіс қамтуы тиіс. Эсхатологиялық діни ұғымда ақырзаман.

*Алтайдан кең көсілген Атырауға
Сүйемін мен даламды жан-тәніммен.*

«Санаған бабам итті құт» – қазақ үшін ит – жеті қазынаның бірі. Сергей Есениннен бері болмаса да ақындар ит ғұмырды қарғайды. «Қусүйек ит қу сүйекті кеміріп», келімсек жұрт салтанат құра беретін қалаға көндіксе де бекзат қазақтығын қимай, ұлттық дәстүрге беріктігін ауылға деген басылмас сағынышпен бейнелейтін Бауыржан зарзаман ақындарынан бері қазақта астарлы болып кездесе беретін урбандалған өмірге қарсылығын «Ит туралы баллада» атты өлеңінде берген. Өйткені ол – адамдарға деген мейірім мен сағынышты уағыздайтын ақын: «Кәрлен кесе», «Ұста шал», «Сиыр айдаған шал», «Ескі арба», т.б. Бұл сарын оның өзі өмірінің жалғасы болып табылатын әкесіне арнаған толғау жырларында айдан анық берілген. Ата өсиеті мен бала жолы жалғасады.

Ақынның жан азабы, зары, азаматтық қасіреті – Дегелең полигоны. Тегі африкалық студент Қазақстанның басқа жерінің атауын жадында сақтамауы мүмкін, бірақ Семей десе: «О, о, полигон!» деп дереу даусын созып, білетінін айтып шыға келеді. Бұл құсалы тақырып Бауыржан Жақыптың «Омар қой сойған» бұлағы» атты балладада әсіре айқайсыз қоңыр мұңмен берілсе; «Қоңыр үйрек»: «Өн-бойы сәулеленген қоңыр үйрек, / Өлсе де, туған көлге сүңгіп өлер», атом тажалдың көзге көрінбейтін сиқырын ұқтырады; «Атыңнан айналайын, Абыралым» – Тәттімбет күйші, Әміре әнші, Төлеужан ақын туған құт мекенді құрбандыққа шалу; қобызын бөлек бір атқа артып жүретін, «Телміріп теңдігі жоқ ел болған кез» деп шер төккен, Дулат, Шортанбай, Мұратпен заманы бір Жанақ ақын туған бұл өлкеде әлі талай таланттар туады, бірақ сол құтты өлкенің жаратылыс қорын, тіршілік көзін, көшпелі бабаларым қылдай қиянат жасамаған

ұлы даламызды отарлау арқылы қанатынан қайырып, «Қуарған шөп, тамбай көктің қәусары, / Зәр секілді, у секілді кәдімгі / Гүл атаулы сапсары... / Шыңғыстауда жатыр мазар сазарып...» – улап кеткен қарғыс атқыр, мұхиттың арғы жағымен аңдысқан қу саясатты астыртын айыптайды. Абыралы – қазақ халқының есімін әлем таныған біртуар үш бірдей ұлы: Қаныш Сәтбаев, Ебіней Бөкетов, Ермахан Бекмаханов туралы деректі ғұмырбаяндық романдарды Мәскеудің «Тамаша адамдар өмірі» атты сериясымен шығарған жазушы Медеу Сәрсекенің туған елі.

Бауыржан полигон қайғысын «Жан дауысы» атты кең тынысты эпикалық поэмасында елін сүйген ұлдың үні мен құсадан тіл біткен жер, су, жел, тоғай, тау арқылы береді. «Сөз десе, ішкен асын жерге қойған, / Өлеңін өлтірмейтін ұлы ел қалды» – Шыңғыстау, Абыралыдай құт мекенін ол артық туған ұлдарының өшпес рухымен қорғауға жанын салады: Абай, Тәттімбет, Шәкәрім, Әміре. Өлім туралы өмір шуағын қоса өріп бергенде, мұңға оранған сұлулықтың трагедиясы ашылады. Ал жырының оптимистік сарынын ол «Ұлы Абайдың туған жерін қорғайын. / Ұлылардың топырағын қорғайық!» деп ұран түрінде, полигон жабылар алдындағы атақты Олжас ақын оқыған өлең түрінде беруді хош көрді.

*Келешек ататұғын таңдар үшін,
Күл болып жанды талай жолбарысым.
Күлгін түс жеткізеді күлге айналған,
Дегелең деген таудың жан дауысын.*
(«Жеті бояу»).

Өзі бауырында өскен, ата-баба зираты бар Берікқара тауы, Мыржық тауы, Арқат, Саржал, беріректе жыр мекен Жидебай, бұл өңірді өзге жұрт атом полигоны деп құрғақ ақбармен атауға тым шебер – Бауыржан үшін публицистикалық сарын емес, азалы жыр, ұрпақ үні. Осы поэманың эпиграфына Абай, Қасым Аманжолов, Төлеужан Ысмайыловтан сәуле құйылатын өлең алынған. Қасым жырында: «Хан, Орда, Дегелең мен Құндызды, Арқат, / Дейтін Жер – шіркін көңіл құмар тарқат». Өзім туған құнарлы топырақ Құндыздыға Қасым ағаның аяғы тиді ме екен?! Жидебайға келген соң, Рақымжанның Қасымы асу-асу бел асса, таяу ауылға неге келмесін?! Ол халық ақыны, соңғы эпик жырау Шәкір Әбенотты іздеп келді ме екен? Ал Төлеужандай ерте кеткен тарлан таланттың табаны бұл жерге тигені рас. Біз – осылардың тұяғымыз, солардың рухани аманатын арқалаймыз, тірі сөздің қазына қорын кейінгі ұрпаққа уағыздайтын хатшысы болуды мәртебе санаймыз. Расында, мынау жарық дүниенің кереметтігі сонда, Құдай текке жаратпаған жәндік атаулының, жауын құртының мәртебелі орны бар.

«Төлеужан ...ақын еді туа біткен» – Бауыржан қазақ әдебиетіне еңбегі сіңген жерлесі, аталас ағайыны, біртуар ақын, аударма өнерінің тарланын айтып отыр. Оның жарқын бейнесін жаңғыртуды көздегені құптарлық. Қазақ сөз өнерінде қайта ашылуын күтіп жатқан талай мықты бар: Төлеужан Ысмайылов, Тобық Жармағамбетов, Қарауылбек Қазиев, Ақан Нұрманов, т.б. Батыс әдебиетінде классик екені өлгеннен соң көп уақыт оздырып мойындалған Уильям Блейк, Амброуз Бирс, Германн Мелвилл – есімі ұмытылып қалып, қайта жаңғырған ақын-жазушылар.

Мирасқорлықты Бауыржан Жақып таңдап сүйеді. Ол азуын айға білеген ноғайлының қас жырауларынан жас ғұмырлы Бауыржан Үсеновке дейінгі тұтас бір ақындар галереясын жасайды. Оның өлеңдерінде ақындар есімі жиі аталатынын аңдадым. Бұл – тамаша қасиет, ақынның ұлттық дәстүрге беріктігі, аталы бидей әділдігі, бекзаттықтың алтын қазығын жоғалтпау.

*Тайқазан Түркістанға алынған соң,
Басына бақ қонды қазағымның.*

Елдік атрибуттарды сүйіп бейнелеу, ертегілік сана, рухани дегдарлықты аңсау, өмірден өзі бөліп алғысы келмейтін өлеңінің желмаядай табиғи тазалығы Бауыржан жырларының артықшылығын айқындайтынына күмәнім жоқ.

Баян Бекетова,
ақын, халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері

Бауыржан ақынның өлеңдеріне саяхат

Үнемі динамикалық қозғалыста болып, дамуды, ілгерілеуді ғана мұрат тұтқан жарықтық қариядай дана, мәңгі көктемдей жасыл, теңіздей шалқар әдебиетіміздің, үнемі толқыныста, дамуда болатын кең шалқар, әдебиет айдыны әлемінің көш керуенінде өзіндік орнын ойып алған Бауыржан ЖАҚЫПТЫҢ есімін қазір исі қазақ, жақсы ақын ретінде жақсы біледі әрі құрметпен атайды десем, артық айтқандық болмас. Өйткені поэзия әлеміне алғаш, бұдан отыз шақты жыл бұрын Қазақстан Жазушылар одағында көрнекті ақын Мұхтар Шаханов бастап, республикалық жас ақындар мен жас жазушылар арасында ұйымдастырған жыр мүшайрасында «Ұршық» деген өлеңі жүлделі бірінші орын алды. Сол өлеңмен танылған бұл есім, содан бері өлеңнің отын қалап, қып-қызыл шоғына маңдайын қыздырып, талмай көсеп, шынайы шығармашылықтың қазанында қайнап, Жайықтың бұйра толқынындай ғажайып жырларымен, ойлы өлеңдерімен жыр сүйер қауымды сүйсіндіріп келе жатқаны баршаға аян. Осы мүшәйраға бізде, арамызда Оңтүстік өңірден ақын Әкім Ысқақ, қарағандылық айтыскер ақын... қатысып, қолымызға табақтай диплом алып қайтқанбыз. Қасиетті қара шаңырақ, киелі орда – Қазақстан Жазушылар одағында ол кездері мүйізі қарағайдай, аттары әлемді шарлап кеткен жазушылардың жүлдызды бек шоғыры әдебиет майданының көрігін қыздырып жүретін. Олжас Сүлейменов басшылық ететін, ірі суреткер, көрнекті ақын-жазушылар Әбділдә Тәжібаев, Сағи Жиенбаев, Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Фариза Оңғарсынова, Марал Ысқақбаев, Мұхтар Шаханов, Сәбит Досанов, Марфуға Айтхожина, Ақұштап Бақтыгереева, Қалихан Ысқақ, Қабдеш Жұмаділов, Қалдарбек Найманбаев, Қалтай Мұхамеджанов, Шәрбану Құмарова, Қанипа Бұғыбаева, Күләш Ахметова, Рафаэль Ниязбеков, Аян Нысаналин сынды таудай тұлғаларды – аға, апаларымызды көріп, таң-тамаша болатынбыз. Ол кісілердің сол мүшәйраға келіп, залдың көркін ашып, самаладай болып отырғаны, жастарды тыңдап, өлеңдеріне аса мән беріп, жақсысына қол соғып, кәдімгідей қуанып отырғандарына куә болғанбыз. Әрі қазіргі уақыт деңгейімен, қазіргі таңдағы жағдайымызбен қарап, тәнті болатынымды жасыра алмаймын. Бауыржанның мықтылығын мен, әдебиеттің қаймағын меймілдетіп толтырып тұрған осындай, әрқайсысының алтын тағы бар алқалы топ алдында оқығанда танып, түйген екем. Өзін одан бұрын да КазГУ-дің журналистика факультеті Мұхамеджан Сералин атындағы бірлестігінің белсенді мүшесі ретінде танып, сол бірлестікте ақ құба өнді, қап-қарашашы маңдайының жартысына ғана жараса төгіліп тұратын, тебіндеген бала мұртты, бағлан тұлғалы балаң жігіт қоңыр дауысымен өлең оқушы еді. Сөзі де, өлеңі де дәмді болатын. Біз бірге оқыдық, Бауыржанның бізден бір-екі курс төмендігі болатын. КазГУ-дің атақты 5-жатақханасындағы студенттік, қайталанбайтын алаулы жастық кездеріміз, ол бөлек әңгіменің арқауы дер ем...

*Тамылжып мың сан бояу жер көгінен,
Көзді арбар әр алуан өрнегімен.
Көк жота, қызыл адыр, күрең белі,
Тойған қозы секілді дөңдерімен.*

*Ыстық ол көдесімен, көкпегімен,
Жусанды, бетегелі бөктерімен.
Кетердей түрегеліп түйе таулар
Дәл қазір көз алдымда шөккенімен.*

Бұл – Бауыржанның «Менің далам» кітабындағы беташар өлеңінің шумақтары. Байтақ даласының тауы мен бауы, өр серпіген өзені мен жыңғылды өзегі, бүлдіргенді сайы мен қызғалдақты қыры, шөптері мен шөңгесі, гүлі мен мүгіне дейін термелеп, олардың әрқайсының атын атап, қайыс қамшының қос өріміндей өлең жолдарына шеберлікпен жымдастыра өреді. Жоғары пафоста жырлайды. Өзінің ел мен жерге деген оттай ыстық сезіміне орай-морай, сені де сол сезімнің құшағына алады. Алдымен ұшқынына еліткізіп, соңына ертіп, алау-далау сезімдермен жүрегінді толқытып, артынан тамағына тас тығылып, сары селеулі сары далаңа деген сағынышың оянып, туған жерге деген сүйіспеншілігің артып, қаның қызып, соңына таман ата-бабаларыңның сол талыстай болып шалқалап жатқан ұлан-байтақ жерді қалай қорғағаны, оны қорғап қалу үшін жауларымен қан-құйлы соғысы, жалт-жұлт еткен алмас қылышы, сол қылышты салып жібергендегі аспанға шапшып атқан қып-қызыл қан елестейді... Бабалардың мына сары даласын неге сонша сүйгенін, не үшін жанын жалау ғып тіккенін мидағы бір түйсіктермен терең бойлай түйсінгендей боласың... Бір кезде әлгі тамағына тығылған тас көзіңнен ып-ыстық жас болып омырауыңа төгіліп жатқанын сезесің... Ау, бұл не деген құдірет, не күш... Өлеңнің аяғына жеткенше, не болды бұл... Бұл, сірә, ақындық қуат болса керек! Бұл тұрғыда орыс ақыны, күміс ғасырдың аспанын жарқыратқан ақын Марина Цветаева жөнінде жазған А.Михалков былай депті: «Вдохновение – та внутренняя сила, которая и нас читателей, заражает волнением художника, заставляет сопереживать ему, воспринимать стихи с безоглядным доверием. Это пик творческого самобытия и самоотдачи поэта».

Ақынның сізді, баурап алған елге, жерге деген ыстық махаббаты өлеңнің, ақынның қуатымен зарядталып сізді қозғады, жүрек-жұлыныңыз бен тұла- бойыңызды жаулап алды, тырп еткізбей... жыланды жырдың матап тастағанындай... Бұл – Бауыржанның өзі өлеңмен жырлаған «Мен жаққан оты»! Ол «жаққан от – сөнбейтін сөз алауы, жанған сайын жан-дүниені тазарады, ол көрмеген жерлерде лаулап жанып, ол бармаған жерлерді кезе алады. Ол «жаққан от Абайдан ұшқын алып, Әуезов боп әуелі құшты жалған, Мағжан болып санаға сәуле шашып, одан сайын маздаған, күшті жанған. Содан кейін Қасым болып өртке айналған...».

Міне, қазір сіз бен біз осындай қазақ ұлты үшін туып, сол үшін ажал құшқан арыстармен бетпе-бет келіп, ұлы әруақтар отынан ұшқын алып, алаулап жанып, әруақтар өртімен, оның запыран дертімен шарпылып, біте-қайнасып кетіп, өртке айналған оттың жалынына шарпылдык! Шарпылып қана қойған жоқпыз, отқа шыжғырылып күйдік, өзекке шоқ түсіп кетті, орны күлкілдеп қалды... Неге? Қазіргі оп-оңай, ойланбай-ақ, асығыс-үсігіс, айтылу үшін айтыла салатын, жақсының да, жасықтың да аузында жүрген, «патриоттық» сезіміңіз оянды, бұл жердегі патриоттық сезім басқаша, салмағы қорғасындай, өзінің нағыз мағынасындағы, шынайы патриоттық сезім. Сол сезім оянды деген сол шығар, сіз өз Еліңіз бен Жеріңізді, Ұлтыңызды өлердей жақсы көріп, одан сайын сүйіп кетесіз...

«Менің далам» кітабы – тұтас органикалық бірегей шығармашылық дүние екенін айтпасақ болмас. Ол басынан аяғына дейін қазақ деген ұлттың, ол мекендейтін жердің киесі мен қасиетін, өз бояу-өрнегімен жырлай отыра, елге деген әрбір адамның көкейінде жүрген сүйіспеншілік сезім – жібектей үлбіреген, бірақ ширатылған үзілмейтін тіні, лейтмотиві. Ол ешбір өлеңде, балладалар мен поэмаларда үзіліп қалмай, үілдеген қобыздай үні үздігіп үілдеген қалпында ілесіп отырады. Ол осы бір сезімді өзінің жібектей лирикасымен жанына сіңіре отырып, отансүйгіштік асқақ сезімдерге ұластырады.

Шеберліктің айқындалар, ақындықтың ұтар жері, не нәрсені де тұспалдап, салыстырулар, теңеулер, эпитеттер арқылы жеткізу болатын болса, осы тұстағы үлгісі үлкен, шеберлігі шындалған.

«Менің далам» атты өлеңі, ол негізінен толғаудың жүгін көтеріп тұрған шоқтықты шығарма. Осы бір өлеңмен-ақ, Баукең бүкіл қазақ жерінің байлығын айтып, тамылжыған табиғатын көркем де құнарлы тілмен, зор шеберлікпен жырлап, сөзбен ғажайып полотнолы пейзаж жасап, алдыңызға жая салған. «Балыққа – саяздан терең оңай, ақынға – қара сөзден өлең оңай» деген халық мақалы, Бауыржан ақынға қаратылып айтылғандай. Өзінен-өзі құйылып жатқан өлең –

өзен, таңқалмасқа шараң қалмайды. Мысалы,

*Түлкі үріп, қасқыр ұлып, қоян қашқан,
Қорбаңдап қоңыр аю аяң басқан.
Барысы, сілеусіні қар жамылып,
Жем іздеп, тауды кезген аянбастан.*

*Қырында ақ самалы аңқылдаған,
Сайында саршұнағы шаңқылдаған.
Жайылып ін қасында борсықтары,
Терісі күзенінің жалтылдаған.*

*Балығы сан алуан тереңде өскен,
Құстары ұшып-қонған бөгелместен.
Қамысты қабан-шошқа судырлатса,
Тоғайда еліктері елеңдескен.*

Жалпы, Бауыржанның өлеңдерін жіліктеп, талдау қашанда міндет, әр өлеңін шұқшия зерделеу керек, өйткені ол тудырған туындылар осыны қажетсінеді. Қазір, мынау өтпелі деп атап жүрген аласапыран, өзгерістерге толы, Жер жарықтық өз өсін бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жылдамырақ айналып жатқан зымыран заманда қатарластарының қолы да тимей жатқан шығар. Менің дәлелдегім келгені – ақынның патриоттық жырлары. Жоғарыда аталған 5-6 ғана шумақтан тұратын өлеңнің өзі ақтаңдақтарға толы, алмағайып заманның, бүкіл қазақ тарихын қопарып жібергендей, заман шаңы қауып бара жатқан артта қалған сұмдық соқыр болған, шарасыздан іштен қан жұтқан замандарға жетелеп кетеді. Бұл авторды оқи отырып, сол арыстардың тағдырын қазып, ежіктеп зерттеп, зерделеп, сол рухпен суарылып, қаны мен жаны сол рухтармен астасып кеткендей әсерде қаласың. Сол арыстар мен тұлпарлардың «Магиканның соңғы тұяғындай» асыл тұяғы, сол Алты Алаш ардақтыларының отының ұшқыны, ізбасары, ұлы істерінің жалғастырушысы, аманат арқалаған асыл ұрпағының моделі сияқты, Баукең. Осы байламға келуге осы қуат мәжбүрлейді, амалсыз мойындайсыз.

Оның самал тербеген ақ селеуі желбіреген даласына деген зор құрметі мен асқан сүйіспеншілігі, сол ақ көкірек, ақ адал болмысы жағасы жайлау, ақ даласынан аумайтын кең пейілі, бірде тереңі шымырлап жатқан теңіздей, бірде даласының ақ самалындай жанынды рақатқа бөлейтін ақжарма, ақпа- төк, кейде майдан қыл суырғандай соншалық сұңғыла, нәзік те зерек жырлары осыған дәлел.

Ақынның өлеңдерін шұқшия оқып, талдау керектігінің себебі, оның кез келген өлең жолдарында бірнеше ойлардың қатпарлары көрінбей, астарланып жатады...

Кетердей түрегеліп түйе таулар

Дәл қазір көз алдымда шөккенімен, –

дейді ақын. Алдымен таулардың түйеге теңелгені қандай керемет сурет?! Жансыз тауды жанды түйеге айналдырып жіберді. Әдеби тілде оны метафора дейді. Шөгіп жатқан тау түйелер ақынның көзімен, туған жерін көргендегі қуаныш сезімінен тұрып кетпек немесе Бауыржан секілді елі мен жерінің жоғын түгендеп, соның тарихын қопарып, тілі мен ділінің, әдебиетінің, тарихының жоқшысы болып жүрген бүгінгі Ахмет, Мағжандардың «сынығы», үлкен ақынның лебін сезіп тұрып кеткісі келді ме екен, сәлем беруге... Мұны айыру оқырманның патша көңілінің, жүйрік ойының еншісінде. Менің жеке қабылдауымда осының бәрі бар. Сондықтан да бұл жолдар осы өлеңнің шоқтығын биіктетіп көтеріп жібергені.

Ақын туған жерінің табиғи ландшафын панорамадай көз алдына тірі күйінде жайып салады, бояуы қанық суреттен ләззатанасың, осы тіршілік сізге сөйлеп береді, қозғалысқа түседі, сөз зергері әрқайсынан ой түйгізеді. «Тірі бәрі» деген өлеңін алайық:

*Сурет көріп туған жер келбетінен,
Табиғат бесігінде тербетілем.*

*Жел жүгіріп барады су бетімен,
Су жүгіріп барады жер бетімен.
Қайың, емен, тал, терек тың тыңдайды,
Лағыл сәуле бұлақта жылтылдайды.
Бір сәт аспан алқасы – Алтын Күнді,
Кең дүниенің көзінше бұлт ұрлайды.
Жолаушылар – Табиғат, Адам, Уақыт,
Келеді жер ғаламды аралатып.
Білдіргісі келгендей тірі екенін,
Тау да тасын қояды домалатып.
Ақ шуаққа қыраттар жылынады,
Жапырақтың жан сырын гүл ұғады.*

Ау, осы жел тұрушы еді, ал ақынның «Жел су бетімен жүгіріп барады», су дегеніңіз арқырап ағушы еді, мұнда су жер бетімен жүгіріп барады! Неге, өйткені ақынның сұңғыла көзі оны осы қырынан көрді, осылай кестеледі, «Білдіргісі келгендей тірі екенін, Тау да тасын қояды домалатып». Ғажайып тірі сурет, осы құбылысты тау аралаған әр адам кездестіріп, тауға қарап жалт қарайтыны рас, бірақ таудың тірлігі ешкімнің де ойына келе қоймас, суреттің барлығы кәсіби поэзияның үлбіреген нәзік үлгісі, ал бұл дегеніңіз, биік шеберліктің биік деңгейі... Өлең одан да қызықты болу үшін, соңғы «Қозғалыс бар үздіксіз тіршілікте, сондықтан да тіршіліктің бәрі – ояу, тірі бәрі» түйінді деген қос жолын алып тастап, «Жапырақтың жан сырын гүл ұғадыдан» үзіп жіберсе, өлеңнің құны одан сайын арта түсер еді. Оқырманға шайнап бере бермей, әрі қарай өзі түйсінсін де, поэзияның бір мұраты – ой қозғау, ой салу емес пе еді?! Бұл – менің жеке пікірім. Осының барлығы ақын өлеңдерінің көркемдік қуаты, эпитет, салыстырулар секілді, өлеңге аса қажет компоненттер молынан қолданылады. Өлең – сондығымен өлең. Мәселен,

*Көк жота, қызыл адыр, күрең белі,
Тойған қозы секілді дөңдерімен, –*

дейді ақын. Сол дөңдерді бар адам көреді, бірақ соның тойған қозы секілді моп-момақан болып жатқанын ешкім байқай бермейді, ақындық аңғарымпаздық, дүниені басқа көзбен көруі, сезімталдығы, сұңғылалығы, ой жүйріктігі, сөз жоқ, осы жерден айырылады. Әдетте, ақындарды «қияли» деп жатамыз ғой. Тегінде, осы сөз де бекер айтылмаса керек, ақынның қиялының ұшқырлығын айтып тұр ғой, студент кездегі досыңыз сізге... Керемет емес пе, сондықтан да ол – ақын, бұл өлеңдер сондықтан да поэзия.

Менің қолыма түсіп, ләззаттана оқып отырған кітабым – «Менің далам» кітабы. «Кітап негізінен мектеп оқушыларына және жалпы оқырманға арналған» деп жазылыпты таныстырылымында. «Атамұра» баспасы шынында да кемел олжаланыпты, балалар санасына сәуле сеуіп, Ел мен Жердің қасиетін сезіндіретін нағыз інжу-маржан! Кітапты оқи отырып, алдымен, Тау Тұманбай ағамды оқып отырғандағы әсерде болдым. Неге дейсіз ғой? Мен бұл ақын ағамның кітаптарын ауық-ауық қолыма алып оқып отырамын, қатты қоғамнан сәл қатая бастаған жан-жүрегіңді жұмсартып, күннің шуақты сәулесіне шомылдырып, мейірімнің зәм-зәм суынан қана ішіп, тіршіліктің қара шаңын тұла бойыңнан бір сілкіп тастап, тазарып, көзің шайдай ашылып, бұлақ көзіндей мөлдіреп қалғандай күй кешетінің, жаның да жұмсарып махаббатқа мейімдеп, дүние кеңіп қалатыны бар. Бауыржанды оқығанда да осы күйде болдым, кең даланың самалымен жансарайың ашылып, жазиралы белге шыққандай, жусан исі бұрқыраған салқын самалға елтитін рақат сезімге бөленесің, тұнып тұрған позитив. Бұл жерде Бауыржанның поэзиясын Тұманбай ағамның поэзиясынан аумай қалған деген емес, бұл жерде ақын жанының таңғы шықтай тазалығы мен кең даласына ұқсаған мол пішілген болмысы мен кең пейілі, мейірлілігі. Өлең өзен сықылды өз-өзінен құйылып жататындай әсерде қалдыратыны: Ол сезім ұясы – жүректің толқынысынан туып жатқан тербелістер, ол бірде күміс тамшысын көкке серпіген ақ толқындай толқиды, бірде жібектей сусиды, бірде баланың еңбегіндей үлпіл-

дейтін қайран ақын жүрек...

Бауыржанның өлеңдерінің ерекшелігі сонда, палитрасы көп қырлы, ұлттық бояуы қанық, әр сөз өз міндетін толық және тиімді атқару үшін өз ұясына барып қонады.

*Жолаушымыз, беу қарғам, сен де, мен де,
Жолаушылап, алып Жер дөңгелеуде.*

*Жерде аққан су сапарда, қашан көрсең,
Аспанда Ай барады жолаушылап,*

*Күн де кетіп барады күймесімен,
Тіршілік-ай не деген үйлесім ең.*

Бұл – «Жол үстіндегі ой» деген өлеңі. Сегіз шумақтан тұратын өлеңнің бар салмағын осы үш егіз жол құрап тұр! Мұндағы ой тіршіліктің ғана үйлесімі емес, өлеңнің ішіне абайлап, асықпай енсеңіз, жолаушының ойы тереңдеп кетеді, ол ой, бүкіл – он сегіз мың ғаламның өз тәртібімен қаланған күрделі құрылысы мен оның тек қозғалыста болатын мақсат-мұратын айқындау биігіне көтеріп жібереді. Сіз аққан суды көресіз де әрі қарай ғарышқа, ондағы тәртіппен орналасқан сан мың жұлдыздарға, Ай мен Күнге, оның мәңгілік қозғалысына куә боласыз, одан жасыл Шар үстіндегі ғалам үшін тозаңдай ғана Адамға, оның қозғалыс-тіршілігіне мән бере бастайсыз. Адамның да тіршілігінің мәні қозғалыста екенін ұғасыз. Қозғалыс тоқтаса, бүкіл ғалам тоқтайды. Жолаушылап бара жатқаныңызға шүкіршілік етесіз. Ғалам мұраты – қозғалыс, адам мұраты – тіршілік. Бір-ақ өлең бүкіл ғаламның қырық құлыпқа салынған құпиясын ашты. Бұл не? Бұл – нағыз поэзияның озық үлгісі.

Әр ақын – индивид, тағдыр жолы әртүрлі. Бұл туралы А. Чехов: «Ақындардың бәрі бірдей болуы міндетті емес, олар әртүрлі болуы керек» депті. Көктем шыққандағы қырдағы гүлдер қандай түрлі болса, менің ойымша да ақындар әртүрлі болуы керек. Мәселен, бұл туралы «Қоршаған ортаның драмасын сөз жоқ, өзінің бойында драмасы бар адам ғана көре алмақ» деп Темірхан ақын айтқандай, Мұқағали, Жүмекен, Фариза ақын өмірдің, қоғамның күңгірт, проблема жағын айқын көріп, өзінің ішкі драмасымен астастырып жырласа, Бауыржанның жырларының тағы бір ерекшелігі, қара түнде Ай жарықтық көк күмбезден сүт сәулесін аямай төгетіні секілді, өлеңінің сәулесі мол, жап-жарық, жомарт Күн–Анадай жырының жылуының көптігінде. Өйткені оның жаны таза, жүрегі – жомарт. Қазаққа ҰЛЫ АБАЙДЫ сыйлаған қасиетті жерде – ақ бесікте дүниеге келген ақын – ата-ананың аялы алақанында, ақ әжесінің күн шуағындай мейірімі мен шексіз махаббатына бөленіп, туған жерінің ыстық құшағында, ескіліктің ескі әңгімелеріне қанып, жырына ұйып өскен, бойына көп жылу жинаған, жүрегін иман нұрымен суарған нағыз атпал азамат. Сол жомарт жүрегі жырлап кеткенде өзін-өзі аямай, бар жан-жүрегімен Күндей жылуын төгіп, Айдай сәулесін аямайды... Ол нені жырласа да кең диапазонмен, шабытпен жырлайды, ақындық тұғырда мығым отырады. Әлемді өз құзырында ұстап, қыран көзімен әр құбылысты қалт жібермейді.

Өлең – адамның өзі және жаны, сезім нұры, жүрек дірілі. Бауыржан ақынның өлеңі өзі секілді, ашық маңдайы жарқырап, жүзінен иман нұры төгіліп, тал бойынан биік парасат пен адамгершіліктің ізгілік нұры есіп тұратын осынау кең пішілген атпал азаматтың тұрған бойы қандай позитив болса, өлеңінен де тек жақсылықтың сәулесін шашып, мамыражай таңғажайып күйге бөлейді.

Өлең жазуды бастамай жатып, шаршап-шалдыққан, өмірден баз кешіп, қазір-ақ жоқ болғысы келіп, оқып бастасаң, діңкенді құртатын негативтерден аулақ.

Иә, қазіргі өтпелі кезеңіміз, үлкен қиындық туғызып, өмірдің көлеңке жақтары көбейіп кеткені де рас, бірақ осынау бір күрделі шақтарда адам жанына жарық себер, Күнді көлеңке-

леген бұлтты қолмен ысырып тастап, жап-жарық нұрды шашып жіберетін шуақты өлеңдер әмісе, әсіресе осы шақта керек-ақ. Жоғарыда айтқан ойымды тірілтсем, сан қырлы, көп түрлі керек ақынның бірі – Баукеңді Тәңірдің өзі осындай қиын уақытта Күндей жарық сәулесін сепсін, жылуын төксін деп қазақтың маңдайына әдейі сыйлаған секілді көрінеді өзіме. Бұл тұста Мұқағалидың мына өлеңі тіл ұшына оралады:

*Қандай жақсы аспанда Күн тұрғаны,
Күн астында дүние құлпырғаны.
Құшақ-құшақ ақ нұрды үлестіріп,
Бір ұрпаққа бір ұрпақ ұмтылғаны.*

Хантәңірі – ақын Мұқағалидың ұлы мұраты – сол «Құшақ-құшақ Күннің нұры» ұрпақтан ұрпаққа берілсе, дейді. Қазір сол ұлы миссияны орындау Баукеңе бұйырғандай... Бүгінгі күні ол «құшақ-құшақ Күн нұры» оның құшағына сыймай тұр, соны көзінің нұры, жүрегінің сәулесі бар адамға аямай үлестіріп жүргендей... «Құшақ-құшақ Күн нұрының» ішінде, көкірек көзі ашық адамға көп нәрсе сыйып тұрғаны анық.

Тақырып туралы ой тарқатсақ, тақырып біреу – туған жер, ақ селеуі ән айтқан салқар даласы, оны ғасырлар бойы мекен еткен аттың жалында, түйенің қомында жүріп, жерін, елін қорғаған ата-бабасының арман-мұңы, қазақы болмыс-бітімі, ұлттық салт-дәстүрі, басқа елдің бірінде жоқ, баға жетпес байлығы, құны жетпес рухани құндылықтарын ақындық биік пафоспен жырлау. «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» депті Леонардо да Винчи. Бауыржан – өте көп еңбектеніп келе жатқан еңбекторы, оның еңбектерін ғылыми тұрғыда талдап, әр өлеңіне үңілетін уақыт жеткен секілді және дарын иесі өзіне тиесілі бағасын да алуы тиіс деп ойлаймыз. Бір мақалада ақынның барлық еңбегін талдап жату мүмкін емес, оны мақала мақсат та тұтпайды. Біз бір ғана кітабынан алған әсерімізді қаламдас ретінде өз пікірімізді туралы ғана айтқан болдық.

Үлкен академиялық білім қоржыны бар, Көктен берген дарыны бар қарымды қаламгер туралы айтылар әңгімелер әлі алда. Ал, Баукең өзінің биік Тауына бет түзеп бара жатқан жолдағы олжасы ұшан-теңіз. Жазар көбейсін, қаламдас дос, қоржының қампия берсін, біз тек қуанамыз, үлкен тілектеміз дейміз.

Ғабдул-Сәбит Юсупов,
Қазақстан Жазушылар
және Журналистер одағының мүшесі.
Қаратал ауданының құрметті азаматы.

**«Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін»,
немесе қазақтың үш алыбы поэзиясындағы үндестік**

*Мынау тұрған Абайдың суреті ме,
Өлең сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Қарсы келер Абайдың кім бетіне?!
(Жамбыл Жабаев)*

Абай хакім – қазақтың намысы, ар-ожданы екендігі талассыз шындық және ешбір дәлелді қажет етпейтін хақ – аксиома! Осы сөздің дәлеліндей, қазақтың тағы бір ойшылы, ұлы Мұхтар Әуезов былай деген екен: «Абай деген – терең теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сүңги беруің керек, сүңги беруің керек. Мен оның бетін ғана қалқыдым».

Ұлы Абай хакім тіршілігінде: «Халқым үшін не жақсы іс істей алам, қазағымның келешегі үшін артымда не қалдыра аламын?» деп көп ойланып, ұзақ толғанған ғой. Ақыры, «Қара сөзінің» бірінші сөзінде: «Осы ойыма келген нәрселерді қағазға түсіре берейін... Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын. Керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп жазған екен.

Иә, сөз дегенің ақ қағазға түскен әріптердің жиынтығы немесе ауыздан шығатын дыбыстардан құралған жәй бір жаңғырық емес. Қазақ аталарымыз: «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Айтылған сөз – атылған оқ!», «Жүйелі сөз – жүйесін табар, жүйесіз сөз – иесін табар» деген тәмсілдерді бекерден бекер айтқан жоқ. Сөз – қасиетті де киелі қару! Баяғыда би бабаларымыздың бітіспес дауды екі-ақ ауыз сөзбен шешіп, соғыс өрті тұтануға шақ тұрған екі елді бітістіріп, құшақ айқастырып дос қылған да сол сөздің алып күші мен құдіреті емес пе еді?!

Міне, енді сол ұлы Абайдың артына мұра етіп қалдырған алтынға бергісіз байлығы – «Қара сөзі» мен оның өлең-жырлары қазағына айқын жол көрсететін, аспандағы Темірқазықтай бағыт-бағдар беретін, Құран сөзіндей қасиетті, киелі мұра болып қалды.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп, ақын жырлағандай, қазағының ғана емес, бүкіл адамзат баласының қамын ойлап, артында өлмейтұғын сөз қалдырған кемеңгер зор тұлға, күні кеше, дәлірек айтқанда, 2020 жылы туғанына 175 жыл толған ұлы ойшыл Абай хакімді жер планетасындағы дүйім бейбітсүйгіш халық құрмет тұтты және ол құрмет одан әрі жалғасуда. Бар құрылықта оның ғақли сөздерін оқып, қасиетті өлең-жырларын өз тілдеріне аударып, кітап етіп бастыруда. Өз елімізде ғана емес, өзге – шет жерде де оның мүсінін тұрғызып, музейлер ашып, зор құрмет көрсетіп жатыр. Міне, сөз сардары – ұлы Абай арқылы бүкіл әлем тәуелсіз қазақ елін, қазақ ұлтын, оның бай әдебиеті мен мәдениетін танып жатыр.

«Пірім менің Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деп, жыр алыбы – Жамбыл жәкем айтқандай, өзімнің негізгі айтпақ ойымды неліктен ұлы Абай хакімнен бастап отырмын? Жоғарыда: «Абайдың артында мұра етіп қалдырған» деп жазғанымдай, ұлы Абайдың Құран сөзіндей қасиетті мұрасын қабыл алып, сол киелі мұраны әрі қарай жалғастырып отырған, Ұлы Абайдың қасиетті рухына сыйынбайынша, шығармашылық шабыты шарықтамайтын, сыйынып алмайынша қолына киелі қаламын ұстамайтын ізбасары туралы енді ғана сөз қозғаудың жөні келді. Екіншіден, ол ізбасар – танымал ақынның қай өлең-жырларын алсаңыз да, оның шығармашылық еңбектерінің бәрі ұлы Абай ақынның өлең-жырларымен сабақтас, үндес және рухтас. Осы сөзіме дәлел керек пе? Мінеки: Сонымен, менің қолымда – қазақтың танымал, талантты ақыны, «Құрмет» орденінің иегері, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының, М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов атындағы әдеби сыйлықтардың, тағы басқа көптеген халықаралық және үкіметтік орден, медальдардың иегері Жақып Бауыржан Өміржанұлының «Білте шамның жарығы» атты өлең-жыр кітабы.

2021 жылы Кокшетау қаласындағы «Надежда 2050» ЖШС баспасынан шыққан, көлемі 280 беттен тұратын бұл кітапқа ақын Бауыржан Өміржанұлының туған жер, өскен ел, достық, махаббат пен табиғат – ана, тағы басқа тақырыптардағы лирикалық және рухы биік таңдамалы шығармалары топтасқан. Бұл кітаптың «Әр сөзінен алтын шашырағандай» деп аталған «Алғы сөзінің» өзі әдеттегідей бір адамның атынан емес, ерекше – ұжымдық тұрғыда жазылған. Атап айтқанда, Семей қаласының, Абай ауданының құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Хафиз Матаев, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Темірхан Медетбек, Қазақстан Леиин комсомолы сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, ақын, сыншы Асқар Егеубай, Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлықтың және Шешенстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рафаэль Ниязбек, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, халықаралық Сергей Есенин атындағы Алтын медальдың иегері Ғалым Жайлыбай сияқты танымал, беделді тұлғалар жазған екен.

Әр адам дүниеге келген кезде, оған Көктегі құдіретті күштің Иесі, ол адамға тіршілігінде белгілі бір миссияны атқару үшін өмір беретіндігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Кітап авторы-

ның ол миссияны қандай дәрежеде атқарып жүргендігін «асамай жатып құлдық демей», жазбаны жазу барысында айтқаным жөн болар. Сонымен, «бисміллә» деп, сөз басында Қарасаздың мұзбалақ қыран ақыны Мұқағали Мақатаев:

*Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен.
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген, –*

деп жырлағандай, Бауыржан Жақыптың шығармашылық өнеріндегі қазақтың қара өлеңінен бастап көрелік.

*Мен шет елдің қаңсығына қызықпадым ешқашан,
Одан-дағы ауылымның жусанымен достасам.
Қырға шықсам, есітемін Тәттімбеттің күйлерін,
Ұнамайды Әміренің әндерінен басқаша ән.*

Иә, қазіргі таңдағы біреудің, әсіресе, батыс пен Ресейдің қаңсығын таңсық көріп, соларға ұқсап – солықтаған даңғойлық, дарақылық пен талғаусыз еліктеу, көрсеқызарлық, жақсы мен жаманды айырмаған көрсоқырлық кесепаттардың еліміздің мәдениетінде орын алып тұрғаны шындық. Расында да, арғысы Құрманғазы, Тәттімбет пен Дина, бергісі Нұрғиса, Шәмші мен Тұрысбеков Сәкен сияқты саз өнерінің сарықасқа саңлақтары тұрғанда, басқа жұрттың даңғырақтарын әспеттеп, төбеге көтеру – шын мәнісіндегі ойсыздық, әсіре еліктеушілік пен талғамсыздық екендігі рас.

*Мен шет елдің әңгімесін қабылдай да алмадым,
Елге барып, қазақ айтқан қара сөзге қанбадым.
Шәкәрімнің шындығындай шыңырауға үңілдім,
Өлең жазсам, Ұлы Абайдың даңғыл жолын таңдадым.*

Бауыржан Өміржанұлының осы терең ойлы жыр жолдарын оқи отырып, оның өзіміздің төл әдебиеттегі, ұлттық мәдениеттегі тұлғаларымыз бен тіл өнеріміздегі – қазақтың қара өлеңінің құдіретіне тамсанып, төбесіне Ту етіп көтеретіндігін көреміз.

Абайдың «қара сөзі» мен өлең-жырларын зер сала оқысаңыз, мына шүбәсіз қорытындыға тоқталасыз: «Мыңмен жалғыз алысқан» Абай хакімнің ұлылығы сонда – оның осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтқан сөздері, қазіргі таңға дейін құны мен мәнін жоймағандығы, яғни өміршеңдігі. Мәселен: «Ғылым таппай мақтанба» деп, қазағын ғылым, өнер мен білімге шақырса, «Құмарланып шаттанба, ойнап босқа күлуге» деп, дарақылықтан, бос мақтан мен орынсыз ойын-сауықтан сақтандырады. Ал, сөз арқауы болып отырған «Білте шамның жарығында» кітап авторы Баукең не дейді екен? Құлақ түріп көрелік:

*Қызықпадым қызыл-жасыл оттарына шет елдің,
Қызықтадым түнгі аспанын туған атамекеннің.
Бозторғай да әнге қосқан өзі туған даласын,
Жырлау үшін сол даламды жаратылған екенмін.*

Жоғарыдағы бар-жоғы екі шумақ қара өлеңнен Баукеңнің туған жері мен еліне, дархан даласы, яғни туған атамекенінің табиғаты мен жануарлар дүниесіне деген шынайы махаббаты мен шексіз сүйіспеншілігін айқын аңғарамыз. Сонымен қоса, «жырлау үшін сол даламды жаратылған екенмін» деп, өзінің өмірге келу миссиясын да анық білетіндігін өлеңіне арқау етеді және ол миссиясын жапанға жар салмай-ақ, бір ауыз сөзбен ғана жеткізе білген. Бұл қасиет

те ұлы Абай ұстазынан үйреніп, жаңылмастан, жадына жақсылап тұрып түйіп алған ғибраты демеске амалың жоқ.

Осы орайда, өзіміздің ұлттық мәдениетіміздің бетке ұстар ошағы мен қайнар көзі болуы тиісті телеканалдарымыздағы күндіз-түні арзан күлкіге, сайқы мазаққа, даңғой, музыка деуге келмейтін мәнсіз айқай-шуға толы «ШОУ-ларға» кеткен қайран уақыт-ай» деп, ішің қан жылайды. Ондай орынсыз у-шудың орнына, тәрбиелік, танымдық пен ғибраттық мақсаттағы сыр-сұхбат, сәнді де мәнді спектакльдер мен отандық кинофильмдер, балаларға арналған білім-танымдық, тәрбиелік мәні бар жақсы ойындар мен викториналар көрсетілсе дейсің. Ондай рухани дүниелердің үлкенге де, кішіге де берер үлгісі мен ғибраты мол болар еді. Әсіресе, түрік ағайындардың жауыздық пен қатыгездікке, кекшілдік пен жеке бас қамы үшін баратын сан түрлі қулық пен сұмдыққа толы фильмдерінің жас түгіл, жасамысқа да тигізер залалы мен рухани зияны зор.

Бір қарағанда, ұлы Абайдың бір басында өзіне жетерлік мал-жаны, сөзін өткізе алатын бет-беделі мен қазақ қоғамында төрден ойып тұрып орын алатын статусы бар. Неге ол солай бола тұра, тіршілігінде «мыңмен жалғыз алысып», мұң арқалап, өзін айдалада жалғыз қалғандай сезініп, өзегі өртенге тұрмыс кешті. Осы мәселені санаға салып, дұрыстап бір ой жүгіртіп көрейікші:

*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың...*

Тап осы бір шумақ өлеңнен ойымызға не түйіп, нені ұғамыз? Ұлы Абай қазағының ілім-білімге, ғылымға ұмтылмауын, ең аяғы қарапайым ұстараға да жарымай, бүгінгі қарнының тойғанын ғана ойлап, ертеңнің, болашақтың қамын күйттемеген қамсыздық қылығына қапаланады. «Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» деп қазағының екі сөздігіне, ауыз біршілігінің болмай, бірі-біріне «сартша сыртын» берген алауыздығына іші күйеді. Ал оның ізбасар шәкірті Мұқағали не дейді?

*Атысу, аңдысу мен таласудың,
Санасу, табысу мен жарасудың.
Мінезін мынау адам баласының
Білсем деп құпиясын аласұрдым, –*

деп мұңға батады. Ал, енді Абай ұстазынан бір ғасырдан астам уақыттан кейін, мұзбалақ ақын Мұқағали ағасынан табаны жалпақ отыз үш жылдан соң жарық дүние есігін ашқан Бауыржан ақынды тыңдайық:

*Жарықтық Абай салған жолға түстім,
Қашсам да тұтқын болып қолға түстім.
Өзімнен өзім безіп құтыла алмай,
Ой деген ормандағы торға түстім.
Өлеңмен жөргегімді жуганмын мен,
Өлеңмен қиялымды қуганмын мен.
Анамның құрсағынан бөлінгенде,
Іңгәлап, өлең болып туғанмын мен...*

«Өлең» атты киелі де қасиетті өнерді кез келген адам өзінің бойына үйрену арқылы, оқу-тоқу жолымен қондыра алмайтын талассыз шындық бар. Оқу, әлдекімге еліктеп, үйрену арқылы

ұйқас жолдар құрастыруға болар. Бірақ ол ұйқас – өлең емес! Сырылдап аққан арықтың суы сияқты сылдыр су болады да шығады. Өлең жарықтық бір Жаратушының құдіретімен, «Анамның құрсағынан бөлінгенде, іңгәлап өлең болып туғанмын мен» деп, ақын Баукең айтпақшы, ана құрсағында жатқан кезден-ақ, болашақ ақынның бойына бітіп, алпыс екі тамырында шымырлай ағып жататындығы – ғылыми тұрғыда дәлелденген шындық. Тағы да дана Абай – данышпан Абайға жүгінейік:

*Бінсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап, –*

деп, баяғы сол қазағының ел болмас қыңыр қылығы мен тіршіліксіздігіне қапаланып, жан жүрегі ауыра күйзеледі. Мұқағали да:

*Білмейді екем, қолымнан келмейді екен,
Жоқты аңсап, жоқ сусынға шөлдейді екем.
Қой енді тыйылайын, бұғынайын,
Ойымды орасанға бөлмей бөтен, –*

деп, қазағының түзелерінен әбден күдер үзіп, күйінеді. Қолынан келмес іске ой бөлгеніне өкіне опынып:

*Айтарын ашып айтқан абайламай,
Дарига-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!! –*

деп, мыңмен жалғыз алысып өткен баяғы Абайының төзімділігіне, қаншама құқай көріп түңілсе де, қазағын түзету үшін күресуден жалықпаған Абай ұстазына тамсана жүгініп, оған жүрегіндегі мұңын шағады.

Бұл орайда, абыз Абай – ақын Абай салған сара жолмен, «өлең» атты киелі ақ Туды төбесіне көтерген ақын Бауыржан:

*Кеудеме қайдан қондың, өлең, өлең!
Байқасам тұрады екен сенен әлем.
Айналам бірде әппақ жұлдыз қарға,
Бұлттардың қанатынан себелеген.
Қара өлең жазылыпсың маңдайыма,
Жабыстым ескен желдің шалғайына.
Айналдым бірде мөлдір күміс шыққа,
Таңда қонған жапырақ таңдайына, –*

деп, оқырманын қызғаныш, екіжүзділік, көреалмаушылық сынды кесепаттардан аулақ болып, жапыраққа қонған таңғы мөлдір шықтай таза, пәк болуға үндейді. «Таң» деген сөздің өзі – «түн» аталатын қараңғы, қорқыныш сезімнен арылып, тазаланудың антонимі. Өйткені нелер жаманшылық пен көңілге үрей көлеңкесін ұялатып, жазықсыз жанға зәбір жасалатын беймаза уақыт – түн. Баукең осындай, адам жанына жайсыз тиетін келеңсіздіктерден «өлең» атты, бұлттар қанатынан себелеген әппақ қарға айналуға болатындығына сендіре біледі. Сонымен бірге әлемнің өзі «өлең» атты мөлдір шықтай тазалықтан тұратындығын, «жабыстым ескен желдің шалғайына» деп емеурін арқылы сездіреді. Жел жарықтық – ластық пен жайсыздықты айдалаға айдап әкететін табиғаттың жанға жайлы, жақсы бір ағыны ғой. Ал, «ескен желдің шалғайына жабысу» арқылы сол тазалық пен пәктікті көзбен ғана емес, жанымен сезініп, жүрегіне қабылдай білу – Баукең сияқты жаны нәзік, жүрегі ақ қардай таза, көңілі пәк, болмысы ақын жандардың ғана қолынан келері хақ!

Қазақтың біл фәлсафасында: «Ырыс, қайда барасың?» десе, «Береке, бірлігі мол елге барамын» деген екен дейді. Осы орайда, саналы ғұмырын қазағының елдігі мен бірлігін ойлаған, сол «айыбы» үшін өзінің тұщы етіне ащы таяқ та тиген данышпан Абайдың: «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ғақли сөзі ойға түсіп, оның мына бір өлең шумағы тілге оралады:

*Ағайын жоқ нәрседен болар бұлтың,
Оның да алған жоқ па Құдай құлқың.
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың, –*

деп, елді бірлік пен берекеге, шыншылдық пен жанашырлыққа шақырып, ол болмаған жағдайда қолдағы барыңнан айырылып, жатқа жем болмауды ескертеді. Бұл мәселеде мұзбалақ Мұқағали не дейді:

*Өлең – менің бар тынысым,
Жақсы сөзім – жаны игі халқым үшін.
Атақ қуып, байлық қуып, даңқ қуып,
Біреулерден жүргем жоқ арту үшін.
Бізді оларды балама біріне де,
Ұлыға да санама, іріге де.
Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын,
Абай, бірақ, қайтадан тіріле ме?!*

Осы екі шумақ өлеңдегі «Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын» деген өлең жолдары арқылы Мұқан: мені «өзгелерден іріге де, ұлыға да санама», атақ, байлық, даңқ қумайтын қалам ұстаған көп қазақтың бірімін» деген шынайы, жүрекжарды, ақжарма сөзін ақтарады. Міне, қайда кішіпейілдік пен қарапайымдылық?! Қазақтың маңдайына жеке-дара боп біткен Абайдай ұлы ойшыл, кемеңгер данышпан тұлғаның екінші қайтара тумайтындығын жалғыз ауыз сөзбен жеткізе білген. «Ұлы адамдар тумысынан кішіпейіл келеді» деген талассыз шындық пікірді қай ғалымның айтқанын, бар болғыр, ойыма түсіре алмай тұрғаным...

Енді, поэзия аспанындағы қос алыптың қатарындағы үшінші бір алып – ақын Бауыржан Жақып осы орайда не айтады екен:

*Сонан соң бесік жырын тыңдағанмын,
Тілімді құсқа айналып шыңдағанмын.
Дауысым шарлап кетіп шартарапты,
Мазасын алып келем бұл ғаламның
Ештеңе жырдан басқа керек етпей,
Балқимын бір ләззатқа кереметтей.
Өлеңнің жарығына өртенсем де,
Айналдым соны жынды көбелектей...*

Аса қадірлі патша көңіл оқырман, жоғарыдағы «ештеңе жырдан басқа...» деп басталатын соңғы шумақтың мәніне азырақ ой жүгіртіп көрелікші. Баукең өлеңіндегі бұл жолдар Қарасаздың мұзбалақ қыран ақыны Мұқағалидың:

*Атақ қуып, бақ қуып, даңқ қуып,
Біреулерден жүргем жоқ арту үшін, –*

деген жыр жолдарымен ұштасып жатыр емес пе?! Сонымен қатар өлеңнің өткір де жарық сәулесінің қызуынан жан ләззатын алып, балқудан өртеніп кетсем де, оны «көбелектей шыр айнала шарықтай ұшып жүрем» деп, шынайы жан сырын ақтарады. Өлеңді «шыр айнала ұшпай» қайда барады біздің Баукең ақын?! Алланың құдіретімен, анасының, айналып қана кетейін, құрсағына қасиетті өлең болып бітіп, өлең киесіне белшесінен бөленіп туса...

Иә, ұлы Абайдың «өлең» атты ұлы өнерге қояр талабы туралы:

*Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы, –*

деп жыр толғағанындай, байқап тұрсаңыз, Бауыржан Өміржанұлының қай тақырыптағы бол-

масын, өрнектеп өрген өлең-жырларының бәрі тілге жеңіл, еш кедір-бұдырсыз, жаныңызға жылы тиіп, жүректің түп төрінен орын алатын дүниелер екендігіне шүбә келтірмейсіз. Өйткені шын жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жетері хақ!

Әттең, осынау «өлең-жыр» аталатын киелі де қасиетті рухани байлықты, әлдебір пысықайлардың бақай есеппен, өз бас пайдасы үшін пайдаланатын пендешіліктері жанды ауыртады-ау! Абайдың: «Бет бергенде шырайың сондай жақсы, қайдан ғана бұзылды сартша сыртың» дегеніндей, құлқынның құлы болып жүргені қаныңды қайнатады! Сол пенделердің базбіреулері жағымпазданып бір «дәулердің» қолынан сүйсе, енді бірі, Мұхтар Шахановша айтсақ, «ТЖ»-лар (туфли жалағыштар) Абайдың: «Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап, әлсіздерім сөз айтса, шала ұғамын қырындап» деген өлең жолдарымен сабақтас келіп, тіл ұшына еріксіз оралады.

Ел ішінде: «Қоғамның қозғаушы күші – қаламгерлер» деген берік орныққан түсінік бар. Алайда кейбір әжептеуір қабілеті бар деген ақын- жазушылардың қызмет орындығы немесе қу құлқыны үшін биліктегі жоғары лауазым иелеріне жалпақтап, «қайтсем көзге түсем» деп тыраштанып, мақтау мақала, одыраңдаған очерк пен орынсыз ода жазу жарысына түсіп, жарамсақтанулары ұят-ақ!

*Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан қуған, мал құмар нені ұға алсын,
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.
Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,
Қусың десе, қуанып жүр алшаңдап.
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,
Елдің байын еліртіп «жау мұңдалап.*

Дара Абай – данышпан Абайдың осы жанайқай жыр жолдарына коментарий берудің еш қажеттілігі жоқ, бәрі айнадағыдай айқын. Тек ұлы Абайдың бүгінгі біздің қоғамдағы қасірет дейтіндей осы келеңсіздіктерді «бұдан бір жарым ғасыр бұрын қандай дәлдікпен, қандай көрегенділікпен айтып кеткен!» деп, таңдана таңдай қағып, таң қалудан басқа еш амалың болмас... Ал, Қарасаздың мұзбалағы бұл тұрғыда не дейді екен?

*Мен дағы өлең жазбаймын ермек үшін,
Ермек үшін немесе өлмеу үшін.
Жазсам жазам жырды мен, жасырмаймын,
Жаралы жүректерді емдеу үшін.
Ермек үшін белгілі жыр жазбасым,
Ермек десе, ел мейлі, тыңдамасын.
Өтсем болды арқалап адамдардың
Қуанышын, шаттығын, мұң-наласын...*

Міне, «елім», «қазағым» дейтін халқына шынайы жаны ашитын нағыз ақынның сөзі. Мұқағалидың осы қос ауыз өлеңіне де түсінік (коментарий) берудің еш қажеттілігі жоқ. Не үшін өлең, қандай мақсатпен жыр жазатындығын талғамы таудан биік оқырманға өз ауызымен анық та айқын жайып салып отыр.

Енді, қазақтың поэзия көгіндегі және бір алып – Бауыржан Жақыптың осыған орайлас жыр-толғауына құлақ түріп көрелік:

*Демін тартқан өзендей
тына қалған өлеңім.
Он сегіз мың галамдай
тұна қалған өлеңім.
Жанарымды жас болып*

*жуа қалған өлеңім.
Көз алдымда көктем боп
тұра қалған өлеңім.
Мен бар жерде – сен барсың,
Сен бар жерде – мен бармын.
Ұлы Абайдай бабамнан
Мұра болған өлеңім.*

Иә, су деген жарықтық, адамның да, жан-жануар атаулы мен табиғат – ананың тіршілік көзі емес пе?! Ұлы Абай бабасынан қасиетті мұра қылып қабылдап алған өлеңі – Баукең үшін, етектегі елге өмір сыйлап жатқан өзен-суы – он сегіз мың ғаламдағы барлық жақсылық атаулыны бойына жиып, тұнып тұрған байлығы.

Адам баласы аста-төк қуанышқа бөленіп, көңілі көгілдір көктем болса да, жаны жабырқап, әлденеге қайғырса да – сол сезімдердің бәрі жанардан жас болып саулап төгілуі – табиғи құбылыс емес пе?! Жаны нәзік, жүрек қылы жіңішке, сыршыл ақын Бауыржанның: «Мен бар жерде сен барсың, сен бар жерде мен бармын» деп, шынайы, ақжарма жүрек сырын ақтаруы – «ӨЛЕҢІМ – ӨМІРІМ» деген өзінің тіршілік миссиясы екендігі ашық айдай анық. Яғни, өмірінің өзгермес өңі де, тіршілігінің мәні де, сәні де – ӨЛЕҢ екендігін жапанға жар салғандай айқындап, ашық айтады.

*Желсіз түнде жарық ай, сәулесі суда дірілдей,
Ауылдың жаны терең сай, тасыған өзен гүрілдей, –*

деп ұлы Абай табиғат лирикасында жыр төксе, сол Абай бабасынан мұра етіп алған қасиетті лирикалық өлең-жырларында ақын Бауыржан Өміржанұлы туған жері, өскен елі, табиғаты мен өзен-суын жүрек түбінен балалық сезіммен, биік тау басынан көбік шаша құлаған бұлақ суындай сауылдатады.

*Аспанда туса Алтын Ай,
Тұрар ма көңіл шалқымай.
Әйгерім аты қойылған,
Шілікті кезең көркін-ай!
Иілген көктен имек Ай,
Әнге бай, күйге, жырға бай.
Сүйемін сені, жаныммен,
Киелім менің Жидебай.
Сүйеді сені күн көзі,
Қайнардан шыққан жыр көзі.
Төбемді көкке жеткізген,
Кеңгірбай бабам күмбезі.
Шыңғыстаудағы көп шоқы,
Мәңгілік өшпес жақса оты.
Құнанбай қажы әулетін,
Бауырына қысқан Ақшоқы.
Қосылмас олар өлдіге,
Қазағым үшін төр, міне.
Ат басын бұрмай өтпеңіз,
Әуезов туған Бөрліге!*

Туған жердің табиғат көрінісі мен ата-бабалар атымен аталатын тау-тасын, төбелер мен

шоқыларын Бауыржан ақын қандай ыстық сүйіспеншілікпен, сонау балалық шақтағы таза да пәк сәбилік көңілмен өрнектей білген! «Осы қасиетті де киелі өлкеден түлеп ұшқан бір оғланымын» деген асқақ сезім, балалық махаббатпен төгілткен жыр жолдарын бей-жай оқу, тіпті де мүмкін емес. Баукеңнің осы сұлу да сыршыл лирикалық және суретшілік шеберлігін, бір ақынның «сылдырлап өңкей келісім» деген бағасымен бағалауға болар. Әй, сол бағаның өзі, менің ойымша, жеткіліксіздеу сияқты ма, қалай өзі...

Лирикалық ақын Бауыржан Жақыптың қолымдағы «Білте шамның жарығы» атты рухани қазынадағы ата-баба, әке-шеше, қарындас-бауырлары мен ұрпақтарын зор сүйіспеншілікпен жырлайды. Сол сияқты, өзі үлгі тұтқан аға буын өкілдері мен достары, ауыл азаматтары және қаламдас әріптестері жайындағы сартап сағыныш пен ақ махаббатқа толы өлең-жырларын аса бір қанағаттанарлық, толқу көңіл-күй сезіммен оқып шықтым.

Қазақта «Тектілік» атты көшелі бір түсінік бар. «Текіден текті туар тегіне тартып» немесе осы қасиетке кереғар жанды – «тексіз» деп атап, аталарымыз ежелден жаратпаған. Қане, осы орайда ақын Бауыржан Өміржанұлының «Ата-баба» атты мына шығармашылық туындысын оқып көрелік:

*Бай болған ата-бабам, балуан болған,
Сөз айту солар жайлы шаруам болған.
Естисің аңыз болған есімдерін,
Сөз қалған алуан-алуан алуандардан.
Мың-мыңдап жылқы айдаған сағым белден,
Құдайым бір бергенде бәрін берген.
Бір атам Абыралы өңіріне,
Би болған Атақозы Тәңірберген.
Жазылар олар жайлы сан-сан дастан,
Өтті олар дүние-қызық тауыса алмастан.
Бар бала «Абай ата» атап кеткен,
Жақыптың Нұғыманы алашаң басқан.
Аспаннан несібесін құйды жалған,
Шерткенде шыға алмассың күй құмардан.
Бөлместен бар қазақтың басын қосып,
Жақыптың Құсатайы сыйлы болған.
Дөкей бас балуандарын ертегі еткен,
Өкініш жүректерді өртеп өткен.
Құдықтан атан түйе суырып ап,
Жақыптың Дөкімбасы ерте кеткен.
Талайды сағындырған – Сарыарқа бұл,
Адамға тектіліктен келер қадыр.
Қатысып көтеріліс дүмпуіне,
Айдалып кете барған Төлеуқадыр.
Күй шерткен домбыра алса бір азалы,
Қиын-ау, бай ұлының мұң-азабы.
Қызылдар бастан ұрып жынды қылған,
Баз кешіп өтті өмірден Жұмағазы.
Аты қап бұ заманға о заманнан,
Тектілік жеті атадан таза қонған.
Ешкімнен қайтпас, қайсар мінезімен,
Майданда Құспан атам қаза болған.
Жанады қыз-қыз қайнап маздап әлем,
Қобызын қоңырлатып созған әуен.*

*Тірілткен ата-баба Аруағын,
Жақыптың Бауыржаны жазған өлең.*

Міне, сөз қадірін бір адамдай білетін құрметті оқырман, танымдық тұрғыдағы осы өлеңді талдап, саралап баға беруді өздеріңіздің үлестеріңізге қалдырып отырмын. Баукеңнің бай, би, болыс, Атымтайдай жомарт атанып, тәуелсіздік жолындағы Алаш қозғалысының белсендісі, герман соғысында батыр болған бабаларының есім-сойын жазбай, қалдырып кеткеннің өзінде қаншама «елім», «қазағым» деген, ұлтына жанашыр болған бетке ұстар аталарымен осы жыр жолдары арқылы таныс болдыңыздар. Осындай текті жерден шыққан, тіліп түсер ақиық, майталман ақындығымен қоса, зор адамгершілігі, кішіпейілдігі, достық пен сыйластыққа адал, ең бастысы тәуелсіз елің, тілі мен ділің, Отанын жанындай сүйетін поэзия өнерінің тарланы Жақып Бауыржан Өміржанұлының текті болмасқа шарасы қайсы?!

Иә, Баукеңнің текті, тұғырлы тұлға екендігін қаламгерлер қауымы ғана емес, дүйім қазақ елі біледі десем, еш қоспасы жоқ. Оның Ұлы Желтоқсан көтерілісі, Жаңаөзен, Ақтау мен Шетпе қырғыны және күні кешегі «Қаңтар қырғыны» кезіндегі биліктің опасыздығы, қанқұйлықпен қарапайым халыққа жазықсыз оқ атқанын айыптаған отты да рухты жырлары арқылы біледі және сыйлайды деп, еш күмәнсіз, зор сеніммен айта аламын.

Сөз соңында айтарым: осыдан ширек ғасыр бұрын мұзбалақ ақын Мұқағалидың: «Қуат алып Абайдың тіл күшінен, жыр жазамын Абайдың үлгісімен» деген жыр жолдары дәл қазір еріксіз тіл ұшына оралып тұр. Сонымен қатар «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін» деген ұлылық сөзі жыр жампозы Бауыржан Жақыптың жоғарыдағы рухты және лирикалық өлең-жырларымен біте қайнаса сабақтасып, үндесе қабысып жатқанына куә болдыңыздар. Сіз Абай жаққан бір сәуле не деп ойлайсыз, қадірлі патша көңіл оқырман? Әрине, ол сәуле – ғылым мен білімді игеру, жаңашылдыққа ұмтылу, озық мәдениет пен өнерге талпыну. «Өтірік, өсек, мақтаншақтық пен малшашпақтан» аулақ болу. Мейірімділік, адамшылық, бойына ана сүтімен сіңген тіліңді, дінің мен діліңді сүю. Туған елің мен жеріңді, өз ұлтың мен Отаныңды сүю! Міне, осылар Ұлы Абай жаққан жарық сәуле екені талассыз шындық.

Осы жерде құрметті патша көңіл оқырманға ерекше айта кетер бір жәйт: Мен осы қазақ поэзиясындағы Абай, Мұқағали мен Бауыржан сынды үш алыпты мысал етіп, талдап жазудағы мақсатым – оларды салыстыру, шендестіру, теңестіру емес. Үш ақынның өз деңгейі, қазақ поэзиясындағы өз орны мен қалың оқырманнан алар өз бағасы бар. Менің түп мақсатым: қазақтың маңдайына біткен мәңгі сөнбес жарық жұлдызы – Ұлы Абай мен мұзбалақ Мұқағали және жампоз ақын – Бауыржан Жақып поэзиясындағы сыршыл сарынды, үйлесімді үндестік пен шығармашылық сабақтастықты талдап көрсету екендігі анық.

Иә, Абай жаққан сол бір сәуле Баукеңнің «Білте шамның жарығы» атты рухани бай дүниесінен шырайлы шуағын шашып, болашақ ұрпақты алтын шұғыласына бөлей беретіндігіне сенейік!

Жұмабай Құлиев,
ақын, халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты

Сақи жырдың сәнді ордасы...

(Көрнекті ақын һәм ғалым Бауыржан Жақып өнернамасы туралы толғаныс)

Иә, алдап-сулап әкеліп, сырға басынды соғып кететін Шимұрындай, уақыт құрмағыр да біздің талай балшырын сәттерімізді ұрлап бағыпты-ау! «Әкудей шіркін, өтер бір күн, миллион сомдық ойын-күлкің» деп Иса Байзақұлы жырлағандай, қылшылдаған құбарлан кездер білдірмей қыр асып кетіпті-ау!

Қарап отырсам, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары туған қазақтың қара домалақ балаларына бүгінде халқымыз алғыс айтқандай екен. Өйткені бұлар бұғанасы қатып үлгермеген бозөкпе ұлан бола тұра, ауыл арасының «көппен көрген ұлы той» дейтін үйреншікті сүрлеуіне түспей, заманның сынайына қарап, өз бағын өзі сынап бағатын нар тәуекелдің жалына жармасыпты.

Қалай дегенмен де, Бауыржан жастайынан ән-жырдың дулы ортасында өскен құйма құлақ бұла дарын, есейе келе көпшілікке мәшһүр шайыр, көшелі азамат деңгейіне көтерілді. Ол мұндай құрметті біреуден қолқалай қалап та, сұрап та алған жоқ. Осы елге, өскен жерге сіңірген ұшан-теңіз еңбек, сол еңбегі арқылы жылдар бойы жинаған берекелі ісі мен беделіне орай өзі іздеп келген абырой екенін біліп отырмын. Яғни, айналасына тигізген пайдасы мен көрсеткен үлгісінің жемісі екені анық.

Бұл өзі шын мәнісінде жер басып жүрген жұмыр басты пенденің бәріне бұйыра берер бақ емес еді. Жақсылығы мен жамандығы, әділеті мен әбілеті алма-кезек ауысып, әйтеуір жеңісе алмай, кейбір тұста ит жығыс түсіп те жататын осынау жалған дүниеде сүтпен бірге сүйекке біткен кісілік келбетінен айнымай, азаматтық тұғырынан таймай, әрдайым таразы басын тең ұстап, теңселмей өту, жүзін сыртқа, арқасын ыққа бермей, адал ғұмыр кешу де екінің бірінің қолынан келе бермес қасиет. Сондықтан да болар, Бауыржан абыройдан айыратын көрбақ апан, марту аран, шәйтан сай, пері соқпақ, ұры жыра-жықпылдардан аулақ жүреді.

Тургенев 1845 жылы Парижде Пушкин туралы француз тілінде жазған мақаласында: «Оның бізден артықшылығы – өзіне деген сүйіспеншілігінің жоғында еді», – деген. «Өзін сүйіп, өзіне тамсанатын ақын-жазушы – әдебиеттің соруы», – дейтін Тәкен Әлімқұлов. Осы тақылеттес, біздің Бауыржан да өзін көпірте мақтауды суқаны сүймейтін еді.

Иә, біз ағалы-інілі, іркес-тіркес ғұмыр кештік, алған білімдеріміз де ыңғайлас, тәлім берген ұшқан ұямыз да бір, мұрат тұтқан арман-үміт ортақ болып еді. Қадірлеп, қастерлеген идеяларымыз да бірыңғай. Осылай ержетіп, қатарлас мезгілде әдебиетке, ел-жұртқа адал қызмет ете бастадық. Ол бір ар-ожданның әлі де лайлана қоймаған тұнық кезі еді. Тасқа жазып қойғандай айнуға болмайтын адами кодекс бар, содан бұрылмауға, бұра тартпауға тырыстық. Ағайын-жұртқа адалдық, жолдас-жораның көңіліне қарау, отансүйгіштік, парыз, қарыз дегендерді жалау ете көтеріп, ешкімнің ала жібін аттамауды мұрат тұтып өскен буыннанбыз.

Мен алғаш рет Бауыржанды 1983 жылдың күзінде Алматыда өткен жас ақын-жазушылардың «Жігер» фестивалінде көрдім. Тебіндеп жаңа шыға бастаған қара мұрты қарлығаш балапанының қара қылтанақ ата бастаған қауырсын қанатындай жылт-жылт етеді. Қағылез, сыптығырдай науша жігіт көпшіліктің алдында өзінің «Ұршық» деген өлеңін оқыды.

*Бір сәтке, әже, тыншып па ең –
Шүйкеге мол жіп жиылып.*

*Отырушы едің ұршықпен
Уақытты қоса иіріп.*

*Өзімді сонда жұбатып,
Өмірге іштей күйінгем.
Ұршық қой мына Уақыт
Жіп қылып бәрін иірген...*

Жұрт сатырлата қол соқты. Бүгінде маған сол «Ұршық» өлеңі Бауыржанның ақындық төлқұжаты сияқты көрінеді. Батыс өлкесінің балалары жақсы біледі, алғаш атылған мұнай фонтанының ғаламат селі тіпті енапат қой! Болат ұнғыларды дірдектетіп, көкке атылған мұнайдың қысымы соншалық, жүздеген метр биікке дейін самғап, ық жақтағы, үш шақырым жердегі қырат, қырқаларды майлы нөсердің астында қалдыратын.

Міне, осы алғаш атылған фонтандарды мен талантты ақындардың тұңғыш жырларына шендестіргенді қалап тұрамын. Сондықтан да болар, күннен емес, электр жарығынан нәр алып, қаланың жасанды жылыжайларында өскен жемістей кенеуі аз, ана тілінің мәйегіне қанбаған, қан-сөлсіз әлжуаз шаһарда туған ақындардан гөрі, мен кіндігі далада қалған шайырларға көбірек ден қоямын.

Затында, дарынды жандардың жүйрік фантазиясы өз назарына түскен құбылыстарды зорайта да, кішірейте де алады. Сол сияқты олар әлгіндей құбылыстарды жарқырата да, күнгірттей де біледі.

«Елін апат жайласа, эпицентрі ақынның жүрегінде болады» дегендей, Бауыржан да Абырлыдағы атом нәубетіне нәлет айтып, жанын қоярға жер таппайды. Енді ақынның «Тамыздың жиырма тоғызы...» деген өлеңін оқып қарайық:

*Тамыздың жиырма тоғызы...
Күн емес Алып шар шықты.
Аспан көзінен қан шықты,
Дегелең деген өр таудың
Кеудесінен сол күн жан шықты.*

*Сұрапыл дауыл соқтырды,
Жарылуға далам шақ тұрды.
Жер менен Көкте тұтасқан
Бұрын болмаған от тұрды.*

*Майлықара, Үшқара,
Берікқара сұстана.
Тақыр боп қалды төбелер,
Сытырғандай алып ұстара.*

*Тамыздың жиырма тоғызы...
Көзімді менің байлады,
Денеме дерт боп бойлады.
Жер-Ананың ақ шашын,
Ақ шашын жұлып ойнады.
Құстардың тоқтап сайрауы,
Бойымда қаным қайнады.
Өртенді атақонысым
Қырдағы мен ойдағы...*

Иә, бұл ақынның тірі жүрсе, жүрегінің түбінде, о дүниеде сүйегімен бірге кететін қасіреті еді.

Бауыржан оқырманның көз алдына небір көрініс, хикметтік сипаттарды тізбелей әкеледі де, оған көркемдік және сәулелі ойларды орап, адамды қайғыртып, мұңайтып, зығрданын қайнатып, ішкі сезім тұнығының бетін жыбыршытып, толқыта біледі. Ақынның осы бір атом қасіреті туралы өлеңі біздің де бүйірімізді бақадай мұздатып, бейдауа күйге түсіреді. Осы орайда, тағы да қыршынынан қиылған Айжан қызға арнаған өлеңіне назар аударайық:

*Ойласам, ет-бауырым езіледі,
Елесің қайда барсам, кезігеді.
Сен кеттің бір Алланың жазуымен,
Жоқтығың бұл дүниеде сезіледі.*

*Артыңда қала қалды, ауыл қалды,
Өзенің, далаң қалды, тауың қалды.
Полигон ойсыратты омыртқаңды,
Полигон қаңыратты қабырғаңды...*

Міне, айналасына қадірсіз, ешкімге де пайдасы жоқ өлімтік пенделердің өмірі таусылмайды да, ал асыл жандардың ғұмыры парлай атылып, ақжайнақ боп жанатын отшашулардай тез сөнетінін осы өлеңнен анық байқаймыз.

Негізінен, Бауыржан жырларында адам – рухтың белгілі бір арнасы, зерденің ең жоғары субстанциясының қоймасы, нақты денелерді, яғни, тірі жаратылыс пен астралды заттарды құпия түрде байланыстыратын ғаламның айрықша символы ретінде көрінеді. Қалай дегенмен де, бір биікке шыққаннан кейін мәрені екінші биікке көтеріп қою – өмірдің бұлжымас заңы. Міне, өсу, кемелдену деп осылай сатылап тырбануды айтады. Мысалы, алпыс жастың балалық дәурен шағына, оқушылық кезеңіне, студенттік дәуіріне деп бір жиырма жылын қысқартып тастасақ, Бауыржан еншісіне қырық жылдай уақыт қалады. Ол өзіне тиісті болған осы қырық жылында адамды азамат деңгейіне көтеретін нәрсе мігірсіз шығармашылық пен жанкешті еңбек екенін дәлелдеді. Еңбек болғанда да қара бастың қамы, тойымсыз құрсақ ындыны емес, рухани шаруаға құлаш ұрды.

Ақын халық әдебиетінің нуынан алған сөздеріне жаңа мән, тосын ажар беріп, құлпырта түседі. Көрген-білгенін көз шоласынан, ой сарасынан әбден өткізіп барып қалам тербейді.

*Ай туады, Күн қашады,
Алдымызда түн тосады.
Жанушы еді сонда біздің
Қараша үйдің білте шамы.*

*Терезеден ұрланып Ай,
Күлімсіреп тұрған ұдай.
Білте шаммен біз оқыған
Ғашықтардың сырларын-ай,
Батырлардың жырларын-ай!*

*Өрт боп жанып жалынынан,
Соның бәрін қанып, ұғам.
Қымбат нәрсе жоқ-ау, сірә,
Білте шамның жарығынан*

Ол әдісін артына сақтайтын палуандардай, оқырманын әрі-сәрі күйге түсіре келіп, өлеңнің құяр жерін, яғни шүңейтін салмақты уәжбен түйіндейді.

*Әйтеуір қара тонда құдірет бар,
Жауса да тоңдырмайды мың рет қар.
Ішінде сақталған бір асыл бейне,
Көзімнен мәңгі өшпейтін сурет бар.*

*Өмірдің өзгерсе де марафоны,
Адамдар барады ағып қала толы.
Әкемнің ізін жалғап мен келемін,
Үстімде қара шалдың қара тоны.*

(«Қара тон»)

Өлдеқашан дүние салған ардақтысының киімін қасиетті тәбәріктей сақтап, иіскеп мауқын басу, онымен тірі адамша сөйлесу – тек қазақтарға ғана тән шығар.

*Айдың нұрына түн шомылғанда,
Тыныштық келіп тұнса қырларға.
Тылсым әлемнің құшағына еніп,
Билейді сәуле құм-шағылдарда.*

*Өзеннің ғажап күйі болады,
Жағаға толқын тиіп ағады.
Бетінен судың шөп-шөп еткізіп,
Нәзік бір сәуле сүйіп алады.*

Міне, бұл енді, сурет! Сөзбен сурет салу деген – осы! Өрілген ішектей өрнектелген теңеу!

Иә, жақсы өлеңдер жазудың камертоны дәрежесіне көтерілу оңай шаруа емес. Қажетсіз қауызынан арылып, селкеу қағылған арқауы ширап, көптің көкейіне қонақтаған жыр ғана ел жадында ұзақ сақталатынын Бауыржан жақсы біледі. Біздің буын құйын-перен ақындар: Төлеген, Жүмекен, Сағи, Қадыр, Мұқағали, Тоқаш, Өтежан, Жұматай жырларын жатқа оқитыны сондықтан да болар.

Мұхитта тереңдеген сайын алапат қысым күшейе беретіні секілді, есейген сайын аманат, парыз да көбейіп, еңсенді езе түседі. Сондай ойдан туған сүбелі еңбектің бірі – ақынның «Жүректен қозғайын» атты сын мақалалар, әдеби портреттер, эсселер мен естеліктер кітабы дер едік. Бұл жинақта автор ілгері-кейінді өмір сүрген қазақ сөз өнері падишаларының өнернамасындағы көзге көрінбейтін сиқырлы байланыстарды, көркемдікпен әдіптелген алтын талшықтарды шеберлікпен талдайды.

Бауыржан – кешегі жыр жазирасының жампоздарын көріп қалған, солардың ақыл-кеңесін тыңдаған доңғайыр шайыр. Сондықтан оның өлеңдерінде таңғы кәусар себезіндей саф таза-лық, қарынның құрышында қалған сәуірдің сары майындай дәмділік бар.

Қашан да жазып отырған кейіпкеріңе лайықты сөз табу – қиынның қиыны ғой. Оған арналған лебізін дәл пішілген киімдей құнтиып, жараса қалса қандай ғанибет?! Асыра сілтеуге де болмайды, өйткені бақсылар салған қатты демді кез келгеннің көтере алмайтыны және бар.

Бір қызығы, адамдар, әсіресе өнер адамдары өз қатарластарын оңайлықпен мойындай қоймайды ғой. Бауыржан жөнінде ондай «әрі тарт та, бері тарт» болған жоқ, бәрі де оның шығармашылығын жылы қабылдады. Сондай-ақ алдындағы алыптарға еліктеген, солықтаған да жоқ.

Осы жайтқа байланысты кезінде Мұхтар Әуезов былай деген еді: «Пәлі, бәрін біреуге теңейміз, ұқсатамыз кеп. Абай неге Гете болуы тиіс? Құрманғазы неге Моцарт болады? Бетховен сонаталарына Сейтектің «Сары өзенін» өлсем де берем бе мен?! Абай мен Гете, Құрманғазы мен

Моцарт, Бетховен, Сейтек, Мұхит, Тәттімбет, Дина... пәлі, бұлардың әрқайсысы бір-бір тұлға. Бір-бір жаратылыс. Өз-өзінше бір-бір керемет! Олар бір-бірінің көлеңкесінде қала алмайды».

Міне, кемеңгер Мұхаң осылай толғайды! Иә, біреудің көлеңкесінде жүргеннің оңғаны бар ма?! Сондықтан омбыласаң да өз жолыңды салмай, бақ жұлдызың жанбайды екен! Бүгінде жер-жиһанда жеті миллиард жарым адам бар, соның бірде-біреуінің саусақ белгілері екіншісіне дәл келмейді. Міне, ғажап! Ендеше, өмірде де, өнерде де даралыққа не жетсін?! Дәл осы қағидатты Бауыржан – жете түсінген шайыр. Ол бүгінде жер танабын қуыра шауып, ақ көбік, ақ сел боп терлеп келіп, таң асқан арғымақтай қунақ қалпында алпыс жасқа толып отыр.

Бір қарағанда, дүниеде жыл құстарындай ақылды мақұлық жоқ сияқты, олар аспандағы ақ бауыр сансыз жұлдыздар шоғырының сілемін бойлап, Құс жолын сағалап, жылы жаққа бет түзейді, бағытынан адаспайды. Өйткені осы жұлгеде әдемі ауа ағысы болатынын олар жақсы біледі, құстар әлгі ағыспен жеңіл қалқып, көздеген мекеніне жетеді. Сол тақылеттес, Бауыржан ақын да Құс жолындай өзінің имандылық, кісілік, шайырлық даңғылына түсіп, дариға-дәурен биігіне тартып барады.

Думан Рамазан,

жазушы, журналист, драматург,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Асығы алшысынан түскен ақын

Қазақ халқы шынайы таланттар мен дарындарға әсте кенде болмаған. Сондай өнерімен елдің құрмет-қошеметіне бөленіп жүрген шашасына шаң жұқпас хас жүйріктің бірі – қазақ өлеңіне өз даусы, өзіндік өрнегімен келген Бауыржан Жақыптың есімі бүгінгі жырсүйер қауымға жақсы таныс. Ақын поэзиясы ұлттық бояуының қанықтығымен, қазақи дәстүрден тамыр тартқан көркемдігімен және ақыл мен сезім пернелерін егіз өретіндігімен ерекшеленеді.

Бауыржан Жақып – сегіз қырлы, бір сырлы қаламгер. Ақын, ғалым, журналист, аудармашы, ұстаз, білікті басшы. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет білдіріп, жұрттың бәрімен ортақ тіл табыса білетін азаматтық тұлғасын да айта кеткеніміз орынды шығар.

Ақын өз өлеңдерінде талай мәрте жырлағанындай, Шыңғыстаудың бауырында, ұлы Абай, дана Шәкәрім, кемеңгер Әуезовтер өмір сүрген қасиетті топырақта дүниеге келді. Жастайынан Абай жырын жаттап, «Абай жолын» бойтұмардай қастерлеп өсті. Абай тұнығынан мейлінше қанып ішіп, Әуезовтың тереңіне бойлады. Ұлылардан тәлім алып, соларға қарап ой да, бой да түзеді. Бұл – тағдырдың маңдайына жазған бақыты ғана емес, үлкен жауапкершілік екенін түсінді. Түсінді де, солар салған жолға түсіп, қызығы мен қиындығы қатар өрілер ақындық тағдырды таңдап алды.

Бауыржан ағамен бір ауылда туып-өстім. Тіпті бар шатырдың астында, ұзын бір үйдің бір жағында олар, бір жағында біз тұрдық. Есіктеріміз де екі жаққа қарай ашылатын. Қыстың кей күндері қар қалың жауса, үйіміздің төбесіне дейін басып қалушы еді. Сонда қайсысымыз бірінші шықсақ, есіктің алдындағы қарды күреп, сыртқа шығарып алушы едік. Қақаған қысы мен ақ түтек бораны болмаса, ынтымағы жарасқан, береке-бірлігі мол ауыл еді. Ақын «Біздің ауыл» атты өлеңінде туып-өскен ауылы туралы былайша ой қозғап, жыр толғайды.

Біздің ауыл – сауықшыл, сәншіл ауыл,

Бір соқпастан кетпейтін әнші дауыл.

Қытығына тимесең қойдан жуас,

Ашуланса бишікті, қамшылы ауыл.

*Шалғыда жүр шалдары шаруа ап тәуір,
Еске аламын өткенді әр уақта бір.
Тағзым еткен айқұлақ зираттарға,
Біздің ауыл – әулие, аруақты ауыл.*

*Әміренің әнімен оянады,
Тәттімбеттің күйіне боянады.
Алақанға салып ап сол бір ауыл
Төлеужанның жырларын аялады.*

*Біздің ауыл – сол ауыл, баяғы ауыл,
Жүзін күннің нұрына шаяды ауыл.
Көк аспанға ақша бұлт бөркін атып,
Қонақ келсе, құшағын жаяды ауыл.*

Осы шағын өленде-ақ біздің ауылдың бар кескін-кейпі, ажар-көркі, тыныс-тірлігі керемет көрініс тапқан. Ақынның шеберлігі сонда, қауыздай нәрсенің ішіне үлкен «дәнді» сыйдыра білген... Бауыржан ағамыздың үш-төрт көйлекті ерте тоздырғаны болмаса, бір-бірімізді бала кезден білеміз. Балалық бал дәуренді бірге өткіздік. Ауыл баласына тән бүкіл қызық-шыжықты бастан кешірдік... Тау-тас кездік, қарақат, бүлдірген, жауқазын, жуа тердік, қияқ пен ши арасына жасырынып, тығылмаш ойнадық. Бұзау мен тайға мініп, талай жарыстық. Саршұнақ аулап, мойнына жіп байлап, ит сияқты жетектеп жүрген кезіміз де болды. Қазір сол сағымдай болған балалық шақты сағынасың, ойласаң болды, бойыңды қимастық сезімдер билейді. Ақынның «Аңсау» атты өлеңін оқығанда ауылымызға тағы бір мәрте саяхаттап барып қайтқандай күй кешесің:

*Мен сағынып келдім
Анамның ақ құрттарын,
Даламның ақ бұлттарын,
Туған үйдің түтінін будақтаған,
Қызыл күрең жолдарды күн қақтаған.
Ағаш – хауыздарды
Жасыл желегін аспанға атқылаған,
Мөлдір бұлақтарды
Бір-бірімен жарысып, шапқылаған.
Көлдерді мөлдіреген,
Ақ жауынға таулардың жуынғанын,
Көздері жәудіреген
Қозыларын ауылдың, құлындарын.
Жұлдыздары самсаған түнгі аспанды,
Бала күннен бірге өскен құрдастарды.
Жеңгейлерді алдымнан жыр-қақпа ашқан,
Әжейлерді әдемі сырмақ басқан.
Қарындастарды
Қос бұрымнан қатар өрген,
Қарияларды маған сан бата берген.
Інілерді таңдайы тақылдаған,
Ағаларды сөзімді мақұлдаған.
Шық қонған жапырақты,
Киелі топырақты
Сағынып келдім мен.*

Иә, бәріміз де сол балалық балдәурен шақты сағынамыз. Сағыныш сазын шерте отырып, өткен-кеткенді еске аламыз. Біздің кезімізде ауыл балалары көбінесе асық ойнайтын. Дорбалап жинайтынбыз. Ата-әжелеріміз бен әке-шешелеріміз бізге арнап асық жинап жүретін. Үйде ет асылса, алдымен жіліктің етін жеп, майын ішуге емес, асығын алуға асығып тұратынбыз. Сондай асыққұмар баланың бірі едік.

Бауыржан ағамызбен де талай мәрте асық ойнадық. Әлі есімде, қайдан алғанын білмеймін, арқардың үлкен сақасы бар болатын. Сол сақасымен бәріміздің асығымызды сыпырып алатын. Дырдай боп ұтылып, ішіміз удай ашып қала беретінбіз. Қандай құпиясы бар екенін анық білмеймін, әлгі сақасы қалай атса да алшысынан түсетін.

*Ақ сүттей армандаған түнді көрдім,
Сұлудың күлкісінен сыңғыр өрдім.
Бөркімді ақша бұлтқа лақтырып,
Асығым алышы түскен күнді көрдім.*

*«Берме, – деп, – еліме күн райы бөтен!».
Қолымды Тәңіріге жайып өтем.
Бірде алышы, бірде шік, бүк, тәйкі түскен,
Өмірдің өзі – асық ойыны екен, –*

деп ақынның өзі дәл тауып айтқандай, әрдайым Бауыржан ағамыздың асығы алшысынан түсіп келеді. Асығының шік, бүк, тәйкі түскен кездері болған шығар, бірақ есімде қалмапты. Ал сақасының атқан сайын алшысынан тұра қалатыны әлі күнге дейін көз алдымда сайрап тұр...

Иә, өмірде жолы болды. Мектепте үздік оқыды. Алғаш әліпбиді үйреткен ұстазы – біздің анамыз еді. Әлі күнге дейін «Бауыржан бала кезінен талапты, зейінді, алғыр болатын!» деп әркез шәкіртін мақтанышпен айтып отырады.

Қазақ Мемлекеттік университетін де үздік бітірді, кейіннен жеті-сегіз жыл сол өзі білім нәрімен сусындаған оқу ордасының Журналистика факультетін басқарды. Ғылым жолындағы ізденістері де табысты болды, «М.Әуезов – публицист», «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары», «Публицистикалық шығармашылық негіздері» тәрізді ғылыми-зерттеу кітаптары жарық көрді. Кандидаттық, докторлық диссертация қорғады, профессор атанды. Оның ғылыми жұмыстарының негізгі бағыты – қазақ көркем әдебиеті мен журналистикасындағы публицистика жанрының қалыптасуы, дамуы, теориялық және шығармашылық мәселелері. Жалпы 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды. Бұл, әрине, ауыз толтырып айтарлықтай жетістік екені белгілі. Тұжырып айтқанда, алмастай жарқылдаған жырларымен ғана емес, тұщымды публицистикалық хәм ғылыми еңбектерімен де танылып, журналистика хәм ғылым саласында да өзіндік қолтаңба қалдырған ерек тұлға.

«Қазақ энциклопедиясының» бас директоры қызметін де абыроймен атқарды. Қазір Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары. Қызмет Бауыржан ағамызды емес, керісінше, Бауыржан ағамыз қызметті көктетті, абыройын асқақтатты, беделін көтерді. Төлағай табыстарға жетті, шығармашылықта да үлкен бел-белестерді бағындырды. Елімізге ең алдымен арқалы ақын ретінде танылды... «Жұлдызды шак», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Ақ лақ», «Аудитория», «Баспалдақтар», «Бір кеменің үстінде», «Айдындағы аспан», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы», «Қызыл қайың» сынды жыр жинақтары бірінен соң бірі кезегімен шығып жатты. Оның шығармалары орыс, түрік, украин, македон, түркімен, қырғыз тілдеріне аударылды. Қазақстан Жазушылар хәм Журналистер одағының және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атанды. Талай мәрте республикалық жыр мүшәйраларында топ жарды. Былтыр ғана Президент жарлығымен мәртебелі «Парасат» орденімен марапатталды. Осыдан тура он жыл бұрын «Құрмет» орденін

кеудесіне таққан еді. Былтыр «Алаш» сыйлығының лауреаты атанды. Бәріне лайық. Ерен еңбек пен төгілген тердің арқасы. Яғни, танылып қана қойған жоқ, қуатты қалам иесі ретінде өзін-өзі жалпы жұртшылыққа мойындатты. Жұлдызы жанды, тағы да асығы алшысынан түсті. Осындай атақ-абыройдың оңайшылықпен келмегені де айдай ақиқат. Бұл – салқын ақыл мен шынайы таланттың ғана емес, үздіксіз оқып-іздену мен білім-біліктің, ерен еңбекқорлықтың арқасы, соның табиғи жемісі.

Сүйіспеншілік – адамзат ғұмырын жалғайтын нәр. Туған жер мен өскен елге деген сүйіспеншіліктен ғана ұлы өнер туындысы дүниеге келеді. Ендеше поэзияның алтын діңгегі де, үзілмес арқауы да осы сезім.

Туған жерім!

*Қымбат сенің әр кешің, қымбат таңың,
Тал бесікке тәнімді құндақтадың.
Сен деп соққан жүректе көп сыр жатыр,
Тауыса алмай келемін жырлап бәрін.*

*Тұңғыш сенің төсіңде көзімді аштым,
Сезімімнің пернесін өзің бастың.
Сағыныштың дертінен саған деген
Жаным барда кеудемде жазылмаспын.*

*Жазылмаспын, өтермін аңсап мәңгі,
Пейілім деп біл менің, жауса ақ қарды.
Сені ойлаумен кешті де батырамын,
Сені ойлаумен сағына қарсы ап таңды.*

*Ғажайып бір мейірім жанарда ойнап,
Сені ойласам, қаламын анамды ойлап.
Қырларыңа шығамын, сонан кейін
Тереңіне Шағанның алам бойлап.*

*Жайсаң далам, жазирам, жазық маңдай,
Сырларыңды боламын аз ұққандай.
Сенен ұзап ешқайда кете алмаймын,
Мені жіпсіз байлаған қазық бардай.*

Бұл өлеңде ақынның туған жерге деген ыстық махаббаты, шынайы сүйіспеншілік сезімі барынша көрініс тапқан. Міне, сондықтан да ақын мен махаббат ұғымы бір-бірінен ажырамай, ғасырлар бойы бірге жасасып келеді. Себебі, махаббат дегеніміз – ақынның жарық дүниедегі сүйіспеншілік көзі. Ол да осы арқылы бірде күйінсе, бірде сүйінеді. Орыс халқының ұлы ақыны Сергей Есенин өзі туған деревнясын көзі жұмылғанша қастерлеп, әспеттеп өтіпті. Міне, сол себепті де отандастары оның есімін ерекше құрметпен еске алады.

Бауыржан Жақыптың өлеңдерін оқысаңыз да, дәл осындай көңіл күйдің аңысын аңдайтыныңыз хақ. Шын жүрегімен сүйсіне жырлайды. Алыстағы ауылдың кескін-кейпі алақаныңызда тұрғандай әсерге бөленесіз, Туып-өскен өлкеге деген перзенттік сүйіспеншілігі жырларынан менмұндалап көрініп тұрады. Туған жердің әсем табиғатын: жусанын, қынасын, майқарағанын, сәмбі талын, ақша бұлтын, өзен-көлін, тіпті күрең жолы мен жаңбырына дейін жырға қосады, сағынышпен еске алады. Сондықтан да әрбір өлеңінде көзімізге оттай басыла-

тын бала күннен таныс суреттер бірінен соң бірі қол ұстасып жүре береді. Мысалы, «Бәйге» деп аталатын өлеңіндегі мынадай үзіндіні оқып көрелікші:

*Кеткенде аттар аңырап,
Қозған сәтте делебе.
Бір шайқалып шаңырақ,
Дір етеді кереге.*

Осы өлең жолдарын оқығанда өзіңіз де бір сәйгүлікті таңдап мініп, бәйгенің қақ ортасында жүргендей күй кешесіз. Жарыс десе, қазақтың қаны қызып, намысы да сынға түседі. Осы бір көңіл күйді ақын «Бір шайқалып шаңырақ, дір етеді кереге» деген екі-ақ жолға қиюын тауып сыйғыза білген. Ұтымды да ұтқыр теңеу.

Енді бір өлеңдерінде ақын ауыл өміріне тереңірек дендей түседі. Өзіндік ізденістері де андағайлап көрініп тұрады. Ауылдағы әр тас пен әрбір ағаштың өткеннен ой қозғап, сыр шертіп тұрғанын аңғарасыз:

*Зиратың да елеңдеп тұрған шығар,
Ай құлағын тосумен құбылага.*

Әрбір ақын поэзия әлемінің есігін өзіндік үн, жаңа леппен аттайды. Тұлпардың шабысы тай жарысынан байқалса, ал ақынның болашақта қандай шыннан қол бұлғайтыны алғашқы өлеңдерінен-ақ аңғарылады. Ақын жырларындағы ойлылық мен сыршылдықты өзіндік қолтаңбасы деп бағалаған жөн. Ұйқасы мен ойы тең түскен мына бір шымыр шумақтар оқырманын бей-жай қалдырмасы анық:

*Кел, күнім, жылдарым, кел айларым,
Жатқандай дүбір күтіп кең аймағым.
Шөкімдей ақ бұлт көрсең, көк жүзінен
О, жұртым менің жырым деп ойлағын.
Ұзатқан қыздай өзен сыңсып аққан,
Таттың-ау сен де талай жыр шұбаттан.
Көкөрім шыбық көрсең Көктемеде,
Ойларым ол да менің бүршік атқан.*

Туған жері мен өскен ортасын жырламаған ақын кемде-кем шығар. Бірақ соның ішінде атап айтар болсақ, қай-қайсымыздың да ойымызға алдымен Қасым Аманжоловтың туған жер туралы жырлары оралады. Өйткені ондағы табиғат пен ақын сезімі үйлесім тауып, оқырманның көз алдына әдемі сурет галлерейасын шебер кейіптеп-кескіндейді. Ол сонысымен де ерекше, сонысымен де ыстық, аса құнды. Ал, Бауыржан Жақыптың да туған жер тақырыбын жырлауы өз ерекшелігімен андағайлап көзге түседі. Өйткені ақын өлеңдерінен жадағай тіркестерді таппайсыз, туған жерге деген ыстық ықылас пен сүйіспеншілікті байқайсыз:

*Туған жерім!
Қымбат сенің әр кешің, қымбат таңың,
Тал бесікке тәнімді құндақтадың.
Сен деп соққан жүректе көп сыр жатыр,
Тауыса алмай келемін жырлап бәрін.*

Биыл қазақ «тал түс» деп атайтын мерейлі алпыс жасқа толып отырған арқалы ақын қазір де бәйгеге түсер аттай бабы мен бағы қатар келіскен шығармашылық дер шағында. Ол поэзи-

яның ең күрделі саласы – поэма жанрында да қалам тербеп, кең тынысты қаламгер екенін де танытып жүр. Ойлы да сыршыл ақынның шоқтығы биік поэмасының бірі – «Жан дауысы». Ақын бұл шығармасында Семей полигонында сыналған атом бомбаларының қоршаған ортаға тигізген кері әсері туралы сыр толғайды. Сан алуан көркемдік философиялық түйіндеулер жасайды. Жүректі тебіреніп, мүлгіген санаға қозғау салар ой, идеяға иек артады. Ең бастысы, өмірлік: өткір әлеуметтік мәселені қозғайды. Оны оқырман жүрегіне кестелі де көркем тілмен кестелеп жеткізеді. Оны поэманың басталуынан-ақ анық байқайсыз:

*Көздері бұлақтардың жабылғандай,
Бойынан қан тоқтаған тамырлардай.
Әскердің тәртібімен дөңдердің де,
Шаптары тақырланып алынғандай.
Көркіне көрген сайын жан сұқтанған,
Көліктер лайланып шалшық болған.
Бір кезде тасып аққан өзендердің,
Арнасы қасық сусыз қаңсып қалған, –*

деген бедерлі де бейнелі шумақтар автордың шеберлігі мен ақындық талғамының өте жоғары екендігін аңғартса керек. Ақын бұдан әрі Табиғат-Ананың бел балалары – «Таудың зарын», «Қураған тоғайдың соңғы сөзін», «Боз даланың қасіретін» және осыларды жоқтап «еңірегінде етегі жасқа толған» «Желдің жоқтауын» тебірене жырға қосады. Поэмадағы әрбір жол өксікке толы. Тау «өртеніп, шала-жансар тәні қалғанына, омыртқасы омырылып, жотасы жанғанына» назаланса, тоғай «ұлы ортаға қамалып, ұлы сәуле уыстағанына, ұлы судан нәр алып, ұлы ауамен тыныстағанына» күйінеді, өзен «суын сүйікті ететін балдырдың сирегеніне, еңсесін биіктететін балықтың азайғанына, ауруға шалдығып, құрдымға суы кеткендей құрып бара жатқанына» мұңайса, жел «өрт шалған жерінің, дерт шалған елінің дауасын таппай» күңіренеді.

Поэмада осындай жансызды жандыға айналдырған ақынның негізгі мақсаты – қоғам кесапатынан туындаған замана запырандарын барынша ашып көрсету. Ал туған елдің болашағы мен туған жердің табиғатын жырлау – әр ақынның азаматтық борышы екені айтпаса да түсінікті.

Бауыржанның «Астар туралы» деген әсерлі өлеңі бар. Онда ақын әр нәрсенің сыртқы тысымен бірге астары болатынын, ол жайында әркімнің ойлай бермейтінін тілге тиек етеді.

*Әр нәрсенің бар астары, бар тысы,
Ол жайында ойлай бермес әр кісі.
Талай сырды түсінеміз кеш барып,
Отырғанда балалықты еске алып:
«Анам талай құрақ көрпе құраған,
Астарына үңілген жоқ бір адам.
Әжем өзі тоқып қойған алаша,
Жолақ-жолақ тысы қандай тамаша!
Әкеміздің көрдік сары тонын да,
Қарамадық астарына оның да».*

*Байқамптын мен көзімді ашқалы,
Бар екенін дүниенің астары.
Бұл сөзімді барлығы да растар:
Күн менен түн, бірі – тыс та, бірі – астар
Жұлдызды аспан, құпиясың сен маған,
Жұмбағыңды шешіп жатыр енді адам.*

*Өзендерім желең төсі ашылып,
Тереңіне, ағады сыр жасырып.
Қара жердің астарында асыл бар,
Қойнауына шөккен талай гасырлар.
Қалың бұлттың астарынан жасай құлар,
Қуаныштың астарында қайғы бар.
Жарықтың да астары бар – қараңғы,
Ой да астарлы, – ұстама, дос жағаңды.*

*Жүрегімнен тырс-тырс тамды тамшы – өлең,
Тыңда менің домбырамды, барша әлем!
Шанағында оның қаниша саз жатыр,
Астарында бұғып жатыр қаниша әуен?!
...Жүрегімнен тырс-тырс тамды тамшы – өлең.*

Иә, ақынның өзі айтпақшы ойдың да астары болады. Ендеше ақындық ерекшелігі де осында. Ол өз өлеңдерін көбінесе астарлы ойға құрады. Ақынды терең түсіну үшін оның жырларын көкірек көзімен зейін қоя оқу керек. Сонда ғана жыр астарындағы «жасырын» ойлар өз құпия-сырларын айқара ашады. Әйтпесе, ақынның айтпақ ойын жете түсінбеуіңіз ғажап емес. Мысалы, Бауыржан ағамыздың «Қоңыр әулие үңгірі» атты өлеңін талдап көрелікші. Ақын бұл шығармасында өзі туып-өскен жердегі «Қоңыр әулие үңгірінің» кескін-келбеті мен сыр-сипатын сөз ете келе, оның ішінде «есіле аққан тұп-тұнық судың» бар екенін еске салады.

*Бұл өзеннің аңқасы бір кетпейді,
Басқа өзендер бұл өзенге жетпейді.
Көрген адам табиғатқа таң қалып,
Келген адам бір ұрттамай кетпейді.*

*Су да кен зой, ерте тапқан бұл кенді ел,
Осы судың қасиеті бар, жұрт емдер.
Ауырғанда балаларын жіберіп,
Алғызады «шипалы» деп, үлкендер...*

*...Пәк қолыммен,
Бала кезде кекілді,
Сол суменен талай жудым бетімді.
Жырым-дағы мөлдір болса деп келем
Осы үңгірдің шипа суы секілді.*

Міне, Бауыржан Жақып – осындай айтқыш әрі тапқыр ақын. «Қоңыр әулие үңгірі» туралы айтқан ойларын оның өз өлеңдеріне де бағыштауға болады. Астарлы ой, астарлы сөз осындай-ақ болар! Ойымызды көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Темірхан Медетбектің сөзімен түйіндесек: «Егер Бауыржан табиғаттың көңілді де, көзді де арбар сыртқы құбылыстарын сөз-суретке түсірумен ғана болып, тек соны ғана қызықтап кетсе, онда ол оқырман қауымды тез жалықтырып алған болар еді. Онда ол қаншама әдемі бояулар жағып, қаншама қызық суреттер салса да, бар болғаны пейзаждық қана ақын боп қалар еді. Өйткені табиғат әлемі, бізді қоршаған мына дүние әсем қимыл-қарекеттер мен ажарлы әсем суреттерден ғана тұрмайды ғой. Оның да тартысқа толы, драмасы, күйініші мен сүйініші, бітіспес күресі мен тіресі бар. Сондықтан енді ол дүние астарына үңілуге бет қояды». Орынды айтылған сөз. Бұған

алып-қосарымыз жоқ! Ақынның өлеңдері де «Қоңыр әулие үңгірінің» шипалы суы сияқты, мөп-мөлдір қалпында өз арна-ағысынан буырқанып ағып жатады. Оқыған адамның көңілін желпіп, жан-дүниесін тербеп, бойын сергітері сөзсіз. Демек, жақсы ақын.

Мерейлі жасыңыз құтты болсын, Бауке! Сіздің жетістігіңіз – біздің де жетістігіміз. Сіздің қуанышыңыз – біздің де қуанышымыз. Бір ауылда туып-өсіп, әлі күнге дейін аға-іні болып сыйласып келеміз. Бұдан кейін де сыйластығымыздың жалғаса беретініне кәміл сенемін. Жасай беріңіз! Еңбегіңіз еленіп, жұлдызыңыз жарқырай берсін! Қашанда мерейіңіз үстем, мәртебеңіз жоғары, абыройыңыз асқақ болсын! Бақ-береке тілеймін!

Ермахан Шайхыұлы,
халықаралық Махамбет
атындағы сыйлықтың иегері.
Ақпарат саласының және
мәдениет саласының үздігі

Арда туған азамат

Бауыржан Жақып – арда туған атпал азамат! Ол биыл алпысқа толды. Баукең бұл алты асуды алқынбай-ақ, жұлқынбай-ақ алды. Осы алты белеске желе жортып, жеңісті де жемісті жетті. Ал бұл жеңіс пен жеміске құрбы-құрдастары қызыға да қызғана қарайтыны тағы да рас. Өйткені толағай табысқа ие болу – екінің бірінің майдайына жазыла бермейтін бақ. Ал енді сол бақты көтеріп жүру де оңай емес. Ел аузында мынадай тәмсіл бар: «Бақ әуелі адамның аяғына ілінеді. Аяғына келген бақты көтере алмаған, аяғын шалыс басып, жүрісінен жаңылады. Егер аяғына келген бақты көтере алса, бақ өрлеп белге келеді. Белге жеткен бақты көтере алмаған не ұрпақсыз қалады, не өзінен тараған ұрпағына кесірі тиеді. Егер беліне келген бақты көтере алса, бақ өрлеп кеудеге келеді. Кеудеге келген бақты көтере алмағанның кеудесіне нан піседі. Өзгеден гөрі, өзін жоғары санағыш болып, менмен, өркеуде болады. Ондайдан бақ кетіп қалады. Егер кеудеге келген бақты көтере алсаң, бақ өрлеп аузыңа келеді. Бұл кезде айтқаныңа ел ұйыйды. Адамда ауыз – біреу, құлақ – екеу, яғни айтпас бұрын көп тыңдауымыз керек. Бірақ көзіміз құлағымыздан жоғары орналасқан, сондықтан көрмей тұрып, естігенімізге сенбеуіміз қажет. Ал адамның миы бәрінен жоғары тұр. Демек, көргеніміз бен естіген өсегімізді айтпас бұрын ойлануымыз керек. Аузындағы бақты ұстағанның ендігі кезегі – көзінде. Көзіне келген бақты көтере алмағанның көзін шел басып, бар мен жоқты, жақсы мен жаманды айыра алмайтын халге жетеді. Көздегі бақты көтере алсаң, бақ жоғарылап басыңа орнайды. Кетпес бақ деп соны айтады. Басына бақ қонған адам – дана адам». Ендеше Баукең де басына кетпес бақ қонған дана адам десек, әсте қателесе қоймаспыз.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді атам қазақ. Сол айтқандай, Баукеңнің жақсылығын айтып, нұрын тасытатын кез келген секілді. Ол – қазақ әдебиеті мен журналистикасының һәм руханиятының отымен кіріп, күлімен шығып жүрген жаны жайсаң жампоз журналист-жазушы.

*Арғымақ аттың құйрығы –
Әрі жібек, әрі қыл.
Ер жігіттің белгісі –
Әрі мырза, әрі құл, –*

деп осы азаматқа арнап айтса жарасады.

Бауыржан Өміржанұлы – менің әрі ұстазым, әрі кураторым. 1988 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетіне оқуға түскен күннен бастап, ағалы-інілідей сыйласып келеміз. «Аға болсаң – ақыл айт, ақыл айтсаң – мақұл айт» демекші, ылғи да бауырына тартып, ағалық ақылын айтып, қолдан келген көмегін берді. Ол тек маған ғана емес, екінші топқа, тіпті бүкіл курс студенттеріне қамқорлық көрсетті. Бірінің басынан сипаса, екіншісінің арқасынан қақты. Оқу корпусында, №5 жатақханада өтетін түрлі әдеби-мәдени шаралардың басы-қасында жүрді. Өзі дәріс оқыған 1 курс пен 5 курс студенттерінің бәрінің аты-жөндерін жатқа білетін. 2013 жылы біз 20 жылдық, 2023 жылы 30 жылдық кездесу өткіздік. Осы екі бас қосуда да бізбен бірге болды. Сонда да бәрімізді шатастырмай, аты-жөнімізді толық атап отырды. Айтпақшы, 20 жылдық кездесу кезінде «Қолтаңба» атты кітап шығардық. Сол жинаққа Баукең алғы сөз жазып, бүкіл курс студенттеріне шама-шарқынша сипаттама беріпті. Тіпті басым көпшілігінің қай жерде, қандай қызмет атқаратынына дейін атап көрсеткен. Бұл не деген жады?! Қайран қаламын!

Тағы бір айта кететін жайт, өзім білім нәрін алған Қара шаңыраққа келіп, дәріс оқуыма себепкер болған да – осы Баукең. «Саған базар жағалаған жараспайды. Одан да шәкірт тәрбиеле» деп жеке кәсіппен айналысып жүрген жерімнен қоярда-қоймай шақырып алды. Ол кезде Баукең Мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі еді. Кейін декан болды. Бұл кезде де марапаты мен шарапатын аяған жоқ. «Балғабек Қыдырбекұлы – публицист» деген кандидаттық диссертация тақырыбын бекітіп беріп, өзі жетекшілік етпек болды. Бірақ мен «Айқын» газетіне қызметке ауысып кетіп, дер кезінде кандидаттық диссертациямды қорғай алмай қалдым. Оған Баукең емес, өзім кінәлімін. «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген осы шығар, бәлкім!

Жоғарыда айтып өткенімдей, студенттік шақта да, кейін бірге қызмет атқарған кезде де, Баукеңнің үйінде талай рет болып, Махаббат жеңгеміздің қолынан шай іштік, ет жедік. Отбасы боп араластық. Өлі есімде, алғашқы курстардың бірінде оқып жүрген кезімізде Баукең білім жетілдіру мақсатында Мәскеуге оқуға аттанды. Сонда жақын туған-туыстарын шақырып, ас берді. Сол жиынға курстас досым Мұхтар Атабек екеумізді шақырды. Бұл – бізді өз бауырындай жақын тұтқанының белгісі. Әйтпесе Баукеңнің бізден басқа шақыратын адамы жоқ деймісіз?!

«Ауылын көріп, азаматын таны» дегендей, 2000 жылдардың басында Баукеңнің еліне барып, Өміржан ағамыздың 60 жылдық мерейтойын, кейін тағы бір барғанымда Ержан деген інісінің үйлену тойын басқардым. Бұл тойға Алматыдан қазақтың ақиық ақыны Төлеген Айбергеновтің асыл жары Үрниса жеңгеміз, қызы Салтанат Айбергенова, Журналистика факультетінің деканы Намазалы Омашев, Баспа ісі және редакциялау кафедрасының меңгерушісі Қайрат Сақ тағы басқа құда-жекжаттары мен құрметті қонақтар келген болатын. Той үш күнге ұласты. Сол сапарда Баукеңнің асыл анасының қолынан дәм татып, әкесінің ақ батасын алдым. Негізі, Өміржан ағамыз ел басқарған, ауылда атақ-абыройы зор атпал азамат еді. Ол – қазақтың көрнекті ақыны Төлеужан Ысмайыловтың зиратына ескерткіш орнатып, өз ауылы мен көрші ауылға қос бірдей балабақша салып, пайдалануға берген кісі. Ауыл тарихын жазып, кітап етіп шығарған шежіреші. Сондай-ақ өзі туып, өскен ауылдан аспан асты дала мұражайын ашқан да – осы Өмекең. Ал ондай кісіден туған баланың осал болуға қақысы жоқ. Баукеңнің «Туған үй» деп аталатын өлеңінде:

*Сен неткен жарық, нұрлы едің,
Арманым тұнып тұрған үй.
Жарқылдап балғын күндерім,
Сауық пен сайран құрған үй, –*

деп келетін шумағы бар. Ақынның өлең арнаған осы үйінде бір аптадай аунап-қунап жатқаным әлі есте. Айтпақшы, сол тойда Баукеңнің «Социалистік Қазақстан» деген ауылының атауын

«Капиталистік Қазақстан» деп атап, әзілдегенім бар еді. Сөйтсем, кейін бүкіл ауыл тұрғындары ауыл атауын «Капиталистік Қазақстан» деп атап кетіпті. Оны маған Баукеңнің өзі айтып: «Аузың дуалы екен» деп күлгені бар.

Сол сияқты Баукең де менің туған жерім – Түркістанда болып, аға-інілеріммен жақын танысып, туған бауырдай араласып кетті. «Сыйластықты найза бойламайды» дейді дана халқымыз. Сол айтқандай, әлі де ынта-ықыласымыз сондай ыстық. Осы сапарында ол «Түркістан», «Қожа Ахмет Ясауи», «Тайқазан», «Қылует», «Қанағат» атты өлеңдер циклын жазып, «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады. Кейін ол жеке өлеңдер жинағына енгізілді.

«Жолдасы жоқ жігіттің – олжасы жоқ» дейді атам қазақ. Сол сияқты «Жолдасы көптің – жорғасы көп» деген де сөз бар. Егер осы қағидаға сүйенер болсақ, Баукеңнің жолдасы да, жорғасы да, олжасы да көп. Кезінде арқалы да ақиық ақын Жұматай Жақыпбаев талапты да талантты жас ақындардың басын қосып, қағанат құрған болатын. Сөйтіп олардың талабы мен талантына һәм жасына қарай шен берген екен. Мәселен, Қажытай Ілиясов – кеңесші, Мейірхан Ақдәулет – илхан, Әуесхан Қодар – гоан, Әбубәкір Қайран – саид, Бауыржан Үсенов, Есжан Айнабеков, Нұрлан Мәукенұлы, Светқали Нұржанов, Темірғали Көпбаев, Қайрат Әлімбаев, Гүлнар Салықбай, Қазыбек Иса, Кәдірбек Құныпияұлы, Айсұлу Рүстемова және Бауыржан Жақып – бәрі жаужүрек нояндар болыпты. Бұдан кейін Баукең әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, «Қазақ энциклопедиясы» баспасында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет атқара жүріп, қаншама дос арттырды. Бірін – аға, енді бірін – іні етті. Олардың бәрі – мықты ақындар, жампоз журналист-жазушылар, қысқасы, қазір олар қазақ әдебиеті мен журналистикасының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген қабырғалы қаламгерлер. Осыған қарап-ақ Баукеңнің кім екенін пайымдай беруге болады.

*Абайдың Қасқабұлағы,
Қырық өрім таспа бұлағы,
Аспанның аспа бұлағы,
Отыз жыл ойран салса да,
Қырық жыл қырғын болса да,
Мөлдіреп жатыр суы әлі,
Абайдың Қасқабұлағы! –*

деп өзі жырлағанындай, Бауыржан Жақып 1963 жылы бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Аққора ауылында туған. Бұл – қасиетті Меккеде қазақ үшін мешіт салдырған Құнанбайдың, ұлы даланың дара да дана данышпаны Абайдың, одан қала берсе, Мұхтар Әуезовтің, Шәкәрімнің, Тәттімбеттің, Әміренің, Сапарғали Бегалиннің, Төлеужан Ысмайыловтың, Камен Оразалиннің кіндік қаны тамып, өсіп-өнген жері. Баукең осы ғұламалар мен қабырғалы қаламгерлердің рухани қазынасынан нәр алды. Мұнан кейін қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген соң, Қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясында еңбек етіп, «Дидар», «Халық қазынасы», «Жыр жазамын жүрегімнен», «Сұхбат» әдеби хабарларын, ал «Алатау» телеарнасы арқылы «Өлең – сөздің патшасы», «Баспасөзге шолу» циклді хабарларын жүргізді. Сондай-ақ «Айтыс» хабарын жасауға да қатысты. Мұнан кейін «Жалын» баспасында редактор болып жұмыс істеді.

1986 – 2001 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы, аға оқытушы, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі, баспа ісі кафедрасының, мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі, журналистика факультетінің деканы болып абыройлы қызмет атқарды. Осы жылдары мыңдаған шәкірттер тәрбиеледі. Олардың бәрі қазір ұлан байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде еселі еңбек етіп жүр.

«Даналық ойдан дән ізде» деген қағиданы ұстанып, 1994 жылы профессор Тауман Амандосовтың жетекшілігімен «Мұхтар Әуезов – публицист» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын, ал 2004 жылы академик Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Осы жылдар аралығында екі жүзден аса ғылыми мақалалар жазып, 1997 жылы доцент, 2005 жылы профессор ғылыми атағына ие болды. 2006 жылдан бастап, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, 2007 жылдан бастап, ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, 2011 жылдан бастап, халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі. Қазір ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі. Бұл атақ-дәреженің барлығы табанақы, маңдай термен келгені анық.

2009 жылы «Қазақ энциклопедиясының» бас директор – бас редакторы болып тағайындалды. Осы баспаны басқарған кезінде «Қазақстан ғылымы», «Балалар энциклопедиясы», «Қаныш Сәтбаев», «Математика», «Психология», «Жас шахматшы», «Қазақстан табиғаты», «Атамекен», «Айбын» атты энциклопедияларды жарыққа шығарды. Мұнда да оның ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі анық байқалады.

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» деп хакім Абай айтқандай, 2015 жылдың наурызынан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ректорының кеңесшісі – «Өнегелі өмір» сериялық басылымы бас редакторының орынбасары қызметін атқарады. Ал 2018 жылдан бері Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары болып ерен еңбек етіп келеді. Әрі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәріс оқиды. Бұл – өзі үшін емес, елі үшін қызмет атқарудың үлгісі! Әрбір азамат дәл осылай қызмет атқарса, Қазақ елі әлдеқашан дамып кетер еді.

«Ғылымды үйреніп, оны өмірде қолданбаған кісі – жерін айдап, дәнін сеппеген адамға ұқсас» деген екен Сағди ғұлама. Бұл жағынан келгенде Баукеңнің ұпайы түгел. Өйткені ол өлең де, ғылыми еңбек те жазды. Қос салада қаламын қатар тербеді. Сөйтіп қазақ әдебиеті мен ғылымының дамуына зор үлес қосты. Оның «Аудитория», «Баспалдақтар», «Бір кеменің үстінде», «Парусь времени», «Аралым – арым, Балқашым – бағым», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Мұхтар Әуезов – публицист», «Ақ лақ», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы», «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары», «Публицистикалық шығармашылық негіздері», «Қызыл қайың», «Абайдың Қасқабұлағы», «Еліккөрген», «Менің далам» атты әдеби хәм ғылыми еңбектері тасқа басылды. Ал таңдаулы жырлары «Екі мың жылдық дала жыры» антологиясына, «Жыр маржаны» атты он томдық қазақ поэзиясының антологиясына енгізілді. Туындылары орыс, түрік, украин, македон, түркімен, қырғыз тілдеріне аударылды.

Бауыржан Жақып – «Дарын» мемлекеттік және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының лауреаты. Елімізде және шет елде өткен бірнеше байқаулардың жеңімпазы. «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері. Мұның бәрі – жоғарыда біз атап өткен әдеби және ғылыми еңбектерге берілген жоғары баға.

Нұржан Қуантайұлы,
жазушы, Қазақстан Жазушылар одағы
төрағасының орынбасары, ф.ғ.к.

Кірпіктерге моншақ болған сағыныш
Көрнекті ақын Бауыржан Жақыптың поэзиясы туралы аз-кем сөз

Шыңғыстау мен Қарқаралының арасында Берікқара деген тау бар. Сарыарқаның текше тасты, жақпар тасты таулары сияқты ұзынынан шөккен, можа тау.

*Сұрасаң, біздің ауыл Берікқарада,
Белге соққан жыландай екі арада, –*

деп халық аузында сөз қалған, сол сөзді қайта тірілтіп, көрнекті ақын Бауыржан Жақып атамекенін былай деп жырлайды:

*Бір тау бар біздің елде Берікқара,
Тұрады жақын жерден төніп қана.
...Аймалап айналаңды самал келіп,
Ақ бұлттан кигізіпті далам бөрік.
Тау едің қасиетті, кие қонған,
Тәу еттім, Берікқара, саған келіп...*

XX ғасырдың 80-жылдарында қазақ поэзиясына дүр етіп бір топ жас ақын келсе, осы буынның алдыңғы легінде күркіреп өлең оқып, талантты ақын Бауыржан Жақып жүрді. Берікқара тауындай берік бітімімен келген ақын бүгінде қазақ әдебиетіндегі өзінің үлкен орнын, лайықты орнын алды. Табиғат лирикасының тамаша жыршысы Берікқара тауынан бастап туған жердің сұлу табиғатын арқау етіп бүкіл қазақ даласын жырға қосып келді.

Жиырмаға да жетпеген жас ақынның сол жылдары оқырман қауымды жалт қаратып, әдеби ортада елдің жүрегінен орын алған өлеңі – әйгілі «Әжемнің ұршығы». Бұл жыр қазақ өлеңінің ақсақалы Әбділда Тәжібаевтың көзіне бірден түсіп, дуалы аузына іліккен шығарма еді:

*Бір сәтке, әже, тынышып па ең,
Шүйкеге мол жіп жиылып.
Отырушы едің ұршықпен,
Уақытты қоса иіріп.*

*Қолыңнан шыққан сыйлықтар,
Қонатын үйге құт болып.
Секундтар және минуттар,
Иірілетін жіп болып.*

*Сен жоқта көңіл серги ме,
Сағындық аңсап – бұл шыным.
Иесіз қалды төргі үйде,
Киелі сенің ұршығың.*

*Кетсең де алыс Күнге ұшып,
Кетпейсің естен ендеше.
Өзің боп мені жүр құшып,
Сен тоқып берген кеудеше.*

*Өзімді сонда жұбатып,
Өмірге іштей күйінгем.
Ұршық қой мына Уақыт,
Жіп қылып бәрін иірген.*

Баукең үйдің тұңғышы болған соң, әженің бауырында өскен, содан болар, әжеге деген ұлы аңсар ақынның өлеңдерінен жиі кездеседі. Жырларындағы сарғайған сағынышы, төгілген сезімі сенің де көңіл түпкіріндегі әлдебір жылылықты оятып, көкірегінді күмбірлетіп жібереді. Соның бірегейі – атақты «Қолтаңба» өлеңі. Осынау жырдан құрт қайнатып жатқан әженің мейірімін, ағаш қасықтан құрттың тәтті көбігін жалаған ерке немеренің образын көріп, бүгінгі заманда осынау тіршілік бейнесінің ұлттық сағынышқа айналып бара жатқанын жан-дүниенмен сезінесің.

*Келешек бізді күтті алдан,
Келмеске сәби күн кетті.
Сол кезде сықпа құрттарда
Қолтаңбаң барын білмеппін.*

*Құртыңды аңсап жаныммен,
Қолтаңбасын мен сағындым –
Аялы алақаның мен
Салалы саусақтарыңның.*

Ақын үшін әжесі – аналық мейірімін төккен аяулы адам ғана емес, балалық бал дәурен шағының аяулы символы. Әжесінің саусағының ізі қалған ақ құрттың, ондағы перзентке деген махаббат қолтаңбасының жүректі шымырлататыны содан болса керек. Бұл деталь ақын ағасы Жүрсін Ерманның Баукеңе арнаған өлеңінен де көрініс тауыпты:

*Көрдім талай іріні,
Бауыржаным тұр дара.
Қасымдағы бір іні,
Соңымдағы бір қара.*

*Жазатын ол жыр түмен,
Деп ауылда қалды үйім.
Әжесінің құрты мен
Сағынатын әлдиін.*

Бауыржан ақынның аңғарымпаздығы ғажап. Көзімен көргенді сол мезет сөзімен жыр суретіне кестелеп береді. Өлеңге өрнек бітірген бірегей суреттері шынайы, жанды, әсерлі болып шығады. Өзі де «объектив – дерсің жанарым, жүрегім – фотоаппарат» дейді жас күнінде жазған бір өлеңінде. Мәселен, мына бір образ көз алдында мәңгі қалып қояды:

*Шілдені мүйізімен шайқап іліп,
Сиырлар бара жатыр оқалақтап.*

Ақын жырларындағы жарқын образ, жаңа бейненің қазақ поэзиясына әкелген өзіндік жаңалығы екеніне әдебиет сыншыларының назар аударғаны белгілі. Мысалы, терең ұйқыға кеткен қалада таң бозынан елден бұрын тұрып, мүлгіген көшені сыпырып жатқан аула сыпырушының

жырдағы бейнесін қалай ұмытасың:

*Сырылмен таңды оятып,
Сыпырып түнді жүргендей.*

Мөлдіреген лирика иесінің өзінің шығармашылығының өне бойында жиірек айналып соғып тұратын бірнеше тақырыбы бар. Соның бірі – сағыныш сезімі. Туған жерге, балалық шақ, бал дәуренге деген сағынышты айттық, ал сүйген жар, ғашық жанға арналған махаббат лирикасында да ақынның сағынышы алабұртып, сарғайтып барып, жан дүниенді баурап алады.

*Саған деген сағынышым, жан сәулем,
Ілінді ме кірпігіңе моншақ боп,–*

деп ақын бір өлеңінде жырласа, енді бір жерінде:

*Сағыныштан сазып кетсе жүрегің,
Сағынғаның емес пе?!
Аяулым-ау, алабұртып гүл-өңің,
Дәл осы сәт алдың ба сен мені еске? –*

деп сағынған жан ғана аяулы сезімін жоғалтып алмайтынын ұқтырады. Ақынның махаббат тақырыбындағы жырларындағы лирикалық кейіпкер оқушының көңіліне сағыныштан езілген боркемік біреу емес, керісінше, ғашығы үшін жер түбіне баратын, аяулы жарына қолы жетпей тыншымайтын қайрат иесі екенін аңдауға болады.

Ақынның тағы бір айналып соғып тұратын тақырыбының бірі – ақша бұлт. Сұлу лирика иесінің аспандағы ақша бұлтқа қол созып, оны өз шығармашылығының ақ құсындай сезінетінін байқайсыз. Мысалы, «Бұлттардың жазған жазуы...» атты өлеңінде ақша бұлтты ақындық ғұмырмен шендестіріп, тіршілік туралы пайымын философиялық тереңдікте өреді:

*Қаңқылдап ұшқан қаз үнін,
Естісең, гажжап басталған.
Бұлттардың жазған жазуын
Көрдің бе оқып аспаннан.*

*Сыр да бар онда гажжайып,
Сан алуан түрлі бояулар.
Көбейіп, бір сәт азайып,
Үңілсең, күтіп аялдар.*

*Жыр да бар сол бір бұлттарда,
Шежіре шертер дастан бар.
Найзағай осып жыртқанда,
Құламай қалған аспан бар.*

*Мұң да бар онда, шер де бар,
Төгілген маңдай тер де бар.
Екпіндеп аққан өзенмен,
Екіленіп соққан жел де бар.*

*Оңаша жатыр жазығың,
Осында бәрі басталған.
Бұлттардың жазған жазуын
Оқып көр ойлы аспаннан.*

Ақын шығармашылығында туған жердің аспанындағы ақша бұлтты тебірене жырлаған, өлеңсүйер қауымның жанын қиял биігіне самғатып, ажарлы сезімдерге бөлейтін мұндай жырлардың бір шоғыры бар. Шығармашылық күш-қуатты туған жерден, оның табиғатынан, рухани мол мұрасынан, аңқылдаған адамдарынан алатын ақын «Ақша бұлт» атты өлеңінде:

Менің жаным бір күні ақша бұлтқа айналып,

Сол ақша бұлт айналар бір ақынның жсырына, –

деп өзінің ақша бұлттын асыл музаның айнымас белгісіндей көрсетеді. Ақша бұлтты ғана емес, айнала төңірегін лирик ақын сан алуан сұлулығымен көреді. Қаздардың қаңқылынан бұлттардың жазған жазуын оқиды:

Ойсызға жұртым балама,

Ойсыздар бізде аз ба еді?!

Оятқан мені далада

Қаңқылдап өткен қаз демі.

Сағынып биін талдың да,

Сарғайып қазір шақ жүрміз.

Оятқан таңның алдында,

Аспаннан аққан ақ жұлдыз.

Оятқан мені әжемдей,

Әдемі таңның әлдіі.

Күмбірлеп аққан өзендей,

Күйшінің шерткен сан күйі.

Аспаным сөйлеп не тілмен,

Жанары бұлттың жсай атты.

Сондай бір кезде бетімнен

Тамшылар сүйіп оятты.

Осындай поэтикалық суреттер ақын шығармашылығының тұла бойынан құйылып жатқандай: «шөкімдей ақ бұлт – менің жырым деп ойлағын», «ақ бұлттан кигізіпті далам бөрік», «қорғасын бұлтпын балқыған», «қара бұлт – қара сәйгүлік тауға қонады», «ақша бұлт сонау аппақ ән», «аруана – бұлт», «түннің алтын кебісі – айды ұрлады қара бұлт» қана емес, «періште-бұлт, жыр-бұлт, бұйра бас бұлт, бұлт-ойлар, өртенген бұлт, бәдәуи бұлт көші, найзағай төпей қамшылаған құлын бұлт» ақын лирикасының алтын жұлгесіндей болып жарқырап жатады.

Алматыға 1988 жылы келіп, оқуға түскен жылдың күзінде журналистика факультетінің студенттерге арналған, М.Сералин атындағы әдеби бірлестігінің жетекшісі, ақын Бауыржан Жақып жатақханамызға келіп, осы бірлестіктің алғашқы кешін өткізгені күні бүгінге дейін көз алдымда тұр. Бірінші курстың шетінен «ауыздықпен алысып ақын болып келген дүрлеріне» өлең оқытып, асықпай тыңдап, өзі де өлең оқып, жастармен арқа-жарқа болып әңгіме айтысып тұрған Бауыржан ағамыз үлкен кісі болып көрінетін ол кезде, қазір, қарап тұрсам, сол жылы жиырма бестегі ғана жігіт екен. Журналистика факультетінің жап-жас оқытушысы болатын. Ағамыздың менің өмірімдегі алатын орны ерекше, ғылымдағы ұстазым болды, өмірде өз орынды табуға септігін тигізді, ол жақсылықтарды әсте ұмытылмайды.

Ал поэзиясы, ондағы лирикалық шеберлігі, формалық, мазмұндық жаңашылдықтары туған жеріндегі Берікқара тауы сияқты сан қатпарлы, сан текшелі екенін атап айтуымыз керек. Туған жерін, өскен халқын өлеңінің өзегі етіп алған ақын жаны ұлттық қайғы-қасіретті де жырлайды. Бұл тарапта ақынның эпикалық туындылары – «Жаңғырық», «Жан дауысы» секілді поэмалары арнайы тоқталуды, жеке зерттеуді керек ететін кесек шығармалар.

Бауыржан Жақыптың қаламынан кейінгі жылдары шыққан «Қызыл қайың», «Еліккөрген», «Менің далам», «Білте шамның жарығы» сияқты сүбелі жыр жинақтары – бүгінгі қазақ поэзиясының үлкен табысы. Ол кітаптарында қазақтың басынан өткен зарлы трагедия бар, сонымен бірге уылжыған лирика да тұнып тұр. Ұлтымыздың аспан асты мен жер үстінің тағдырын толғаған тарлан талант иесі биыл асқаралы алпыс жасқа толып отыр. Шығармашылық өнерінің шарықтау биігінде тұрғанда қазақ поэзиясының табысы боларлық тамаша жырлары өмірге келе берсін деп ақынға тілек айтамыз.

Гүлмира Сұлтанбаева,
саясаттану ғылымдарының докторы,
профессор

Қазақ публицистикасын зерттеудегі жаңа бағыт

Ғалым, ұстаз Бауыржан Жақыптың «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» атты қазақ публицистикасын зерттеудегі жаңа да соны зерттеулерінің нәтижесі монография түрінде жуырда «Білім» баспасынан жарық көрді.

Зерттеу дер кезінде, өз уақытында дәуір жаршысына, дәуір үніне айналып отыр. Өйткені қазақ публицистикасын теориялық тұрғыда жүйелеп, саралап зерттеу – күн тәртібіне өткір қойылған басты проблемалардың бірі. Бүгінде қазақ публицистикасының тұтастай теориялық және қолданбалы мақсаттағы ғылым объектісіне айналуы – осы еңбектің құндылығын тағы бір дәлелдей түскендей.

Зерттеуші қазақ публицистикасының бастауларын ежелгі Түркі қағанаты дәуірінен жеткен тасқа таңбаланған ескерткіш белгілерінен іздейді. Онан әрі ғалым публицистиканың даму көздерін ежелгі Орхон, Енисей ескерткіштерінен табады. Ғалым коммуникациялық байланыстардың әлемдік практикадағы түрлі формаларын: қыш тақталары, папирус бумалары, құс қауырсындары және т.б. жазбалардың көп жылдық жетістіктерінің нәтижесінде пайда болған баспалық басылымдар, кітап басатын типографиялық техникаға дейінгі даму сатыларын терең зерттей отырып, қазақ публицистикасының дамуын саралай түседі.

Монографиялық зерттеуге нысан болған проблеманың бірі – публицистиканың журналистика, көркем әдебиетпен байланысы және олардың ерекшеліктері. Монография авторы осынау ерекшеліктерді саралай келіп: «Публицистика мен көркем әдебиеттің екеуі де сөз өнерінің салалары. Екеуінің де құралы – сөз. Осы тұрғыдан келгенде публицистика мен көркем әдебиеттің ұқсастық жағы болады, олар бір-бірімен органикалық тығыз байланысады», – деп тұжырымдайды.

Монография «Публицистика табиғаты», «Қазақ публицистикасының тарихи негіздері», «Қазақ публицистикасының баспасөз бетінде қалыптасуы», «Қазақ публицистикасының шығармашылық түрі ретінде дамуы» деп аталатын жүйелі түрде салалы төрт тараудан тұрады.

Публицистиканың даму эволюциясын ауызекі публицистика үлгілерінен, қазақ тілінде алғаш жарық көрген мерзімді басылымдардан, кеңес дәуіріндегі публицистикадан, тәуелсіз Қазақстан публицистикасынан іздестірген ғалым осы дәуір публицистикаларын кезең-кезеңімен саралап, жүйелейді. Монографиялық зерттеуде қазақ публицистикасының даму бағыттарын: «қоғамдық-саяси, көркемдік, сыншылдық-сатиралық, поэтикалық-философиялық, проблемалық-аналитикалық, зерттеушілік, тарихи-танымдық» деп сараптайды автор.

Монографиядағы публицистиканың генезисі, эволюциясы мен поэтикасы тұтастай бір ғылыми жүйеде, типологиялық тұрғыда зерттелініп, ізденуші оқырманға тартымды да әсерлі тілмен жеткізіледі. Монография тұтас ғылыми стильмен жазылған. Кітап авторы оқушы қауымға қазақ публицистикасының өткені мен бүгінін ұғынықты да жатық, анық та айқын, жетік те ұтымды сөздік қорымен жеткізе білген.

Жидегүл Әбдіжәділқызы,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Баспасөз және электронды
БАҚ кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

Бауыржан Жақыптың бағындырған белестері

Бауыржан Жақып деген есімді ең алғаш эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде естідім және бүгінгі новелламның кейіпкері сол жылы жастардың «Жігер» фестивалінің лауреаты (1984) атанған Бауыржан Жақып ағаның өзін журфактың тарихи ғимараты № 5 жатақхананың шығармашылық кештер өтетін дәлізінде өлең оқып тұрған сәтте көрдім. Сол кезде 4-курста оқитын Бауыржан Жақып жатақханадағы Мұхамеджан Сералин атындағы шығармашылық бірлестіктің жетекшісі екен. Апта сайын жатақханадағы бірлестік жетекшілерінің жиналысы өтеді. Бір күні сол жиналысқа мен де шақырылдым. Ұйымдастыру комитеті мені жатақханадағы радиостудияның жетекшісі етіп сайлады. Міне, содан бастап Бауыржан ағаның бағындырған белестері көз алдымда өтіп жатқан өмірдегі шынайы оқиғалар.

Қазір ойлап қарасам, Бауыржан ағаның журналистика әлеміндегі ұстаздық жолы мен басшылық қызметтегі дағдылары сонау студенттік шақтағы қоғамдық жұмыстарды ұршықша үйірген сәттерінен бастау алған екен. Факультет емес, жатақхана аясындағы шығармашылық жұмыстар сол кездері нақты, қаз-қалпында жүзеге асатын. Апта сайын өз қалауымен бірлестікке мүше болған студенттер әрқайсысы өзінің қаламынан туған дүниелерін алып келіп, талқыға ұсынатын. Және олар апта сайын сол жиын өтетін күнді асыға күтуші еді. 1985 жылы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген Бауыржан Жақып еңбек жолын Қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясындағы редакторлық қызметтен бастады. Жыр әлеміндегі қадамын журналистикамен ұштастырған жас маман «Дидар» әдеби телеальманағын, «Халық қазынасы», «Жыр жазамын жүрегімнен», «Сұхбат» хабарларын әзірлеп, жүргізді. «Айтыс» хабарын жасауға атсалысты. Профессор Тауман Салықбайұлы Амандосовтың шақыруымен 1986 жылдан эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушылық қызметін бастады.

Бауыржан Жақып 1994 жылы профессор Т. Амандосовтың жетекшілігімен «Мұхтар Әуезов – публицист» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын, 2004 жылы академик З.Қабдоловтың жетекшілігімен «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. 1997 жылы доцент, 2005 жылы профессор ғылыми атағын иеленді.

Бауыржан Жақыптың ғылым көкжиегіндегі зерттеу саласы – публицистика жанрының қалыптасуы мен дамуы, теориялық және шығармашылық мәселелері, қазақ ауыз әдебиеті, батырлар жыры, шешендік өнер, жыраулық поэзия, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі публицистикалық сарын, қазақ баспасөзінің тарихы, теориясы мен тәжірибесі. Бауыржан Жақып – сол зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жазылған 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

1995–2001 жылдары деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі, 2001 жылдан эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы қызметін абыроймен атқарды. Басқа ешбір факультеттің жұмыс тәсілінің шеңберіне сыймайтын журналистика әлеміндегі оқу бағдарламасын, ғылыми жүйені, шығармашылық процесті бір-бірімен шебер үйлестіріп, ұстаздардың да, шәкірттердің де жүрегіне жол тапты, сабақтың сапасын, тәртіптің тегеурінін ізгі тұлға тәрбиелеу ісімен үндестіре білді. Өйткені Бауыржан Жақып – Қайыржан Бекхожин, Темірбек Қожакеев сынды алғыр да алып тұлғалы ұстаздардың өнегесін алған, сөйтіп журналистика факультетінің тарихындағы жасампаз жетекші ретінде өз соқпағын салған декан. Мәскеу Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін-

де (1989), Оклахома Мемлекеттік университетінде (АҚШ) (1997, 2000) тағылымдамадан өтіп, кәсіби біліктілігін арттырған тәжірибелі тәлімгер. Сонау студенттік шағынан бергі Бауыржан ағаның еңбек жолын жіпке тізген моншақтай тізбектеп, бір жазбаға сыйғызу тіпті де мүмкін емес.

Әйтсе де, бүгінгі таңдағы шыққан биігінде жүріп өткен жолындағы салған іздері өмірдің ізгі өрнегіндей таңбаланып, жарқырап тұр.

Бауыржан Өміржанұлы – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1991), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1994), Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі (2002), Қазақстан Журналистика Академиясының академигі (2006), Халықаралық жазушылар мен публицистер ассоциациясының мүшесі (2006), Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (2007).

Ақындық асқақ рухы кәсіби ұшқырлығымен ұштасқан ғалым-ұстаздың «Аудитория» (1984), «Баспалдақтар» (1987), «Бір кемеңнің үстінде» (1987), «Парусь времени» (1987), «Аралым – арым, Балқашым – бағым» (1988), «Көзімнің нұры» (1990), «Айдындағы аспан» (1996), «Мұхтар Әуезов – публицист» (1997), «Ақ лақ» (1997), «Қолтаңба» (2001), «Уақыт ұршығы» (2004), «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» (2004), «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007), «Қызыл қайың» (2008), «Абайдың Қасқабұлағы» (2012), «Еліккөрген» (2013), «Менің далам» (2014), «Желбіреп тұрған көк туым – биік тұғырым» (2019), «Білте шамның жарығы» (2021), «Жүректен қозғайын» (2022) атты кітаптары жарық көрді.

Ақынның таңдаулы жырлары «Екі мың жылдық дала жыры» (2000) антологиясына, «Жыр маржаны» атты он томдық қазақ поэзиясының антологиясына (2015) енгізілді.

Бір қолдағы салалы саусақтар тәрізді сан өнерді бір басына жиып, саналы ғұмырын сапалы тірлігімен сабақтастырған Абай елінің асыл перзенті, Бауыржан Жақыптың әлі де бергенінен берері, тергенінен терері көп. Ендеше, аяулы әріптесіміз Бауыржан ағайдың ақпараттың айдынында, шығармашылықтың шыңында, ғылымның көкжиегінде әрдайым ізгілікпен ілгері баса беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

Гүлнар Өзбекова,

филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

Ұстазым жайлы айтам сыр

Журналистиканы армандағанмен жүрексініп, алдымен филология факультетіне екі жыл қатар барып түсе алмадым. «Меркі тынысы» газетіне мақалалар жазып, журналистикаға дайындала бастадым. «Лениншіл жасқа» дұрыс жауап бергенімді, сұрақтың жауабы «Қазақ әдебиеті» оқулығының солай деп жазылғанын, бірақ мені әділетсіздікпен «құлатып» жібергендерін айтып хат жолдадым. Келесі жылы газеттің бірінші бетінде «Оқуға түсу оңай ма?» атты тақырыппен үлкен бас мақала жазылып, жан-жақтан хат жолдаған кейбір абитуриенттердің арасында менің де атым аталып, бұл ұстаздардың атына сын екені айтылды. Бұл мақала маған қанат бітірді. Келесі 1991 жылы бірден журналистика факультетінің сырттайғы бөліміне (мектеп бітіргеннен 9 жылдан кейін) жолым болып түсіп кеттім.

Мектепте, бухгалтерлік техникумда білімді де білікті небір ардақты ұстаздардан білім алып едім. Университетте де ұстаздардан жолым болды. Журналистика факультетінің қазақ бөлімінде Темірбек Қожакеев, Әбдулхамит Мархабаев, Әбілфайыз Ыдырысов, Шерияздан Елеукеңов, Камал Смайылов, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Серік Әбдірайымұлы, Жарылқасын Нұсқабайұлы, Үмбетбай Уайдин, Тұрымтай Дүйсебаева, Намазалы Омашев, Төрегелді Бекниязов, Дәмегүл Баялиева, Бауыржан Жақыпов, Нәрбін Кенжеғұлова, Роза Алтынбекова, Сейдолла Садықов,

Қырықбай Аллаберген, Аманқос Мектепов, Темірғали Көпбаев, Қайрат Сақ, Аязби Ақбергенұлы, Айгүл Рамазанова т.б. ұстаз-оқытушылар сабақ берді. Осы ұстаздарымның әрқайсысы оқытушылықпен ғалымдықты тең ұстаған өз саласының білгірлері болатын. Сосын шыр-пыр болып студенттерге қамқор болып жүретін методист Раушан апайымыз бар еді.

Бұл Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы жазылып жатқан ұлы бетбұрыс жылдары еді. Ұстаздарымыз бізді жаңа бағыт, жаңаша көзқараспен оқыта бастады. 40 күн сессияда жанталасып оқып, келесі курсқа көшетінбіз. Курсымызда 60-тан аса студент болды. Жас шамасы әртүрлі, бірақ арман-мақсаты бір еді. Ел үшін 90-жылдар ауыр болғаны белгілі. Осы қиындықтар салдарынан, жолға қаражат таба алмай, алыс облыстардан келген кейбір курстастарымыз оқуды бітіре алмады. 1997 жылы университет бітірдік. Курстастар еңбек жолын таңдады. Мен ғылым жолын таңдап аспирантураға қалдым.

Осы жерде төрт есімді еркекше атауға тиіспін. Олар: менің білім-ғылымға деген талпыныстарымды қашанда қолдап, бағыт-бағдар берген, кандидаттық жұмысыма жетекшілік жасаған, ұстаздық, ағалық қамқорлық көрсеткен, менің аздаған табыстарыма шын қуана білетін ұстазым Бауыржан Жақып; «Өзі бір жақсы тақырып болайын деп тұр!» деп Брокгауз энциклопедиясынан диплом тақырыбын ұсынып, ғылыми жетекші ретінде бітіру жұмысымды аса жоғары бағалаған, ғылым жолындағы алғашқы ұстазым – Мұхтар Құл- Мұхаммед; осы ғылыми жұмысымды «жылдың үздік диплом жұмысы» деп баға берген мемлекеттік комиссия төрағасы, ардақты аға Шерияздан Елеуенов; ұстаз-декан ретінде өзінің талабын қоя білген, аспирантурада жүргенде Римма екеуімізге «сұлу торы аттай болып жүріңдер!» деп әкем айтатын сөзді айтып, тәртібімізге де қарай білген, қашанғы тілеулес көңілімен қамқорлық көрсетіп алға жетелеген, кандидаттық қорғап болғаннан кейін жұмыс сұрап барғанда «Гүлнар, 5 мың теңге де ақша, жаңа жылдан саған 0,25 берейік деп отырмыз» деп 2002 жылы оқытушылық қызметке келуіме ықпал еткен қадірлі аға Намазалы Омашев. Менің қалыптасу жолымда рухани қолдау көрсеткен осы атпал азаматтар, ардақты ағалар есімі қашанда жоғары тұрады.

Өткен күндерге, студенттік шақтарға қайта оралсам, еске алатын, естен кетпес шуақты сәттер өте көп. Бауыржан ағай бізге «Журналистикаға кіріспе» және публицистикаға қатысты пәндерден сабақ берді. Лекцияларын анық, жатық тілмен түсінікті етіп, ағыл-тегіл, екпіндеп айтатын. Журналистика жанрлары бойынша басқа да орыс, қазақ авторлармен бірге Темірбек Қожакеевтің «Жас тілшілер серігі» оқу құралын оқытатын. Бұл кітап өзі шағын болғанмен берері көп, жанрлар нақты мысалдармен берілгендіктен түсінуге жеңіл еді. Қазақ публицистерінің шығармаларын, Мұхтар Әуезовтің публицистикалық шығармаларының әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, қызықты, әсерлі етіп жеткізетін.

Алты жыл оқуымызды бітіріп, 1997 жылы диплом қорғайтын сәт те келіп жетті. Диплом жұмысымызды машинкаға бастырамыз. ҚазГУ қалашығында машинка басатындар аз. Кезек көп болғандықтан түптеуге берген жұмысымды қорғау болатын күні таңертең эзер бітіріп берді. Факультетке бұрылдым, екінші басында, Қожакеев аудиторисының алдында кафедра меңгерушісі Бауыржан ағай тұр. Мені көре салып «Бар ма?!» деді бар даусымен. Мен қолымдағы диплом жұмысымды жоғары көтердім. Ағай аудиторияға кіріп кетті. «Енді сәл кешіксең қорғауға үлгермейтін едің, комиссия күтпейтін еді» деді Бауыржан ұстаз. Себебі сырттай бөлімдегі қорғаудың ең соңғы күні болатын. Менің алдымдағы студент қорғап жатыр екен. Сол күннің солай нүктесін қойдық. Бұл жерден Бауыржан ағайдың адами қамқорлығын көремін.

Диплом тақырыбын бекітетін жиналыста Бауыржан ағай «Саған Мұхтар Құл-Мұхаммедті жетекшілікке тағайындайық деп отырмыз» деді қуанышты кейіппен. Ол кісі өз кезегінде «Төңкеріске дейінгі орыс энциклопедияларындағы қазақ жері тақырыбының жазылуы» деген тақырыпты беріп тұрып, «Бұл өзі жақсы тақырып болайын деп тұр» деді. Ұлттық кітапхананың «Сирек қолжазбалар қорындағы» осы 86 томдық энциклопедияның әр томынан халқымызға қатысты деректерді іздестірдік. Ол өз жемісін берді. Рецензент Аманқос Мектепов ағай диплом жұмысымды жоғары бағалады. Қорғау комиссиясының төрағасы Шерияздан Елеуенов «жылдың үздік жұмысы» деп атады.

Сол жылы аспирантураға түстік. Бауыржан ағай «Гүлнар, Қазақстан тарихында сырттай бөлімді бітіріп, күндізгі бөлім аспирантурасына түскен сен ғана шығарсың» дейтін қашанғы тілеулес көңілімен. Диссертацияға «Қазақ энциклопедиялық басылымдарының проблемалары» деген тақырыпты таңдадық. Бауыржан ағай ғылыми консультант болып жетекшілік жасады. Үш жыл барынша іздендік, ғылыми-зерттеу жұмысын нәтижелі аяқтауға тырыстық. Арасында «Бауыржан аға, «Хабаршыға» мақала бермейміз бе?» деймін. Сондайда ұстазым «Мен Гүлнардың жетекшісі емес, Гүлнар менің жетекшім сияқты» дейтін күліп. Бұл – ағайдың қарапайымдылығы.

Ұстаздарымыздың, жетекші-консультант, оппоненттеріміздің қамқор, тілеулес көңілдерінің, өзіміздің аздаған талпыныс, ізденістеріміздің арқасында 2001 жылдың күзінде кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап, оқытушылық қызметке келдік.

Бауыржан ұстазымыздың білім-ғылым жолындағы әрбір шәкіртіне сіңірген еңбегі, көрсеткен қамқорлығы, ағалық алақанының жылуы өте зор.

Қымбатты ұстазым, асқаралы 60 жас мерейтойыңыз құтты болсын! Сіз асқан алпыс бел – өзіңіздің өмір жолыңыз, өсу жолыңыз. Сол жолда ата-анаға сүйікті ұл, достарыңызға адал дос, жанұяңызда жақсы жар, ардақты әке, еліңізге адал перзент, білім мен ғылымда, әдебиетте пен шығармашылықта айқын із қалдырып, шәкірттеріңізге қадірлі ұстаз болып келе жатырсыз. Сол жол ұзағынан болсын! Алар асуларыңыз бұдан да көп, биік болсын! Аман жүріңіз!

Орынтай Ошанова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
журналистика факультетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

Өрелі өлеңді ту еткен қазақ журналистикасының теоретигі

Азаматтың қоғамдағы орнын анықтайтын өлшем не десек, бұған көзі тірісінде академик ағамыз Манаш Қозыбаев былай деп жауап берген екен: «Біреулер ол өлшемді жаспен мөлшерлейді, екіншілері істеген қызметінің лауазымымен межелейді, үшіншілері бір жерде ұзақ істеген қызмет мерзімімен бағалайды. Менімше, ол өлшем – пенде ата-анасынан, қоғамнан алған тәрбиесінен өсіріп, көңіліне, жадына, жанына ғана емес, маңына, қоғамға жақсылық себуінде... Арды, ұятты, намысты, парасатты бойыңа дарытуда, еліңе арнап қарымды, қажырлы еңбекті ағытуда, ата салтын дамытуда».

Шынында да адамның азаматтығы ғылыми атағында, істеген қызметінің лауазымында, жасаған жасына қарай сарапқа салынбай, оның қоғамда жинаған бедел-абыройында және ар-ұятты берік ұстанып, айналасына жақсылық-шапағатын шашып жүруінде жатса керек. Біз бүгін осынау биік меже тұғырынан көрініп жүрген азаматтардың бірі – ақын, ғалым, ұстаз Бауыржан Жақып туралы сөз етпекпіз.

«Бала Абай мен Дана Абай су ішкен», «Шәкәрім бетін шайған», «Әуезовтің үні тұнып, сөзі тұнған» «Қасқабұлақтан» су ішу бақыты бұйырған Бауыржан Жақыптың «өлең деген өңірде жыр түлетпеуі» (Қасым Олжас) әрі оған табиғаттың өзі «өрелі өлеңді сыйға тартпауы» мүмкін емес сияқты көрінеді маған.

«Әр ақын тарих қойнауында жатқан алдыңғы көшке ілеседі. Сол көштің әсем әуезін, асыл меруертін бойына сіңіреді. Алдыңғы лектің асқақ рухына, мәңгі өшпес мақамына еліктеу арқылы өз жолын, өз соқпағын табады» депті Қасым ақын туралы толғауында, енді бір сөзінде «Абайды оқымай, оны терең зерттеп танымай, ақындық жолға түсудің өзі әбестік болар еді», – деп ағынан жарылыпты.

Қазақ поэзиясында өз қолтаңбасын танытып, танымал ақындардың көшін бастайтын Б.

Жақыптың «Аудитория» (1984), «Баспалдақтар» (1987), «Бір кеменің үстінде» (1987), «Парусь времени» (1987), «Аралым – арым, Балқашым – бағым» (1988), «Көзімнің нұры» (1990), «Айдындағы аспан» (1996), «Ақ лақ» (1997), «Қолтаңба» (2001), «Уақыт ұршығы» (2004), «Қазақ «Қызыл қайың» (2008) жыр жинақтары жарық көрді. Оның шығармалары орыс, түрік, украин, македон, түркімен, қырғыз тілдеріне аударылған.

Поэзия әлемінде жүріп қаламгер бірнеше атақтарды да иеленген, атап айтар болсақ, Қазақстан Журналистер одағының С. Садуақасов атындағы сыйлығының иегері (1998), Жастардың «Жігер» фестивалінің лауреаты (1984), «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1999). 2004 жылы Бакуде өткен Бүкіл түркі дүниесі ақындарының 11 «Хазар шеир ақшамдары» фестивалінің лауреаты, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталған (2006), Түркияда Елазығ шаһарында өткен әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовқа арналған бүкіл түркі дүниесі ақындарының 15 «Хазар шеир ақшамдары» фестивалінің дипломанты (2007), Македонияның Скопье, Косованың Приштина қалаларында өткен бүкіл түркі дүниесі ақындары фестивалінің лауреаты (2007), міне осылайша тізбектеле береді.

«Ғалым ғылымға тоймайды»

Бауыржан Жақып – елімізге өзінің сүбелі ғылыми еңбектерімен танылған ғалым. «Мұхтар Әуезов – публицист», «Ұлы суреткер», «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары», «Публицистикалық шығармашылық негіздері» атты ғылыми-зерттеу монографиялар жазған. Ғылыми еңбектеріне ден қойсаңыз, ғалымның ғылыми тұжырымдарынан ой өзегінің қазақтың көл-көсір сөз байлығынан тамыр тартып, сөз дәйектеудің негізіне айналғанын тануға болады. Сондай салмақты еңбектерінің бірі – «Публицистикалық шығармашылық негіздері» оқулығы. Автор бұл еңбекте қазақ публицистикасының бастаулары – көне жазба ескерткіштері, батырлар жыры, жыраулар поэзиясы, шешендік сөздер екендігін ғалым алғаш рет жүйелеп берді. Бұл орайда автордың төмендегі бір ғана ойы сөзімізді айғақтап береді: «Публицистикада ой, идея басты рөл атқаратындығы белгілі. Күлтегін ескерткіштерінде ғасырлар бойы нұр шашып тұрған негізгі жәуһар ой, асыл идея – түркі халқын ауыз бірлікке, ынтымаққа шақыру, ата-баба дәстүрін берік ұстау болса керек», – деп жазады.

Публицистиканың пайда болуына алғышарт болған құбылыстар туралы, қоғамдық дамудың әртүрлі сатысында хабар таратудың әдісі мен тәсілдері туралы ғалымның ой-тұжырымдары сонылығымен, бұлтартпас айғақтылығымен сізді ойландырып тастайды, мысалға айтсақ, «көне түркілерден қалған «қашық жердің хабарын керуен келтірер» деген мәтелдің өзегінде де ақпарат таратудың қарабайыр түрі көрініс береді» деген пікір.

Публицистикалық құбылыстарға тән белгілерді «ғылыми тұрғыдан баға беру, дәлелдеудің айқындығы, өткірлік, барынша ықпал етуге ұмтылушылық», – деп көрсетеді, ал публицист шеберлігінің көрсеткіштері «толғана білу және оқырманмен ойын бөлісе білу қабілеті» деп айқындайды.

Ғалым журналистика мен публицистиканың арақатынасын ажыратып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жіктеп берген, сонымен қатар публицистика мен көркем әдебиеттің де ара-жігін ашып көрсеткен. «Публицистика мен көркем әдебиеттің екеуі – сөз өнерінің салалары. Екеуінің де құралы – сөз. Осы тұрғыдан келгенде, публицистика мен көркем әдебиеттің ұқсас жақтары болады», – дей келіп, публицистиканың көркем әдебиеттен бес түрлі өзгешеліктерін саралап береді.

Қоғамдық өмірге публицистикалық ықпал ету түрінің ерте кездерден пайда болғанын ғалымның төмендегідей ойынан айқын аңғаруға болады: «Егер де біз кешегі өткен шешендерді, жыраулар мен айтыс ақындарын халықтың үні мен тілі болған, қоғамдық пікір қалыптастырған, қоғам кемшіліктерін сынға алған өз заманының публицистері болды десек, құлаққа тосын естілуі мүмкін. Бірақ газет-журнал жоқ кезде сол хандық дәуірдің ақиқатын ханға жеткізіп

отырған сол сахараның саф алтын сөзін пір тұтқан тұлғалары еді».

Ғалымның бұл оқулықтағы назар аударарлық әрі оқырманды ойландырар тұжырымдары «публицистикадағы шығармашылық даралық» ұғымына қатысты. Автор бұл мәселенің аз зерттеліп жүргенін және «шығармашылық тұлға» мен «шығармашылық даралық» ұғымдарының балама ретінде қолданылып жүргені дұрыс еместігін айтады. «Кез келген тұлға, дара шығармашылық тұлға бола алмайды. Публицистикадағы шығармашылық даралықты автордың өз бейнесі және өзгеше жазу стилі айқындайды», – дей келіп, өзінің зерттеу нысанына әйгілі жазушы М.Әуезовтің төңкерістен бұрынғы қоғамдық-саяси мәселелерді батыл да ашық көтерген публицистикасын алады.

Бұл еңбекті ғалым: «Публицистика белгілі бір уақыт пен кеңістікті қамтитын заман шежіресі, дәуір үні. ...Бүгінгі болып жатқан қым-қуат оқиғалар публицистиканың алтын арқауы арқылы келер ұрпақ жадына жол тартады» деп түйіндейді. Шынында да қазіргі публицистер ғалым Бауыржан Жақып өзі зерттеп, зерделеп берген ұлттық рухани болмысымыздың құрамдас бөлігінің бірі – қазақ публицистикасының тарихынан тәлім алып, әр заман ұрпақтары өз заманының қолтаңбасын қалдыру дәстүрін үзіп алмай, сабақтастыра беретіндігіне сенімдіміз.

«Шәкіртім үшін ұялдым...»

Ақынның өзі «Әке туралы жыр» атты өлеңінде жазғанындай «білім кәусарынан сусындап, ғылым саласында ізденіп, «арқырап ақын болып», өлең жырлары баспасөзде үздіксіз жарияланып, телерадиоарналарда елдік сөз айтып жүрген ағамыздың журналистердің бірнеше буынына білім мен тәрбие берген ұстаз болғаны да тағдыр сыйы болар.

Жазушы Н.Ораз: «Біз сенетін, біз табынатын бір ғана құдірет бар еді ол кезде. Иә. Бір ғана құдірет. Ол қасиетті Қалам болатын. Өйткені біз өмір сүруге әлі икемсіз, бірақ кеудесі арман мен мақсатқа толы жас қаламгерлер, болашақ журналистер едік. Біздің ауылдан көтеріп келген чемодандарымыз бен сөмкелеріміз апамыз салып берген құрт-ірімшік, бауырсақпен бірге әңгіме, өлең жазған қалың дәптеріміз болатын. Ол дәптерлер біздің бала көңіліміздің айнасы, сол бір таза, кәусар шақтағы ішкі рухани дүниеміздің бейнесі еді.

Сол айнаны балалықпен байқаусызда сындырып алмай, иә болмаса, мүлде жоғалтып алмай, өмірбақи өзімізбен бірге сақтап жүруіміз үшін Өмір бізге айна көңілдердің қасиетін бағалай білетін бауырмал, ақылды, білімді, парасатты әрі жас Ұстазды ұсынды», – деп өз ұстазы Намазалы Омашев туралы толғанады. Ал Бауыржан Жақып өз ұстазы туралы «бізге әкеміздей қамқор болды, ақылшы аға, кеңесті дос бола білді... Өзі декан болған жылы проректор болып жоғарылағанда, мені орнына декандық қызметке ұсынды. Ол жақсылықтарын, жанашырлығын ешқашан ұмыту мүмкін емес. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей әр шаруаны ақылдасып, кеңесіп жүріп біраз істерді бірлесіп шештік», – деп пікір білдіреді.

1997 жылы республикада тұңғыш рет «10.01.10 – журналистика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғайтын диссертациялық кеңес ашылды. Төрағасы – профессор Намазалы Омашев, ғалым хатшы – Бауыржан Жақып болды. Бұрындары ғылыми жұмыстар тек Мәскеу қаласында ғана қорғалатын еді, сол себепті елімізде дәрежесі бар ғалымдар аз болатын. Міне, осы диссертациялық кеңестің ашылуының нәтижесінде 70-ке тарта азаматтар ғылым кандидаттары атанды. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде журналист мамандарды даярлауға ат салысуда және ҚазҰУ-дың журналистика факультетіндегі қазіргі оқытушылардың басым бөлігі сол кезеңде диссертация қорғағандар. Міне, осылайша Намазалы ағай мен Бауыржан ағай журналистика ғылымындағы тұтас бір ғылыми мектептің көшбасшылары ретінде танылды.

Бауыржан Жақып Намазалы ағайдың журналистика факультеті студенттері әзірлеген радиохабарларды Республикалық Қазақ радиосының эфирінен берілу бастамасын және ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация жөніндегі кафедрасының тізгінін ұстап, халықаралық байланысты жолға қойған ізгі істерінің жалғастырушысы болды, ал шәкірттері (біз) Намазалы ағай, Бауыржан ағай, Аязби ағайлардың журналистиканың туын жықпау мақсатын-

да ұжымдасқан әріптестік жарасымдылықтарының, азаматтық сыйластықтарының, шығармашылық ұғыныстықтарының куәгерлері болып, тәлім-тәрбие алдық.

«Айна көңілдердің қасиетін бағалай білетін бауырмал, ақылды, білімді, парасатты» ұстаздарымыз бізге ұстазға ең қажетті қабілет – студент жүрегін түсінуге, арманын аялауға үйретті. Әр шәкіртінің жетістігіне қуанып, кемшін тұстарына күйініп жүру де нағыз ұстазға тән қасиет болса керек, бұл орайда Бауыржан ағайдың бір сұхбатта «...шәкіртіміздің журналистік әдеп нормаларын бұзып, қазақ халқының бұлбұлы Бибігүл Төлегеноваға қойған ыңғайсыз сауалдары үшін ұялдым» деген пікірін айғақ ретінде алға тартуға болатын сияқты. Ұстаздың осы сөзінен кейін журналистика факультетінде дәріс алған әр шәкірт ойланып, өзіне де, қасиетті қара шаңырақтың беделіне де нұқсан келтірмеу керектігін жадына түйіп алар деген ойдамыз. Дәстүр сабақтастығы деген ұғымның барлық мәні осында жатса керек.

Журналистердің бірнеше буынын тәрбиелеп, абырой-атаққа бөленген ағаларымыз журналистер қанат қаққан қасиетті қара шаңырақ – журналистика факультеті туралы сырттай жылы лебіздер білдіріп, жанашыр пікірлерін айтып, шәкірттерін бір ауыз жылы сөзбен қанаттандырып отыруды да ұмытпайды.

Бауыржан Жақып ағамыз да – студент шағынан өлең деген арғымақтың жалынан сипап, өз дауысын таныта білген, «найзағайлы нөсер боп шатырлаған КазГУ ақындарының» (Қ.Бегманов) көшін бастаған ақын. Ақынның өзі айтқандай «әйтеуір ғажайып бір қиялға бергісіз күндері» мол студенттік шақты бастан кешіп жүріп, білім қара шаңырағының мерейтойына

*Кеудемде қыс гүлеген, жаз гүлеген,
Біреу бар елу жаста КазГУ деген, –*

деп жырдан шашу шашты. Шығармашылық қазанында қайнаған, қасиетті қаламды құдірет тұтқан аға буынның «КазГУ-дың қалашығы, көзімнің қарашығы» деп қасиетті оқу ордасына айдар тағып, журфак туралы, студенттік шақтары туралы естеліктерін оқып, бас шайқайсыз, мәселен Н. Ораз өз сағынышын былайша қағазға түсіріпті: «Балалығымыз бен шалалығымызды, асаулығымыз бен астамшылығымызды, лап етіп тұтанып, өрт болып лаулай жөнелетін албырт мінезімізді, күндей жадырап келе жатып, өткінші жаңбырдай ағыл-тегіл жылай салатын әсершіл көңілімізді, арманшыл, асқақ қиялымызды, сұлулыққа, махаббатқа іңкәр жүрегімізді, иә, бәрін-бәрін де уақыт қазанына салып қайнатқан студенттік шағымыз, бүгін ойлап қарасақ, бүтіндей бір ғұмырға татитын секілді».

Бүгінгі біздің шәкірттердің де рухани болмыс-бітімі, сезімталдық табиғаттары ағаларымыздан алшақтап кетті деп айта алмаймыз. «Біздің қай- қайсымыз да әлі ашылмаған әлем, танылмаған талантпыз!» деп ашылуға, танылуға құштар боп, болмысы мен мінездерін әсірелеп көрсетуге тырысатын шәкірттердің жан дүниесіне үңілетін, оларды түсінетін ұстаздар қатары сиреп кетті ме екен деген ойға қаласыз. Заман ағымын алға тартып, кінәні пендеге артпайтын әдетімізге салып ой түйер болсақ, қатаң да қасаң ережелерге бас ұрып кеткенге ұқсаймыз!

«Шығармашылық – менің өмірім»

Бауыржан Жақып журналистің «жазған кітаптарыңыз біршама, әрбір кітапқа қанша уақытыңыз кетті?» деген сұрағына («Абай-ақпарат»), «Осы уақытқа дейін менің 7 өлеңдер жинағым жарық көріпті. 2 монографиям, 1 оқулығым баспадан шықты. Оларды алдын ала жоспарлы түрде емес, өмір бойы жазып келемін. «Шығармашылық – менің өмірім» деп жауап беріпті. Бұл автордың ізденгіштігін, қажырлы еңбектің иесі екендігін, табандылығын көрсететін айғақ болса керек.

Бауыржан Жақыптың еліміздің қазіргі журналистикасы туралы ой толғаулары да ел мүддесі үшін қызмет етуді басты ұстаным етіп алған азаматтарды ойландырып, нақты істерге жетелейтініне үміт артамыз.

Журналистика теоретигінің журналистикадағы еркіндік туралы «Журналистика – жазғын келгеннің бәрін жаза беру, айтқың келгеннің бәрін айта беру емес», «...абсолютті еркіндік, сөз бостандығы ешбір мемлекетте жоқ. Мемлекет болған соң, идеология оның тәуелсіздігіне нұқсан келтірмеу бағытында жүреді» («Заң» газеті, 17-ақпан 2012 жыл) деген пікірі қоғамдағы «қазақ баспасөзінде еркіндік жоқ» деген қасаң пікірді өзінің негізділігімен жоққа шығарады.

«Ғаламтор қолданысқа кеңінен кіреді, енді газеттер оқылмайды» деген пікірге ғалым үзілді-кесілді қарсы шығады, «АҚШ, Жапония және Еуропа мемлекеттерінде ғаламтор бізден де ерте барып, көш ілгері дамып кеткен. Соған қарамастан, сол елдерде қағаз газеттер әлі күнге дейін оқылады. Мен АҚШ университеттерінде оқу-тәжірибе жұмыстарымен алмасу мақсатында бірнеше рет болдым. Сонда байқағаным, олардың әрбір газетінде промоушн саласы жақсы дамыған екен. Яғни, әрбір газеттің өзін-өзі жарнамалуы, көпшілікке таныстырылуы жолға қойылған. Олар сол бағытта көп жұмыс істейді. Әр газет өзінің логотипін қаламға, блок-нотқа, күнтізбеге, тіпті кофе ішетін ыдысына салып қойған».

Бүгінгі таңда қазақ баспасөзі мен электронды БАҚ-тарына қажетті талаптар туралы ойын ғалым былайша тарқатады: «Оқырмандарға жекелеген әлеуметтік зерттеулер көп жүргізіледі. Мен Оклахома штатының Оклахома-Сити және Талса деген қалаларындағы газет редакцияларында болдым. Сонда олардың бір газетінің өзі түрлі нұсқамен шығарылады екен. Мәселен, қаланың әуежай аумағында тұратындарға бір бөлек, қала орталығы мен шетінде тұратындарға бөлек-бөлек нұсқасын шығарып таратады. «Оқырман не оқығысы келеді, оны не қызықтырады» деген мәселеге олар қатты мән береді...

...Қазір шет тілдерін білетін журналистерді дайындауға баса мән беруіміз керек. Өйткені шет мемлекеттер әр елде өздерінің журналистерін ұстайды. Тәуелсіздік алғанымызға 20 жыл болды. Енді шет мемлекеттерде біз де өз журналистерімізді ұстайтын уақытқа жеттік деп санаймын. Журналистерді көптеген елдердегі елшіліктеріміздің жанынан ұстаған жөн. Сонда ол елдегі болып жатқан түрлі оқиғалар жайлы ақпараттарды сол өзіміздің журналист арқылы алып отыратын боламыз» («Заң» газеті, 17-ақпан 2012 жыл).

Ғалым журналистердің не мемлекеттік, не әлеуметтік сала қызметкеріне жатпай, яғни нақты мәртебесі айқындалмағанына қатысты да нақты ұсыныстар білдіреді: «Менің пікірімше, біздің мемлекетте журналистердің мәртебесі белгіленуі керек. Мәселен, мемлекеттік қызметкерлерге берілетін әлеуметтік жеңілдіктер журналистерге де тиесілі болса құба-құп болар еді. Өйткені елдің дамуы, тәуелсіздіктің нығаюы жолында қыруар жұмыс атқарып жатқандардың бірі – журналистер қауымы. Мемлекеттік ақпарат құралдарында қызмет ететін журналистерді мемлекет қамқорлығына алсын. Себебі, олар мемлекеттік қызметкерлер секілді не үй ала алмайды немесе басқа да жеңілдіктерге ие емес. Тапқан-таянғанын талғажу етумен келеді. Ал, жекеменшік корпорациялардың құрамындағы тілшілердің әлеуметтік мәселесін сол корпорация шешуі қажет.

Журналистердің әрбірі мемлекеттің сөзін сөйлейтін тұлғалар деп ойлаймын. Сол себепті, оларға мәртебе беру мен әлеуметтік мәселесін реттеу мемлекеттік тұрғыдан қолға алынуы тиіс шаруа. Жалақысы мардымсыз болған соң, олар бірнеше жерде жұмыс істеуге мәжбүр. Ғаламтор сайттарына да жазып, газет-журналға да жұмыс істеп, арасында теледидарға да араласып жатады. Аудармамен айналысып кететіндері де жоқ емес. Күнкөріс тұрғысынан мұның бәрі дұрыс шығар. Бірақ бір салаға маманданып, бір жерде жұмыс істеген журналист көбірек өнім береді».

Ал журналистің кәсіби шеберлігіне қатысты ойын былайша тұжырымдайды: «Жалпы, әр адам өзінің алған мамандығы бойынша жұмыс істесе, өз терісінің пұшпағын илесе ғана қоғам қалыпты дамиды. Сондықтан маман журналистерді тарту керек. Мысалы, «Қазақ энциклопедиясына» келгелі мұнда бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан тәжірибелі ғалым-энциклопедистерді сақтай отырып, қолынан жазу келетін жас мамандарды да тартып отырдым. Ақпарат құралдарында да сондай саясат жүргізілуі тиіс деп ойлаймын».

Ғалым отандық телеэфирдің шетелдік арзанқол дүниелермен толтырылып жатқанына қаты-

сты «Расында, қазір телеарналар көп және олардың басым бөлігі арзан музыкалық шоу-бағдарламалар жасаумен айналысып кетті. Танымдық-тағылымдық мәні зор төл бағдарламалардың үлес салмағы тым аз. Өйткені оған көшірме хабарлар эфирден орын бермей тұр. Шетелдік хабарларды аударып беріп тыныш отыра береді.

...Маған Қазақстанда әлі күнге Ресейдің ақпараттық ықпалы басым болып көрінеді. Жанымды ауыртатыны да – осы. Бізге ешқайда, ешкімге жалтақтамай, ұлттық ақпараттық саясатымызды басым жүргізетін кез келді. Елімізде оған шамасы жететін жақсы маман кадрлар бар. Тек соларды сол бағытқа ұйыстыру жағы кемшін».

Ғалымның жарты ғасырдан астам уақыт жинақтаған журналистика саласындағы терең теориялық білімі мен мол тәжірибесі, кішіпейілділік пен парасаттылыққа тұнған ұстаздық өмір жолы ізбасарлары мен шәкірттеріне тәлім-тәрбие болатындай үлгі-өнеге.

Қожаберген жырау: «Ердің азбауы, елдің тозбауы – ел мүддесі» дейді. Олай болса «Тәуелсіз елімізге адал қызмет етуді өзінің азаматтық ұстанымы» деп білетін Бауыржан Жақыптың мемлекетке, ғылымға сіңірген айрықша еңбектері де өз деңгейінде бағаланып жатқанын мақтанышпен айтуға болады, өткен жылы Бауыржан Жақып ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі ғылыми атағына ие болды, бұл қазақ баспасөзінің даму тарихын терең саралаған ғалымның қазақ ғылымына қосқан үлесінің өз деңгейінде бағалануы деп білеміз.

Бүгінгі таңда еліміздегі энциклопедиялық анықтамалық кітап шығаратын баспа «Қазақ энциклопедиясының» басшылығында жүріп, қазақ ғылымының дамуына салмақты үлес қосып жүрген танымал ақын, парасатты ғалым, көрнекті ұстаз Бауыржан Жақып туралы толғанысымызды былайша аяқтаймыз. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: «Халықта 14 тоймас бар. Ғалым ғылымға тоймайды. Өмір жасауға тоймайды. Тірі іске тоймайды» дейді. Ұстазымызға осынау тілектермен қоса, тоймастың ең үлкені – қуаныш, өмірге деген ынтықтық тілейміз.

Римма Жақсылықбаева,
Баспасөз және электронды
БАҚ кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

Киелі Ертіс перзенті

*Абайдың Қасқабұлағы,
Қырық өрім таспа бұлағы,
Аспанның аспа бұлағы.
Отыз жыл ойран салса да,
Қырық жыл қырғын болса да,
Мөлдіреп жатыр суы әлі.
Абайдың Қасқабұлағы!!!*

Бауыржан Жақып.

Бауыржан Өміржанұлының бала кезден әдебиетке жақын болып, батырлар жырын жатқа оқып, әжесінің бауырында әңгімесін тыңдап өскендігін, әжесіне деген жылы махабаттын бірнеше өлеңінен байқауымызға болады. Әсіресе, «Биялай» өлеңінде:

*Қарға салдым жолымды,
Таудан төмен қиялай.*

*Тоңдырмайды қолымды,
Әжем берген биялай...
Жылылықтан бастаған
Өткенімді сезер кім?!
Тоңса қолым, еске алам,
Биялайын әжемнің, –*

деп әжесінің өзі тоқып берген жылы биялайын балалағымен бірге сағына жырлайды. «Алаша» өлеңіндегі суреттеу тіпті бөлек:

*Беу, киелі алаша,
Асыл әжем тоқыған.
Жақындата түстің бе,
Жүргенде елден алыстап.
Өлең жазып отырам,
Енді сенің үстіңде
Әруаққа бағыштап, –*

деп әжесінің өрмекпен тоқылған алашасының өзін жанына кереметтей жақын тұтатынын сездіре түседі. «Иінағаш» өлеңінде:

*Ауылда өзгерістің түрін көрем,
Үйді-үйге су тартылды құбырменен.
Бір кезде су таситын шелекпенен
Өзгеріп сала берді бүгінде әлем.
Әжемнің көзіндей боп, өзіндей боп,
Бос қалды-ау босағада иінағаш, –*

деп жырлайды. Әр жырында ақын үшін әжесі аласармас биік шыңдай екендігі айқын аңғарылады.

Бауыржан Өміржанұлы бойына сіңген талантының арқасында аудандық газеттен басталған шығармашылық қадамын кейіннен облыстық «Семей таңы» газетінде жалғастыра түседі.

Бауыржан Жақып – менің білімдегі де, ғылымдағы да ұстазым. Аспирантураға түскен 2000 жылы факультет Ғылыми кеңесінде «Шерхан Мұртаза – публицист, редактор» тақырыбы бекітіліп, ғылыми жетекшілікке ұстазым, профессор Бауыржан Жақып тағайындалды. «Білім – инемен құдық қазғандай» деген нақылды терең түсініп, ғылыми жетекшінің жоспарлап берген бағытында біраз еңбектенуге тура келді. Сонда Бауыржан ұстазымның: «Римма, алдымен, Шерағанның бүкіл газет-журналға шыққан мақалаларын тауып, талдауды соларға жаса. Барлық жазған еңбегімен танысып, мұқият оқып шық», – деген кеңесімен Шерағанның мұрағаттағы 1956 жылдан бергі жазбаларын сарғайған басылымдарды ақтара отырып қарап шықтым. Нәтижесінде, 2002 жылдың 27 наурызында профессор Бауыржан Өміржанұлының ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап шықтым.

Астанадағы бір жиында Бауыржан ағайды көріп қалған Шераған: «Ана балаға сәлем айта бар, доктор болмай тоқтамасын!», – деген екен. Жазушының жалынды батасын ұстазым қуана жеткізгені бар.

Бауыржан Жақып басқарған жылдары факультетте Журналистика тарихы, Мерзімді баспасөз, Телерадиожурналистика, Баспа ісі және редакциялау, Халықаралық журналистика, ЮНЕСКО кафедралары болды. Факультет қандай іс-шараны, ғылыми конференцияны, әдеби, шығармашылық кездесуді ауызбіршілікпен ұйымдастырып, ортақ ұжым болып, бірлесіп өткізетін. Факультетте сапалы маман даярлау негізінде БАҚ-пен өзара қарым-қатынастың жаңа

қыры жолға қойылды. Оқу-әдістеме, мәдени-тәрбие, ғылыми бағыт бойынша қаншама жұмыс жүргізілді. Факультетте «Журналистикаға кіріспе», «Журналистика негіздері» т.б. пәндерден дәріс оқыды.

Ғылыми кеңес мәжілісін жүргізу тактикасы да ерекше болатын. Ешкімге дауыс көтеріп ұрыспай, көңілді, емен-жарқын атмосферада өткізетін.

Шәкіртіміз Олжас Сыдықбек декан Бауыржан Жақыптың дауысын айна-қатесіз салатын. Бірде Олжас коридорда деканның дауысын салып, қалжыңдап бара жатса, кафедрада отырған оқытушылар: «Бауыржан келе жатыр», – деп күтіп отырғаны есімде. Бауыржан ағай факультетте оқып жатқан әр шәкірттің аты-жөнін, курсың, қайда жұмыс істеп жүргеніне дейін жатқа білетін жады мықты еді.

Бала кезінен ұлттың ұлы ақыны – Абай өлеңдерімен сусындаған ақын «Өлең құдіреті» өлеңінде:

*Жарықтық Абай салған жолға түстім,
Қашсам да тұтқын болып қолға түстім.
Өзімнен өзім безіп құтыла алмай,
Ой деген ормандағы торға түстім.
Қара өлең, жазылыпсың маңдайыма,
Жабыстым ескен желдің шалғайына.
Айналдым бірде мөлдір күміс шыққа,
Таңда қонған жапырақ таңдайына, –*

деп жырлайды.

Зерттеуші ғалым ретінде «Түркістан уалаятының газетіндегі», «Дала уалаятының газетіндегі», «Қазақ», «Сарыарқа», «Абай», «Жас азамат», «Ақжол» т.б. ұлт зиялыларының, Алаш ардақтыларының еңбектерін ғылыми айналымға енгізді. Дінмүмед Сұлтанғазин, Асылқожа Құрманбаев, Отыншы Әлжанов, Қорабай Жапанов, Райымжан Мерсеков, Рахымжан Дүйсенбаев т.б. бұрын беймәлім Алаш азаматтарының мұрасын қайта жаңғыртты. «Алаш оты» жалынды өлеңінде:

*Тасшоқы, Алтыншоқы, Сұлушоқы,
Уақыттың маздап жанған құбылса оты.
Жазғанын Әлиханның тауып алып,
Жас ұрпақ жадыға ұстап, бірінші оқы.
Ақшоқы, Қызылшоқы, Қарашоқы,
Кеудемде жанады лаулап Алаш оты.
Кітабын Ахмет пен Міржақыптың,
Балалар, көзіңді ашып, таласа оқы.
Көкшоқы, Күмісшоқы, Қоңыршоқы,
Қазақтың «мен мұңдалап!» жағылса оты.
Мағжан мен Жүсіпбектің маржандарын,
Теңізден сүзіп алып, табылса оқы, –*

деп бүгінгі жастарды Алаштық рухқа жетелей түседі.

Жыр өлкесіне жастайынан келген Бауыржан ақынның «Даламның сен бір тұмары» («Ақсуым»), «Кеш бата қызыл-жасыл боянады, Жағана жайғасқандай мың бір әлем» («Алакөлде»), «Қына басқан жер тастар алуан түсті, Ғажайып бір мозайка құрайтындай» («Суықтөбе суреттері»), «Сенде бар тілім, ділім, салтым Алтай, ұлтымның алтын тәжі – Алтын Алтай» («Алтай») өлеңдері қалың оқырманына жол тартып келеді.

Абайға «Абай жыры», Сүйінбайға «Ақиық», Жамбылға «Жамбыл», М.Әуезовке «Қоңыр»,

Ғ.Мүсіреповке «Елтіңжал», «Сөз зергері», Қ.Аманжоловқа «Қасымның қызыл үйі», М.Әлімбаевқа «Мұзағанның ауылы», З.Қабдоловқа «Бәйтерек», «Ғұлама», Т.Айбергеновке «Найзағай», А.Сүлейменовке «Аттың басы» немесе Асқар Сүлейменовті аңсау», Қадыр Мырзалиевке «Күн нұрынан ой өрген», Т.Кәкішевке «Нар аға», М. Сәрсекеге «Алаштың бақытына туған ағам», Е.Дүйсенбайұлына «Қарапайымдылық теориясы», И.Исеавқа «Туған жердің иесі», Т.Ахметжанға «Алтайдан ұшқан ақиық», Ә.Асқарға «Сөздері Төржайлаудың гүлдеріндей», Т. Молдағалиевке «Тұмадай мөлдір Тұмағам», М. Айтқожинаға «Ақындардың аққуы», Н.Айтұлына «Ақ тілек», Б.Үсеновке «Маңмаңгер» т.б. арналған жалынды жырларында парасат-пайымға толы, өзгеше өрнек пен шығармашылық толғамды байқауға болады. Табиғатқа етене жақын көңілі «Нөсер» өлеңінде:

*Төсінен көктің төменге
Төгіледі-ай кеп ырыздық.
Жуынып жсу белеңде,
Жұтады ылғал қымыздық.*

Немесе, «Әсемқоңырда»:

*Табиғаттан үйреніп ем ән-күйді,
Кеттім тастап құс дауысын сан қилы, –*

деп толғанады. Ақынның туған жер, өскен өлкеге деген құштарлық сезімі «Қазақтың дастарқанында»:

*Дастарқан ірімшік пен дәмді уыздан,
Жайылар қашан өтсең, алдымыздан.
Сары май, сықпа құрт пен талқан, қоспа,
Жеп алып, бір сімірсең бал қымыздан
Балқыған жан-дүнием бұрын-дағы, –*

деп тамаша суреттелсе, «Жер үстел» өлеңінде:

*Жер үстел – несібенің өзі де еді,
Жер үстел – үлкендердің көзі де еді.
Жер шарын алдына алып отырғандай,
Қарттарым шертуші еді шежірені, –*

деп өрнектейді. Әр шумағынан ұлттық рух, мақтаныш сезімі есіп тұрады.

Бауыржан Өміржанұлы 1994 жылы профессор Т.Амандосовтың жетекшілігімен «Мұхтар Әуезов – публицист» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын, 2004 жылы академик З.Қабдоловтың жетекшілігімен «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

Киелі Семей топырағының перзенті, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, Халықаралық жазушылар мен публицистер ассоциациясының мүшесі, ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі Бауыржан Өміржанұлы Жақып биыл 60 жасқа толып отыр. Ұстазыма қажымас қайрат, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз!

Олжас Қасым,
журналист, ақын

Өлең деген өңірде жыр түлеткен...

(Ақын Бауыржан Жақып өлеңдерін оқығанда туған ой)

Бауыржан Жақып – қазіргі қазақ поэзиясындағы танымал есімдердің бірі. Кейінгі жылдар бедерінде «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы», «Қызыл кайың» атты жыр жинақтарын шығарып, өлең өрісіне өзіндік ойымен, соны леп ала келген ақын. Шыңғыстаудың сілемінен, Абыралының Ақбиігінен, Шағанның шалқып аққан ақбұйра толқындарынан нәр алған Б.Жақыптың өлеңге келуіне осы аталған табиғат таңғажайыптары әсер еткен болуы керек. Ақын – поэзия перзенті. Шын талантқа табиғат өрелі өлеңді сыйға тартады. Ал, мөлдір ғазал туады ма, әлде қоймалжың жыр өмірге келеді ме, ол – ақынның қасиет тамырынан, шеберлік шеңберінен. Мен мақалаға өзек етіп отырған Б.Жақып – табиғат тереңдігіне мейлінше сүңгіген, бойында ұлттық рең мен қазыналы сөздік қоры бар тұлға. Ата-бабаның соқпақты жолымен бірге дүниеге назар аударғандағы алғаш көрген жері – Берікқара тауы. Сол тауда атасы тіршіліктің тұзы мен балын татты. Сол тауда әжесі «тәрбие» атты мектеп қалыптастырды. Ақын «Берікқара» өлеңінде атаулы тауға деген ынтызар сезімінің жалынды шоғын тұтандырады.

*Сол бір тау барлық таудан жақын маған,
Өйткені баурында оның жатыр бабам.
Кеудемде жыр тұтанып, сөз маздайды,
Жанымда от жанады лапылдаған, –*

дей келіп, ата-бабасының ардақты әруағынан перзенттік парасатпен кешірім сұрайды.

*Тасиды бойда қаным буырқанып,
Беткейі бетегелі гүлін тағып.
Кеш келсем кешір, баба, ұрпағыңды,
Басыңды келе алмадым бұрын тауып.*

Кісілік кішілік пен бабалар әруағынан аттамау кеудесінде қазақ қаны бар әр жүректің жазылған өмір жолы болуы тиіс. Сонда ғана ақынның құлашы кеңге сілтеніп, шабысы қатая түседі. Бауыржан Жақып көбінесе өлеңдерін ұлттық нақышта жазады, ол – қазақтың дәстүр тізбегін бұзбаған қашықтықтармен өлшенетін шайыр. Ол «Уақыт ұршығы» атты өлеңінде:

*Бір сәтке, әже, тынышып па ең,
Шүйкеге мол жіп жиылып.
Отырушы едің ұршықпен,
Уақытты қоса иіріп, –*

деп көсіледі. Рас, уақыт – ұршық. Осы сәтте ақын ұршық пен уақытты параллельді түрде қатар қояды. Тіпті, ұлттық бояуы қаныға түседі.

*Секундтар менен минуттар,
Иірілетін жіп болып...*

Шұбалаң тартқан ұршық жібі – уақыт өлшемнің көрінісі. Ойланып қаласың, өмірді қимай-

сың, өлімнен қорқасың. Негізінен, уақыт өтіп жатыр деп те өлеңге қосуға болады. Бірақ алатын әсердің дірілсіз, ойың тұманды күндей күй кешері сөзсіз. Ал, ұршық көз алдыға сырғып жатқан уақыт жылдамдығын елестетеді. Бейнелі суретті танысың. Мезгіл кеңістігіне шеру тартасың. Жыр арғымағының жалынан тартып мінген соң, сен сезім атты атмосферамен қоректенесің. Жыр сезімталдықты қажет қылады. Бауыржан ақын бұған да өзіндік аңсау мен сағыныш сезіммен, желөкпелік желкенін желбіретіп жетеді.

*Мен сағынып келдім,
Анамның ақ құрттарын,
Даламның ақ бұлттарын,
Жеңгейлерді алдымнан жыр қақпа ашқан,
Әжейлерді әдемі сырмақ басқан...*

Ақынның бұл өлеңіндегі толқыныс, буырқанған ағын, оның Т.Айбергеновтің ізін жалғастырып келе жатқандығын аңғартып өтеді. Өлең ырғағы, буын өлшемі Төлегеннің «Сағынышына» маңайлайды. Сағынышты ақындардың біразы жырлады. Әркімнің сағынышы әртүрлі. Сағына білетін адам үшін осы төрт жол өлең оқушыға қанат бітіреді. Әдемі сырмақ басқан әжейлерді көргің келеді. Анамның ақ құртын сағынып, ақ бұлтпен араласып ауылға беттеп кеткің келеді. Кеудеңде керімсал көктемнің гәкку әні шырқалып, ақку армандарға қол созасың. Сағыныш – мындаған ақынның жүрегінен жарып шығар аңсарлы құбылыс. Сағыну – сезім пернесімен үндесе көкірек күйін шерту. Әркімнің жанарында сағыныш атты қарашық мекендейді. Туған топырақтың қасиеті мен киесі әр перзентіне ақтұма сезім, патриоттық пейіл тарту етеді. Өскен өлке, табаныңды тоздырған таулар, мұның барлығы қасиетті жүрек – ұяңнан шабыт есімді аққанат көгершінді қалықтатады. Ақын туған өлкенің таңғажайып көріністерін жиһангер жанарымен көріп, географтың танымымен түйсінеді. Кіндік қаны тамған өңірдегі «Үш келіншек» есімді өлеңінде:

*Шыңғыстау, бір перзентпін мен де саған,
Картадан әр жотаңды көрмес адам.
Басында бір төбенің үш жартас бар,
Күн бояп, мүсіндерін жел қашаған.*

*Сөйлейтін қара таста нышан бар ма?
Дауысын жеткізейін ұшарларға.
Ғажабы – сол үш жартас айналады,
Үш бірдей келіншекке түс ауғанда, –*

деп табиғат тамашасын әсерлі де жатық тілмен баяндап кетеді. Соғыс кезінде ерлерін қан майданға аттандырып салған үш келіншек жарларын күте-күте сағыныштан сарғайып жартасқа айналған деседі.

*Жартасты – соғыс жылы жесір қалған,
Ұқсаттым үш ананың бейнесіне, –*

деп тебірене толғайды. Әдебиет әлемінен аулақ, жырдың иісін сезбейтіндер сол жартас шіркіндерді таудың елеусіз бір бөлшегі ретінде қарастырады әбден мүмкін. Ал, Бауыржан ақын бұл тұста шебер шешіммен үш жартасты тани отырып, күйеулерінен айырылған бейбақ жандарға жырымен де, тастан да мүсін қашайды. Төбе басында жетімсіреген тас мүсіндердің ішінен ол аласапыран ой жетегімен әжесін көріп қалғандай:

*Көрініп кетті маған үш жартастың,
Біреуі менің әжем сияқтанып, –*

деп балбал мүсіннің бірін әжесіне ұқсатып, кеудесінен мейірім нұры төгілген әже рухына бас иіп, тағзым жасайды. Мезгілдің соққан дабылын, қаққан қанатын ақын жүрегі сезбеуі беймүмкін. Таңсәрідегі аққудың көз жасындай тұмса табиғатты, таулардың оянуын, ақшарбы бұлттардың өртенгенін ақын жанары ғана аңдай алады. Мысалы, «Күн мен түн теоремасында»:

*Бір сипап жел періште білегімен,
Даламның маңдайынан сұртер терді, –*

дейді. Әдемі кейіптеу. Далаға өзінше өң-келбет бітірген, қойынына сұлу да сиқырлы сыр бүккен табиғат әлемін сол табиғаттың өз элементтерімен бедерлеу таң шығындай сезімнің серігі болған періште – жүректің ісі.

Сырт көзге күнделікті көрінгенімен, көп адамның жанарына шалына бермейтін сырлы дүниелер аз емес. Ой таразысына салған ақын дүбірлі дүниені өлең етіп, санасына сыйдырады. Әйткенмен, ақын екенмін деп әр нәрсені өлеңге айналдыру – поэзия табиғатына жат құбылыс. Айталық, Баукеңнің «Тұтқасын» оқысаңыз, өзіңізді өмірдің тұтқасын тартып жүрген адамдай сезінуіңіз ғажап емес.

*Күтті есіктер айрығында жолымның,
Тұтқасы жоқ қақпаларға соғылдым.
Есік аштым, аспанда да, жерде де,
Көп тұтқада табы қалды қолымның...*

«Байдың асын байқұс қызғанған» бүгінгі күнде «тұтқасы жоқ қақпаларға соғылған» пенделер осы шумаққа тізбелеп көз жүгіртсе, өздеріне-өздері салауат айтып, сақтық жасауы кәдік. Поэзия мінезбен шектеседі. Керек десеңіз, ол психологиямен де тікелей байланысты. Мәселен:

*Жаратушы Тәңіріме табындым,
Тіршіліктің заңдарына бағындым.
Шалғай шығып, шет елдерде жүргенде,
Туған елдің тұтқаларын сағындым.*

Қанында қазақтың мінезі тулаған ақынның, өзге елде өзінің тұтқасын аңсауы – оның отан-сүйгіштік қасиетін, туған топыраққа деген бөлекше махаббатынан белгі берсе керек-ті. «Шын поэзия жасырынып тұрған дүние сұлулығының шымылдығын сыпырып тастайды», – деген П. Шеллидің ойын осы тұста мына жыр үзіктері айшықтандыра, әсемдікпен көмкере түскендей:

*Ай қанатын бұлтқа малды,
Бір қанаты сыртта қалды.
Айдың нұры ақ шалабын,
Тау – қария ұрттап алды.*

*Ұрттады да қалғып кетті,
Жұлдыз нұрын мол ғып төкті.
Түн гажайып тікті көрпе,
Алтын жіппен қарбып көкті.*

Түн мезгілін суреттеудің осы бір парасы ғана қараңғылықтан көрпе тіктіріп, тау – қарияның ай – шалабын ішкізіп, поэзия кеңістігінде отырған оқырман ойын дүниенің тірлігінен хабардар етеді.

Ақын жүрегі қалт еткен сәттегі жалт еткен жүйрік ойдың сүзгісі десек, Бауыржанның «Фо-

тоаппарат жүрегі» поэзия көрмесіне таңдаулы, талғаулы бір жыр жауһарын апаруы мүмкін дүние. Бірнеше мүшәйраларда топ жарған жыр сәйгүлігі «Қолтаңбасымен» қараңғылықты айқара ашып, көк әлемінде жарқ еткен жұлдыз сияқтанды.

*Келешек бізді күтті алдан,
Келмеске сәби күн кетті.
Сол кезде сықпа құрттарда,
Қолтаңбаң барын білмеппін.*

*Құртыңды аңсап жаныммен,
Қолтаңбасын мен сағындым.
Салалы саусақтарың мен
Аялы алақаныңның...*

Сыр бүккен қалтарыстағы әже алақанындағы қолтаңбаны ақындық аңғарымпаздық пен жіті байқағыштықтың нәтижесінде дүниеге келген жарқын туынды. Өлеңді сезім мен толқынның қиюласқан қоспасы деп түсінсек, сөз жоқ жырды ұғатын пенде жанары Бауыржан ақынның жырларынан өзіне қажетті дүниелерді таба алады деп сендіреміз. Автордың өлеңдерінен түгелдей түзулікті сезе беру сынның мәртебесін жоғарылатпақ емес. Дәлел ретінде жоғарыда келтірілген «Үш келіншек» балладасындағы (Уақыт ұршығы, 74-бет) бірінші шумақтың екінші тармағындағы «Картадан әр жотаңды көрмес адам» дейтін жолы бұл жерде ұйқастың орнын толтыру мақсатында алынған сияқты. Біздікі ой айту, мінеп, шенеу емес. Тұшымды жыр кереметін аңғарған патша көңіл оның көзге қораш көрінетін маңайын айтса, айып демессіз. «Қазақ поэзиясында ақын көп, бірақ өлең аз» деп Д.Исабеков айтпақшы, көзді жұмып тұрып жыр жақұтын бағаламау – әдебиетті төңіректен жүрген адам үшін кешірілмес іс. Үстіміздегі баға – көзқарасымыздың кейіпкері Б.Жақып – бүгінгі жыр көшінде өлеңнен тоят алып, таңдаулы тұлпарлардың ішінде өз орнын анықтаған ақын. Біз оқырман ретінде Б.Жақыпты өлең өлкесіндегі қайталанбас қолтаңба дер едік.

*«Үш қоңыр» газеті,
27 қазан 2010 жыл*

Ақын ғалым атанды

Тәуелсіз Қазақстанның журналистикасы тағы бір ғылым кандидатына жол ашты. Оның авторы – Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің аға оқытушысы, белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының М.Мақатаев атындағы сыйлығының лауреаты, газетіміздің белсенді авторы Бауыржан ЖАҚЫПОВ. Ғылыми кеңестің мүшелері жас ғалымның «Мұхтар Әуезов – публицист» атты бұл еңбегіне бірауыздан жоғары баға берді.

«10.01.10-журналистика» мамандығына қалам тартылған бұл ғылыми диссертация Қазақстанда тұңғыш рет қорғалып отыр. Еңбекте қазақ журналистикасының тарихынан тың деректер, публицистік шеберлік мәселелері туралы теориялық соны ойлар айтылған, нақты тұжырымдар келтірілген. Сондай-ақ ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтің бұрынғы көпшілік қауымға белгісіз болып келген бірнеше мақалалары, публицистік шығармалары талданып, 1917–1961 жылдар аралығындағы журналистік қызметіне ғылыми баға берілді, публицистік бай мұрасы факультеттің оқу жүйесіне айналымға енгізілді.

Журналистика саласына өз үлесімен келген бұл еңбекке профессор Т.Амандосов (марқұм), профессор Ф.Оразаев жетекшілік еткен. Ал филология ғылымының докторы Ш.Елеукенов, филология ғылымының кандидаты З.Серікқалиев диссертацияның ресми сарапшылары болды.

Құттықтаймыз, Бауыржан!

Болатбек Мұхтаров

Журфак түлектері университет тарихына қолтаңба қалдырды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін 1993 жылы тамамдаған түлектер қайта бас қосты. Сол кездегі куратор Бауыржан Жақып 20 жыл бұрынғыдай студенттерін журнал бойынша түгендеп шықты. Символдық «нб» белгісін алғандар мен сабақтан «қашып кеткендер» де табылды. Бірақ бұл жолы ұстаз да, шәкірт те шат-шадыман. Түлектердің араға екі онжылдық салып кездесуі кезінде белгілі журналист Ермахан Шайхыұлының сол шақтағы естеліктерден құрастырған «Қолтаңба» жинағы көпшілікке таныстырылды.

Журналистика факультетіне 1988 жылы түсіп, оны 1993 жылы аяқтаған бұл топтың кураторы Бауыржан Жақып – бүгінде филология ғылымының докторы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының бас директоры. Арада талай жыл, алдынан талай студент өтсе де, Бауыржан ағай сол тобындағы шәкірттерін ұмытпапты. Ол студенттерінің қазір қай жерде қызмет ететінін де жатқа біледі. Университетті бітіргеніне 20 жыл болған бұл топтың ішінде, Гүлжанат Иманғазина – Павлодар облыстық телерадиокомпаниясының бас редакторы, Нұржан Қуантайұлы – «Шығыс-Ақпарат» холдингінің бас директоры, Гәкку Сәтбаева – «Қазақстан–Көкшетау» телерадиокомпаниясының аға редакторы, Қаныбек Әбдуов – «Дала мен қала» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі, Бауыржан Ғұбайдуллин – «Орал өңірі» газетінің бас редакторы, Нұрлан Қалқа – ҚР Президенті әкімшілігінің сектор меңгерушісі, Мұрат Қожамқұлов – «ҚазТрансГаз» компаниясының департамент директоры, Айнабай Мәдиев – «Алматы ақшамы» газетінің бөлім меңгерушісі, Серікқали Мұқашев – ҚР Бас прокурорының көмекшісі, Ғабит Мүсірепов – «Нұр Астана»

газетінің бас редакторы, Ермахан Шайхыұлы – сатирик, «Айқын» газеті бас редакторының орынбасары, тізім осылай кете береді. Араларында «полковник», «подполковник» деген шені бар әскерилер көп. Темірбек Қожакеев атындағы мәжіліс залында өткен кездесуге 40-қа жуық түлек келді. Бір кездегі куратор оларды түгендеп шықты, аудиторияда болмаған Тамара Дәулетбаева, Нұрлан Қалқа, Арыстанғани Заппаров, Мұхтар Түменбаев сияқты экс-студенттерге «нб» таңбасы қойылса, кездесудің басында жүз көрсетіп, жоқ болған түлек Ғазиз Тастаевты курстастары «қашып кеткені» үшін жазалау керек деп қалжыңдасты. Білім алған қара шаңырағында сағынысып бас қосқан түлектер студенттік кездегі естеліктерінен тұратын «Қолтаңба» атты жинақты жария етті. 360 беттен тұратын кітапты журналист Ермахан Шайхыұлы құрастырған. Студенттерін «баға жетпес байлығым» деп есептейтін Бауыржан Жақып кітапқа алғысөз жазыпты. Жинақтың «Рух» деп аталатын бөлімі өмірден өтіп кеткен Темірбек Қожакеев, Марат Ысқақов сияқты ұстаздар мен автордың Мақсұт Дүйсеков, Біржан Белғара сынды курстастарына арналса, «Қалам мен қарым» деп аталатын бөліміне 1993 жылы оқу бітірген журналистердің өмірбаяны мен шығармалары енген.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ, жазушы, журналист, «Айқын» газеті бас редакторының орынбасары: – Курстастарымыздың бәрі республикамыздың түкпір-түкпірінде қызмет атқарып, Тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуіне хал-қадірінше үлес қосып келеді. Көбі баспасөзде, телеарналар мен радиоларда бас редакторлық қызмет атқарып жүр. Біз курстастарымызбен мақтанамыз. «Қолтаңба» аталатын жинақ осы түлектердің бірі – Нұржан Қуантайұлы басқаратын «Шығыс - Ақпарат» холдингінің баспахасынан басылып шықты.

Түлектер өздерінің №5 сүйікті жатақханасына жиһаз сыйға тартты. Сонымен бірге журналистика факультетінде оқитын бес студентке 100 мың теңге көлемінде шәкіртақы тағайындады. Шәкіртақының үшеуі – марқұм Мақсұт Дүйсеков, Біржан Белғара, Омарғали Мырзағалиевтердің атында, қалған екеуін «Шығыс - Ақпарат» холдингі мен «Өмір-ай» газеті ұсынып отыр. Ұлттық университеттің журналистика факультетінің қазіргі ұжымы бұл түлектердің сыйына дән риза. Айта кету керек, он жылдан артық уақыттан бері мұнда түлектердің жиырма жылдан соңғы кездесулері дәстүрлі түрде үзілмей өтіп келеді.

Сламхат Сейтқамызаұлы

Бауыржан өлеңдерінің ерекшелігі – қазақы бояуы!

Осы заман қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қазақ поэзиясының жарық жұлдызы, әдебиетші, ғалым Бауыржан Жақып жуықта баспадан шыққан «Білте шамның жарығы» атты жыр жинағын сыйлады. Жинақтағы өлеңдер оқыған жерден иіріміне тартып, баурап әкетті. Жинаққа кірген 168 өлеңнің бәрі – бірдей мінсіз, көркем, образды, айшықты, бірінен-бірі керемет, бейне қалыпқа құйылғандай, төрт бұрышы тең өлеңдер.

Бауыржан өлеңдерінің ерекшелігі – қазақы бояуы! Қай өлеңін оқысаңыз да ұлттық тамырдан нәр алған, оқуға жеңіл, ойға қонымды, қарапайым да өміршеңдігінде жатыр. Мұқағали Мақатаевтың сөзімен айтсақ, «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын» дегеніндей!

Өлеңдердегі теңеу, шендестіру, астарлау, өлеңнің образын одан әрі аша түскен. Абай, Шәкәрімдей ұлыларды туған, Абайдың қасқа бұлағынан су ішкен, жағасында ойнап, айдынына шомылып, Әлімбек жасаған тал бесікте тербеліп, әже әлдиінде өскен, Шыңғыстаудың шыңына талпынып, киелі топырағына аунаған Баукеңнің үлкен тұлға болып, үлкен әдебиетші болып қалыптаспауға қақысы да жоқ.

Семей – ұлылардың мекені дедік. Семейдің қазақ поэзиясының ордасы екендігін, қазақ азат-

тығының алтын бесік астанасы екендігін мойындауға тиіспіз. Абай, Шәкәрім мектебінен тіке тәлім алған Бауыржан поэзиясының негізі осында жатыр. Баукең өлеңдеріне көркем сөздерді тықпалай бермейді, қазақ дәстүріне берік, қазақ тіліне бай. Сондықтан әр өлеңінде бірде-бір артық сөз жоқ. Оның өлеңдерінің беріктігі соншалық, бір сөзін алып тастауға шумақтардың өзі көнбейді.

Бауыржан өлеңдеріндегі суреткерлік өте керемет, кез келген өлеңін оқып отырып сурет салуға болады. Мысалы, Әлімбек ұстаның бейнесі. «Әжемнің ұршығы», «Қолтаңба» мұндай өлеңдер Баукеңде жетіп артылады. Теңеулердің өзі ғажап, айталық «Абаймен құрдас ақ шилер, Тоғжанмен құрдас тоғайлар» деп толғанып шарқ ұрады. Қандай керемет теңеу, қарапайым да қайталанбас айшықты сөздер.

Жинақта қамтылған жырдың әрбірі інжу-маржандай құлпырып, жарқырап тұр. «Тәуелсіз Қазақстаным» деген өлеңінде бостандыққа талпынған, азаттық деп алақайлаған ақынның жарнама іспеттес азаматтық мінезі көрінеді.

Менің байқағаным, Бауыржан поэзиясы – бодандықтың батпағынан, лай- кірінен аулақ, мөп-мөлдір таза, кіршіксіз алтындай қымбат өлең. Ақынның өлеңдері туралы көп сөз айтуға болар еді, бірақ ол мына шағын пікірдің міндеті емес, амандық болса, Бауыржан поэзиясына алдағы күндерде егжей-тегжейлі тоқталамын деп ойлаймын.

Abai.kz

Кенже Жұмағұлов,

Л.Гумилев атындағы университеттің
аға оқытушысы

Ел сыйлаған азамат

Белгілі ақын, ғалым және курстасым Бауыржан Жақыптың 60 жылдық мерейтойына байланысты Алматыда өткен іс-шараларға қатысып, марқайып қайттым. «Баласы атқа шапқанда, әкесі тақымын қысып отырады» дегендей, кеше ғана университетте бірге оқыған курстасымның (жасы кіші бауырымның) ел сыйлаған азамат, күдіретті поэзия әлемінің танымал ақыны болғанына, ғылым саласының маңмангері атанғанын көріп, жақсылар мен жайсандардың асыл сөздері мен тілектерін естіп кеңейіп қайттық.

Баукетай, осы жеткен биіктеріңе, ел алдындағы атқарған азаматтық еңбегіңе табыс тілей отырып, абройың асқақтай беретініне сенім мол.

Баян Бекетова,

халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты

Көрермен көңілінен шыққан кеш

Көрнекті ақын, академик ғалым, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, журналистика саласында жүздеген шәкірт тәрбиелеп, маман, азамат етіп шығарған, өзі де үлкен азамат тұлғаға айналған, бүгіндері асқаралы алпыс ағалық жасқа аяқ басып отырған, қырық жылдан бері білетін өзіміздің Баукең достың мерейтойы бүгін М.Әуезов атындағы ұлттық театрда басталып та кетті. Өзінің туған жерінен басталған мерейтойы Еуразия мемлекеттік университетінде жалғасын тауып, бүгін әкемтеатрда қорытындылақшы. Ғаламат ғимарат толы жыр-сүйер қауым бүгін алтын қанат поэзия демімен тыныстап, ақынның сөзіне жазылған әсем ән мен Шәміл ағаның сәйгүліктің дүбірлі шабысындай, қыранның қанат қағысындай әсерлі күйімен қуаттанып, серпіліп жатқандай. Әйтеуір халық бір тыныспен тыныстап, сахнаға көз тігулі. Халық ортасынан шақырылған Бауыржан ақынға жүргізуші ҚР Президентінің мерейтойымен Құттықтау хатын оқып тапсырғаннан кейін, ақын өзінің өзегін жарып шыққан өмірдің өзінен

өрілгендей тамаша жырларын оқыды. Ақынның монологімен өзі туралы қысқа видеокөріністер де көрсетілді. Ақынның өлеңімен өрілген театрландырылған қойылым әсерлі шықты.

Ақынды сахнаға шығып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, мықты ақын ағалары Темірхан Медетбек, Иранбек Оразбай, Ұлықбек Есдәулет арнау өлеңдерін оқып, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Сондай-ақ ақын апалары, «Кұрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Ханбибі Есенқарақызы құттықтау сөз сөйлесе, қызылордалық ақын Қатира Жәленова шынайы арнау өлеңімен жұртты бір серпілтті. Сондай-ақ арнайы құттықтауларымен «Сарасөз» телебағдарламасының жүргізушісі, біртуар Асқар Сүлейменов пен қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанова апайдың қызы Қаракөз Сүлейменова, «Жамбыл Жабаев» қорының басшысы, жазушы Н. Қапалбеков шығып, ақын иығына шапан жауып, тарту таралғыларын табыс етті. Ақынның өлеңдеріне жазылған әндер орындалып, «Серпер» тобы тамаша өнер көрсетті. Туған жері Семейдің полигоны жарылыстарына куә бола жүріп, осы жазылмас қасірет туралы жазылған салмақты көркем дүние «Жан дауысы» атты поэмасынан үзінділер оқылып, оның тағдырлы ақын екені де әдемі әңгіме желісі болды. Бүкіл ғаламды дүр сілкіндірген, төрткүл дүнияға ғана емес, кіндік қаны тамған жерде болып, жерлестеріне ғадауат әкелген сұмдыққа қарсылық туралы ақынның толғауы кімді болса да бей-жай қалдырмағаны анық.

Ақынның әдеби-музыкалық жыр кеші жырсуүйер қауымның өнерге деген құмарын қандырып, тұмадан мейірленгендей күй кештіргеніне куә болдық. Мерейлі жас құтты болсын, осы жастың екеуін жаса, Бауке, мерейтой жалғасын тапсын дейміз.

Мақпал Оразбек,

Л.Н.Гумилев атындағы
университеттің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Алматыны дүр сілкіндірген кеш

11 ақпан күні Алматы қаласында М.Әуезов атындағы академиялық театрда қазақтың белгілі ақыны, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Бауыржан Өміржанұлы Жақыптың 60 жылдық мерейтойына арналған «Күлімсіреп аспан тұр» деп аталатын әдеби шығармашылық жыр кеші өтті. Алматы қаласын дүр сілкіндірген жыр кеші ән, жыр, күймен жалғасты. Қазақтың мүйізі қарағайдай жазушылары мен ғалымдары жиналған әдеби кеш Бауыржан ағаның ақындық, ғалымдық, адамдық тұлғасын танытқан тағылымды, мәдени-танымдық кеш болды. Кешке ағамыздың анасы келді. Апаммен фотоға түсудің сәті түсті. Алматының зиялы қауымын сағынып қалыппын. 90-жылдардың ортасында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында бірге оқыған аспиранттармен кездестік.

Қайырбек Шағыр,

ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Өлеңдерінен ауыл иісі аңқиды

Кеше Алматыда М.Әуезов театрында ақын, ғалым, ұстаз Бауыржан Жақыптың 60 жасқа толуына орай әдеби-сазды шығармашылық кеші өтті.

Біздің бала кезімізде халық кітапты көп оқитын. Басқасы басқа, өзіміздің ауданнан, ауылдан шыққан ақын-жазушылардың жаңа кітаптары шықса, қолдан-қолға өтеді. Төлеужан Ысмайыловтың «Сырымды айтам» өлеңдер жинағы, Тұрсын Жұртбайдың «Жер-бесік», тағы басқа

кітаптары, Бауыржан Жақыптың «Көзімнің нұры» деген алғашқы жинақтары осылай оқылды. Болашағымызды қалам-қағазбен елестеткендіктен, аға буынның жазғандары біз үшін тіпті маңызды болды. 1990 жылы мектеп бітіріп, Алматыға ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түсуге емтихан тапсырдым. Аудандық олимпиадаларда қазақ тілі мен әдебиетінен үздік атанып жүргендіктен, өз күшіммен түсемін деген сенім болды. Тамыр-таныс іздемедік. Сөйтсек, оған да қарамайды екен ғой, сәл демеп жіберетін біреулерің болуы керек екен. Диктанттан бір-екі қате шығып, оқудан «құлап қалдым». Сол кезде журфакта оқытушы болып жүрген Бауыржан ағаға барып жолықтық. «Қап, ертерек айтпағандарыңды-ай, енді бәрі кеш, қорытынды шығып қойды» деді.

Сонымен ауылға қайтып, күзде әскерге кете бардым. Приозерскіде үш ай жүргеннен кейін, мені аяқ астынан Алматыға ауыстырды. Боралдайдағы кірпіш зауытында жұмыс істедік. Анда-санда қалаға қыдырып қайтуға бір күн демалыс береді. Сол кездері Бауыржан ағаның үйіне соға кететінмін. Махаббат жеңгеміздің шайын ішіп, Бауыржан ағаның жаңа өлеңін тыңдап, сөредегі кітаптарды парақтап, ауыл-аймақтың жай-күйінен хабардар болып қайтамын. Әскерден кейін аудандық газетте істеп жүріп, журфакты сырттай оқыдым. Сабақтан қиналғаным жоқ, сондықтан университетте Бауыржан ағаны сырттай арқа тұтқанымызбен, басы артық мазаламауға тырыстық. Кейін Алматыда жұмыс іздеп жүргенімде, Бауыржан ағаның жөн сілтеуімен Ғалым ағаға барып, одан «Қазақстан мектебі» журналына қабылдануыма себепші болды.

Бауыржан ағаның өлеңдерінен ауыл иісі аңқып тұрады. Басқалар оқыса, өз ауылын еске алар. Ал біз үшін ауылымыз ортақ қой, сондықтан әсері тіпті бөлек. Бір топырақтың тумасымыз. Бауыржан ағаның ата-анасы Өміржан аға мен Рысжан апа біздің әке-шешемізбен замандас, ауылдас болды. Балалары бір мектепте, бір сыныпта оқығандары да бар. Бұл кісілер менің нағашы жұртыма жатады.

Кешегі шығармашылық кеште ақын Иранбек Оразбаев «Бауыржан биігі» деген өлеңін арнады. Шынында да, артынан ерген ауылдас, қаламдас інілері – біз үшін де Бауыржан биігі аласармайтын бір биік болып қала береді.

Айгүл Болатханқызы,
журналист

Менің кезеңімнің ақыны

Ешкім мәжбүрлемей, ешкім сүйрмей, бірақ баруға тиіс, тіпті баруды өзіме парыз санайтын кештер мен кездесулер болады. Бауыржан ағаның кешіне солай келдім. Бір мекемелер болады, қызметкерлеріне бұйырғанды тәуір көреді: «Қайтсең сүйт, барасың». Ана бейшаралар өзіне дым қызық болмаса келеді, көреді. Ойбай-ай, есеп береді. Жооқ. Адам өз жанының рақаты үшін рухани азық алатын кештерге өз еркімен, жан қалауымен барғанға не жетсін?! (Кейін ақын ағамен жолығып қалсам, жүзімді төмен салып алдында кінәлі адам сияқты бүгіжектеп тұрған да қандай жаман).

Өліп-талып өлең оқымаймын, өлеңсүйер емеспін. Бірақ ақындар өз өлеңін оқыса, тыңдағанды жақсы көрем. Әр дәуірдің өз Мұқағалиы, өз Фаризасы болады. Бауыржан аға – менің кезеңімнің ақыны. Бауыржан аға өзі көөөөп өлең оқыса ғой дегем.

Ақынның кешінде ақындарды көргенде біртүрлі қуанып тұрам. Кілең қазақтың мықтылары бірін-бірі көріп, арқа-жарқа болды бүгін. Сондай мықтылармен суретке түстім.

Кештен шыққанда айналаны аппақ қар басыпты. Қар жауып тұрды. Ақын ағамның да пейілі ақ, ниеті таза! Оның үстіне есімі батыр ата аттас. Бауыржан аттастар шыншыл болуға міндетідей көрінеді маған, әлде мен солай қабылдаймын.

Аға, бала боп еркелейтін күндеріңіз Ертістей ұзын болсын! Ғасыр жасаңыз!

II бөлім

Арнау өлеңдер

Алтын ғасыр
(Бауыржан Жақыпқа)

Құтты болып талтүсің,
Аталып жатыр алпысың.
Еленді еңбек ерекше,
Жасаған Қазақ халқы үшін!

Шыңына шығып Шыңғыстың,
Айлы кешін, күн құштың.
Аспандатты Абайың,
Арқасында жыр – күштің.

Мерейің кетті биіктеп,
Төбең тұрды сүйіп көк.
Өлең үшін құдіретті,
Нөсер болып құйып кет!

Елеп-екшеп жатыр күн,
Ақындардың ақынын.
Жасап кет ақын Бауыржан,
Өлеңнің Алтын ғасырын!

Бұйықпа сен де ашыл үн,
Сырың жоқ жұрттан жасырын.
Жасап кет, жан бауырым,
Өлеңнің Алтын ғасырын!

Марфуға Айтхожина.
Алматы, 11.07.2023 жыл

ҚАЗАҚ ЖЫРЫ
(ақын Бауыржан Жақыпқа)

Дегелең тау көзіне мұң байланып,
Сынақтардан жанғанда күлге айналып.
Өлген таудың орнынан
Сен, Бауыржан,
Түрегелдің өлмейтін жырға айналып.

Көктемдердің көзінен нұр ағылып,
Көк бөріден көк бөрі туады ұлып.
Атомдардан қуатты
Туған жандар
Тұғырлы елдің рухына суарылып.

Ат суарып шындықтың суатынан,
Сөйлеп ылғи келесің жыр атынан.
Рухың мықты болмаса,
Тудың қалай
Атомдардың жарылған қуатынан.

Бомбы жарған төсіне сардаланың,
Зауалы көп қашанда замананың.
Тумай жатып көз жұмған сәби қанша,
Құрсағында тұншығып арлы ананың.

Момын жұрттың балта ұрған тілегіне,
Қараулықтан сол қоғам түледі ме?
Зұлмат күштер бомбысын далаға емес,
Туған елдің жарған-ды жүрегіне.

Қайшылықта ерлікті серік еткен,
Жайшылықта жер жыртып, егін еккен.
Жұртты батыр демеске шара қайсы,
Заман көшін түзеген кері кеткен.
Қырық жылғы қырғынға төтеп берген
Батыр еді Бауыржан, елің неткен?!

Дүниенің көзіне қан шапқалы,
Асу бермей тұр әлі тар шатқалы.
Бомбыларын кеудеңде жарды қанша,
Сені көктей солдырып, жамсатқалы.

Қара көзден қанды жас ағызатын,
Зауал тумай тұра ма қан қызатын.
Ұлы Абай секілді
Сенсің, бәлкім,
Тірісінде у ішкен жалғыз ақын.

Рухың сенің тұрған соң айдан асып,
Өмір кештің ұстасып, тайталасып.
Өксік атпай жыр жаздың өркештеніп,
Сынақтарға қарсы өжет майдан ашып.

Сынақ тоқтап, ығысып былай қалып,
Ерлік қайта жаңғырған шырайланып.
Шындығы елдің бірақ та шыңға шықпай,
Таза ағысы неге әлі тұр байланып?
Алайда ата қазақтың жыры өлмейді,
Туса ақындар өлмейтін жырға айналып.

Ақын Бауыржан Жақыптың әкесі Өміржан ақсақалдың рухына!

Қай адамда бұл өмірдің қонағы,
Өлмей мәңгі өмір сүрген жоқ әлі.
Ей, Бауыржан, әкең сенің өлсе де,
Көп тіріден жұлдызы әлі жоғары.

Сол жұлдыздың жолағын кім үзеді,
Әлі талай сәулесі елге түседі.
Өйткені ол кіп-кішкентай ауылдың
Үлкен тарихын жазған нұрлы кісі еді.

Ондай асыл кісілердің сүйегі,
Жатқан жердің бәрі жұмақ, киелі.
Ендеше оның рухы ешқашан өлмейді,
Құрбан шалып, еске ап тұрса жиі елі.

Рафаэль Ниязбек

Бауыржан Жақып

Тұла бойың
Мейірім мен қайырымға
Тұнып тұрған жайсаңсың.
Жұмсақ емессің!
Арыңды ластап,
Намысыңа тисе
Қақыратып жарып жіберер
Қайсарсың!

Ондай кездерде,
Сен, Бауыржан,
Жан беріп, жан аласың.
Садақтан ұшқан
Қозы жауырынды
Кекті жебедей
Діттеген жеріңе
Зірк етіп қадаласың.

Сенің өмірің
Шыңғыстаудың
Қастерлі тасына
Қайта-қайта қайралған.
Бір кезде
Білге шамның жарығы
Бүгінде
Лапылдап жанатын
Жалынға айналған.

Бауыржан,
Сенің жырың –
Жүрек пен жан жыры.
Сенің тағдырың –
Туған елің мен
Туған жеріңнің тағдыры.

Сен өйткені
Тағдырдың не екенін
Көп жұрттан
Бұрын ұққансың.
Абыралы жерінің
Ойран-ботқасын шығарған
Алапат жарылыстың
Алып саңырауқұлақтарының
Демі мен лебін жұтқансың!

Өн бойыңнан

Қазір де
Сол жылдардың
Аязы мен үсігі ұрады.
Күрсінсең –
Қайғы мен қасіреттің
Демі мен лебі шығады.

Бауыржан.
Сапарымыз оң болса,
Ертеңге бірге жетеміз.
Сол бір зұлмат заманнан
Сенің аман қалғаныңа
Шүкіршілік етеміз.
Алпысың құтты болсын!

Темірхан Медетбек,

ақын,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Ақын Бауыржан Жақыпқа!

Жақсыны да –
Көрдің,
Сен.
Жаманды да –
Көрдің,
Сен.
Бәрін –
Көріп,
Мен –
Білсем:
Қатқан –
шемен-Шерсің,
сен.

Сендей –
Жастай...
Дерт еміп –
Жапа-шеккен,
«Кім»
Бар-ды:
Туған Жерің –
Өртеніп,
Өскен Елің –
Уланды...

«Жыр-Сәлде» –
Орап...
Басыңа,
Ой –
Бағасың,
Ұдайын:
«Пайғамбардың –
Жасына»,
Келіп –
Қалған,
«Сыңайың».

Бейне
Жанды –
Құлып-Тас,
Ғадауатқа –
Салауат:
Әнет-Бабамен – рухтас,
Ақтамберді жыраумен –
Жамағат...

Көзің –
Жұмылмай...
Суынбас,
Жүрегіндегі –
От-Тасқын:

Ұлы Абаймен –
Рулас,
Момышұлымен –
Атгассың...

Ар-Иманың –
Қорғаны,
Түп-Тамырың –
Тереңде:
Тәуелсіздік –
Алғалы,
Талант-Тейің –
Тәуенде.

«Бекерге –
Шыққан,
Бекердей»,
Тағдыры –
Тәрк...
«Тұл-Кедей»:
Иран-Ғайып –
Көкеңдей,
«Ішіп»
Кетіп...
Жүрмегей.

Табар,
Жеткен –
«Инсанға»,
Күллі Әлеммен –
Жарасым:
Түсіп –
«Тылсым-Құрсанға»,
Жырмен –
Жаз,
Жан –
Жарасын.

...Уай,
Қанымның –
Тасқаны-ай,
«Айта»
Бермей,
Тоқтайын:
Шайырлықтан –
Басқалай,
Өмір-Жолың –
Жоқтайын...

Иран-Ғайып,
ақын,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Бауыржанға!

Көрдім талай іріні,
Бауыржаным тұр дара.
Қасымдағы бір іні,
Соңымдағы бір қара.

Көңілдегі елесті,
Көрсетеді жыр-айна.
Бұлың-бұлың көмескі,
Құлын күнің жүр ойда.

Жолығатын жамырап,
Қозыдайын көбеген.
Аузын ашса, маңырап,
Төгілетін көп өлең.

Жазатын ол жыр түмен,
Деп ауылда қалды үйім.
Әжесінің құрты мен
Сағынатын әлдиін.

Жүрегінде сөндірмей
Жүрген отын даланың.
Сағынушы ем мен бірге
Әжесін сол баланың.

Зуылдама, Зырлама
Десең, уақыт тоқтар ма?
Өлең құмар бір бала
Кіріп кетті көкпарға.

Жолықты ма олжаға,
Өмірменен беттесіп.
Уылжыған сол бала,
Ақын болып кетті өсіп.

Мен дегенде қоңынан
Беруші еді ет кесіп.
Ақын бала соңынан
Ғалым болып кетті өсіп.

Сіңіп кетті ол сағымға
Жүйрік аттай жыл шығып.
Арқасынан қағуға
Жүрем енді қымсынып.

Жүрсін Ерман

ІРІ

(Ақын Бауыржан Жақыпқа)

Жырында Жидебайдың шұрайы бар
ақынды өзгелерден кім айыраp?
Бауыржан Өміржан ол.
Алатұғын
Абайдың бұлағынан ұдайы нәр.

Ол бұлақ – аты мәлім Қасқабұлақ,
Ойнаған өзіне шақ аспанын ап.
Сол жерде гүлдеді жыр.
Секілденіп
әлемде ең керемет Аспалы бақ.

Елінің жиып алып сөз ұғарын,
Есейткен талай-талай кезі мәлім.
Демінен дегдарлардың демеу алған,
Өзі – ақын,
Өзі – ойгер,
Өзі – ғалым.

Бәйгеде әкелетін ғажап атақ,
Қосқаны жай ат емес, қазанат ат.
Жұғымды жүз сөзінді тастары бар,
Ұғымды бір сөзімен таза матап.

Шыныққан күннен-күнге шеберлігі,
Шайырдың шыға шапқан көп ерлігі.
Шапшыған шың иіліп,
Ол келгенде
апсыған көрдік талай көлемдіні.

Қомына қара нардай дәу тең батып,
қомданса кететіндей тау толғатып.
Батырдың Бауыржаны – Баукең Момыш,
Ақынның Бауыржаны – Баукең Жақып.

Аман боп алағайдан, бұлағайдан,
Әлі де мәуелейді құламай дән;
Ныспысын Бауыржаннан,
Өлеңдегі
күшті ісін алған ақын ұлы Абайдан.

Абзал Бөкен

Менің Баукенім

Шағыңнан білуші едім бозбалалық –
Жырларың жан дүниемді қозғады анық.
Қызуың толы еді ғой жүрегінде,
Қызығың көп еді ғой сөз боларлық.

Міні жоқ дей алмадым мінезіңнің,
Атақты ақын болдың, міне, бүгін.
Қызығың құзырыңа бұрылса да,
Қызуы басылған жоқ жүрегіңнің.

Сен, Баукен, өлең жаздың оттан өріп,
Тұрмадың асуларда көп бөгеліп.
Антың бар елге берген, жерге берген,
Даңқың бар кейбіреулер сескенерлік.

Өмірді өле сүйіп, өпкенсің сен,
Сондықтан көктем сайын көктерсің сен.
Сияқты Қызыл қайың – сағынышың,
Сыңсыған нулы әлемде өскенсің сен!

Сен өзің – өр еменсің, біліп қойғын,
Күмәні жоламасын күдікті ойдың.
Басыңды кейде тұман тұмшаласа,
Сілкініп, самалыңмен түріп қойғын!
Сыр бермес сыпырса да жон терісін,
Ел мен жер баласысың, еркесісің.
Болса да біреулерге оң, терісің,
Сен менің мәңгі өзгермес Баукенімсің!

Әбубәкір Қайран

Жыр – шашу
(Б. Жақып ақынға)

«Орынбордың – інісі,
Алматының – ағасы.
Сен де астана бірісің,
Қызылорда қаласы!».

Деп қосып ең жырыңа
«Сыр – Алаштың Анасын».
Құшағына сыйғызған,
Күллі қазақ баласын.

Көк Туымды көтердім,
Өлеңімнен от өрдім.
Сұлу сырдың сәлемін
Бүгін саған әкелдім!

Сен – өлеңнің серкесі,
Мен – өлеңнің еркесі.
Басымызды қосып тұр
Алатаудың өр төсі.

Сырдың тігіп қосын нық,
Той-дүбірге қосылдық.
Жасап тарту-таралғы,
Сый ұсындық тосын ғып.

Қаламы жоқ – ақын ба?
Қаруы жоқ – батыр ма?
«Алтын қалам» сыйлайын,
Кел, бауырым, жақында!

Жырға бөгіп жатасың,
Сырға бөгіп жатасың.
Жырдариясы – Әбділдә
Саған берген батасын.

Ғылым жолы – бір бөлек,
Өнер жолы – мүлде ерек.
Сенің туған күніңде
Іңгәләсін жыр-бөбек.

Ғалымдығың – бір бөлек,
Ақындығың – мүлде ерек.
Оны әспеттеп айтуға
Талмайтын жақ, тіл керек.

Құтты болсын, алпысың,
Алпыс деген тал-түсің!
Жырла, бауырым, дәл бүгін
Шайырға жұрт балқысын,
Шабыт көкке шалқысын!

Қагира Жәленова,
*ақын, халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты.
11 желтоқсан 2023 жыл*

Біздің Бауыржан

Уақытты ұршықтай иірген,
«Құрылтайдың» құлағында ойнаған.
Қара өлең құйылған диірмен,
Алпыс жасын ауыл-қала тойлаған –
Біздің Бауыржан!

Шайырлар шоғырында салмақтысы,
Журналистік шеберхана ұстасы.
Ақындардың арасында ардақтысы,
Азамат-Ердің нағыз нұсқасы –
Біздің Бауыржан!

Бармақтай-ақ кезінде барған да
Бауыржандай батырдан бата алған.
Құрық салып маздаған арманға,
(Махаббаттан),
«Махаббаттан»,
Махаббаттан мәңгілік от алған –
Біздің Бауыржан!

Әділғазы Қайырбек

Жыр майданның «Баукесі» (Дарабоз ақын Бауыржан Жақыпқа)

Көрмейміз бір тұрсақ та қалада әсем,
Әй, Бауке, жүрсің бе сен, аман-есен?
Бүгінгі жамырасқан жыр-бәйгеде
Кім таласар өзінді «Дара» десем.

Қаншалықты білмеймін сыйым, бағам,
Алпыс бесім кеп қалды биыл маған.
Сені алғаш көргенде «су жаңа едің»,
Жігіттікпен енді асқан жиырмадан.

«Сымбат та бар, бой да бар, арқалы ақын»,
Деп Есенқұл жиі айтып тамсанатын.
Есте бір күн бас қосып үшеуіміз
Ақтардық іштен сырдың қаншамасын.

Қайран, Есен! Ойлайық Жұмақта деп,
Жыр оқысып, сол күні «суаттап» ек.
Сен жас едің жүзіңе жүз қыз ғашық,
Кірбің де жоқ қабақта, сызат та жоқ.

Жас едің-ау, енді асқан жиырмадан,
Уақытты-ай, зымыран күйындаған.
Бүгін менің жүзімнен шимайды оқы,
Қолтаңбасы жылдардың шиырлаған.

Заман жаңа, бұл күнде өмір жаңа,
Қоғам толы ақынға, тобырға да.
Нәрсіз жырды әу бастан жақтырмайтын
Жыр-майданның «Баукесі» өзің ғана!

Шаяхмет Алжанбай

Ардақты Бауыржан!

Бір сайдың, шағын ауыл, тумасы едік,
Тай мініп, асық ойнап, шуласа өстік.
Кешегі социалистік қоғамда сол
Мектепте шәкірт дәурен жолдан өттік.

Уақыттың әрбір беті парақталып,
Сен кеттің Алатауға қанат қағып.
Ауылды сағынғанда білем, інім,
Жыр жаздың жүрегіңнен ән ақтарып.

Бұл өлке дірілдеді бір күндері,
Санаңда Дегелеңнің дүрсілдері.
Күйылды ақ қағазға күйініш боп,
Сол таудың күлге айналған құр сүлдері.

Адамға ұлы мұрат – білім білмек,
Бар байлығың – бұл күнде шәкірттің көп.
Алаштың азаматы ақберенім,
Тілеймін ұзақ ғұмыр өзіңе тек!

Атақ пен марапаттан кенде емессің,
Ондайға әуес болған пенде емессің.
Халықтың ұлы болу – үлкен бақыт,
Төріне қадам бастың сол белестің!

Өлеңнің туып жатса жаңа бірі,
Абайдың көкейінде даналығы.
«Мұхтардың көсемсөзі» деген еңбек,
Ғылымға сенің қосқан жаңалығың.

Надандар білім іздеп не қылады,
Ол білім іздегенге жолығады.
Энциклопедия – білімнің көмбесі ғой,
Сол көмбе айлап, жылдап толығады.

Естіліп Тәттімбеттің шертпе күйі,
Шаһкәрім бетке алғандай ақбоз үйді.
Әлдилеп ән әуені Әміренің
Түсінде мазалайды-ау жиі сені.

Іске ассын армандарың адамзаттық,
Емес бұл жалған мақтау, жарамсақтық.
Қазыбек би бабамыздай қажырлы бол
Аз сөзбен ақ тілектен тұмар тақтық!

Әбіл Қасымов.

Таңат

ауылы,

04.06.2013 ж.

Бауыржанға!

Сен, әрине өмірге бертін келдің,
Әкелердей фашисті өлтірмедің.
Шыңғыстаудан тарихи шындық біліп,
Дегеленде замана дертін көрдің.

Абай ойлы өлеңнің Тәңірі еді,
Әуезовтің жебеуі кәміл еді.
Әжең күймен тербетіп бесігіңді,
Әлдилеген әнімен Әміренің.

Сен содан Муза сырын шын ұққансың,
Ақиқат ауылында шыныққансың.
Жырменен жүрегіңді жылытқансың,
Ғылыммен ақылыңды тұнытқансың.
Жұлдызың көкте жанып, шуақ шашып,
Мәңгілік сол биікте тұрып қалсын.
Ал сен қазір бар-жоғы қырықтасың!

Сағатбек Медеубек

28 сәуір 2003 ж.

Босфордағы жыр кеші *Ақын Бауыржан Жақыпқа*

Асау Босфор.
Сол Ыстамбұл іргесі,
Кеме үсті. Қызып жатыр жыр кеші.
Белгілі ғой,
Шайырларға мұндайда,
Патшаңның да еш әмірі жүрмесі.

Олар небір жырдан бұлақ ағытты,
Теңіз шайқап,
Тау сапырып, шаңытты.
Кезек-кезек жанған оттай лапылдап,
Кезек-кезек қамшылады шабытты.

Осылайша кезегімен сап құрап,
Жанарынан жанартаулар атқылап.
Жыр оқыды шайырлар мен озандар,
Кәне, ендеше, қол соғайық қаттырақ!

Біреуі тұр көңілімен көк тіреп,
Біреуінде елжірейді ет жүрек.
Біреуінің өлеңінде отты леп,
Шоң шайырлар неше түрлі мақамда,
Жыр оқыды полубаны тепкіліп.

Еркіндік қой ақындарды өр еткен,
Патшаң түгіл, пайғамбарға тең еткен.
Мынау мұқым он сегіз мың ғаламда,
Өмір ойнап шыға келді кенеттен.

Осы кезде...

Үкілеген мұратын,
Жындысүрей желдей ескен, сұрапыл.
Дүркіретіп, күркіретіп ортада,
Жыр оқыды тілкім қабақ бір ақын.

Басталғандай болды ақын дәуірі,
Тас жарғандай болды оның арыны.
Сарқырады Сарыарқаның сарыны;
Жарқырады Шыңғыстаудың жалыны.
Жырларынан арғымақтар кісінеп,
Арқырады кара өлеңнің дауылы.

Ол осылай жыр маржанын ағытты,
Ол осылай құлшындырды шабытты.
Түмен-түмен түріктерге, осылай

Өлең-сөзде кім мықтыны танытты.

Сұра енді, кім еді деп ол ақын?
Көкпар жырда еңкіп-еңкіп алатын.
Аламанда еңіретіп шабатын,
Алты Алаштың арда туған ақыны,
Ол – Бауыржан ибн Жақып болатын.
Қол соғыңдар оған да!

Болат Шарахымбай

Бауыржан Жақыпқа

Сұңқарсың қияға жемтігін бүре қонатын,
Тұлпарсың озып келетін кермеден атың.
Біз түгіл, тіпті, өзінді о дүниедегі
Мойындаған шығар қайынатаң Төлеген ақын.

Бауыржан Жақып есімің құрметті елге,
Жырың да жатқа оқылар дүрмекті жерде.
Тіл менен ділдің тынысын кең ашамын деп,
Қасқая қарсы тұрасың күрмеп келгенге.

Қалың ел қазақ шамшырақ таң көрді Абайды,
(Семейдің өткен шағынан қан сорғалайды...)
Ұлылар туған топырақта сен де туғансың,
Қара өлең саған әкендей қамқор қарайды.

Өйткені өзің адалсың аппақ арыңдай,
Киесін жырдың аялап сақтағаныңдай.
Бар қылсам дейсің күні-түн қамын жеп, жұртты,
Уайымнан солып, келе жатқан жоқтан арылмай.

Теңізден толқып төгілген толағай сыр боп,
Сүйетін сені адамдар, Ағажан, шын көп.
Тілеймін мен де әрдайым бағың жансын деп,
Еліңе берген есебің бағалансын деп!

Үміт Битенова,
Тараз қаласы,
11.XII.2023 ж.

Іні тілегі

Қанатың талса, топшыңды тіреуге ес тұғырың,
Сайысқа түссең, білекті білеуге ес білімің.
«Тілегі барлық інінің» деп қабыл алғын
Інінің туған күніне тілеулестілігін.

* * *

Ащысына да өмірдің қатеден қанып,
Арманың асқақ арқырап әкелген шабыт.
Өтіпті аға, еңбекпен ширек ғұмырың
Жабырқау жырдың жарасын дәкемен таңып.

* * *

Тынымсыз тірлік, болса да бойдан бақ таңсық,
Жатыр ғой жымсып кейбіреу ойлап жатқансып.
Сен болсаң аға, сеңгірсің селебе тілді
Отыздың бұзған ордасын ойрандап жаншып.

* * *

Есім ғып тандың ұрпақтың батыр атасын,
Сабырлы болсаң сақа боп асық атасың.
Аман бол аға, алдымда асқар тау болып,
Қырықтың ертең қамалын қақыратасың.

* * *

Көгінде самға жырыңның сұңқар боп шалқып,
Қалмасын бақыт жұлдызың бір шар боп артық.
Ер салмай қойма ініңнің мәстек жырына
Жүрмесін ертең өзінді тұлпар боп тарпып.

Серікзат Дүйсенғазин

27.04.1992 ж.

Б.Жақыпқа

Бауыржан аға!
Бауырға баспай, бауыр бола ма?
Қасыңнан сенің табылсам деуші ем,
Жармасқан сәтте жауың жағаңа.

Бауыржан аға!
Сені іздеп келгем ауылдан ана...
Қобыз боп кеудем, құлазып күйі,
Ем іздеп келгем ауыр жарама.

Бауыржан аға!
Сағынған жанда сабыр қала ма?
Тулаған асау толқын-жүректі
Соғады келіп дауыл жағаға.

Бауыржан аға!
Сен өскен сонау сәуір далада,
Таудай тұлғалы Бабалар жатыр,
Күрсініп іштей қабір-молада.

Бауыржан аға!
Өтсе де талай дәуір-замана,
Қамалдай болып қасқайып тұрған
Қасиет бар-ау тауымда дара.

Бауыржан аға!
Жүрерміз қанша «тәуір» қалада.
Арқатқа барып қайтсақ қой, шіркін!
Ақжарқын көңіл ауылда ғана.
Бауыржан аға...

Қалқаман Сарин

Қ ұ т т ы қ т а й м ы з !

ҚазМУУ-дың кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Бауыржан Өміржанұлы Жақыпты Қазақстанның мемлекеттік «Дарын» сыйлығын алуына орай шын жүректен құттықтаймыз!

Шыққан едің ауылдан,
Шын дарынды қауымнан.
Абай-абыз батасы,
Қолдай берсін, Бауыржан.
Махаббатты қосқансың,
Жастық деген төсте аршын.
Қос аққудай көңілде,
Тікке самғар достарсың.
Есігі ашық қыс-жазы,
Журналистер ұстазы.
Кеңіте бер іштарды,
Іштілердің ішпазы!
Үлкен, кем де сәл жасы,
Келсе... бәрін қолдаушы.
Сол шуақты таратқан,
Қолдан берген Елбасы!
Сен – ақынсың, жалынсың,
Басқа айтса нан ұрсын.
Сөзін айтқан Алланың,
Дәуірдегі Дарынсың!
Дарын айтар билігін,
Егемен ел – милы ұғым.
Сүтті таңға жол ашқан,
Құтты болсын сыйлығың!

Құрметпен достарың: Аязби, Қайрат, Төрехан

Бауыржан Жақыпқа

Кеңсің, Аға, жүз дария ағып жатқан даламдай,
Бір жылылық сездім Сізден сәуірде ескен самалдай.
Шыңдар сынды биіктігің жоғалтпаған тұлғана,
Алатауға қарағандай қарап қалдым көз алмай.

Жүрегіңнен ағып жатқан дария жырдың тұнығын,
Аңсап келді сыртта сусап қалған бір інің.
Көкірегіңнен жүйткіп аққан толқын-толқын шумақтар,
Көз алдыма келтіреді жүз тұлпардың дүбірін.

Теңіздейін тереңіне бір құпия сыр сақтар,
Ақын жанын ұғу қиын жұмбағы мол мың қатпар.

Теңіз кеудең толқын атып тебіренуден тынбасын,
Көкірегінді тәрк етпесін толқын-толқын шумақтар.

Теңіз суы белгілі ғой тәннің кірін жуады,
Ақын жыры – Хақтың нұры – іштің кірін қуады.
Бірі тәнді, бірі жанды тазартуға жаралған,
Нағыз ақын теңіздермен егіз болып туады.

Кеудесінен жыр бұлағы атқылаған Тау-Аға,
Таулар ғана таратады жанға дауа таза ауа.
Биіктікпен,
Тереңдікпен,
Тазалықпен,
Пәктікпен.
Мынау жалған дүниені дімкәстіктен дауала!

Мақсат Әлсейітов

Тұрады жырың уақыттың алтын қолында *(Бауыржан Жақыпқа)*

Асыл ойлардың жарып бір шыққан өзегін,
Жырыңнан сенің жусанның исін сеземін.
Даланы сезем қанатын құстың талдырған,
Сеземін тағы таулардың тентек өзенін.

Күн көзін сезем қабағын тұрған бір шытпай,
Мөлдірлік сезем шалғынға қонған мың шықтай.
Өмірді сезем, Әжемнің саусақтарымен
Зуылдап, зырлап айналып баратқан ұршықтай.

Жазира өлкемнің сеземін жасыл желегін,
Қайыңды сезем, қыздарды сезем көк өрім.
Сеземін тағы тұлпардың болат тұяғын,
Батырдың сезем майданға тұтқан беренін.

Сағым боп аққан жез бауыр сол бір киікті,
Сеземін, Аға, жырыңнан сенің сүйікті.
Шүңет ойымен шұғыла шашқан ақынды,
Жаратқан Тәңірім Алатаудан да биік қып.

Жанарын қадап арайлап әрбір таңға атқан,
Оятар дүниені бұлбұл-жыр сайрап әр бақтан.
Тұрады жырың уақыттың алтын қолында,
Тұрады жырың, алаудай болып сен жаққан.

Мұрат Шаймаран

Ақ жүрек ақын

Ағасың! Барлық адам ұнататын, Ағасың!
Жабыққанды жұбататын.
«Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз»,
Ел ағасын уақыт бар сынататын.
Өмірдің сан тарауын саралаған,
Тарихтың тін-қатпарын аралаған.
Әдебиетте Абай, Мұхтар биігі бар,
Ақиқат жол шығады сол арадан.
Абай, Мұхтар, Шәкәрім шыңы биік,
Көңіліңе тосқандай сырын үйіп.
Бауыржан-жыр! Абай-жырдың жалғасындай,
Өлеңде дүлдүл болды жаны сүйіп.
Жетелейді ол өреліні жетегіне,
Жақсы адамдар жақсылық етеді де.
Жүзіне – нұр, көңіліне дария толып,
Қарайды Шыңғыстаудың етегіне.
Биіктігі сүйсінтер шынардайын,
Көп ішінде дараланып тұрар дәйім.
Абай, Мұхтар, Шәкәрім жалғасындай,
Ақ жүректі ақынға жыр арнаймын.

Маржан Ершуова

3.12.2023

Бауыржан Жақыпқа!

Алпысқа толса бүгін жасы құтты,
Жүрегі, пейілі кең, басы мықты.
Шалғайдан қиқу салып құттықтаймыз,
Ұстазымыз Бауыржан Жақыповты!

Жеткізді жігер, қайрат, ақыл ыстық,
Кеудесі мол қазына, жады күшті.
Сабырлы, салқынқанды, жылы жүрек,
Ғұмыры жасалмаған асығыстық.

Қолыма сөз сөйлеймін Құран алып,
Бар дүние тыңдап-ақ тұр тыма қалып.
Қаламға тәуелдінің бақыты бұл,
Баукеңдей тап келтірсе ғұламаны.

Шәкіртін кім тауысар санамалай,
Өсірді баршамызды алаламай.
Алты ондық биігінде тізгін тартса,
Орынын тұра алмадық дараламай.

Аялар шәкірттерін сезім күші,
Дихандай жылда оратын егін пісіп.
Амандосов көкемнің аманаты,
Темірдей Темкеңнің де сенімдісі.

Алты Алаш ардақтаған аты мәлім,
Айтылып оның бүгін жатыр бәрі.
Алақ-жұлақ келгенде, қойнын ашқан,
Алланың сыйы өзің, ақын,ғалым.

Шыңдағы некен-саяқ дара қайың,
Көлеңке тұтқан қазақ – бар ағайын.
Ешкімді шетке итеріп шығармаса,
Ұлылар деген рас, қарапайым.

Санана ілсе ұстаз ақыл-тұмар,
Байламы бақытыңның басын бұрар.
Алпысында абыздық біткен сирек,
Жетпісте, сексен жаста шәкірті бар.

Жыр болып келсе жиі күй толғағы,
Жұртына – жүректегі, сый қолдағы.
Бұл Баукең ұлы Мұхтар басқан ізі,
Жалғасы өз ұстазы Зейнолланың.

Көңіл жоқ ол дегенде ала, күмән,
Өйткені одан қонды талап, ұнам.
Шәкірті қанша бүгін шың басында,
Өсірген өзі баптап бала қыран.

Дос түгіл жасамаған жатқа жаттық,
Біз үшін періштедей ақ қанатты.
Елінен, ұрпағынан құрмет көріп,
Самалмен желпи түссін Махаббаты.

Таппасақ қияс кетіп тосын бағыт,
Жалықпай деді өзі: осында құт.
Ақ Бауке жетпісте де жігер таныт,
Қалғымай қара өлеңнің отын жағып.

Әлі де арман қанша сарқылмаған,
Тақым қыс жүйрігіңе алтындаған.
Әумин,ұзағынан сүйіндірсін,
Алпыста беріп жатқан халқың баға!

Танатар Дәрелов,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы

Шыңғыстаудың Құлжасы

(Б.Жақыпқа)

Қожыр-қожыр таулардан қошқар мініп келгем жоқ,
Адыр-адыр таулардан айғыр мініп келгем жоқ.
Жақсы ағаға жарымай жүргенімде жапанда,
Қиядағы құлжадай сен жолықтың – ол мен деп.

Үйеңкінің түбінен үйірдім көп қобыз мұң,
Сүрлеуінде сарсылдым жөн-жобасы жоқ іздің.
Күңіреніп, күркіреп жыр оқыдың сонда сен,
Озал шерлі ойға сап озандарын оғыздың.

Күмбір-күмбір күмбезден күңіренген дауыстай,
Күрпілтете күй сауған шерлі саусақ – қағыстай.
Өлеңінде өрлік бар асқар таудан құлаған,
Асау өзен секілді арқыраған ағыстай.

Қыпшақ ару қынай бел қиылып бір тұрғандай,
Өлеңіне елітіп ғалам іштен тынғандай.
Ару ана саулы інген сағынышын боздатып,
Озар сойлы дүниеге қайрылып мойнын бұрғандай.

Асқақтайды жырақтан қарт Шыңғыстың сұлбасы,
Келді алпысқа бүгінде Шыңғыстаудың Құлжасы.
Қасқа бұлақ суындай мөлдіреген өлеңі,
Сөзі оның сүредей сап алтынның тұнбасы.

Жыр қағаны – Жұматай, жыр саиды – Бауыржан,
Жазылмастай мәңгілік өлең сөзбен «ауырған».
Қарт Семейде таулар көп, тауға айналды Баукең де,
Бала ақын боп аттанып сонау қиыр ауылдан.

Құрманғазы Жұмағұл

Жаның жайсаң қашанда

Самғай беріп заңғарларға қыраным,
Басып өткен қалды артында қырларың.
Қабақ түйсең шым тереңге бойладың,
Қалам алсаң буырқанды жырларың.

Жайсаң мінез, дарқан көңіл сендегі,
Ізгілікті ерте жаның теңдеді.

Ағалаған, жағалаған сан шәкірт,
Бағы жанды, кімі өнерден кенде еді?!

Үнің – самал, Алатаудан есілген,
Дарыныңа дари берді несібең.
Жат пиғылға жарқылдаса жасының,
Есін жияр есалаңдап есірген.

Жалғандықты түйреп өтер ұсқыны,
Ағыл-тегіл отты жырың ұшқыны!
Сендік аршыл, сетер сезім безінер,
Қасаң тобыр келтіргенде құсқыны!

Әсемдіктен мәрмәрінді тағындың,
Ұлы Абайды, Шыңғыстауды сағындың.
Рухани байлығыма жаршы боп,
Халық деген мейірімге малындың.

Төлегенге қызын алған баласың,
Жаттап өскен жырларының сарасын.
Оған ұқсап бұлтты тіліп барасың,
Тасты жарған тілің отты, дарасық!

Өзің тектес құрбылардан биіксің,
Өз басыңды ұлылыққа иіпсің.
Азаматтық арман толы асқарың,
Мендей мөмін достарды да сүйіпсің!

Алып ой мен уәделерге беріксің,
Ар уызға жалын жырды теліпсің.
Құтты болсын томдарыңды таратар,
Алпыс деген талтүсіңе келіпсің!

Болат Құрманғажыұлы

Бауыржан ағаға

Қараөлеңге ғашық боп қарындасың,
Аға, сені іздеймін сағынғасын.
Аспантаудың сәлемін алып-ұшып,
Келді ауылыңа ақ тамақ қарлығашың.

Жанарларын тұңғиық жасқа бұлап,
Жатыр ма екен еркелеп тастан құлап.
Мені алыстан мөлдіреп шақырды, аға,
Сіз жырлаған әйгілі Қасқабұлақ.

Қарсы алатын жанымен күліп алдан,
Кімде осындай бар екен тұнық арман?
Сізде арман жоқ, ағажан, поэзияда
Тұманбай мен Қадырға іні болған.

Алданбаған дүниеге аңғал басы,
Бізде әдемі достық бар таң қалмасын.
Мақатаев тұтатса мендегі отты,
Сіз Абайдың жалғасы, армандасы.

Өлең деген тұңғыық иірімде,
Бақытыңның бөлек қой күйі мүлде.
Ақын үшін өмірде ұлы асу бар –
Абай туған мекеннің биігінде.

Мақпал Мыса

Қасқа бұлақ жағасы

Ғажайыптар аз ба сізде жан аға?
Жырларыңыз сәуле құяр санаға.
Даңқы асқан Бауыржанның соңынан,
Сіз келдіңіз жылдар салып араға.

Сіз келдіңіз, әр сөзіңіз өктем боп,
Жаны жайсаң, жақсыларға көктем боп.
Айбарлы бол деген шығар үлкендер,
Ырымдары бекер босқа кеткен жоқ.

Жидебайда ат сауырын терлеткен,
«Қасқа бұлақ» жағасында ержеткен.
Сізді анаңыз қара ұршығын иіріп,
Қара өлеңді тал бесікте тербеткен.

«Бауырым!»деп, «Құлыным!» деп елжіреп,
«Өмірге бір жаңа талант келді!» деп.
Қанша жасқа қамқор бола білдіңіз,
Пейілменен жомарт мінез, кең жүрек.

Тазалықпен талайлардан үстемсіз,
Семей дейтін ғаламшардан түскенсіз.
Ұлы ақынның жүрегінен жаралған,
Махаббатқа шәй құйғызып ішкенсіз!

Кейінгілер сіздей бола ала ма?
Жемісі мол күздей бола ала ма?
Тал түсіңіз елу жылға созылып,
Аман-есен жүріңізші, жан аға!

Мағиза Құнапияқызы

Іңкәр шақ

Ақын Бауыржан Жақыпқа

Сол күндерді есіме алсам жадырайды жаным әлі,
Тамылжыған тамыз айы, туған мекен – Абыралы.
«Алматыдан ақын ағаң келіпті» деп қуанысып,
Әп-сәтте бір әбігерге түсе қалар бәрі-дағы.

Аталатын аты жиі, қай жақта екен, ол немене,
Көз алдыма бір ғаламшар елес берер дөңгелене.
Алматыдан келді дейді, алыста екен біздің жақтан,
Ғаламат бір ғарыш сынды ұқсатамын әлденеге.

Алматыдан келген ақын, бөлеп ғажап жанды күйге,
Сол боп менің іңкәр сәтім, сол боп керім бар дүние.
Сағындым деп Аққорамды, сағындым деп барлығыңды,
Амандасып қарттарменен, енетұғын әрбір үйге.

Әңгімеге баппен шерткен түріп қойып құлағымды,
Қойғым келіп ішімдегі аунақшыған сұрағымды.
Алматыдан келген ақын, ұзақ жолды артқа тастап,
Неменеге сағынады кіп-кішкентай бұл ауылды?!

Сол ақынды ойлауменен ататұғын нұрлы таңым,
Жылды өткеріп, айды аунатып, тәуліктерді сырғытамын.
Келген сайын ауылымызға әкелетін бірге өзімен,
Табыстайтын әкеме де әр алуан жыр кітабын.

Сол кітаптың парағында Төлеужанның тұлғасы бар,
Атамыздың арбасы бар арманымдай қырға асығар.
Іргедегі Қаражалдың қарауытқан бейнесі бар,
Рауандап таң атқанда иығынан күнді асырар.

Сол кітапта әжеміз бар сөйлеп өткен мейіріммен,
Еске түсер ұршығы да қолындағы жиі иірген.
Сол кітапта кәрлен кесе, жер үстелдер дөңгеленген,
Иінағаш күні бойы түспейтұғын иінімнен.

«Айдындағы аспанды» оқып көңілімде көл дірілдеп,
«Қызыл қайың» жүрегімнің түкпірінде қалды бүрлеп.
Қасқабұлақ тұмасынан ақын жазған қанып ішіп,
Маңдайға алдым жыр әлемін, «Қолтаңбамды» қалдырғым кеп.

Талай жасқа аға болып зердесінде қалдырған із,
Жүрегінен шалқып жатқан мейірімді көрдім нағыз.
Көп ішінен дара танып, өзіне де бағыт берген,
Бауыржандай ақын бүгін біздің де бір Әбділдамыз.

Білте шамның жарығымен түзіп алған әлеміндей,
Сол алауды мен де солай шабытыммен келем үрлей.
Заулай берсін жыр тұлпарың ғасырларды арқа тастап,
Уақыттың ұршығындай иірілген өлеңіңдей.

Олжас Қасым

Бәуке!

Шашағың байлап шабыттың шапағына да,
Тізгінді тартпа, кеудемді дүбірлет те, Өлең.
Жүрегімменен есітіп жатамын, Аға,
Заманның заңғар заңынан үніңді еппенен.

Арқырап тұрған арманың асқардай бүгін,
Тауаны қайтпас айналдым алтын атты ұлдан.
Жырыңда, Бәуке, бір тылсым

шашқандай нұрын,
Абайдан қалған асыл тас жарқырап тұрған.

Сындарлы сөздің, ер Бәуке, санын ұққансың,
Дарының бар-ау далама қамшы ойнатпаған.
Жырыңды тыңдап, нұрына малынып жатсын,
Ақ ордасына ОТЫЗДЫҢ хан сайлап далам.

Алтынбек Құрманбайбаласы

Жасына кел, Жамбылдың

Бауыржан Жақып! Бауыржан Жақып!
Энциклопедиялық тұлғалым.
Бауыржан Жақып! Бауыржан Жақып!
Самғап ұшқан қыраным.

Қазақтың жинап ғылымын,
Елге еңбек сіңірдің.
Тағдырдан сұрап тілеймін,
Болсыншы ұзақ ғұмырың.

Жарқылда Бауке, Жарқылда!
Айнымай осы қалпыңда.
Мектебің мақтан тұтады,
Бітірген ұлын «Алтынға».

Құлпырып жайнап өсе бер,
Жылдардан жылға көше бер.
Елу жас жарты-ақ ғұмыр ғой,
Жамбылдың жасын берсе егер.

Байбұлан Тілеубай,
Архат ауылы,
Абай ауданы.
С.Бекбосынов атындағы
орта мектептің директоры

Ақын інім Бауыржан 50 жаста

Ақын болдың жасыңнан Бауыржаным,
Ақ сүтімен анаңның қонып дарын.
Шабыт тербеп бойыңды ақ қағазға
Жазылды талай өлең атып жалын.
Құтты болсын 50 жас жарты ғасыр,
Келіпсің оған, міне інім асыл.
Толды деп Бауыржаным 50 жасқа
Семей, Архат, Қарауыл тойлап жатыр.
Ауылында Архаттың алты батыр,
Білім алдың бала боп салдың асыр.
Қанат қақтың қырандай самғай ұшып,
Тау-тасында шыңдалып толып ақыл.
Атандың академик шетке шығып,
Оқып, біліп үйреніп көріп қызық.
Жеттің оған өзіңнің талабыңмен
Ешқашан жалқаулыққа бермей ырық.
Ақынсың абыройлы бақыт қонған,
Көрсеткен істеріңді елден озған.
Сақта деп тіл мен көзден отырамыз,
Көргенде біз өзіңді экраннан.
Бір оқып, бірге жүрдің інімменен,
Қашанда достықтарың жатты терең.
Көргенде мен өзіңді көргендеймін
Кешегі Бейбітімді бірге жүрген.
Жеміс беріп жұмысың редакторлық,
Көрініп жүр биіктен мықты болып.
Саулық беріп бір Құдай отбасыңа,
Тек қана жақсылықта тағы жолық.
Жасай бер Құдай берген жасты жасап,
Ортаңнан абыроймен алып атақ.
Атың шығып Баукеңдей Момышұлы,
Көтерсін төбесіне барлық қазақ.

Серік Күмісханов,

Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Архат ауылы,

Абай ауданы, ШҚО

02.06.2013 ж.

Тілек

Бауыржан – перзентісің Абыралының,
Жырлаған жан-жарасын жапырағының.
Ақындық махаббатпен жырға қостың,
Жан даусын туған өлке, атырабының.

Уақыт ұршығымен қоса иіріліп,
«Қолтаңба», «Алашаны» көзге тұнады кеп.
Балалық балдәуренді еске салып,
Жағылдың ақ әженің шырағы боп.

Аңсаттың қазандағы қара құртты,
Мәңгілік қайта оралмас сағынышты.
Қайырлы, құтты болсын елу жасың,
Тілегім жүрегімнен жарып ұшты.

Нүргүл Уайданова,
Абыралы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Талантты тану

(ақын Бауыржан Жақыпқа)

Абыралы, Абайдың төл баласы төрдегі,
Алты Алашты мойындатқан алмас қылыш сөздері.
Бауыржандай ағамыз да елу жасқа келіпті,
Алдын бермес арғымақтай жарып өтіп көмбені.

Көмбе көп қой көз жетсе де, көңіл жете алмайтын,
Тұлпар да көп шаң боратып, шабысынан жазбайтын.
Баукен ағам жүрген кезде бар ініге үлгі боп,
Балақ жүнді балапандай қанатыңды қомдайсың.

Ол бар кезде оң мен солым бүтін болып сезілер,
Кең құшағым өлеңдегі керегедей керілер.
Ол бар кезде Шыңғыстау мен Тарбағатай, Алтайым,
Алатауға арқа сүйеп жатқандай боп көрінер.

Ол бар кезде ошағымның оты үзілмей лапылдар,
Жанарларда жарқ-жүрқ етіп жанып тұрар жасындар.
Бауыржандай ағам алда алшаң басып жүргенде,
Арттан еріп, жыр жазбауға менің қандай қақым бар.

Бауыржандай батыр атам алмас қылыш қолдағы,
Бауыржандай ақын ағам апшақ жолым алдағы.
Алты Алаштың кіндігінде ақын, батыр туатын,
Азаймасын ешқашанда аналардың толғағы!

Серік Ақанұлы,
Мерғали Ибраев атындағы «Ақсұңқар»
ақындар сыныбының оқушысы

III бөлім

Баспа ісі және БАҚ

Қоңыр Мухатаева,
эл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті,
Баспагерлік-редакторлық
және дизайнерлік өнер
кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Басылым мәдениетін қалыптастыру

Қазіргі қоғамдағы бұқаралық коммуникациялар жүйесін адам қызметінің түрлі салаларына қызмет ететін баспа және электронды басылымдарсыз елестету мүмкін емес.

Бүгінде еліміз баспасөз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басып отыр. Қазақ кітабы мен баспасөзі жаңа Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосып келеді. Бұл кезеңде көп жағдайда ауыртпалық күші тәуелсіз еліміздің баспасөзіне де оңай жол болмағанын көреміз. Қазақстан баспа саласы бұл кезеңнен де абыроймен өтіп, дамудың демократиялық жолын таңдады. Басылым, баспасөзді дамытуда төл заңдарымыз шығарылды. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының заңдары өз күшіне енді. «Авторлық құқық және сабақтас құқық туралы» заң ғылым, әдебиет және өнер шығармаларын әзірлеу мен пайдалануға байланысты интеллектуалдық меншік саласындағы құқықты реттесе, баспасөз өнімдерін шығару, тарату, сақтау тәртібін Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы реттеді және баспа басылымдарының міндетті данасын алушыларды анықтады. Осы БАҚ туралы заңының 16 бабына сәйкес мерзімді және жалғаспалы басылымдардың келіп түсіп отыратын «тегін міндетті даналарының» негізінде республика баспасөзіне шолу жасасақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының жыл сайын шығарып отыратын «Қазақстан Республикасының баспасөзі – 2022: статистикалық жинағының» мәліметі бойынша Кітап палатасына кітап өнімдерімен қатар баспа өнімдерінің басқа да түрлері келіп түскен: 328 атаулы журнал басылымдары (2399 нөмір), 577 атаулы газет басылымдары (29219 нөмір), 80 атаулы бейнелеу өнері басылымдары, 42 атаулы ноталық басылымдар, 44 атаулы картографиялық басылымдар мемлекеттік тіркеуден өткен. Газет пен журнал, яғни мерзімді басылымдардың атау саны – 905. Оның ішінде 328 журнал және жалғаспалы басылым, олар журнал, альманах, бюллетеньдер, библиографиялық көрсеткіштер және мерзімді шығарылып тұратын жинақтар. Журнал және жалғаспалы басылымдарды шығаратын алдыңғы бестікке жататын қалалар: Алматы қаласы, Астана, Қарағанды, Шымкент, Өскемен қалалары құраған.

Республикадан шығарылатын барлық газеттер атау саны – 577. Оның ішінде 6 халықаралық, 66 республикалық, 59 облыстық, әрі қарай аймақтық, қалалық, аудандық, тәуелсіз, жоғары оқу орындары газеттері, қоғамдық ұйымдар, ведомствалық, өндірістік болып жіктеледі. Газет басылымын шығаруда Алматы қаласы, Оңтүстік Қазақстан, Астана, Қарағанды, Шығыс Қазақстан алдыңғы бестікті құраған. Қазақша – 233, орыс тілінде – 236, сонымен бірге аралас тілдерде – ағылшынша, өзбекше, ұйғырша шығарылады.

Екінші бір баспа өнімдерін құрайтын – кітап басылымдары. Кітап басылымдарының да жылда шығарылып отырған статистикасына жүгінсек, жылдан-жылға артып келе жатқанын байқаймыз. Кітап басылымдары, жалпы баспа саласының тек бұрынғыдай екі-үш қалада ғана емес, республиканың барлық облыс орталықтарында, сонымен бірге көптеген аймақтық қалаларда да – Балхаш, Теміртау, Арқалық, Рудный, Түркістан т.б. қалаларда шығарылып жатқаны байқалады. Жалпы, жыл бойы республика баспа және баспа ісімен айналысатын мекемелерден 4044 кітап басылымы келіп тіркелген. Осы кітап басылымының Алматы және Алматы облысы, Астана және Ақмола облысы, Қарағанды және Қарағанды облысы құрап, алдыңғы үштікке шыққан.

Жалпы, статистикаға жүгінсек, республиканың батыс аймағында баспа саласының баяу

дамып келе жатқаны байқалады. Республикадан шығып жатқан осы басылымдарымызды реттейтін, шығарылым мәдениетін қалыптастыруда – ұлттық стандарттарымыздың іске қосылуы да үлкен жетістік болып отыр.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде республикада шығарылып отырған басылымдарды реттеп отыратын ГОСТ 7.4-95 халықаралық стандарты болып келді. Бірақ бұл стандарттың ескіруіне байланысты ТМД елдері әрқайсысы өз мемлекетінің басылымдарының шығарылымдарын реттейтін стандарттарын жаңадан дайындап, іске қосты. Мысалы, Ресейде ГОСТ Р 7.0.4- 2006 «Басылым. Шығарылым мәліметтері. Жалпы талабы мен рәсімдеу ережелері» стандарты 2006 жылдан қолданыста. Осыған орай бір айта кететін жетістік Қазақстан Республикасында да 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР СТ 2383-2013 «Басылым. Шығарылым мәліметтері. Жалпы талабы мен рәсімдеу ережелері» стандарты өз күшіне еніп, қолданысқа енді. Осы стандарт кітап басылымдарының барлық түрлері мен қайта басылымдарының, мерзімді және жалғаспалы басылымдардың, нота, парақтық, картография, газет, бейнелеу өнері және электронды басылымдардың, оның ішінде, аудиовизуалды өнімдер үшін шығу мәліметтерінің құрамын, орналасу тәртібі мен рәсімделуін реттейді. Стандарт баспа, баспа ісімен айналысатын мекемелерге, полиграфиялық және кітап саудасы кәсіпорындарына, киностудиялар мен медиа нарық субъектілеріне, дыбыстық жазба компанияларына және продюсерлік орталықтарға қолдануға арналған.

Екінші ҚР СТ 994-96 «Басылым. Кітаптарды халықаралық стандарттық нөмірлеу. Құрылымы, құрамы, жазылуы» стандарты қайта өңдеуден өтіп, ҚР СТ 994-2012 «Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Халықаралық стандартты кітап нөмірі (ISBN). Баспалық рәсімделуі және қолданылуы» деген атпен қайта қолданысқа енді. Бұл стандарт кітаптар мен кітапшаларды олардың қандай түрімен басылғанына, таралуына, данасына, көлеміне қарамай, кітаптарды халықаралық стандартты нөмірлеу (International Standart Numbering) негізінде тән ететін (идентификациялау) әдісін қамтиды және кітаптің халықаралық стандарттық нөмірінің құрылымын, құрамын, жазылуын, кітапта орналасар орнының белгілейді.

Бұл стандарттың талаптарын мекемелер бағынушылық пен меншік түрлеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы территориясындағы баспалар мен баспалық құқы бар ұйымдар міндетті түрде орындауға тиістілігі көзделген. Оның ішінде шетелдік, шетелдік инвестициялармен бірлескен мекемелерден де талап етіледі. Стандарт ИСО 2108-78 Халықаралық стандарттына сәйкес жасалды.

Халықаралық ISO :10957 стандартының негізінде дайындалған ҚР СТ 2202-2012 «Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Музыкалық шығарма басылымының халықаралық стандартты нөмірі (ISMN). Баспалық рәсімделуі және қолданылуы» стандарты да ұлттық негізде баспа саласының айналымына енгізілді. Бұл стандарттың ерекшелігі республикадан шығатын барлық баспа өнімдерінің ноталық туындыларына қойылады. ISMN – басылым өнімдерінің бірден-бір өзіне ғана тән реттік саны. Басылымның бір түріне берілген ISMN нөмірі басылымның басқа түрлеріне берілмейді. Ноталық басылымдар, электрондық музыкалық шығармалардың ноталық басылымдары, аудиобасылым, аудиожазбасы бар музыкалық орындаудағы электронды шығармалар, бейнебасылым, бейнежазбасы бар музыкалық орындаудағы электронды шығармалар т.б. басылымдарға стандарттың шартын орындай отырып қойылады.

Сонымен бірге мерзімді және жалғаспалы басылымдарды халықаралық деңгейде тіркелуін бақылайтын ГОСТ 7.56-2002 «Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылымдар. Сериялық басылымдарды халықаралық стандартты нөмірлеу» стандартының ақпараттық атқаратын қызметіне қысқаша тоқталып өтсек, себебі мерзімді басылымдарға келгенде республикада осы халықаралық стандарттың шарттарын орындауға тиістіміз.

ISSN - сериялық (мерзімді) басылымдарды халықаралық стандартты нөмермен тіркейтін автоматтандырылған жүйе. Бұл халықаралық код - барлық сериялық басылымдарды басылымның еліне, тіліне, әріпіне, шыққан, түскен уақытына қарамастан басылымды танып-білуге, із-

деп табуға көмектесетін бірден-бір ақпараттық құрал болып табылады.

ISSN эмбебап идентификациялық белгісін (код) алу – Қазақстандағы мерзімді басылымдардың дамуына, халықаралық стандартқа сай дамыған елдердің баспа өнімдерімен бәсекеге түсе алатындай деңгейде болуына ат салысады. ISSN нөмерімен тіркелген мерзімді басылымдар Париждегі ISSN халықаралық мерзімді басылымдарды тіркеу орталығы арқылы халықаралық ақпараттық жүйеге кіреді. Яғни, мерзімді басылымды ISSN нөмері арқылы әлемнің қай түкпірінен іздесе де, бірден тауып алады. Басылымның халықаралық деңгейде беделі көтеріледі, кітапханалардағы іздестіру жұмыстарын жеңілдетеді, сонымен бірге сауда саласында, тасымалдауда, сатуда, іздестіруде көп уақыт алмайды, экономикалық жағынан да өте тиімді болады.

Қазақстанның баспа өнімдері автоматтандырылған есепке алу мақсатында штрих-код жүйесіне өтіп жатыр. Мерзімді басылымдар да ISSN нөмері арқылы штрих-кодқа ие бола алады.

Әрбір басылымға тіркелген ISSN нөмірі – құрылтайшысы, редакторы, мерзімі, тілі өзгергенімен тіркеу нөмірі өзгермейді, сол тіркелген нөмерімен шығуын жалғастыра береді, тек басылымның аты өзгерсе ғана жаңа нөмермен қайта тіркеледі. Бір рет берілген ISSN нөмірі екінші рет қайталанбайды. Бүгінгі таңда әлемнің 200-ге жуық елінде ISSN ақпаратты жүйесі қолданылады.

Мерзімді басылымдардың халықаралық стандартты нөмермен тіркеуге алынатын басылымдары: газет, журналдар, жылнамалар, жалғаспалы басылымдар, мерзімді болып тұратын конференция, симпозиумдардың материалдары, сонымен бірге сериялық аудио-видео басылымдар, сериялы электронды басылымдар болып келеді.

ISSN Агенттігінің жұмысын Париж қаласындағы Халықаралық ISSN орталығы атқарады. Халықаралық ISSN орталығына мүше мемлекеттер әр мемлекеттің өз ішінен ашылған ISSN Агенттіктері бар, барлық жұмысты солар атқарады.

Әрбір баспа өнімімен жұмыс істейтін мамандар өз басылымдары қандай нөмермен тіркелгендігін және оның мән-мазмұнымен де түсінігі болуы керек. Баспа өнімдеріне байланысты стандарттарды білу және оны сауатты түрде пайдалана білу – басылымның мәдениеттілігін көрсетеді. Басылым сауатты да сапалы деңгейінде болса, тұтынушының тез тауып алуына көмектеседі және ол басылымдармен жұмыс жасайтын библиографтар мен ақпаратты-автоматтандырылған жүйелердің жұмысын да жеңілдетіледі.

Енді республикадан шығып жатқан басылымдар және кітап басылымы туралы, жалпы басылым мәдениеті туралы айтсақ, стандарттардың талабы толығымен орындалып жатпағанын айтуға тиіспіз. Көп жағдайда баспагерлер, шығарушы мекемелер, редакторлар басылымның ішкі мазмұнына көп көңіл бөледі де, шығарым мағлұматтарына, аннотацияға, басылым аппараттарына жете мән берілмейді, стандарттың талаптарын жеткілікті түрде орындамайды, бұл, әрине сапасына, басылымның сатылуына, оқылуына әсер ететіні сөзсіз.

Қай кезеңде де болмасын, баспагерлердің күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе – басылым мәдениеті. Басылым сапасы әркезде де тұтынушының көңілін аударып келген, ал бүгінгі нарық заманында кітап, басқа да басылым сапасы алдыңғы орынға шықты десек те болады. Мысалы, кітап туралы айтар болсақ, баспа ісінде бір кітапты жоғары сапалы етіп, екіншісін мүмкіндікке қарай шығара салуға болады деген түсінік тұмауы керек. Кітап басылымының мәдениеті деген қай жерден, қай баспадан, кім шығарса да басты орында тұруы керек. Кітап танымдық, идеологиялық және эстетикалық жағынан алып қарағанда тұтынушыны толық қанағаттырса ғана өтімді болады. Ал өтімді тауар – бизнестің басты шарты. Сондықтан да басылым мәдениетін көтереміз десек, баспа ісіндегі стандарттардың талабын орындай білейік.

Дата журналистика және деректер трансформациясы

Деректер базасы, тарихи әлеуметтік маңызы бар, қоғамдық құрылымдардың функциялары мен халықтық қатысымы мен бірлестігін зерттеу мүмкіндігі зор, журналистикадағы жаңа коммуникациялық ақпарат жанр — дата журналистика. Корпоративті жаңа ұғым. Капиталдық көрсеткіштерді бақылау және әлеуметтік мәселелерді сараптап, түрлі жағдайлардың ерекшеліктерін, ішкі, сыртқы ресурстардың материалдық және бәсекелестік қатынастар жүйесін зерттеудің кәсіби журналистік технологиясы. Демек, дата журналистика – ақпараттық әмбебап журналистика. Стратегиялық экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани бағыттарды қоғамдық адами капиталмен байланыстыра отырып, мүдделестік тұрғысынан қарастырады.

Қоғамдық өмір мен сандық көрсеткіштердің заманауи үйлесімін интеграциялық үдеріс нәтижесінде біріктіріп, интеллектуалды ақпараттық жүйесін дамыту. Алайда мұндай ақпараттық мультимедиалық күрделі конфигурациялардың компоненттерін жинақтау технологиясы жаңа кәсіби маман мен тың қадамдарды талап етеді. Себебі, дата журналистикадағы визуализациялық, инфографикалық деректер құрамы симфониялық спектрлер тәріздес жеке-жеке деректерді дәйектеп, сөйлеп тұрады. Демек, жаңа жанрлық сипаттағы дата журналистиканың өзіндік заманауи ақпараттық архитектурасы қалыптасып келеді. Яғни, сандық (цифрлы) журналистика дегеніміздің өзі – (суреттер сыр шертеді), (сандар сөйлесе) дегендей дәстүрлі журналистиканың мұрагері. Қалай айтқанда да заман өзгерісіндегі ақпараттың қоғамдық сабақтастығы мен әлеуметтілігі. Халық өмірі мен ұрпақ ауысымының, заман келбетінің сандық, ақпараттық айшықтылығы. Саяси кезеңдер мен экономикалық, әлеуметтік тұрмыстың, мәдени ахуал мен рухани білім, ғылымның дата тұжырымы. Методикалық тәсілдерге сүйенетін технологиялық сандық контекстер.

Дата трансформация, мәдени интеллектуалдылықты, көзқарас пен шығармашылық өнертанымды кеңейтуге, рухани құндылықтарды игеруге және еркін ойлау мен ізденіс тәсілдеріне қалыптасудың жаңа жолдарын қарастыруға мүмкіндік тудырады. Материалды табу мен танудың артықшылығын сезіну және қабылдау формаларын еркін шығармашылық бағытта меңгеру, сондай-ақ оның коммуникативтік мазмұнын құрастыру технологиясы, нарық пен бәсекелестік қатысымындағы стилдік ерекшелігі, графикалық талдау мен элементтер құрылымымен жинақталады.

Дата журналистиканың артықшылығы бірнеше компоненттердің жиынтығын пайдалана отырып, ақпараттық көрсеткіштердің графикалық үлгісін жасау. Ақиқатқа бағытталған деректерді сандық үлгіде сөйлету. Және талдап, саралау нәтижесінде салыстырмалы түрде нақты ұғым беру, оның тарихи оқиғалы құбылыс екенін сандық ретпен қысқа мағынада дәлелді көрсету. Сондай-ақ оның философиялық негізі қоғам мен әлеуметтік өмірдің мәселелері мен құбылыстарын үрдістейді. Шығармашылық ойдың сандық өлшеммен кескінделуі және ақпараттық циклмен таратылуы – бүгінгі талап тұрғысындағы процесс. Пәннің артықшылығы да осында. Оқиға мен әлеуметтік, қоғамдық іс-әрекет пен өзгерістерді қысқа сипатта ғана көрермен көпшілікке нақтылықпен жеткізу.

Дата журналистика – ақпараттық идеялық жанр ретінде қалыптасып келе жатқан ұшқыр да қысқа әрі сандық үлгідегі деректер сипаттамасы. Бұл тарихи үрдіс тұрғысынан болмыс пен түрлі шынайы оқиғалардың, көріністердің эстетикалық формасы деп те айтуға болады. Магистранттардың сандық тәжірибеде сөйлеу машығын қалыптастыру және ой еркіндігі мен іскерлік қабілетін арттыруға, ғылыми негіз тудыратындай сенімге жетелеу. Өз құзыреттілігін тану және қоғамдағы болмыс пен өзгерістерге өз тарапынан танып, баға беріп және материалдық тұрмыс пен әлеуметтік дағдыларға өзгеріс енгізуге моральдық тұрғыдан бекіне білуі – басты

міндет. Шығармашылық дүниетанымын ақпараттық оқиғалар мен қоғамдық құбылыстардың құпия қыр-сырларымен байланыстыра отырып, тану мен талаптың нәтижесін аңғару коммуникативтілікті арттыра түседі. Қоғамды материалдық тұрғыдан сараптап, қарым-қатынас жасау барысында қажеттілікті үйренуге қалыптасу және қоғамдық сананы орнықтыруда интеллектуалды басымдыққа қол жеткізуге ұмтылу мақсаты көзделеді.

Сондай-ақ білім мен ғылым саласындағы базалық деректер жиынтығы да орташа есеptiң төңірегінде. Оның ақпараттық сараптаудағы сандық визуалды көрсеткіші де – соның айғағы. Мәселен, мынандай интернет көзінен алынған ақпаратқа назар салсақ, оның ақиқатын анықтау үшін отандық зерттеудің көрсеткішін қайталап қарап шығуға тура келеді. Себебі, уақыттың жүрдектілігінен көптеген сандық көрсеткіштер ескі мәліметтерді ұсынуы мүмкін. Ал дата репортаждың негізгі мақсаты да сол деректердің заманға сай қозғалысын анықтау болмақ. Мәселен, өңдеу технологиясының базалық мүмкіндігі мәліметтер жиынтығындағы көптеген қисынсыздықтарды ашуға мүмкіндік тудырады.

Жалпы, журналистикадағы талдау теориялық ұғымдардың жиынтығын құрайды. Айтарлықтай дүниенің астарында тұрған ақиқаттың бір ғана деталдың сандық байланысы бірнеше стилдік мағынаға ие. Оның күрделі әлеуметтік, қоғамдық мәніспен байланысы ғылыми өзектілігін танытады. Себебі, қоғамдық құрылым – әлеуметтік философия. Демек, оның жүйелі түрде даму заңдылығы бар. Ол заңдылықтар интеллектуалды қоғамның өріс алуымен тікелей сабақтасып жатқан категориялармен бірлесіп динамика тудырады. Бұл жиынтықтардың құрамында түрлі процестер мен құндылықтардың бірлігі сақталған.

– Біріншіден; саяси факторлардан тұратын түрлі жүйелердің өзара қатысымының әрекеттесуі. Бұл мәселеде баса назар аударатын нәрсе, жалпы қоғамның бірегейлігін сақтайтын ғылыми ілімдер. Олар – экономикалық, мәдени эстетикалық, рухани шығармашылық пен адамдар арасындағы қоғамдық қатысым. Яғни, мұның мәнісі әлеуметтік, материалдық дүниелердің интегралдануын тудырады. Ендеше, осының бәрін талдау мен сараптау, қоғамдық қатынастағы философиялық таным мен көзқарастардың ортақ дағдысын тудырады.

– Екіншіден; әр ілімнің қалыптасқан қағидасындағы әлеуметтік өмірдің даму тарихы, адамдардың сана-сезіміндегі қабылдау мен пайдалану, тұтыну мен сұраныс пейілін арттыра бермек. Мұның бәрі адам ойының дүниетанымдық тәжірибесімен жүзеге асырылып, нығая бермек. Осы ретте, журналистика, дата журналистика, деректер тасымалы, ақпараттық қатысым мен сұраныс, технологиялық қозғалыс пен даму тенденциясы қатар өрбиді. Талдау мен сараптау, зерттеу мен ақпараттық құндылықтардың қарам қатынастылығы арта береді. Демек, журналистиканың маңызы, қоғамдық рөлі, кәсіби тұрғыдан жаңаша формаларға еніп, жаңа жанрлық сипат ала түседі. Бұл деген сөз – сөйлеу дағдысын цифрландыру. Бұл үрдіс журналистикадағы қазіргі таңдағы өзекті, әлеуметтік айналымға толы ресурстарды визуалды тәсілдермен жаңғыртып, сандық көрсеткіштер арқылы көпшілікті жаппай ақпараттандыру үдерісі.

Ақпарат таратудағы ойтаным дегеніміз не? Ақпаратты ой-сана сүзгісінен өткізіп, оны қысқа көлемде визуалды құралдармен терең, мағыналық сипатта ұйымдастыру. Неге бүгінгі таңда «ақпараттық айқас», «ақпараттық бәсеке», тағы сол сияқты медиалық сөздерді көбейтіп алдық. Қазіргі таңда ақпарат таратуда коммуникациялық ақпарат құралдары бір-бірінен қалыс қалып жатқан жоқ. Мұны, демек, ақпараттық тасқын деп қабылдауымыз керек. Ақпараттық бәсеке, яғни, ақпараттық медиа шабуылдың баламасы. Мұндағы басты мәселе, ақпарат таратуда әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени-өндірістік, рухани құндылықтанудың классикалық жобалары мен үлгілерін енгізу, классикалық журналистиканың дамуына әкелді. Сондықтан да дата журналистика ақпараттық жаңа көшкін болып есептеледі. Индустриалды-технологиялық базаның жедел нақты талдау, сараптау ұшқыны ақпаратты визуалды беру жанрын тудырды. Ой мен сана сабақтастығының жоғары медиалық кеңістіктегі кәсіби толқыны, сандық мәтіндердің интеллектуалды нарық бәсекесіндегі ұтымдылығымен танылды. Міне, дата журналистік сараптау сондықтан да ақпараттық құралдың жаңа туындысына айналды.

Визуализация — қоғамның ақпараттық, экономикалық еңбек белсенділігін тудырды.

Шығармашылық тұрғыдан сананың ақпараттық, психологиялық қанағаттануы. Ақпаратты басқарудың, таратудың стратегиялық тәсіліндегі бірегейлігі мен көпаспектілігіне менеджерлік талпыныс. Ақпаратты сипаттайтын құрамдас бөліктер механизмі және көрсеткіштердің динамикалық ресурстары. Көзқарас пен пікірлер жиынтығының түрлі қабылдау мен қорытудың практикалық шығармашылық интеграциясы.

Бүгінде ақпаратты визуалды көріністермен қамту, адам санасының қозғаушы рөліне айналып, даму аспектілерінің эстетикалық негіздерін үйлестіруде танымдық қажеттілікке ұласты. Жаңа ағымдағы ақпараттық қатынасты түрлендірудің бұл формасы, адамдардың жас ерекшелігіне және әлеуметтік мүмкіндігіне қолайлы жағдай тудырып, рухани сұранысты қанағаттандырудың бейнелі құрылымындағы жетістікті тудырды.

Эмоционалды, экспрессивті стильдік бояулардан гөрі жүйелі ойлаудың байламдары және нысананың сабақтастығы мен бағалау тұжырымдары болады. Элементтерді көру, тану, жедел қабылдау проекциясы жүреді. Визуалды графиканың артықшылығы талдау мен сараптаудың негізі болып табылатындығында. Бірақ визуалды ақпараттың түсініктеме сипатын беретін мәтіндік формасын айтпасақ болмайды. Кей жағдайда проекциялық көрсетілімінде ауызша, қарапайым баяндау үлгісі де тәжірибеде бар. Мәселен, синоптиктердің ауа райын болжауы, жер асты қойнауындағы қазба өнімдерінің мөлшерлі саны мен сапасын, яғни, қаншалықты пайызын қолдануға болады немесе қаншалықты пайызы пайдалануға әлі ерте сияқты болжамдарды түр мен түстің фоны арқылы графикаландырады. Атмосфералық құбылыстың, ауа мен судың ластануы тазалық деңгейі, теңіздің су асты гидросфералық қысымы мен тереңдігін, жылы және суық қабаттарын, ылғалдылығы мен оның әсерін визуалды ақпарат түрінде беру әлдеқайда тиімді. Демек, визуализация нысананың кеңістігін қамтитын инфографикалық ақпарат пен графикалық модельдердің құрылымы әрі жиынтығы. Демек, ақпаратты таратудың, берудің тәсілі жоғары көркемдікпен таратылмаса оның прогнатикалық фоны ашылмай қалады. Өйткені прогнатика – ақпараттың философиялық, психологиялық, логикалық моделін құрайды. Осы ақпараттық айғақ, деректерді маңыздандыратын негізгі критерии — тіл. Тіл — барлық бояулардың көркем құралы.

Тіл — айту, жазу, қозғалыс, сызудың коммуникативтік қарым-қатынасы. Визуалды және инфографикалық ақпараттың жалпы барлық дүниенің кілті — тіл. Демек, біз қарастырып отырған визуалды ақпараттық мәселенің цифрлық, мәтіндік, бейнелік қозғалысының органы — тіл. Көрермен визуалды ақпаратты қабылдауда ой мен тілдік құрам сабақтасып, іштей сөйлесім қатысымына көшеді. Олар эмоционалды, реакциялы болып келеді. Яғни, белгілі бір адресатқа бағытталып отырған ақпараттық әрекет, осындай түрлі көркем құралдардың көмегімен өз мақсатына жетеді. Сонда ғана медиаландырылған ақпараттық қоғамның ашық бәсекелестік алаңына шыға аламыз. Қалай?

—Біріншіден: ақпараттық көзтанымға ойша, визуалды елестетудің формасын санаға орнықтырып, кеңістікті сараптауға;

—Екіншіден: жаңа танымдық ақпараттық сауаттылыққа қалыптасуға; Ол ақпаратты табу, зерттеу, өңдеу, тарату.

—Үшіншіден: визуалды көрсеткіштер мен оның орналасу тәртібінің функциясын ажыратуға;

— Төртіншіден: жалпы ерекшеліктер мен артықшылықтардың себептерін емес, негізгі көрсеткіштерді ғана қабылдауға;

— Бесіншіден: әлеуметтік тұрмыс пен заман келбетін, басқа да табиғи құбылыстарды мәтіндеп емес, сурет пен таңбалардың кескінімен қабылдауға машықтанады.

Бұл тек визуалды ақпаратқа ғана тән. Алайда телепублицистикалық шығармашылықта, кезеңдер мен дәуір оқиғасына, қоғам мен әлеуметтік өзгерістерге мәтіндік артықшылықпен суреттеме бере отырып, визуалды ақпараттармен толықтырып, дәлдік сипаттама беру тәжірибесін қолдануға болады. Әсіресе, экономикалық, әлеуметтік, социологиялық, медициналық ақпараттық сараптау, талдау үрдісінде визуалды қозғалыс механизмдері артықшылыққа ие. Визуалды ақпараттың әр сандық белгісі мен символикалық бояулары жеке, жеке ақпарат мен эпизодқа бай.

Адамның шынайы, маңызды тұлғалық қасиетін танытатын визуалды көрсеткіштер топтамасы болады. Бұл да телепублицистикалық шығармашылықта көркемдеу мен деректендіру тәсіліне тән тәжірибе. Себебі, визуалды танымдардың сюжеттік желісі, динамикалық ой жиынтығын құрайды. Ақпараттық көрсеткіштер мен ресурстық құрамдарды орналастыру тәртібін маңызды реттілікпен ойластырмаса, көрерменді шатастыру фактісі орын алады. Бұл жалғандық деп танылуы мүмкін. Әлеуметтік әрекеттердің материалдық және ақпараттық құндылығының функциялануы, білікті маманның мультимедиалық технология мен түрлі электронды бағдарламаларды игеруімен байланыстырылады. Аудио компоненттердің құрылымы және оның орналасу тәртібін де цифрлы модулдармен өлшем бірлігін сақтау көзделеді. Бірінбірі толықтыратын графикалық компоненттер тұтастығын құру, олардың ақпараттық коммуникативтілігін сақтау, байланысын үзбеу – көрерменнің ақпаратты қабылдау қызығушылығын тудыруы шарт.

Әсілі, динамикалық қозғалмалы құбылыстағы көрсетілімдер, адамдардың назарын тез аударғанымен қабылдау процесін баяулатады. Мұндай жағдай ақпараттың мекенжайы мен оқиға орнымен, қоғамдық әлеуметтілігімен өзекті ақпар болып есептеледі. Яғни, өмірдің өзі, сол сәт, сол мезгіл. Яғни, ақпаратты берудің ең ұтымды, ең сенімді түрі. Бұлтартпайтын шындық пен бейнеқозғалыс, қоршаған орта, көрініс пен оқиға бір-бірімен сабақтасып жатады. Демек, деректі визуализация ой мен идеяның бірлігі және қоғамдық, әлеуметтік құбылымның, заман мен өзгерістердің нақты сандық көрсеткіші, ақпараттық мәліметтерді жинақтаудың кәсіби технологиясы.

Масс медиалық тәсілдер және ақпараттық бизнес коммуникация механизмдері

Масс медиа – күнделікті өмір алаңы. Қоғамда белгілі бір тіршілік қозғалысымен қатар өмір сүретін шынайы да күрделі құбылыс. Ақпаратты жедел тарату мен өндірістік өнімнің экономикалық бәсекелестік сипатына дейін анықтама және нақтылық ақпарын беретін медиалық стандарт жүйесі.

Қоғамның техникалық даму эволюциясы дүниеге келді. Масс медиа – ақпараттарды жеткізу механизмдері. Электронды коммуникациялық құралдардың заманауиылығы жедел және оқылмға және көрсетілімге сараптау мен таразылауға таратылады. Ақпараттың негізгі тұтынушылары халық болғандықтан, ол рухани шикізат есебінде бір мезгілде, бір уақытта уақыт бірлігімен сәйкестендіріліп беріледі. Ол көпшіліктің ыңғай мезгіліне орайластырылады.

Жалпы, масс медиа ақпараттық цифрлы өнім ретінде таратыла бастағанда оның негізгі қолдаушысы әрі тұтынушысы ретінде халық қолдауымен іргеленді. Демек, оның сапасы мен ақиқаттылығына баға беріп, қарсылық жасайтын да халық болып табылады. Көпшілік таңдауымен контенттік деңгейге көтерілетін медиа ақпаратшылық дами түседі.

Ғаламдық, жаһандық әлеуметтік, саяси-қоғамдық желілердің өзара ықпалдасуы және мүдделестігі ортақ әлеуметтік өмір сипатымен байланыстырылғанда, ол шын мәніндегі тұтынушысы бар әрі сұранысқа ие болды. Әр елдің ұлттық идеялық тұтастығы мен әлеуметтік қарым-қатынасында құрылымдық ұйымдар мен басқару органдарында белгілі бір дәстүрлі өмір салты мен тарихи заңдылықтары сақталады.

Адамзаттың ойлау жүйесіне өзгеріс енгізетін масс медиалық қарым-қатынас қоғамдық экономикалық және саяси ұғымдар мен заңдылық, тәртіп және басқа да ортақ әлеуметтік қажеттіліктен туындаған өзгеріс және енгізілген тиісті аумақтық мүддені де қамтиды. Алдын алу, ескерту, ерекшеліктер мен этникалық құрмет қатынас құндылықтарын қисынды негізде ортақ сәйкес заңнамалық ақпараттармен қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады.

Адамзатқа тән ортақ қазына – қауіпсіздік. Яғни, алапат табиғи құбылыстардан қорғаудың жаһандық тіртібі. Оны қамтамасыз ету түрлі шаралар мен дайындықтардан, әзірліктерден – саяси, әлеуметтік, мәдени байланыстардан тұрады. Өндірістік, техникалық, инновациялық бірігушілік пен байланысты, ынтымақтастықты қажетсінеді. Бұл – жаһандық ортақ мүдде.

Жалпы, ақпарат – саяси әлеуметтік ортаның, мәдени және экономикалық қатынастың ғаламдық компьютерлік желісімен кеңістікті қамтитын рухани, моральдық шикізат. Интернет желісі арқылы ақпарат тарату құралдарының қолжетімділігі ұланғайыр. Үлкен идеялық мәнге ие

болған технологиялық өнімнің артықшылығы тек адамзаттық мүддеге құрылған.

Масс медианың барлық түрі өз көрерменін, оқырманын, тыңдаушысын эмоциялық тұрғыдан да тартып әкетеді. Әрқилы, әртарапты ой-пікірлерді ортақ мәмілелестікке жұмылдыру мақсатындағы нақтылыққа жүгіне отырып, көпшілік халықтың дауысын тыңдау, қабылдау. Соның нәтижесінде масс медиа өзінің халықтық сипатын аша түседі. Пікір қайшылықтарды догматизмдік ережеден сақтау медиа үшін тиімді болғандықтан, іс-әрекеттің жиынтығын мазмұндайды. Мұндай жағдайда коммуникациялық ақпарат құралдарының белсенділігі де арта түседі.

Техногенді мәдениетке енген ақпараттық өрлеу үрдісі, қоғамдық қатынастағы құбылыстардың объективтілігін көрсету мақсатында халықты әлеуметтік жаңару институтының өкілдері ретінде тану зор күш екенін дәлелдеп келеді. Бұл ұзақ процесті керек ететін өзгеріс алдымен сана қозғалысының факторларын қатыстылығын көрсетті. Неге? Себебі, қалыптасу мен дағдылық қасиеттер жиынтығы екінші, үшінші кезектегі проблемалық дүниелерді қабылдауға психологиялық тұрғыдан әділ немесе әділетсіз деген мағыналық үдерісті сіңіруге ыңғай білдірді. Осы тұрғыдан келгенде масс медиалық құрылымдар ұшқырлығы үздіксіз идеологиялық сипат танытып келеді. Бұл мәселе нақты деректермен бұқаралық коммуникациялық құралдарында айтылып та, көрсетіліп те, сарапталып та келеді.

Қоғамдық құрылымның түрлеріне қарай және атқару функциясы мен қызмет түрлерінің қаншалықты мемлекеттік, халықтық концепциясының маңыздылығын үнемі қадағалай, сараптай алған медиалық коммуникациялардың кәсіби деңгейі мен тәжірибесі де артады. Табиғи теорияның ортақ қазынасына айналған әлеуметтік жүйелердің масс медиаға арқа сүйеп, қолдау табатыны да оның көпшіліктік сипатын аша түспек. Құрылым түрлерінің басқарылымы мен халықпен бірлік үлес салмағының мақсаты айқындалған сайын, масс медиалық баспалар да, ақпараттық басқа коммуникациялық құралдар да олардың жалпы әлеуметтік-экономикалық заңдылықтары мен негізгі атқару функцияларына баса назар аударады.

Бүгінгі таңда ақпарат тарату мен алмасудың негізгі орталық желісі интернет жүйе болғандықтан, коммуникациялық масс медиалар бір арнада қауымдасып, медиаконвенциялық қағида, ұстанымға жақындасты. Сөйтіп барлық салалық ұйымдардың прогрессивті дамуына, әлемдік демократиялық күштердің бірігуіне, саяси экономикалық, тұжырымдарды белгілі бір тәртіпке сай интеграцияландырды. Осы тұрғыдан қарағанда, еларалық келісімдер мен мәдени іс-шаралардың жүзеге асуына, идеялық ұстанымдарды бағалауға ықпал етті. Сондықтан интернет желінің қуатымен коммуникативті ұтымдылықты арттырды.

Масс медиалық бағдарламалар әлеуметтанушылыққа бейімделеді. Әлеуметтік мәдени, тарихи қатынастардың ұстанымы мен көпшіліктік таралуын, талдауын, алмасу мен пікір қндылықтарының күрделі аспектілерін конверсациялық, яғни, респонденттік қатынас нәтижесімен мазмұндастырып, нақтылығын, ақиқат қажеттілігін ақпараттық құралдардың көмегімен жалпыкөпшіліктің назарына ұсынады. Оның прогрессивтілігін қоғамдық сұраныстан аңғарып, әлеуметтілігін арттырады.

Мәдениет – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері. Адамзаттың рухани дүниесінің азығы болып келе жатқан мәдениеттің әрбір кезеңдердегі дамуы немесе құлдырауы, тарихи оқиға және белгілі бір әлеуметтік, қоғамдық құрылымның өркендеуі мен құбылыстардың пайда болуымен баян етіледі. Мәдениеттің халықаралық мәні, оның ұлттар мен ұлыстарды біріктіретін функцияларын таныту турасында біршама шолу жасалады да оның негізгі дәстүрлі және халықтық ерекшелігі өмір сүру қажеттілігімен байланыстырылады. Әрбір қоғамда мәдениеттің белгілі бір орны, беделі және функциялары болады. Айталық, капиталистік мемлекеттерде өнерді идея көтеру, тәрбие беру үшін пайдалана бермейді. Оны көңіл аулау, халықтың назарын саясаттан тайдыру мақсатында дамытады. «Біз қалаймыз ба, қаламаймыз ба, өткен күндер әрқашан бізбен бірге» «ВОЛНЕНИЕ ТУЗЕМЦЕВ» деді Михайл Сергеевич Горбачев. Қандай өкінішті сауатсыздық. «Бұл анықтамаға демоогтар адвокат бола қоймас деген ойдамыз», – дейді таразылаушы сарапшы.

Масс медианың барлық түрі өз көрерменін, оқырманын, тыңдаушысын эмоциялық тұрғыдан

да тартып әкетеді. Әрқилы, әртарапты ой-пікірлерді ортақ мәмілелестікке жұмылдыру мақсатындағы нақтылыққа жүгіне отырып, көпшілік халықтың дауысын тыңдау, қабылдау. Соның нәтижесінде масс медиа өзінің халықтық сипатын аша түседі. Пікір қайшылықтарды догматизмдік ережеден сақтау медиа үшін тиімді болғандықтан, іс-әрекеттің жиынтығын мазмұндайды. Мұндай жағдайда коммуникациялық ақпарат құралдарының белсенділігі де арта түседі.

Бүгінгі таңдағы масс медианың тұрақты технологиялары практикамен қабысуы тиісті. Осы орайда интернет экономика саласындағы ақпараттарды талдау және қайтарымдылығын тану қарастырылады. Жаңа медиа журналистерге дайын өнімді ғана емес, жалпы процесті көрсетуге, журналистің жеке пікірін танытуға мүмкіндік туғызды. Жоспармен бөлісу, алдын-ала материалды жарнамалау, жалпыхалықтық талқыға салу секілді жаңа тетіктер пайда болды.

Жаңағасырлық бизнес коммуникация – бұл заманауи іскерлік байланыстың кепілі. Интеграцияланған интернет желінің көмегімен жүзеге асырыла отырып, теориялық тұрғыдан кәсіби маман қалыптастыру. Негізгі әлеуметтік желі құралдарын біріктіре отырып, жаңа ғасырлық жүйе құру. Соның негізінде зерттеу, талдау, сараптау тәжірибесін дамыта отырып, дербес ғылым ретінде орнығу. Бұл жолда коммуникациялық құралдар жиынтығы да орасан рөл атқарады.

Баспасөз және ақпарат құралдарының сан тарау эволюциялық даму жолында көпшіліктік кеңістікте тарату, сараптау, таразылау, қабылдау артықшылығымен ілгерілей отырып, бүгінгі коммуникацияның бизнес түріне жетті. Сөйтіп, түрлендіру мен көркемдеу деңгейінің артықшылығын да алға тартты. Медиа өнімінің әлеуметтілігін қамтамсыз ете отырып, өз аудиториясын әлемдік коммуникациялық сұранымға көтерді.

Нақты принципті мәселеде әлеуметті жұмылдыра білудегі коммуникациялық қатынас өз кезегінде іскерлігін де таныта алады. Заман ағымына сай құбылысты бағамдай отырып, жалпыкөпшіліктік бекініс ұстануда стратегиялық жоспарлардың негізіне сүйене келе, дәлме-дәл ұйымдастырудың жолдарын қарастыру мен ажыратудың құрылымын түпкілікті мақсат етеді.

Бизнес коммуникация өзінің атауына лайықты және бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда іскерлік қатынасы мағынасында қабылданады. Өздігінен өркениеттілік үрдістің талаптарына сай әрекет қимыл мен атқарылып іс-жоспарларының құрылымын, басқарылымын ұйымдастыра отырып, маңызды қадамдарға бару. Ол:

- Өзінді басқара білу;
 - Қарым-қатынасыңның өзгелерге қажеттілігін ұғыну;
 - Не нәрсені мәдениеттілік пен жауапкершілік тұрғысынан игеру;
 - Қажетті рухани және материалдық шикізаттарға қол жеткізу;
 - Өзгелерді қызықтыра білу; – Зиялылыққа, өнер, білімге, ғылымға құштарлық таныту;
- Осы үрдістер ақпараттық коммуникативті бизнестің жолын ашып, іргелендіре түседі.

Бизнес коммуникация үлкен құрылым болғандықтан, жалпы қарым-қатынас, тұрмыстық, экономикалық, әлеуметтік инфрақұрылымдарды толығымен қамтиды. Сол тұрғыда, халыққа қызмет етуде ерекше құбылыстарды анықтау мен дәлдікке апаратын әдіс-тәсілдердің классикалық үлгілерін пайдаланады. Бизнес коммуникацияда масс медианың коммуникациялық көрнекі құралдарымен қоса, инфографикалық, графикалық, диаграммалық, сурет, мәтін, сызба, бейнелеу, тағы басқа да үлгілері кәсіби артықшылықпен қолданылады. Мысалы: Көрнекі құралдардың алмасуы салыстырмалы түрде қарастырылып, ақпараттың тиімділігіне мән беріледі. Ақпарат тәсілінде мәтін мен көрнекі құралдың сәйкестілігінің ұқсастығы да коммуникативті ұтымдылықты аңғартады. Жалпы, көрнекі құралдардың қай-қайсысы болмасын, әлеуметтік мәнге ие. Және оның адамдармен қатынастылығында конверсациялық, яғни, сөйлеу тәсілі, интеллектуалды байланыса білуі, деректер мен мәліметтерді пайымдап, талдай алатын модераторлық шеберлік басқарылымы болады. Келіссөз жүргізудегі тәсілі, адамдарды жақындастыру әдістері әлеуметтік-психологиялық аспектілермен қатар, табиғи танымдылыққа тарта түседі.

Коммуникациялық құрылымдардың ерекшелігі жұмыс нәтижесімен тығыз байланысты. Заттың, адамның бейнекөрінісіндегі көрермендерді жақындастыратын ерекшеліктер болады. Сіздің мақсатыңыз да сол артықшылықты танытуға бағытталған. Демек, заттың бейнетүсірілімі

эртүрлі қырынан таныстырылады. Оны бейнекамераның ракурстық әдіс-тәсілмен қолданылуы дейді. Яғни, мәтіндеу мен дыбыстаудың формасымен қатар сәйкестендірілген тұжырымды классикалық бейнежинақ, көрермендерін де бей-жай қалдырмайды. Қызығушылықтан туындаған ой, сұраныс, қажеттілік айқын байланыстылығымен қорытынды нәтижесін береді. Алайда классикалық үлгіні кәсіби тәжірибесі мен теориялық тұжырымы тең қалыптасқан маман бейнеқатарлардың өңделуіне терең мән береді. Себебі, негізгі мақсат – игілікті жұмыстың сапасын арттыру.

Ақпарат айту – бір басқа да, оны жеткізу – бір басқа. Яғни, жеткізу деген тасымалдау мағынасында айтылады да, оны айтудан өнер туындайды. Сонда айту өнеріне машықтану, қалыптасу ізденісі өз кезегінде сәттілікке жетелейді. Ал жеткізу-тасымалдау – жазу өнерімен символдасып, жазу стилінің академиялық нотасымен жаңғыра береді. Демек, ақпараттық коммуникациялық бизнес жобаның ғылыми алғышарты бұқаралық коммуникациялық қатынаста да өзіндік орны бар деген сөз.

Кез келген қызмет саласының ортақ синтезі мәдениет болғандықтан, оның жобалық идеялары айту, жазу, сызу, баяндау, дәлелдеу элементтерінен тұрады. Мұның өзі көпшілікпен, жұртшылықпен ақпараттық бұқаралық қарым-қатынас тудырудың өзегі әрі негізгі тәсіл болып табылады. Сондықтан адамдардың динамикалық мінезі мен көзқарас, пікірімен қабаттаса өрбіген ой жігер ақпараттық коммуникацияның ойдағыдай орнығуына мұрындық болады. Соның негізінде белсенділік артып, мәдени, тарихи коммуникациялық қатынастың ғылыми жүйесі орнығады. Рухани серпіліс тудыратын көркем идеялық, өркениетті ойлар жаңа механизмдердің жандануына жаңаша тетіктер құрамын әкеледі. Мұндай ақпараттық мәдени және жалпыхалықтық интеграциялық процестердің даму ғасыры, әлемдік өзгерістерге жедел қалыптасып, икемделу, жаңару, игілікті игере білу, меңгеру, өмірге енгізіп, пайдалана білу сияқты қағидалар ғасырына айнала бермек.

Ақпарат ғасыры – күнделікті айқындылықты, өзгерістер мен жаңалықтарға қырағылық танытуды талап ететін уақыт шеңбері. Қоғамдық қарама-қайшылықтардың себебі мен аражігін мәдени тұрғыдан талдап, саралай алатындай деңгей әр азаматтың бойынан табылатын глобальды дәуір. Әлеуметтік және саяси ерекшеліктер мен қабылданған ұйғарымдарды талдай алатындай білімділік пен біліктілік туындаған заман болғандықтан, оның талап үдесінен шығу да аса жоғары мәртебелі институционалды азамат болып қалыптасу принципін алға тартты. Сондықтан ғаламдық коммуникативті дәуірдің ақпараттық кеңістігін саралап, талабына, инновациялық және интеграциялық ырқына тез қалыптасу деген сөз – технологиялық үдерістің қарқынын қабылдау дағдысына түсіп, имидждік деңгейден төмендемеу. Бүгінгі өркениетке тән құбылыстың бірі өзгерістердің жедел алмасуы мен орнығуы – адамдардың қалыптасуына мұрша келтірмей келеді. Себебі соның табиғи заңдылығы мен ғылыми потенциалдылығына өркениеттілік мінезбен қарау тенденциясын қалыптастыру қажеттілігі туындады.

Модел – бүгінгінің сөзімен айтқанда, жаңару үрдісіндегі модернизация. Жаһанданудың жоғары бірдейлендірудегі ғаламдық жалпыландырылуы. Бір заттың моделін жасау үшін қаншама ой, жігер, күш, қуат, ілім, білім қажет болса, соншалықты іс-әрекеттің нәтижесіндегі практикалық өнім сапасы ұсынылады. Бүгінгі заманда ондай талаптан ешкім бас тарта алмайды. Ол қазіргі дәуірдің дәстүрлі ата салтындай. Себебі, қоғам, әлеумет, көпшілік, тіпті жеке адам мен адамзат санасының дүмпуі біртұтастана бастады. Демек, бәсекеден туындаған сүргін дамылсыз артықшылықтық тамырын іздейді. Ол: жазу, оқу, сызу, түр мен түстің жарасымы мен ой мен ойдың қабақтасуы. Сондай-ақ идеялық көркем іс-әрекет пен фонемалық тартылыстың дағдарысына төтеп беру және өрістендіру талабы бола бермек.

Жалған ақпарат астарына жасырынған жалаң мүдде механизміндегі заманалы бедерлер

Адамзат баласы уақыт пен кезең алға тартқан қиындықтармен, бұрын-соңды болмаған әлемдік дағдарыспен бетпе-бет келген сайын ақпарат мазмұны мың құбылып, жаһандық кеңістік жаңалықтарының күрмеуі көбейе түсті. Бұл – қалыпты құбылыс. Оның екі себебі бар. Бірі – ақпарат антропологиясының (ақпарат та тіршіліктің бір бөлшегі, ұдайы эволюциялық санатта жетіліп не кері кетіп отырады) жаратылыс құбылыстары заңдылығымен әлеуметтенуі. Келесі сұрып – техникалық динамизм. Адам қолында ұстаған гаджеттер мен смартфондардың адамға тән, алақанға жапсарласқан «он үшінші дене мүшесіне айналуы». Демек, жедеғабыл, жылдам ақпарат тұтынуға техника игіліктерінің арқасында кеңінен жол ашылды. Ұлыбритания білімгерлерінің арасында мынандай бір жақсы ұғым қалыптасқан. Оны алғаш естігенде біз таңданған едік. Кейін мәнісіне бойладық. «Егер, әлбетте, дұрыс қолданса, әрбір британ студентінің қолында қоры мол кітапхана жүр» деген лепес. Лепестен бұрын, ақылға азық болар өнім тұтыну мәдениетіне жетелейтін жолдар. Осы арада және бір көрнекі мысалға уық шаншуға тура келеді. Тұрмыстық мәдениетіміздің маңызды «жиһазына» айналған ақылды құрылғылардың тұтас әлеммен байланысу тетігіне айналуы. Бірде, бағыма орай, Кембридж профессорларының дәрісін тыңдау мүмкіндігі бұйырды. Әлем студенттеріне оқылған ағылшынша дәрістің көшелі түс, кенен кезеңі мобильді қосымшалар жайында еді. Болашақта мобильді қосымшалар мен нейрожелілердің маңызы үстемеленетінін талқыладық. Неге мобильді қосымшалар мен ақпарат инновациясын алға тартып отырмын? Задында, мобильді қосымшалар – қазіргі жедеғабыл-жылдам ақпарат тарату мен өмір шындығын көрсетудің алаңы. Олардың оқу, пікір жазу, біреуді белгілеу, бір күндік хикаяңмен бөлісу, қабылдаған ақпаратты біріңнен-біріңе жолдау сынды таяныштары (функциялары) жалған ақпарат тарату үшін де қолайлы орта.

Дезинформация таратушылар адамның әлеуметтік ортасын, психологиялық «аңғалдығын», сенгіштігін ұтымды пайдаланады. Жалған ақпаратты бөлісуге айғай-аттанға толы хабар-ошарды таратуға жетелейді, Тіпті, баршамызға таныс жағдай, Whatsapp-тағы «туысқандар чатын» алайық. Тағаны, таянышы жоқ ақпараттарды жақындарынан естіген, не олардың жетегімен оқыған жандар дәп сол дерекке иманындай сенеді. Өйткені, кішкенеде «не айтса да атандікі дұрыс, аға-әпкеңдікі дұрыс» деген қасаң қағида миға берік сіңірілген әрі олардың сенімді дереккөздермен ақпарат тарататын «тысқары» адамдарға қарағанда өз әлеуметтік ортасы, туған айналасымен ертеден іргетасы мығым қаланған байланысы бар. Аудиторияға мұндай соқыр сенімді қоғамдық пікір жетекшілері (блогерлер, танымал адамдар, әншілер, масс медиада белсенді кәсіпкерлер) де ұялатады. Инстаграмда оқырманы көп пайдаланушының «айтқанын заң» санайтын үлкен топтың қалыптасқанын да көзіміз көріп жүр. Жалпы, жалған ақпарат жетегінде кетпрудің алғашқы әліпбиі – «Не айтса да, соныкі – дұрыс» ұстанымынан арылу. Көз тіккен ақпаратыңның дұрыс-бұрыстығына деген күмән. Әдетте, жалған ақпараттың ішкі табиғатынан бірқатар элементтерді аңдауға болады. Оларды қазақы дүниетаныммен жіктеп көрейік. Мәселен, драматизм элементтерінің шектен тыс молдығы (эмоцияға, біреуді қаралауға, әсіре әспеттеуге, тереңдіксіз талдауға, қызуқанды үндеуге шақыратын мәтіндер бітімі), тарапсыздық мәселесі (ақ-қарасын ақын айтпау, бір жақты, бір тұсын зорайтып көрсетуге деген талпыныс), сілтемелер мен дереккөздердің нақты көрсетілмеуі не аздығы, қоғамдық пікір мен көнтері ұғымдарды жалған ақпарат мазмұнымен ақтап алуға тырысатын жаңалықтар т.с.с. Әдетте, жалған ақпараттың астарында жалаң мүдде жатады. Даурықтыру, қоғамда ежелден келе жатқан жалаң түсініктердің жалған ақпарат арқылы түбірін нығайту, социум дамуына

кереғар саясат құру, адами сананы манипуляциялау, ми мен таным көкжиегінде жаңылыс хабар арқылы қасаң қағида орнықтыру және аудиторияны үрей арқылы билеп-төстеу. Қазіргі ақпараттық кеңістікте жалған хабар-ошардың бірнеше түрлері орныққан. Дезинформацияда ақпарат таратушы саналы түрде қоғамды адастыруды, респондентті масс медиа әлеуетіне арқалана отырып орға жығуды ойлайды. Сонымен қатар, жалған ақпараттың мисинформация деген түрі бар. Мұнда ақпарат таратушы аңдаусызда жалған ақпарат таратады, кей жаңалықтардың қысқа кесімін, үзіндісін ғана ұсынып қойып, жаңылыс пайымға бастайды. Дегенмен, өмір сапасы мен өмір сүру талабы өскен сайын ақпараттың ақ-қарасын анықтау да күрделене береді. Сондықтан қазіргі ақпараттық тіршілік ортасы тайқыма тақырып, тұрғысыз тармаққа толы болуы – қалыпты жағдай. Сайып келгенде, ақпараттық кеңістікте қаптаған желбуаз жаңалықтардың қозғаушы себептері – адамзат баласы тап келген қиындықтар. Индет. Био-Саясат. Жаһандану. Ақпараттық соғыс. Медида орын алған түрлі манипуляциялар. Қазір болашақ ғалым есебінде «диджитал фашизм» тақырыбы бойынша зерттеу жүргізіп жатырмыз. Электронды масс медиада Украина-Ресей арасындағы соғыс басталғалы диджитал фашизм элементтеріне толы фэйк ақпараттар, түрлі видео-фотосуреттер қаптағанын білеміз. Мұндай қораш құбылыс Ресей-Грузия арасындағы қақтығыста да қатты байқалған. Сондықтан сырттан келген жалаң ақпаратқа дер кезінде тойтарыс беріп отыратын, дәлелмен, дәйекпен шетелдік манипуляторлардың «қалпағын қағып» алатын, қақтығыста тараған жалаң ақпаратқа қатысты келелі пайым, кенен сөз айтатын, диджитал сауаты, тарихи-әлеуметтік терең білімі, этика-психологикалық кіреуесі қалың мамандарымызды мол жасақтаған дұрыс. Асырып айтсақ, фэйк ақпаратпен күрес – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Фейк-хабарлар таратушының мүддесіне қарай құбылып, түрөзгеріске ұшырай береді. Біздің қоғамда этикалық дүрдараздықты ушықтыратын, екі ұлттық арасына сына қағатын не діни догмаларды, ұлттық құндылықтарды жалған образдармен шендестірген болатын, салқын санаға емес, қызуқанды эмоцияға құрылған ақпараттар (видео, фото, мәтін) жиі төбе көрсетіп тұрады. Пандемия кезінде дәріханаларда қажетті дәрі-дәрмектердің жетіспеуін, қоғамдағы түрлі қысым, зорлық-зомбылық мәселесін, сайлаудағы келеңсіздіктер сынды соқталы мәселелерді айтуға, көрсетуге келгенде кей бұқаралық ақпарат тарату құралдарының енжарлығы, ақпараттық ашықтық саясатының да ақсауы фэйк-хабарлардың алға шығуына жап-жақсы мүмкіндік тудырды.

Тұтас әлем галереясына қарай отырып, фэйк жаңалықтармен күресудің төте жолы – азаматтық қоғам қалыптастыруға ұмтылыс деп санаймын. Жалған ақпаратты тексерудің «Google», «Yandex» браузерлерінде бірнеше жолы бар. Америкада ақпарат қолданушыларға мақсатты мүрде жалған ақпарат оқытып, кейіннен тұтынушының алданғанын айтатын, сол ақпарат бойынша тест тапсыртатын сайттар бар. Бұл әдіс арқылы америкалықтар ақпарат тұтынушының көз алдында қай хабардың жалған, қай ақпараттың дұрыс екенін айқындай алуын мақсат еткен. Меніңше, жалған ақпаратпен күресу саясаты тым тереңде болғаны дұрыс. Қоғамдық институттар, білім ошақтарында «сыни сананы», «интеллектуалды күш-жігерді» күшейту – жалған ақпаратқа иланудың тамырына балта шаппақ. Негізінен алғанда, фэйк-ақпараттардың сипатына қарап елдегі қоғамдық сананың миһтарын (өлшемін), экономика деңгейін, жалпыхалықтық сауаттылық мәселесін оңай пайымдауға болады. Интеллектуалды, мінез-құлқы, ішкі мәдениеті орныққан тұлғаны басқару не өз айтағыңа ергізу қиын екені түсінікті. Шынайы демократия құндылықтары білім деңгейі жоғары ұлт ортасында қалыптасады. Менің ойымнан үнемі көшелі әлеуметтанушы, кәсіби психолог Абрахам Маслоу «Қажеттіліктер иерархиясы» кетпейді. Ғалым салауатты қоғам қалыптастырудың бірнеше сатысын тізбектейді. Алғашқы іргетас – физиологиялық қажеттілік (су, тамақтану, киім-кешек). Кейін қауіпсіздік (өз қоғамында өзінді мемлекет қорғауында әрі қауіпсіз екенінді сезіну). Үшінші саты – әлеуметтік қажеттіліктердің өтелуі (жоғарғы мәдениет қалыптастыру, сауатты коммуникация). Келесіде – мойындалу (дарынына, жеке бас ерекшеліктеріне, қарым-қабілетіне қарай тұлғаны бағалау) және ең жоғарғы саты – эстетикалық-рухани қажеттіліктер (шығармашылық, ғылым-білім, даму, жетілу). Біз осы жоғарыдағы даму сатыларын толық қамтығанда барып қоғамдық сана

ілгерілейді. Жетілген, орныққан қоғамдық санасы қалыптасқан ұлтта ақпараттық мәдениет қалыптастыру ықтималдығы артады. «Идеалдың» жетегіне еру, өтірікші шындай, ақсақты тыңдай суреттеген ақпаратқа илану мәселесі өзді-өзімен шешіледі. Бүгінгі біздің қоғамдағы желдей ескен жалған ақпараттың үлесі Канттың айтқан трансцендентальді, межеден асқан түрімен пара-пар. Қоғамды ақпараттандыру жолында біржақты Ресей бұқаралық ақпарат құралдарының дүрбісімен көз тігу түбі жарға жығады. Салауатты, толыққанды ақпараттан қашан да ұлттық мүдденің исі бұрқырап тұруы тиіс. Халықаралық ұйымдар мен ағылшын не өзге тілді шетелдік БАҚ-тарға сілтеме көрсету де жолдан жаңылдырмайды. Ақпарат таратушының энциклопедиялық, лингвистикалық, саяси білімі жоғары болған сайын жалған жаңалықтан алшақ жүреді. Бұл жерде Қазақ елінің ақпаратын Орта Азия, бауырлас түркі ұлттары ұдайы назарда ұстап отыратынын естен шығармағанымыз дұрыс. Менің ойымша, ұлттық ақпараттық кеңістікті құтайтуға шығармашыл, аналитикалық ойлау машығы мығым жандар араласқанға ғана даму, ілгерлеу болады. Жалған ақпаратпен күрес – баршамыз үшін үлкен жауапкершілік.

Әлімберді Ләззат,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Баспа менеджменті және типография
мамандығының 2-курс магистранты.

Мухатаева Қоңыр,

филология ғылымдарының кандидаты,
Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік
өнер кафедрасының доценті

Зағип жандарға арналған басылымдар

Зағиптар да кез келген азамат сияқты ақпарат пен жаңалықтарды алуға құқылы. Бұл тұрғыда ұлттық басылымдар зағип жандарға ақпаратты қолжетімді етуге зор үлес қоса алады. Десек те, қазіргі таңда зағип жандарға арналған республикалық басылымдарда біраз мәселелер туындап отыр. Басты мәселелердің бірі – мұндай басылымдарды құруға және таратуға қаржылық қолдаудың жоқтығы. Зағип жандарға арналған республикалық басылымдар көбінесе ерікті негізде жұмыс істейді және қайырымдылыққа тәуелді. Бұл жарияланымдардың сапа стандарттарына сәйкес келмейтіндігіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар зағип жандарға арналған республикалық басылымдардың қолжетімділігіне технологиялық мәселелер де кедергі келтіруі мүмкін. Мысалы, егер жарияланым экраннан оқуға арналған оқуға оңай пішімге қолдау көрсетпесе немесе аудио нұсқасын бермесе, бұл зағип оқырмандар үшін қол жеткізуді қиындатады. Дегенмен, зағип жандарға арналған республикалық басылымдардың қолжетімділігін арттырудың келешегі бар. Мысалы, дауыстық көмекшілер сияқты жаңа технологияларды пайдалану – қолжетімділікті айтарлықтай жақсартады. Сонымен қатар ұйымдар мен үкімет зағип жандарға арналған республикалық басылымдарды жасауға және таратуға қаржылық қолдау көрсете алады.

Кез келген кітапхана жұмысының негізгі мақсаты – ақпаратқа қол жеткізу. Мамандандырылған кітапхананың мақсаты – оны көру проблемалары бар оқырмандарға дұрыс форматты ұсыну болып табылады. Цифрлық дәуірде ақпаратты беру, жеткізу мүмкіндігі бірнеше есе өсті. Қазіргі заманғы мамандандырылған кітапханаларда пластикалық тасымалдағыштарда да, электронды нұсқада да бар.

Ақпарат пен жаңалықтарға қолжетімділік барлық адамдар үшін, соның ішінде зағиптар үшін маңызды аспект болып табылады. Зағип жандарға арналған республикалық басылымдар

зағип оқырмандар үшін ақпараттың қолжетімділігін айтарлықтай жақсартып алады. Кейбір проблемаларға қарамастан, зағиптар үшін республикалық басылымдардың қолжетімділігін жақсартудың келешегі бар және бұл басымдық болуы тиіс. Қазақстанда бүгінде зағиптар мен нашар көретіндерге арналған 16 республикалық кітапхана бар.

Мамандандырылған кітапханаларға оқырмандардың аталған санаттарымен қатар олардың отбасы мүшелері, аудан және қала тұрғындары келеді. Мұндай кітапханалардың қоры кез келген нақты сұранысты пайдаланушыларға арналған әртүрлі форматтағы кітаптарды қамтиды. Қазақстанда жыл сайын 4-4,5 мыңға жуық кітап басылып шығады. Олардың барлығын арнайы форматта қайталау мүмкін емес. Дегенмен, арнайы кітапханалар оқырманның сұранысы бойынша қажетті кітапты кез келген мәлімделген форматта (дыбыста, нүктелік немесе үлкейтілген қаріпте, рельефтік-графикалық және т.б.) көбейтуге мүмкіндіктері бар.

Зағип жандар көбінесе «Брайль» шрифтісімен жазылған кітаптарды таңдауға тырысады. Қолмен оқу, оқуды тактильді қабылдау қалыпты психикалық және сенсорлық дамуды, өмірді эмоционалды қабылдау үшін өте маңызды.

Мамандандырылған кітапханаларда қорлар ақпарат көздерін тиісті санаттар бойынша бөлу қағидаты бойынша құрылған. Бұл қатарда тактильді кітап ерекше орын алады, өйткені оны жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндай кітап үшін өндірісте тиісті талаптар қойылады.

Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша орналасқан зағип және нашар көретін жандарға арналған республикандық кітапхананың 7 пункті бар. Кітапханада сөйлейтін және «Брайль» кітаптарын шығаратын бөлім бар.

Соңғы деректерге (01.07.2022ж.) сәйкес Алматы қаласындағы зағип және нашар көретін адамдарға арналған кітапхана қорында 253158 кітап бар екен.

Кітапхана қоры	01.01.2022 жылғы		Оның ішінде қазақ тілінде		1 жартыжыл- дықта түскен 2022 ж.		Оның ішінде қазақ тілінде		1-ші жартыжыл- дықта оқудан шығып қалғаны 2022		Оның ішінде қазақ тілінде		01.07.2022 жылғы бары		Оның ішінде қазақ тілінде	
	дана	атау	өнеу	атау	дана з.	өле	дана	атау	дана	атау	дана	атау	дана.	атау	дана.	атау
жоғары нүктелі шрифт әдебиет	55515	6623	1885	218	456	102	33	5	0	0	0	0	55971	6725	1918	223
Дауысты кітаптар	63678	45467	35655	9433	545	445	565	433	65454	43442	33222	0	3422	5433	565	345
Жазық шрифті әдебиеттер	8645	7665	34354	3896	333	3455	45	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Грамматикалар	0				0		3		7							

Рельефтік графикалық көмекші құралдар		45	66	0	0	7	87	0	0	0	0	89		8	0
Журналдар РТШ	15444	546	55	5		56				8		0	54	65	
Газеттер		4	7		7	4566		66			43		0		0

Кітапхана басшының айтуы бойынша, кітаптар тапсырыспен емес, бүгінгі таңда кітапхана оқырмандары үшін ғана шығарылып отыр. Қазіргі таңда министрлік қолдау көрсетіп отыр дейді, алайда соңғы үлгідегі машинаны қолданыста жұмыс істетіп отырған қызметшілерді көрмедік. Мамандардың тапшылығына байланысты браиль қаріпімен жұмыс істей алатын жұмысшыларды қарастыру керек. Санаулы баспахана болғандықтан сұраныс төмен, яғни бұл дегеніміз оқырман саны көп емес, керек адам өзіне қажетті ақпаратты интернеттен жүктеп алады. Мысалы, бір кітабымыз біздің мың бет болса, браиль қаріпімен дагсберри бағдарламасына салып аударсақ, бедерлі нүктемен шыққан кітап төрт мың бетке тең болады. Бұл дегеніміз қағаздың тығыздығы жүз алпыс грамды құрау керек. Бір кітапты шығару үшін арнайы кітаптардың бір беті браиль қаріпімен төрт бетті құрайды. Қаншама қағаз кететінін енді ойлай беріңіз. Соңғы жылдары министрлік көмек көрсетіп, абырой болғанда қағаз мәселесі шешіліп отыр дейді кітапхана басшысы.

Аудио кітаптар шығаратын екі студия бар. Сол жерде аудио кітаптарды жазып, оқырмандарға тарту етеді екен. Өндіріс принтері және жартылай өндіріс принтері болады. Браиль бокс бес ол соңғы үлгідегі техника, бір секундта төрт жүз символ басады, ал баспадағы принтерлер олай шығармайды, тіпті реттеп те бермейді. Рулон қағазы болады керегін басып, түптеп, дайын кітапты қолыңызға береді, ал бізде мүлдем ондай өндірістік принтер жоқ дейді кітапхана басшысы. Түптеу құралдарының өзі түгел емес. Бұндай қарқынмен бірнеше кітапты бірақ шығаруға мүмкіндік жоқ. Егер мемлекет құрал-жабдықпен қаржыландырса, жиырма өңірдегі арнайы кітапхана мен он екі арнайы мектеп-интернаттарын кітаппен қамтамасыз ету жоспарлануда. Білім толықтыру үшін оқитын кітаптарды цифрлық форматта алып жүру керек. Цифрлық кітапты бірнеше бөлімге, яғни сөздер бойынша, әріп бойынша, мәтін бойынша деп бөліп қойған, сондай стандартқа сай шығарылуы керек. Ал көзі көрмейтін адамдарға шығарып отырған цифрландырылған кітап өте қате дүние, өйткені олар дайын кітапты сканердан өткізіп апарып, қаріптік форматқа салып, бізде кітап цифрланған деп шығара береді екен.

Алматыда орналасқан арнайы кітапхананың басшылығының айтуынша, кітапханаға бірінші кезек, қызметкерлер жетіспейді. Құрал-жабдықтар кітаптарды басып шығаруға жеткілікті болғанымен, инновациялық құралдардың жоқтығы жұмысты тежейді. Мысалы, түптеу құрал-жабдығы жоқ. Кітапханадан шыққан кітаптар қарапайым мұқабамен басылып шығады. Оны безендендіру құралдары қажет.

Одан кейінгі мәселе, кітапхананың өзінің ғимаратының жоқтығы. Көп жағдайда кеңістіктің жеткіліксіздігі сезінеді. Кітапхана өзі орналасқан ғимаратты «зағип жандар» ұйымынан жалға алады. Кітапханаға кірген мезетте кеңістіктің тарлығы сезінеді. Барлық кабинеттер тар болып келген.

Тағы бір мәселе, арнайы кітапхананың маңызды халықаралық ұйымдарға мүше болмауы. Алматы қаласындағы арнайы кітапхана 2007-2012 жылдар аралығында DAISY консорциумына мүше болған. Қазіргі таңда қаражаттандырудың жеткіліксіздігінен бұл мүмкіндігінен айырылып отыр.

Көзі нашар көретін жандарға заманауи тифлотехниканың атқаратын маңызы зор. Тифлотех-

ника оқу және өндірістік, тұрмыстық болып екіге бөлінеді. Оқуға арналған құрылғылар білім беру процесін игеруге мүмкіндік берсе, тұрмыстық жағдайға арналған құрылғылар өмір сүру деңгейін жақсартады. Бұрын қол жетімді болмаған арнайы жабдықтар мен құралдар көмегімен жүзеге асыруға тифлотехника өндірісі зор үлесін қосады. Тифлотехника зағип және көзі нашар көретін жандарға бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, мүмкіндігі шектеулі, көру қабілеті нашар адамдарға көмектесу үшін құрылғыны құру, күнделікті өмірі мен тұрмыстық әсерлер қоршаған объектілерін, олардың қабылдау аумағын кеңейту бағдарын жеңілдетуге арналған техникалық құралдарын әзірлейді. Тифлотехника түрлі линза түрлерін, көзілдірік, арттыру құрылғыларды, теледидар құрылғыларды қамтиды.

Ғылыми-техникалық прогресс кез келген тұлғаның өмір сүру сапасын жеңілдетуге арналған. Соның ішінде, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы құрылғылардың пайдасы көп. Соңғы онжылдықтарда «оқу машиналары» ғана емес, көру қабілеті нашар адамдар үшін де компьютерлік бағдарлама белсенді дамыды. Бүгінгі таңда ең танымал болып Freedom for Science Inc. компаниясы әзірлеген JAWS Windows жүйесіне арналған экранға қатынау бағдарламасы. Бірқатар компаниялар зағип жандар үшін қолжетімді форматтардағы кітаптарды құруға және редакциялауға арналған баспа жүйелерін жариялайды. Көру қабілеті нашар адамдар көптеген экранды кеңейту және бейнені өзгерту бағдарламаларын белсенді түрде қолданып, көру қабілеті нашар адамдарға компьютерді пайдалануға мүмкіндік береді. Бағдарлама мазмұнды 60 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ суретті өзгертуге және мәтіндік мазмұнды дауыстап оқуға мүмкіндік береді. Бірқатар бағдарламаларды әзірлеушілер көру қабілеті нашар адамдарға және интернетте электрондық поштаға зағиптардың жұмысын жақсартуға баса назар аударды. Көру қабілеті нашар адамдар үшін математикалық мәтінді оқуды қолдайтын баға жетпес бағдарлама. Қарттар үшін газет, кітаптар мен интернет-радионы тыңдау бағдарламасының жұмыс нұсқасы бүгінгі күні талап етіледі. Бұл бағдарламаларға мыналар кіреді: Cobra™ / Baum AG экранды қолжетімділік бағдарламасы; NVDA / NVDA жобасы тегін экранды қолжетімділік; Window-Eyes™ / GW Micro экранға кіру бағдарламасы; Thunder / Screenreader.net CIC тегін экранды қолжетімділік бағдарламасы; Windows MAGic 13 нұсқасына арналған экранның үлкейту және кескінді өзгерту бағдарламалары.

Қорытындылай келе, ақпарат пен жаңалықтарға қолжетімділік барлық адамдар үшін, соның ішінде зағиптар үшін де маңызды аспект болып қала бермек.

Махаббат Альмухаметова,

Баспагерлік-редакторлық және

Дизайнерлік өнер кафедрасының оқытушысы.

Ғылыми жетекшісі: **Бауыржан Жақып,**

филология ғылымдарының докторы,

профессор

Кеңес Одағында жарық көрген «Тамаша адамдар өмірі» («ЖЗЛ») басылымының мазмұндық, таралымдық ерекшелігі

Ғұмырнама, мемуар (гр. bios – өмір, grapho – жазамын) – жеке тұлғаның өмірі мен атқарған жұмыстарының жылнамасы. Әдебиеттану ғылымында жазушының өмір жолын зерттеу. Бұл зерттеушілік жұмыс үшін өте қажетті, өйткені суреткердің өмірлік тәжірибесінің әлеуметтік тұрмыстық жай-күйі, толғаныстары көркем шығармашылықта көрініс береді. Көркем образдардың прототиптерін білуге, шығармашылық процесте жеке өмірлік материалдардың қорытылу жайын түсінуге, суреткердің лабораториялық құпиясын ашуға көмектеседі. Сондай-ақ

күнделіктер, хаттар, замандастарының естеліктері және суреткердің өзі жазып қалдырған әртүрлі деректер ғұмырнама жазуға негіз болады. Биографияның бір түрі – автобиография, яғни, автордың өзі жазып қалдырған ғұмырнамасы. Ғұмырнама – көркем ғұмырнама, ғылыми ғұмырнама, академиялық ғұмырнама, т.б. түрлерге бөлінеді. Ғұмырнама жазу дәстүрі көне дәуірден басталады (мысалы, Плутохтың «Салыстырмалы өмірі»). Әлемдік әдебиетте ғұмырнама жазудың шеберлері қатарында Дж. Вазары, Дж. Фостер, С.Цвейг, Р.Роллан, т.б. аталады. Көне түркі ескерткіштері де (VII ғ.) ғұмырнама үлгісімен жазылған. Мұның өзі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнама жанрының тағрихы ертеден басталатынын аңғартады. М.Дулатовтың 20 ғасырдың басындағы ғұмырнамалық мақалалары, М.Әуезовтің Абай, Қ.Жұбановтың Құрманғазы өмірі мен шығармашылығы туралы жазған кітаптары қазақ әдебиетіндегі ғұмырнама жанрының кемелденуіне ықпал етті. Кеңестер Одағында «Тамаша адамдар өмірі» ғұмырнамалық сериясы танымал болған. XX ғасырдың соңында Д. Қонаев, Х.Ерғалиев, М. Мағауин, Ә.Нұршайықов, Қ.Жұмаділов, т.б. тұлғалардың ғұмырнамалық шығармалары жарияланған [1].

1890-1924 жылдары Ф.Ф. Павленкова «Тамаша адамдар өмірі» сериясын шығарды. 1915 жылдан бастап бұрын шыққан кітаптарды қайта басып шығару ісін жүзеге асырды. Кітаптар көлемі кішірек әрі арзан болды (25 тиын). Кітаптардың орташа таралымы 30-40 мың тираж болды. 1917 жылдың революциясына дейін серия жалпы таралымы шамамен 1,5 млн. даналары 40 қайта басылып шықты.

Революциядан кейін Ф. Ф. Павленкованың ісін жалғастыруға бірнеше әрекет жасалды:

1921 жылы М.Сабашников пен С.Сабашников «Тарихи портреттер» сериясын шығарды.

1922 жылы «Колос» баспасы «Биографиялық кітапхананы» шығарды.

1923 жылы «Брокгауз-Ефрон» баспасы «Адамзат бейнелері» атты биография басып шығарды.

1925 жылы «Биографиялық кітапхана» мемлекеттік баспадан шықты.

1928 жылы «Тамаша адамдар өмірі» сериясы «Мәскеу жұмысшысынан» шығарылды.

1933 жылы серияның алғашқы кітаптары орыс жазушылары М. Горький, М. Кольцов және А.Н. Тихоновтың бастамасымен «Журнал-газет бірлестігі» редакциясымен шығарылды. Горький кітап сапасына риза болып, сол кездегі Комсомол ОК Бас хатшысы А. В. Косаревке «ЖЗЛ» сериясына қамқорлық жасауды ұсынды. 1938 жылы «Журнал-газет бірлестігі» таратылып, серия «Жас гвардия» – ВЛКСМ ОК баспасына берілді. 1938 жылдың 127-128 шығарылымынан бастап, қазіргі күнге дейін серия «Жас гвардиядан» шығарылады. Баспада қоғамдық редколлегия сериясы құрылып, оның құрамына академиктер В.Л. Комаров, Е.В. Тарле, А.Е. Ферсман, профессорлар Ю.Н. Тынянов, П.Ф. Юдин, жазушылар А.А. Фадеев, А.Н.Толстой жұмыс істеді. Негізінен осы уақытта кітап кейіпкерлері әлемге әйгілі ғылым мен өнер қайраткерлері, сондай-ақ революционерлер болды. 1941 жылға дейін жалпы таралымы 500 мың данаға жуық 116 кітап сериясын жарыққа шығарды [2].

1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты баспа Уфаға көшіріледі, бірақ 1942 жылы Мәскеуге қайтып оралып, жаңа шығарылымдар дайындауға кіріседі. Соғыс жылдарында 28 кітап «Орыс халқының ұлы адамдары» (1943-1944) және «Ұлы орыс адамдары» (1944-1945) атауымен 300 000 дана таралыммен шықты.

Серияның өмірінде Хрущев жылымасының келуімен өзгерістер болды. Жыл сайынғы шығарылымдардың саны 5-6-дан 25-30-ға дейін артты, кейбір шығарылымдардың таралымы 115 000-ға жетті. Көп аудармалы басылымдар пайда болды, С. Цвейгтің Бальзак туралы, И. Стоунның Джек Лондон туралы, К. Сэндбергтің Линкольн туралы кітаптары жарыққа шықты. 1962 жылы М.Булгаковтың «Мольер» кітабы жарық көрді.

1960-1980 жылдары «Прометей» ЖЗЛ сериясындағы тарихи-биографиялық альманах (16 шығарылым) жарыққа шықты.

Сериялық мұқабаны безендіруге суретшілер П. А. Алякринский (1-19 шығарылымдары), Н.В. Ильин (20-29, 32-35 шығарылымдары), Г.В.Бершадский (30, 31, 36-98 шығарылымдары), Б. Титов (100-114 шығарылымдары), Е. Кривинская (142-147, 151 шығарылымдары), Е.Бур-

гункер (154-182, 197 шығарылымдары), М. Большаков (142-147, 151 шығарылымдары), Е.Бургункер (154-182, 197 шығарылымдары), М.Большаков (181-184, 186, 188-196, 198-199 шығарылымдары) 1962 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейінгі шығып жатқан серия кітаптарының мұқабасын Ю. Арндт ұсынған. Ол оны жасап, байқаудан жеңіп алды.

Серияның танымалдығы ХХ ғасырдың 80-жылдардың ортасында шыңға жетті. В.А. Степановтың «Юрий Гагарин» (676, 1987 шығарылым) және А. А. Михайловтың «Маяковский» (700, 1988 шығарылым) кітаптары 300 000 данаға ие болды. 1994 жылдан бастап серия кітаптарының тираждары тез азая бастады, 2010-жылдары олар негізінен 2000-5000 дананы құрайды, яғни, кеңес уақытынан ғана емес, патшалық Ресейдің уақытынан да артта қалды.

1989 жылы «Тамаша адамдар өміріндегі» «Кіші серия: Библиография сериясы» «Кіші серия В.Д.Успенскийдің «Зоя Космодемьянская» атты кітабының шығуымен ашылды. 1991 жылы серия басылымы тоқтатылды және тек 2009 жылы негізгі серия үшін 1934 жылы дайындалған А. К. Воронскийдің «Гоголь» кітабының шығаруымен жаңартылды (автор тұтқындалғаннан кейін тираж жойылды, бір данасы сақталды).

1996 жылдан бастап қайта жарияланымдарға жаңа нөмір беріле бастады. Қайта жарияланымдардың саны бойынша Д.Л. Быковтың «Борис Пастернак» (14 басылым) кітабы рекорд болды.

2001 жылы 1000 шығарылымға жасанды түрде қол жеткізу туралы шешім қабылданды. Сондықтан Перудің Г.П. Аксеновтың «Вернадский» кітабы 1000 (800) басылым ретінде шықты. Осыған орай РФ Мемлекеттік Думасының ғимаратында ЖЗЛ кітаптарының көрмесі өтті.

«Жас гвардияның» арқасында бұл кітап шығару жобасы халықаралық тәжірибеде жоқ ауқымға ие болды. Шынында да бұл әрбір білімді адамға таныс ғасырдың нағыз бестселлері. Алайда 2003 жылы Р. Пейннің «Ленин: жизнь и смерть» кітабы 823 (1023) шығарылым ретінде белгіленді.

2005 жылы «Жас гвардия» баспасында шыққан «Тамаша адамдар өмірі. Өмірбаян жалғасуда...» сериясының бірінші томы И. И. Цыбульскийдің «Борис Громов» кітабы болды.

2006 жылы негізгі серияның 1000-мерейтойлық шығарылымы пайда болды. Ол В. И.Десятериктің «Павленков» кітабы болды.

2009 жылы «Вселенная ЖЗЛ» газетінің бірінші нөмірі шықты.

2015 жылы шыққан И.Н.Виравовтың «Андрей Вознесенский» кітабы 1500-мерейтойлық шығарылым болды.

2018 жылдың ортасына қарай «Тамаша адамдар өмірі: Библиография сериясы» жалпы таралымы 200 миллион данадан асатын 1700-ден астам кітап шықты [3].

«Тамаша адамдар өмірі» (ЖЗЛ) сериялық басылымын ең алғаш рет 1933 жылы А.И. Дейчтің «Генрих Гейнесімен» басталып, одан әрі Ю.В. Соболевтің «Щепкин», Л.И.Гумилевскийдің «Рудольф Дизель», П.В.Слетов., В.А.Слетованың «Менделеев», Л.Б.Каменовтың «Чернышевский»; 1934 жылы В.Н.Владимировтың «Франклин», П.С.Сухотиннің «Чехов», А.К.Воронскийдің «Гоголь»; 1935 жылы З.Цейтлиннің «Галилей», К.Л.Баевтың «Коперник», А.К. Дживегеловтың «Леонардо да Винчи»; 1936 жылы Е.В. Тарленің «Наполеон», А.К. Виноградовтың «Байрон», М.И.Радовскийдің «Фарадей»; 1937 жылы Д.С.Дандуровтың «Шота Руставели», С.Я. Лурьенің «Демокрит»; 1938 жылы К.Осиповтың «Суворов», А.К. Дживегеловтың «Микеланджело», С.В. Ивановтың «Лермонтов»; 1939 жылы М.О. Мендельсонның «Марк Твен», Л.П. Гроссманның «Пушкин»; 1940 жылы К.И. Куниннің «Магеллан», А.А. Альшвангтың «Бетховен» сияқты шығармалары жарық көрді.

«Тамаша адамдар өмірі» (ЖЗЛ) сериясынан 1960 жылы Г.Н. Голубевтің «Улугбек», 1968 жылы Р.Г. Фиштің «Назым Хикмет», 1972 жылы Тұрсынбек Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин», 1987 жылы Ш.З.Султанов., К.З.Султановтың «Омар Хайям», 2000 жылы Р.Груссенің «Чингисхан: Покоритель вселенной», 2004 жылы И.И.Стрелкованың «Валиханов», 2004 жылы Жан-Поль Рудың «Тамерлан», 2004 жылы Э.Ж.Валихановтың «Кенесары», 2008 жылы Н.А.Анастасьевтің «Абай: тяжесть полета», 2010 жылы М.Сәрсекеңің «Бекмаханов», 2012 жылы Е.Б.

Сыдыковтың «Шакарим», 2012 жылы Э.Дешодтың «Атилла», 2016 жылы В.Ф.Михайлов, Т.А. Мансуровтың «Нурсултан Назарбаев», 2017 жылы Ч.Г.Гусейновтің «Мухаммед» т.б. шықты.

Журналист Қали Сәрсенбай: «Тұлғалардың өмірін оқыған адам тарихты өз-өзінен біледі. Қарап отырсақ, әлем тарихының өзі тұлғалардың өмірінен тұрады. Наполеонсыз Францияны, Черчилльсіз Ұлыбританияны елестету мүмкін бе? Сол секілді өзіміздің Алаш ардақтылары да қалың тарихымыздың үлкен әрі маңызды бөлігін жасап кетті. Бәрінің анасы бір мезгілде толғатқандай бір заманда топ-тобымен туа қалған осы Алаш қайраткерлерінің әрқайсысы (сол тұста Орта Азия аумағында мұншалық қайраткерлер шоғыры шыққан емес) ұлтына жанқиярлықпен қызмет еткені өз алдына, жеке тұлға ретінде алып зерттесең, бәрі жан-жақты, білімді, терең зияткерлер. Еліне жанқиярлықпен еңбек еткені өз алдына, олар ұлты үшін ғазиз басын бәске тіккен жанкешті тағдыр иесі болды. Мағжан ақын бола тұра педагогикадан, жазушы Жүсіпбек психологиядан, ал қайраткер Халел қазақ тілінде медицинаны жіліктеп кітап жазды. Бұл кезінде ұлтты көтеру үшін қажеттілік болған да шығар, бірақ басқа салада жүріп, мұншама терең, сауатты, жан-жақты еңбектер жазып, тарту ету үшін телегей-теңіз ілім-білім керек», – дейді [4].

«Тамаша адамдар өмірі» («Жизнь замечательных людей») сериясымен жарық көретін ғұмырнамалық шығармалардың қатарында қазақтан шыққан тұлғалардың, қайраткерлердің өміріне арналғандары сирек. Кейіннен аталған серия бойынша Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасынан қазақтың айтулы азаматтарының өмірін зерттеген біраз (Шоқан, Сәкен, Қаныш, т.б.) деректі ғұмырнамалық туындылар жарық көрді. Ұлт перзенттерінің өнегелі істері мен ғибратты ғұмыры баршамызға үлгі болғандықтан, қазір «Жизнь замечательных людей» сериясы «Өнегелі өмір», «Тамаша адамдардың өмірі» деген атаумен шығады. Өткенімізге үңіле отырып, ертеңімізге көз тастасақ, бүгінгі жарыққа шығып жатқан шығармалар келешек ұрпаққа мұра болып қалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна» Ltd. ЖШС, 2010.
2. Жизнь замечательных людей. /<https://ru.wikipedia.org/wiki>
3. Логистика в книжном деле. Учебно-методический комплекс. Құрастырған Мергенбаева Қ. А.: «Қазақ университеті», А 2012.
4. Сәрсенбай Қ. Баспасөзден мәдениеттің, зиялылықтың ісі аңқып тұруы керек. «Алматы ақшамы», 5 шілде 2018.

Рашид Кемелбек,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің 3-курс студенті.

Ғылыми жетекші: **Гүлмира Әшірбекова,**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің доценті, ф.ғ.к.

Цифрлы баспа: Әдеби кітап шығарудағы мәселелер

Баспа ісі – әрқашанда маңызды сала ретінде жоғары бағаланатын кәсіптердің бірі. Неге десеңіз, газет, кітап, журнал және жалпы басып шығару санатына жататын жұмыстың барлығы қоғам тарапынан жақсы бағаланған. XV ғасырда И. Гутенбергтің «баспа машинасын» ойлап табуы, баспаның едәуір ілгерілеуіне үлкен септігін тигізді. Бұл жаңалық тек баспагерлер үшін ғана емес, бүкіл қоғамның алға дамуы үшін себеп болған негізгі фактор еді. Баспа ісі тұрақты кәсіп ретінде Еуропада XVI ғасырда өз жұмысын бастады. Оның генезисінде негізгі рөл ойнаған оқиғалардың бірі – капитализмнің пайда болуы. Баспаханалардың өз аумақтарын

үлкейтуі, олардың өнімдерінің артуы, ұзақ уақыт кітап шығару ісінің болуы, техникалық және қаржылық тұрғыда ұдайы қамтамасыз етуді талап етті. Соның салдарынан XVI-XVII ғасырда баспагер деген жаңа мамандық пайда болды.

Баспадағы ерекше танылған есімдер қатарына Мануция Альдті (Венеция), К.Плантенді (Антверпен), Эльзевир отбасын (Нидерланды), Дидо және Этьенді (Франция) жатқызуға болады. XVIII ғасырда өздерінің жеке баспаханалары жоқ көптеген баспагерлер жұмыс істеді. Олар өз жұмыстарын сауда фирмаларының көмегімен ғана іске асырып отырды. Баспа ісінің дамуында қиындық көп болды. Әсіресе, феодалды-шіркеулік тараптан көзқарастың дұрыс болмауы, оның дамуын баяулатты. Олардың ойынша діни кітаптарды басып шығару, буржуазияның негізгі құралы ретінде діндік жүйенің аяқ асты болуының себебі еді. Сондықтан да цензура белең алды.

Баспаханаларға әртүрлі салықтар, болмашы әрекеттері үшін айыппұлдар салынып, бірінен кейін бірі жабылып жатты. Ал баспагерлер болса, ауыр күнә жасаған қылмыскерлер секілді соттан сотқа тартылып, ұзақ уақытқа абақтыға қамалды. Дегенмен XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың басында буржуазиялық қоғамның феодализмнен үстем болуы, Еуропа елдеріндегі баспаханаларға жаңа тыныс бергендей болды. Кітап шығару және оған деген сұраныстың артуы жылдам дамыды. Бұл сұраныс біршама жаңа бөлімдердің пайда болып, жаңа сатыларға көтерілуіне ықпал етті. Редакциялық, ақпараттық-библиографиялық, жарнама және әлбетте кітап саудасы мен арнайы үлкен саланың пайда болуы баспа ісін жаңа белеске алып шықты. Аз уақыт ішінде баспаханалардың көп бөлігінде баспа машиналары қолданыла бастады [1].

XVIII ғасырда қағаз шығаратын техниканың дүниеге келуі қағаз бағасын арзандатса, XIX ғасырда «жазық басу» машинасының пайда болуы баспа саласының мүмкіндіктерін арттырды. Жаңа күшке ие технологияның келуі өз кезегінде акционерлік компания және кітап пен газет-журналдарды сынау секілді ерекше ұйымдардың қалыптасуына ықпал етті.

Қазақстанның баспа тарихы едәуір тереңде жатыр. Еуропадан біршама жыл кейін дамығанымен, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Отандық баспа ісі қазіргі таңда қанатын кең жайып келеді. Баспа саласында кітап басу мен таратудың түрлі жаңа тәсілдері кеңінен таралған. Сондай-ақ салалық баспалардың да қатары көбейген. Бұл – отандық баспадағы бәсекелестіктің белгісі.

Баспа ісіндегі контент-индустрия деген түсініктің пайда болуы, сан алуан өзгерістердің келуіне себеп болды. Бұл өзгерістерді 1996 жылы Билл Гейтс айтқан: «Контент – ол патша» деген сөзбен тоғыстыруға болатын. Алайда оның бүгінгі туралы ойлар мүлдем басқаша болмақ. Себебі қазіргі уақытта контент-провайдер мамандарының мақсаты нақты айқындалған. Барлық салаға цифровизацияның келуі, бұрынғы көзқарастарды өзгерту үшін тың дүниелерді жиі жасауда. Адамның іс-әрекеті мен ойлауы цифрлы платформалардан көрінетін болса, ол тылсым өзгеріс болмайды ма?

Дәл қазіргі уақытта көптеген елдер цифрландыруды дамудың негізгі белгісі деп есептейді. Әлемдегі жетекші мамандардың айтуынша, цифрландыру болашақта бізден бөлінбейтін, масштабты үлкен әрі үнемі өзгерісте болатын динамикалық процесске айналмақ. 15-тен астам ел ұлттық цифровизация бағдарламасын жасап, барлық салаларда пайдаланбақ. Ол елдер тізіміне: Дания, Норвегия, Ұлыбритания, Канада, Германия, Сауд Арабиясы, Үндістан, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, Аустралиия, Жаңа Зеландия және Қазақстан кіреді.

Бүгінгі таңдағы технологияның дамуы тек қоғамды ғана емес, адам болмысын өзгеріске ұшыратып отыр. Адамның субъект ретінде барлық ақпараттық-коммуникативті инновацияларды жасап жатқанына қарамастан, жаңа виртуалды әлем жасаймын, жаңа жаңалықтарды тудырамын деген ойы оның өзін сол ортаға тәуелді етуде. Сәйкесінше адамның екі әлемде (шынайы және виртуалды) бір уақытта болуы, оның санасы мен болмысында трансформация жасайды.

Дәл осындай түсініктер ғалымдардың жаңа цифрландыру кезеңінде жаңа адамның қалыптасатыны туралы пікірлерінің оң екендігін дәлелдеп отыр. Т.В.Колмеецтің еңбегінде жаңа адам түрі былай сипатталады: «Homo digitalis немесе цифрлық адам» [2]. Адамдардың бойында

жаңа ерекшеліктердің пайда болуы, ол қызмет етіп жатқан барлық салаға әсер етеді. Әсіресе ол өз білімінің бастау көзін алатын баспалардың цифрландыру жүйесіне көшуі бүгінгі таңда ауқымы мен тарауы қабаттасып жатқан ірі мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Цифрлық контент пен оны дамытудың бірнеше жарқын мысалдары ретінде смартфондар арасында аудиофайлдар алмасу, кітаптардың электронды нұсқасының пайда болуы, фильм қарайтын сервистердің жетілуі мен әлеуметтік желілердегі ауқымды платформаларды атауға болады. Барлығы түгелімен дерлік цифрландыру жұмыстарының нәтижесі. Басқа көзбен қарағанда барлығы медиаиндустрияның цифрландыру трансформациясының көрінісі. Жоғарыда аталып өткен мысалдардың біршамасы соңғы 15 жылда талқыланып жүрген тақырыптар болса, біршамасы қазіргі маңызы жоғары медиаиндустрия мен цифрландырудың жаңаша туындылары есебінде ғалымдар аузында жүр. Осы қарапайым мысалдардың өздері медиа саладағы цифрландыруды бақылау қажет екендігін көрсетеді. Сәйкесінше осы жерден ерекше екі көзқарас қалыптастыруға болады:

Біріншіден, медиаиндустриядағы цифрлық технологиялардың дамуымен болатын өзгерістер – үзілмейтін процес. Мысалы, соңғы 15 жылда біз күнделікті айтып жүрген жаңа платформалардың пайда болуының өзі күні бүгінде ескі тақырыпқа жатады. Қазіргі таңда біздер технологияның жаңа қарыштау сәтінің куәгерлері ретінде мүлдем басқаша жаңалықтармен танысамыз. Цифрландырудан кейінгі баспалдақ виртуалды әлем. Контенттер мен платформалардан толассыз жаңашылдық күтуге болады. Виртуалды әлем мен жасанды интеллектінің бірігуі, дәл осы медиа салаға бұрын-соңды естімеген мәселелер әкелуі ғажап емес. Тиісінше оның салдары да ауыр. Кітаптардың электронды нұсқасын былай қойып, көзіндегі көзілдірік арқылы өзіңді сол кітаптың ішінде жүргендей сезінетін болсаң, ол деген дамудың ең биік нүктесі деуге болады.

Екіншіден, медиаиндустриядағы цифрлық трансформация, басқа сала өкілдеріне маңызы жоғары ақпараттар береді. Біздің индустрия 15 жылдай әртүрлі цифрлық толқындардың өзгерістерімен күресіп келеді. Әрбір толқын соққан сайын, соған икемделу мақсатында өзгеру қажет. Салыстырмалы түрде банктік жүйелер немесе машина жасау өнеркәсібіне, болмаса т.б. көптеген индустрияларға цифрландыру енді ғана жетті. Бұл дегеніміз – бізде басымдық пен мүмкіндіктердің мол екендігінің белгісі.

Елімізде 1937 жылдан бері «Кітап палатасы» жұмыс істейді. Отандық кітаптардың басылып шығуына, өзгеріске ұшырауына жауап береді. Басқа салаларда қолданылып жатқан цифрландыру «Кітап палатасы» да пайдалану жөн деп есептейді. Осы орайда бірнеше жаңа жобаларды жүзеге асыруда. Ең алдымен қолға алған жобасы «bookfund.kz». 59 млн 522 мың 712 кітаппен танысуға мүмкіндік беретін сайт. Жас авторларды да қолдау мақсатында арнайы шаралар өткізіп тұрады. Мысалы, бастаушы авторға оқырман жинауға көмек көрсету мақсатында, автор әңгімесін өз сайтына салып, оқырмандардың лүпілі арқылы рейтинг шығарып отырады. Кейін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында «Smart qalamger» жобасы іске қосылды [3]. Жобаның мақсаты – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болып табылатын әрбір қаламгердің тегін веб-сайттарын жасап беру және оларға техникалық қолдау көрсету. Цифрландыруға көшудің ең жарқын үлгісі – кітап шығару үшін онлайн платформада дауыс жинау жобасын қарастыруға болады. Халық тарапынан бағаланған шығармалардың ішінен көп дауыс жинағандары комиссия тарапынан мақұлданып, авторға қаламақы төленіп, кітабы сатылады. Аталып 3 жоба отандық баспа ісіне де цифрландырудың келіп жеткендігінің дәлелі. Тек бұл жобалар ғана емес, ары қарай шетелдік өзгерістерді зерттей отырып, еліміздің баспа ісіндегі цифрландыру тудырған жаңа жаңалықтарды көрсетеміз.

Отандық баспаларда әдеби кітаптарды шығару үдерісінде қордаланған бірқатар мәселелерді сауалнама барысында анықтадық. Біріншіден, қағаз бағасының қымбаттығы. Елімізде қағаз өндірілгенімен, ол қажеттіліктерді өтеуге жеткіліксіз. Негізінде қағаздың басым бөлігін Ресейден алып, ал біраз бөлігі Түркия мен Қытай елінен тасымалданатындықтан, елде қағаз бағасы шарықтап тұр. Әсіресе Ресейге жарияланған экономикалық санкциядан кейін, онда

қағаз тапшылығы басталып, бағасы бірден бірнеше есеге қымбаттады. Кітап басатын қағаз химиялық жолмен алынатын целлюлозадан жасалады, санкция әсерінен химиялық қоспалар өндірілмей жатыр. Соңғы жылдардағы зерттеулерге сүйенсек, қағазды тек ағаштан ғана емес, «каннабис» атты өсімдіктен жасауға да болады. Иә, көбісі ағаштан жасалған қағазды сапалы санайды, дегенмен каннабистен де әртүрлі сапада қағаз жасауға болатындығын өзіміздің қазақстандық ғалымдар дәлелдеп көрсетті. Көп адамдар каннабисті есірткі тектес шөп деп есептегенімен, оны да пайдаға жаратуға болады. Қазақстанда каннабисті өсіру заңмен қудаланатынына қарамастан, Жамбыл облысының Шу аймағының маңында өте ауқымды көлемде жабайы каннабис өседі. Сонымен қатар Алматы және Қызылорда облыстарында да каннабис кәдуілгі табиғи жағдайда өсетін көрінеді. Ғалымдардың айтуынша, каннабистен жасалатын қағаз ағаш целлюлозасынан жасалатын қағазға қарағанда өндіріске 30% төмен шығын әкеледі [4].

Екіншіден, корректура сапасы сын көтермейді. Қазіргі таңдағы кітаптарда сөздерде кездесетін грамматикалық қателер өте көп. Бұл әрекет алдымен халық сауатсыздығының өсуіне алып келеді. Оны кейбір баспа үйлерінің өзі де мойындап отыр. Сондықтан іске кіріспес бұрын кәсіби редакторлармен келіссөз жүргізіп алған жөн.

Үшіншіден, маркетингтің нашарлығы. Көп баспа үйлері сапалы кітап шығарғанымен, кітаптың бағасын арзан қойғанымен, сату барысында кедергілер көп. Неге десеңіз, шетелдік әдебиетті де басатын баспа үйлері, ең алдымен шығарма авторынан рұқсат алып, келісімшартқа отыруы қажет. Егер ол заң аясында болмаса, кейіннен кітапты шығарған баспа үйі жауапқа тартылады. Міне, сол келісімшарт жасаудың өзі біраз шығынды талап етеді. Көп баспалардың жеке домендері, яғни сайттары жоқ. Сол себепті де, олар кітаптарын танымал дүкендерге (онлайн/офлайн) қойып, түскен табыстың біршамасын дүкенге төлейді. Маркетингтік қадамдардың жарқын үлгісін мотивациялық және психологиялық кітап жазатын авторлардан байқауға болады. Сондай кітаптардың авторлары халық арасында үй, көлік секілді бағалы заттар ойнатып, автордың кітабын кім көп сатады сол жеңімпаз болады деген секілді әрекеттер жасап, күні бүгінде сұранысқа ие болып отыр.

Жоғарыда аталған нәрселерді ескере отырып, отандық баспа ісі цифрландыру дәуірінде қарқынды дамығанын байқаймыз. Баспа саласында бәсекелестік қалыптасып келеді. Алайда шешімін күткен мәселелер де аз емес. Солардың қатарында – кәсіби редактор мәселесі. Баспа ісі бойынша отандық екі университет маман даярлағанымен, бітірушілердің өз мамандығы бойынша тұрақты жұмысқа орналасу көрсеткіші төмен. Оның бірден-бір себебі, баспалардың жекеменшік болуы дер едік.

2020 жылы Ресейде өткен XXXIII дискуссия алаңында танымал баспалардың басшылары бас қосып, «Баспа нарығының цифрлық трансформациясы кезіндегі баспа технологиялары мен бизнес-моделдері» тақырыбында ой алмасты. Талқылау барысында баспа ісіндегі цифрландыруға байланысты көп деректер айтылды. Соның ішіндегі ең негізгілерінің бірі – «Agile» тәсілін баспа ісінде қолдану. «Agile» тәсілі – 4 құндылық пен 12 принциптен тұратын, үлкен бизнесте жетістікке жеткізетін жүйе. Әрбір кітапты бір проект ретінде қарастыру, жұмыс уақытын қысқартуға үлкен мүмкіндік береді.

Кітап шығаруда «канбан» жапон тәсілін жүйеге енгізу, қазіргі таңдағы әсері мол, дәлелденген әрекеттің бірі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар кітап шығару барысында «брендингке» үлкен мән беру қажет. Дамыған елдер мен дамушы елдер арасында ол әртүрлі деңгейде. Мысалы, АҚШ-та танымал кітаптар 1-3 млн данамен басылатын болса, біздерде 200-250 мың данамен ғана басылады. Батыста кітаптың танымалдығын арттыру үшін арнайы шоулар ұйымдастырып, танымал жазушылар мен жас жазушылар арасында байланыс орнату мақсатында академиялар да ашылған. Жас жазушыларға қолдаудың болмауы – біздегі ең үлкен мәселелердің бірі.

Әдеби кітап басу, дизайнын жасау, жарнамасы мен тарату ісіндегі цифрлық технологияның мүмкіндіктерін зерттеу – алдағы күннің еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ростовцев Е.А., «История книжного дела», Санкт-Петербург, Политех, 2011 жыл, 128 б;
2. Коломеец Т.В.(2019), Homo digitalis (человек цифровой). Национальные приоритеты России, 4(47) [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/homo-digitalis-chelovek-tsifrovoy> (өтінім берілген күні: 31.03.2023).
3. Кітап палатасы «Smart qalamger» жобасын таныстырды. Abai.kz, Маусым, 25 [Электрондық ресурс]: URL: <https://abai.kz/post/93183> (өтінім берілген күні: 31.03.2023).
4. Кузекбай А.(2019), Изготавливать бумагу из конопли намерены в Казахстане. КАЗИНФОРМ, Май, 29 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.inform.kz/ru/izgotavlivat-bumagu-iz-konopli-namereny-v-kazahstane_a3531785 (өтінім берілген күні: 31.03.2023).

Гүлмира Әшірбекова,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің доценті, ф.ғ.к.

Зухра Ермағанбетова,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

Бауыржан Жақып – ұлттық публицистика тарихын зерттеуші

Ұлттық публицистиканың тарихы мен тәжірибесін көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, бүгінгі күнге дейін зерттеп, журналистиканың сан қырлы табиғатын ашып, ғылыми айналымға түсірген ғалым – Бауыржан Өміржанұлы Жақып. Ғалымның 2004 жылы «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» монографиясы, 2007 жылы «Публицистикалық шығармашылық негіздері» оқулығы, 2017, 2018 жылдары «Публицистика негіздері» оқу құралы жарық көрген. Аталған еңбектерінде ұлттық публицистиканың тарихи негіздері мен қалыптасу кезеңдерін қарастырады.

Б. Жақып қазақ публицистика тарихы мен тәжірибесін зерттеуде өзіне дейінгі ғылыми тұжырымдарды басшылыққа алған. Атап айтар болсақ, М.И.Фетисовтың, Т. Амандосов, Ш.Е-леукуенов, Т. Ыдырысов, Т. Қожакеев, Қ.Бекхожин, М. Барманқұлов және т.б. ғалымдардың зерттеу әдістерін талдайды. Публицистиканың тарихи негіздерін қарастыруда ғалымның зерттеу әдістері Е.П. Прохоровтың, В.В. Ученованың еңбектеріне ұқсас болғанымен, өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Біріншіден, Б.Жақып публицистиканың гносеологиялық табиғатын бүгінгі күн тұрғысынан танытты. «Қазақ публицистикасының туу арналары – осы жалынды леппен тасқа қашалып жазылған «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштерінде жатыр деуге толық құқымыз бар. Кеңес дәуірінде бұндай ғылыми байламдарды айту – басын қатерге тігумен бірдей еді. Қазақ публицистикасының зерттелуіне бүкіл ғұмырын арнаған, профессор Т.С.Амандосов та өз еңбектерінде бұл мәселеге жанамалап болса да соқпай кеткен жоқ» [1, 48], – деп жазады. Көсемсөз табиғатын тану, оның арғы тарихын кезең-кезеңімен зерттеу – тәуелсіздік жылдарындағы табыстардың бірі. Мәселен, Күлтегіннің кіші жазуындағы публицистикалық белгілерге дискурс талдау жасайды. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі кісі, жер, су атауларының бүгінгі күнге дейін сақталуы, тарихи деректердің берілуі, сол кездегі оқиғаның хронологиялық тәртіппен баяндалуы осыған дейінгі еңбектерді айтылмаған. Ғалым публицистиканың арғы тегін зерттеуде әрбір ойын дәйектеп жеткізеді. Сондай-ақ Орхон, Енисей, Талас, Суджа т.б. көне ескерт-

кіштерінен осындай белгілердің шығу мүмкіндігін алға тартады. Егер осы ұсынысты негізге ала отырып, зерттеу жүргізсе, ұлттық көсемсөз теориясы мен тәжірибесіне сүбелі үлес қосылар еді.

Екіншіден, ғалымның ұлттық публицистика тарихын зерттеуде алғашқы басылымдардан бастап, тәуелсіздік жылдарына дейінгі әр кезеңнің ерекшеліктерін айқындап, көсемсөз шеберлерінің шығармашылық шеберханасына тоқталды. Айта кетуіміз керек, монографиялық еңбектен бөлек, Б. Жақып публицистердің шығармашылық мұрасына арналған ондаған диссертациялық жұмыстарға ғылыми жетекшілік етті.

Б. Жақып ұлттық публицистиканың тарихы ғана емес, тұтас дәуіріндегі шығармашылық ізденістің ғылыми айналымға түсуіне себепкер болды. Ғалымның әр кезеңдегі қаламгерлік қарымын танытып, қоғамдық мәселелерді зерттеуге, оның шешімін табуына әсер еткен, азаматтық позициясы берік публицистер шығармашылығын зерттеу арқылы тұтас қазақ көсемсөз өнерінің әлеуетін, оның тарихының тереңдігін айқындай түсеміз деген тұжырымы өз нәтижесін берді. Профессор Б. Жақып батырлар жырындағы, жыраулар поэзиясындағы, шешендік сөздердегі публицистикалық сарынды қарастыруда әдебиет пен публицистикадағы көркемдік пен деректілік сипатын айқындап берді. Осы ғылыми пайымды негізге алып, Сыр сүлейлері шығармаларындағы публицистикалық сарынды қарастырғанымызда, толғау, жырдағы көркемдіктен гөрі деректіліктің басым екендігін аңғардық. Мәселен, Қаңлы Жүсіптің 1916 жылғы патша жарлығына байланысты шығарған толғау-термесінде өз қарсылығын білдіреді.

«Июньде 28-інші болды жарлық,
Патшадан алмаққа адам «мәрдіқорлық»,
Тастаған бұғалықтай байқаусызда,
Халайық таппады амал құтыларлық.
Бұл да ұмыт болар ма екен деп күйзеледі,
Басына адамзаттың түскен тарлық.
Халқы үшін құрбандыққа қиып басын,
Әр жұрттан шықты ерлер жан қиярлық» [2,209].

Сыр сүлейлері шығармалары елді адасудан сақтап, тура жолды таңдауға септігін тигізеді. Алаш идеясын қолдап, А. Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Жұмабаев және т.б. қоғам қайраткерлеріне тілектес, ниеттес болуының өзі публицистикадағы қоғамдық сана қалыптастырудағы қадамдары екенін аңғарамыз. Тіпті көпшілікке Алаш басылымдарын арнайы алдырып оқуды ұсынады. Бұл – Сыр сүлейлерінің баспасөзге деген ықыласын байқатады. Мұндай мысалдарды сүлейлер шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Бұл туралы арнайы ғылыми мақала да жазғанбыз.

Профессор Б. Жақып публицистика тарихын зерттеуде мерзімді баспасөз шежіресімен тығыз байланыста қарастыра отырып, әрбір кезеңнің тақырыптық, проблемалық, жанрлық ерекшеліктерін анықтады. Бұл – ғалым зерттеулерінің маңызды бөлігі. «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналындағы публицистиканы бөлек-бөлек талдайды. Бұл орайда ғалымның кампаративистикалық әдісті ұтымды пайдалана білгенін байқаймыз. Мәселен, алғашқы басылымдар мен кеңестік газеттердегі жарық көрген публицистикалық мақалалардың мазмұны мен пішінін талдауда әрбір кезеңнің өзгешелігін анықтауда тарихи-салыстырмалы әдісті пайдаланған. Жекелеген басылымдардағы мақалаларға дискурс талдау жасай отырып, публицистика жанрларының қалыптасуы мен дамуын зерттейді.

«Түркістан уалаятының газетінің» бетінде публицистиканың жанрлары тұңғыш рет қалыптаса бастады. Басылымның микрофильмдегі көшірмелерін қарағанда заметка, есеп, фельетон, мақала, корреспонденция, хат, шолу, жолсапар очеркі, портреттік очерк, ғылыми-танымдық очерк сияқты жанрлар алғаш осы газет бетінде көрініс тапқандығына көз жеткіздік. Қазақ баспасөзіндегі жарнаманың алғашқы нұсқалары да осы газетте жарық көрді» [3, 136],

– деген жолдар – жоғарыдағы ойымыздың дәлелі. «Публицистика негіздері» оқу құралында әрбір газеттегі мақалаларға дискурс талдау нәтижесінде жанрлық сипатын дәл табады.

Дискурс ұғымын Ю. Хабермас «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» атты еңбегінде пайдаланып, оған мынадай белгілер тиесілі деп қарастырады: «Дискурс – тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде дискурс – уақыттың мәдени-тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада дискурс қандай да болмасын мағынаны, құнды іс-әрекеттің нақты тілдік шындығын айтады» [4, 17-18]. Ғалым публицистика теориясы мен тәжірибесіне қатысты зерттеулерінде дискурс талдау арқылы сол кезеңнің саяси оқиғаларына, әлеуметтік қатынасына қарай проблемалық, тақырыптық маңызын анықтап береді.

Б. Жақыптың аталмыш еңбектерінде жекелеген публицистердің шығармашылық шеберханасы арнайы қарастырылады. Әсіресе алғашқы мерзімді баспасөзде қызмет еткен Е.Абылайханов, Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсенбаев, Қ.Жапанов, А.Құрманбаев, О.Әлжановтың мақалаларының проблемалық ерекшеліктерін айқындап береді. Аталған публицистердің мақалалары бөлек-бөлек зерттеуді қажет етеді. Тағы бір байқағанымыз, М.Дулатовтың «Айқап» журналында жарық көрген публицистикалық мақалалары бұрын-соңды қарастырылмаған.

Бір сөзбен айтқанда, ғалым, ұстаз Бауыржан Өміржанұлы Жақып ұлттық публицистиканың генезисін, эволюциясын, поэтикасын зерттеуде тыңнан түрен салды. Бүгінгі күндері журналистік білім беруде жиі пайдаланып жүрген оқулық, оқу құралдарының жаңашылдығы басым. Олай дейтініміз, тәуелсіздік алғанға дейін публицистиканың тарихын көне түркі жазба ескерткіштерінен бастаған зерттеу жоқтың қасы. Сонымен бірге публицистиканың типологиясын жасап, тектік, түрлік, жанрлық, стильдік тұрғыдан жіктеген. Публицистиканың әр кезеңдегі даму бағыттары қазіргі таңда да маңызын жойған жоқ.

Ғалым «публицистика туралы әр жылдары айтылған тұжырымдарға» мән береді. Сондай-ақ «публицистика – белгілі бір уақыт пен кеңістікті қамтитын заман шежіресі, дәуір үні. Өткен кезеңдерде қандай қоғамдық-саяси ахуал болғандығын, халық жағдайын, әлеуметтік өзгерістер мен шаруашылық бағыттарын сол уақыттан қалған ауызекі мұралар арқылы және баспасөз бетінде жазылып, жарияланған публицистика арқылы бүгін біле аламыз» [1, 351], – деп тұжырым жасайды. Қазіргі таңда ғылыми еңбектер мен зерттеулерде публицистика көп қолданыла бермейді. Оған бірден-бір себеп, ақпарат маңызының артуы, цифрлық медианың мен технологияның қарқынды дамуы дер едік. Соған қарамастан мерзімді басылымдарда публицистикалық мақалалардың әртүрлі жанрдағы үлгілерін көреміз.

Бауыржан Жақып ұлттық көсемсөз өнерінің тарихын, теориясын, тәжірибесін тұтас зерттеуде бірнеше ғылыми әдістерді ұтымды пайдалана білді. Әлемдік публицистиканың қалыптасу, даму кезеңдеріндегі маңызды мәселелерге жіті бақылау жасай отырып, ұлттық көсемсөздің әлеуетін жан-жақты зерделеуде тиянақты тұжырым жасады. Ұстаздың ғылым жолындағы тұжырымдары әр кезеңдегі білім алушылар мен ізденушілер үшін маңызды.

Публицистика қоғамдық пікірге әсер етіп қана қоймай, ондағы оқиға мен құбылысқа, өзекті мәселелерге түсініктеме береді. Цифрлық медидадағы публицистиканың жанрлық, мазмұндық сипаты өзгеріп, бірқатар жаңа ұғымдар ене бастады. Сондықтан да қоғамдық ойдың қозғаушысына айналған көсемсөз өнерінің бүгінгі сипатын зерделеу – алдағы уақыт еншісінде.

Патима Жақсылықбаева,

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Тараз қаласы, №47 орта мектеп.

Ұлттық тәрбиенің маңызы мен ерекшеліктері

Қазақ халқы бала тәрбиесіне бей-жай қарамаған. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» деп бала тәрбиесіне аса зор жауапкершілік жүктеген. Ұрпақ тәрбиесі тек ұстаздың ғана емес, барша халықтың парызы екені анық. Тәрбие сапалы болу үшін балаға мектептің, ата-ананың, қоғамның жан-жақты қамқорлығы қажет. «Бала тәрбиесінің үлкен мектебі – ер мен әйелдің, әке мен шешенің бір-бірімен қарым-қатынасы» деп тамаша педагог-ұстаз Сухомлинский айтқандай, ата-анасы өз баласының тәрбиесі үшін қоғам, ел, халық алдында жауапты. Бала тәрбиесі отбасынан, дәлірек айтсақ бесіктен басталады. Осы орайда М. Жұмабаевтың «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн», – деген сөзі әрбір ата-анаға ой салары анық. Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды. Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасынан басталады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Бүгінгі күннің, қазіргі жаһандану дәуірінің басты талабы – өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу. Әлем елдерімен қабырғасын теңестіруді меже етіп отырған елдің білімді жастары тәуелсіздікті нығайтады, ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақ болашақты гүлдендіреді деген сенім мақсатымызға айналып отыр. Ал оған қол жеткізудің алғы шарттарының бірі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Ал, оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Сондықтан да «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе» деген ұлы Мұхтар Әуезовтің сөзін естен шығармауымыз керек. Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектеп пен жалпыға бірдей орта білім беру ісін дамыту, жаңарту проблемаларының ауқымдылығы соншалық, оған жас ұрпаққа білім беру саласында жүрген азаматтармен қатар, ұлт тәрбиесіне бей-жай қарамайтын әрбір адам өз үлесін қосуда. Белгілі жауынгер, Халық қаһарманы Б.Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деген аталық сөздерінде үлкен мән жатқанын баса айтқым келеді. Отбасы – ана-ата – мектеп үштік ұғымы біріккенде сапалы білім мен саналы тәрбие болады. Тәрбие адамдардың пайда болуымен бірге туындайды. Мінез-құлық кемшіліктері – бұл тәрбиені дұрыс бермеу нәтижесі деп есептелген. Халық баланың жас ерекшеліктерін және психологиясы туралы білімді ғасырлар бойы зерттеп жинаған. Баланың болашақта қалыптасуы біріншіден үлкендермен қарым-қатынасына байланысты болады. Зерттеуші ғалым-педагогтар және психологтар жылдар бойы бақылаған баланың ойын іс-әрекетіне байланысты бірнеше қорытынды жасады. Ұрпақ тәрбиесінде бірнеше пайдалы әдістерді қолдануға болады:

Қара сөздер – жанұя педагогикасында кең тараған тәсіл. Халық педагогикасында қара сөз кодекстері кездеседі үлкеннің-кішіге, ұстаздың-оқушысына, халық кеменгерінің-жастарға, әкенің-балаға арналған. Халық педагогика тәрбиесінде түрлі афоризмдер бар, оны педагогикалық категорияға қосады: бағыттаушы, алдын ала айту, сынау т.б.

Халық педагогикасында кең тараған тағы бір әдіс – үйрету. «Затты сумен жуады, баланы үйре-

ту арқылы тәрбиелейді». Балаға үйрету арқылы үлкендер оларға тапсырма береді, оның орындалуын тексереді, мысалдар, мінез-құлқы және әрекет үлгісін көрсетеді.

Сендіру – тәрбие әдісін өзіне түсіндіру және дәлелдеу, яғни нақты үлгілерді көрсету жатады. Бала белгілі түсініктерден, әрекеттен күдіктенбеуі тиіс. Алдымен рухани тәжірибе жинап, кейін оны басқаруға қолданады.

Мадақтау және қолдау – тәрбие әдісі жанұя тәрбиесінің тәжірибесінде кең қолданылады. Бала әрқашанда өзінің мінез-құлқына, ойына, жұмысына баға бергенді қажетсінеді. Жанұядағы ең бірінші мадақтау – ауызша мақтау және ата-ананың қолдауы. Мадақтау және қолдау балаға стимул болатын үлкен әсер береді. Халықта баланы жақсы әрекет жасауға тырысуы үшін мақтайды. Бұл жағдай балаға емес, ата-аналарына ризашылық білдіріп, мақтау берген.

Тұспалдап айту – тікелей немесе жанама, тәрбие әдісі ретінде әсер ету үшін бүкіл шығыс елдерінде қолданылады. «Қызым саған айтам, келінім сен де тыңда», – дегенге саяды.

Жеке өнеге – халық педагогикасында ең радикалды, ең әрекетті әдіс болып табылады. Ата-ананың рухани бейнесі, олардың еңбегі, қоғамдық әрекеті, жанұядағы өзара қарым-қатынасы, заттарға қарым-қатынасы, өнерге – бұның барлығы балаға үлгі болып табылады және олардың тұлғалық дамуына, қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Халық кеменгері бала тәрбиесінде жағымды үлгіні айтады.

Ата-ананың бата беруі – халық педагогикасында ақындық форманы алатын тәрбиенің бір түрі. Жастарға ата-ананың бата беруі, олардың болашақ өмірлік позициясына үлкен әсер етеді.

Ойнау, еңбек ету және оқу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағдыларын игеруге бейімделеді.

Ойын, еңбек, оқу арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыда ықпал жасай аламыз. Ойын, еңбек, оқытуды өзара ұштастырған жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз. Көптеген жазушылар бала ойынының психологиялық мәнін көркем бейнелер арқылы ашқан. Бала ойын арқылы өзінің қуанышын, ренішін, арманын бейнелесе, ертеңгі күні, яғни болашақта сол арманын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше. Жалпы, ойынның қандай түрі болса да атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Ұлттық ойындардың негізгі мақсаты – бала бойына өнердің нұрын себу. Ұлттық ойындардың заман талабына сай өзгертіліп, жаңартылып отырғандары жөн.

Балалар – біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы. Олардың ойын арқылы алған тәлім-тәрбиесі болашақта балаға дұрыс жол көрсетеді. Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, кезінде ғалым М. Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік.

Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың

тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті. Отбасындағы бала тәрбиесі бүгінгі таңда ғылым мен технологияның даму әсерінен өзгеріске ұшырап бара жатқаны белгілі. Бала ата-ана тәрбиесінен гөрі теледидар мен интернет тәрбиесін алып жатыр десек те болады. Сонда біз болашақ ұрпағымызды тәрбиелерде нендей бағыт ұстауымыз қажет деген ой көкейге ұялайды. Яғни, біз балаға ертегі айта отырып, жаттау жаттатқызып, білім мен тәрбиені егіз ұғымда қатар жолға қояр болсақ, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі дұрыс жолға негізделері анық. Осы тұрғыда Бауыржан Момышұлы: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанына қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын», – деп айтқан.

Әрине, баланың сана-сезімі, ақыл-ойы осы нәресте кезінен қалыптасатынын естен шығаратын тұстарымыз көптеп кездеседі. Ал, біздің ата-бабамыздың ұлттық тәрбиесі осындай бала тәрбиесін жете ойлап, жан-жақты қарастырып, тәрбие бастауларын нақтылап, негіздей білген. Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика болғандықтан, баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелегенін кәрі тарих та дәлелдеп береді. Яғни, құрсақ тойы, шілдеhana, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, тұсау кесер, сүндетке отырғызу тағы басқа салт-жоралғылар қатаң ұсталып, басшылыққа алынып отырған. Бұлардың ұлттық ерекшеліктері мен тәрбие негіздері бар. Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Қазақстанда ұлттық мерекеміз – Наурыздың өзінен жастардың алар өнегесі мол. Құяр сағасы ұрпағының тәрбиесін ұлттық тәліммен ұштастыра білу. Қазақ халқының ұлттық мейрамдарында айтылатын өлең-жырларға дейін адамға жақсылық, қайырым жасау, табиғатқа, жан-жануарларға сөз құдіретімен оң ықпал ету көзделгендігін көреміз. Батырлар жырлары мен лиро-эпостық жырларда, ертегінің түрлерінде де көзделетін мақсат келер ұрпақты батыр, қырағы, алғыр азамат етіп тәрбиелеу.

Жастарға балбөбек кезінде ұлттық тәрбиені сіңіру тиімдірек. Бала шыбық тәрізді, қайдан жарық шықса, соған қарай бұрылып өседі. Оған қоса, балаға әсер ететін тартымды әуен екенін ескеріп, ұлттық аспаптармен орындалатын әндерді, күйлерді ақырын ғана қосып қойып, сана-сына әсер ететіндей, құлағын үйрете берген дұрыс. Әртүрлі ою-өрнектермен әшкейленген суретті кітапшаларды халықтық музыка әуенімен біртіндеп ашып, көзін жаттықтыра беру керек. Халық жырауларының термелерін, ертегілерді тыңдату – бала бойына патриоттық сезімін ұялататын бірден-бір тәсіл болмақ. Жас балаларға және ата-аналарға арнап республика көлемінде көп таралыммен халықтың ата-мұрасынан қалған құнды ертегілер, мақал-мәтелдер жалпы ауыз әдебиеті үлгілерін бала сана-сезіміне лайықтап, қалыптасқан шығармаларды сұрыптап шағын кітапшалар етіп шығару қажет. Бала тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, әр жас ерекшелігіне қарай білім берумен сабақтастырған орынды деп ойлаймын. Ол дегеніміз бала дүниеге келгенде бесікке бөлеп, бесік жырымен сусындатудан басталғаны абзал. Өйткені ананың әлдііне жететін әдемі ән әлемде жоқ. Балаға жасына сай жұмбақ шешкізіп, батырлық жырларды жаттатқызып, жан-дүниесіне жақын мамандыққа қарай икемдеуге септігін тигізер болсақ, болашағынан үлкен үміт күттірер, өз елінің болашағын ойлар азамат тәрбиелеген болар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Генезис, эволюция, поэтика. – Алматы: Білім, 2004. 368 б.
2. Ешнияұлы Кете Жүсіп, Қадірбергенұлы Қаңлы Жүсіп, Таубайұлы Жүсіп. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009. – 376б.
3. Жақып Б. Публицистика негіздері: оқу құралы / 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 444 б.
4. Ақтанова Л. Дискурс, мәтін, сөйлесім, тіл мәселелері. – Б. 17-18.

Айнұр Сапарова,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Баспа менеджменті және типографика»
мамандығының 2-курс магистранты

Қазақстанның батысындағы тұңғыш тәуелсіз басылым

Осыдан 32 жыл бұрын – Қазақстан тәуелсіздік алған жылы еліміздің батыс аймағында демократиялық жолда журналистік принциптерге сүйенген, әділ, шынайы әрі жан-жақты ақпарат таратуды мақсат тұтқан тұңғыш басылым жарық көрді. Тәуелсіздіктің төл құрдасы алғашында басқа атаулармен шығып, кейін кең танылып, оқырманы көбейген соң атауын «Ақ Жайық» деп өзгертті. Бұл 1991 жылдың 16 наурызы болатын. Дәл осы күні Қазақстанның батыс өлкесінде ел аузында мұнайлы астана атанған Атырау қаласында «Ақ Жайық» газетінің тарихы бастау алды.

Атырау облысында кең тараған әрі тұңғыш тәуелсіз апталық басылым алғашында (1991 жылдың наурызында) «Компаньон», кейін (1992 жылдың тамызында) «Местное обозрение» аталып, шағын көлемде жарық көрген газет 1993 жылы 7 мамырдан бастап «Ақ Жайық» аталды. Бұл – нарық жағдайына бейімделген, облыс, республика көлемінде өзін-өзі қаржыландыруға толық көшкен алғашқы газеттердің бірі.

Газеттің негізін қалаған марқұм Әбділдә Мұқашев 2011 жылғы өз естелігінде ел аяғына енді тұрып жатқан кезде өз қаражатына биліктің басылымдары айта алмаған шындықты айтуға бекінген жекеменшік газетті шығарудың қаншалықты қиын болғанын еске алады.

– 1991 жылдың 16 наурызында Гурьевке басқа қаладағы баспаханадан ұшақпен төрт ақ-қара парақшадан тұратын «Компаньон» деп аталған газеттің алғашқы саны келді. Бұл газетті шығару кезінде әбден қиналдық және оны жүйелі түрде шығару мүмкін болмады. Жастарға осыдан 20 жыл бұрын республиканың көп өңірінде бірде-бір жекеменшік БАҚ болмағанын елестету қиын шығар. Ескі «АН-24» ұшағымен әкелінген дәл осы біздің газет Қазақ ССР-ның батыс аймағындағы төрт облыстың тәуелсіз баспасөзінің тұңғыш қарлығашы болды, – деп еске алды Мұқашев газеттің 20 жылдық мерейтойында.

Бес жылдан соң, 1996 жылдың жазында Мұқашев өзінің баспаханасын ашуға кіріседі. Мәскеуде білім алып келген Атыраудағы білікті жалғыз полиграфист маманы Гүлбала Сарипованы жұмысқа шақырып, «Ақ Жайық» баспаханасын ашады. Газетті енді өз баспаханасында жүйелі түрде шығарып отырды. Бұл баспахананың жұмыс істеп келе жатқанына биыл – 27 жыл. Осы уақыт ішінде мұнда «Ақ Жайықтан» басқа да басылымдарды, түрлі редакцияның газет-журналдарын, әр алуан тақырыптағы кітаптарды басып шығара бастады. Авторлардың басым көпшілігі, әрине – Атырау облысының тұрғындары.

«Ақ Жайық» газеті алғашында тек орыс тілінде шықты. Ал 1999 жылы таралымның бір бөлігі қазақшаға аударылып таратыла бастады. Кейін газеттің қазақ және орыс тіліндегі нұсқасы бірдей мазмұнда, бірдей дизайнды шықты. Оған қоса, орыс тіліндегі газеттің «Городской парк» қосымшасы, кейін қазақ тіліндегі газеттің «Жайық самалы» қосымшасы жарық көрді. Одан соң газеттің веб сайты жасалып, электронды нұсқасы пайда болғанда, газет таралымы азайып, қаржылық қиындықтар туындады. Осыған байланысты газет жабылудың аз-ақ алдында тұрды. Тіпті 2017 жылдың аяғында редакция басшылығы газетті келесі жылдан бастап шығармайтынын да хабарлады. Ол кезде 4000 оқырманы ғана болатын. Кейін оқырмандар сұранысы ескеріліп, ол шешім өзгертілді. Газет жабылған жоқ, әлі де бар. Бірақ «газет жабылады» деген ақпаратты оқыған көпшілік әлі күнге дейін газет шықпайды деген ойда. Бір кездері «Ақ Жайық» елімізде ең қалың газет болатын. 240 беттен тұратын және 25 мың данамен тарайтын. Ал қазір газет 32 беттен тұрады және таралымы 1000 данаға да жетпейді. Есесіне газеттің веб-сайтында оқырман саны көбейіп, бүгінде айына 1,5 млн қолданушы кіреді, 350 мың қолданушысы

бар. Әлеуметтік желілердегі парақшаларын 50 мыңнан астам оқырман қарайды.

Газетке қайта келсек. 2016 жылы марқұм Әбділдә Мұқашев газеттің 25 жылдық мерейтойына орай алғашқы санын еске алған еді.

– 1991 жылдың 16 наурызында алыс шалғайдағы Гурьев қаласының көшелерінде Қазақстанның батысындағы алғашқы тәуелсіз газет таратыла басталды. Газеттің жоғары жағында алдағы референдумға қатысты алып елдің халқына: «Кенес Социалистік Республикалар Одағын тең құқылы егемен мемлекеттердің жаңартылған федерациясы ретінде сақтап қалу қажет деп есептейсіз бе?» деп қойылған сұраққа берілген «ИӘ» және «ЖОҚ» деген жауаптары көзге түсетін еді.

Қазір мұндай ел жоқ, ТМД мен ЕЭО бар. Бірақ бастысы – біздің Республикамыз, егеменді мемлекетіміз бар. Таңдауыңа қарай, кез келген баспасөз де бар. 91-жылдары жергілікті басшылар күле қарап басудан да, мемлекеттік пошта арқылы таратудан да бас тартқан газет әлі күнге дейін шығып жатыр (сол кезде марқұм досым, әріптес-курстасым шалғайдағы Шымкентке шақырып, көмектескен еді). Содан кейін «ақ үйден» пікірі дұрыс бір адам шықты. Облыстық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі тіпті өз көлеңкесінен қорыққандарға телефонмен ұрысып тастады.

Сірә, текке қорықпаған шығар, тамыз айында үш күндік бүлік бұрқ ете түсті. Партия газетінің лездемесінде бір адамның: «Енді міне, Ұлттық қауіпсіздік комитеті қажет емес басылымдарды жауып тастап, керекті адамдарды қамауға алады...» деп, қуана алақанын ысқылағанын кейін маған айтқан еді...

Уақыт өтіп жатыр. Адамдар да өзгереді, әкімдер де кезекпен келіп-кетіп жатыр. Олардың әрқайсысының тәуелсіз баспасөзге деген өз көзқарастары болды: шақыртудан бастап дастарқан жаюға дейін, жеңілдікпен несиелер ұсыну және басқа «жеке» игіліктерден бастап, журналистерімізді қылмыстық қудалау, қоқан-лоқы көрсету, электр қуатын ажыратып тастау, өрт қою секілді әрекеттерге дейін орын алды, – деп жазады өз естелігінде Мұқашев.

Мұқашев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің түлегі. 1991 жылы газет шығара бастаған соң, кейін оған Сабыр Қайырханов пен Михаил Паличев қосылды. 1991 жылы жүйесіз шыққан газет 1992 жылдың қаңтарынан бастап апта сайын үзбей шығатын болды. 1995 жылы «Ақ Жайық» 8 бетте жарық көрді, жаңа журналистер келе бастады.

Әбділдә Мұқашев, Сабыр Қайырханов, Михаил Паличев үшеуі табиғат аясындағы демалыс кезінде де жиналыс жасайтын. Газеттің бастапқыда редакторы Мұқашев болды. Одан соң көп жыл Сабыр Қайырханов редактор болды. Ал кейінгі жылдары әуел бастан редактор орынбасары болған Михаил Паличев редакторлық қызмет атқарды. Сабыр Қайырхановтың естелігінен: – «Ақ Жайық» сонау 90-жылдардың бірінші жартысында ескі технология бойынша облыстық баспаханадан басылып шығатын. Таралымы аз еді, КамАЗ жалдап, Ресейден газеттің қағаз орамын өзіміз әкелетінбіз.

Өзіміз деп отырғаным – газеттің негізін салушы, сол кездегі өрімдей жас директор Әбділда Мұқашев пен жүргізуші Женя еді. Жолда түрлі оқиғаларға тап болатынбыз, 90-жылдар шынымен де қиын кезең еді. Бірде олар Нижегородск облысындағы Балахна қаласынан таудай орамдарды тиеп әкеле жатады. Олар көлікті кезекпен жүргізіп, тар кабинада ұйықтап алады екен. Тамбов облысынан өтіп, жол полициясының стационарлық пунктіне сәл аялдайды. Бәлкім, ең болмаса көлікте жайбарақат ұйықтап алу үшін жолдағы ең қауіпсіз келесі пунктке дейін жол ұзақ па деп сұрау үшін шығар. Сөйтсе, шамамен екі сағаттық жерде екен. Бір сағаттай уақыт өткен соң оларды «Жигули» басып озып, жолға кесе көлденең тұра қалады. Жергілікті төрт жігіт қазақстандық нөмірге, көліктен түскен ұзын бойлы күлімсіреген қазаққа зер сала қарайды. Тас жолмен (трасса) өткені үшін жүру ақысын төлеу керектігін мықтап түсіндіріп, қомақты сома сұрайды. Әбділда қағаз сатып алудан үнемделген (жеткізушімен тікелей жұмыс істеу және қолма-қол ақшамен төлеу кейде орамдардың келесі партиясына ақшаны үнемдеуге мүмкіндік беретін) бірнеше жүз долларды кабинаға тығып үлгерген еді. Сөйтіп жергілікті

«бригадаға» аз-мұз ақша беріп құтылуды ұйғарады, – деп еске алған Қайырханов әрмен қарай былай деп жалғастырады. – «Жігіттер, бары – осы» деп, жолда ішер тамағына жұмсайтын аз ғана рубльдер салынған әмиянын көрсетеді. Жігіттер «кімсіңдер, немен айналысасыңдар?» деп сұрайды. «Гурьевте жеке газет басып шығарамыз» дейді. Бутерброд оралған газеттің ескі нөмірін көрсетеді. Жігіттердің арасында көзі ашық жігіт бар екен. А2 форматындағы ақ-қара түсті, төрт беттік «Ақ Жайық» басылымын мұқият қарап шығып, тіпті, шығу деректері мен таралымын, сыбайлас жемқорлық, браконьерлік, ыстық сусыз қала және т.б. тақырыптарды оқып шығады.

«Леха, мында, тіпті, жұлдыз жорамал да жоқ екен»деді «сарапшы» бригадирге қарап. «Міндетті түрде жұлдыз жорамалды да қосамыз» деп абайлап әзілдейді Әбділда, сол маңға жақын аудан орталығының жігіттері ақшаның иісі жоқ екенін ендігі түсінген шығар деген оймен. Бригадир қабағын түйіп, мыжылған рубльдерді санап шығып, қолын сілтейді де, қазақстандық жүк көлігін өткізіп жібереді...

Кейін Әбділданың өзі айтқандай, бұл күлкілі оқиға жолда оның көңіл-күйін көтеріпті. Бұл редакция кассасындағы үнемделген 500 долларға қатысты емес. Оның ішкі түйсігі оған алдағы жылдары жұмысының жақсы үйлесіп кететінін сездірген еді. Тек сол ұзақ жолда кездесетін қиындықтарға шыдау керек».

Газет алғашқы жылдары не туралы жазды

Газет «Компаньон» деп аталып, «Местное обозрение», кейін «Ақ Жайық» деп өзгерген тұста негізі қаланған бастапқы жылдары не туралы жазды?

Елді дүр сілкіндірген қандай елеулі оқиғаларды жазды, соған тоқталып өтсек.

1992 жылы газетте Атырауда Сары әулие деген лақап атпен елге кеңінен танымал болған Марат Исембаев өзіне қасиетті әруақ қонғанын мәлімдегені, оның өз сеанстарын Атыраудағы Махамбет Өтемісұлы атындағы облыстық драма театрында өткізе бастағаны жазылды. Сол жылы оның избасарлары дейміз бе, әлде, қолдаушылары, жақтастары «ақ үйдің» жанында бірнеше митинг өткізіп, кейбір облыс басшыларының отставкаға кетуін талап етті. Осыдан кейін әкімдік драма театрында емдеу сеанстарын өткізуге тыйым салды. Бұдан соң «Сары әулие» Алматыға кетті. Бұдан бөлек, Кеңес Одағы ыдыраған тұста Одақ кезінде әскерге шақырылып, басқа республикаларға жіберілген Қазақстанның жігіттері өз әскери бөлімшелерінен қаша бастады. Билікке жүгінген «дезертирлерді» тәуелсіз Қазақстан Республикасының аумағында әскери борышын өтеуге жіберді.

Тағы да сол 1992 жылы Атырау облысы Наурыз мейрамы ресми мереке деп танылмай тұрғанда да, оны алғаш рет кеңінен атап өтті. Осы жылы Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей, Түркіменстан елдеріне ортақ Каспий теңізін бөлу процесі басталды. Қаланы жан түршіктіретін қылмыс дүр сілкіндірді – 13 және 14 жастағы екі қыз 4 жасар баланы өлтірді. Атырауға ғарышкер Тоқтар Әубәкіров келді. Үкімет Теңізді игеру үшін «Шевронмен» келісімшартқа отырды. Алғаш рет ресми түрде 30-жылдары аштықтан қаза тапқандарды еске алу күнін атап өтті. Нан бағасы бірден бес есеге қымбаттады. Атыраулық боксшы Болат Теміров Барселонада өтетін Олимпиадаға жолдаманы жеңіп алды, бірақ оған ел намысын қорғауға мүмкіндік бермеді: бұған кім кінәлі екені сахна сыртындағы ойындардан немесе сол кезде жаппай орын алған тәртіпсіздіктердің салдарынан белгісіз болып қалды. 1992 жылы Қазақстанның Ішкі істер министрлігі республикада есірткіні тұтыну 1991 жылмен салыстырғанда екі есеге артқанын мәлімдеді.

Облыста еркін экономикалық аймақ құру туралы шешім қабылданды. Алғашқы жеке банк ашылды. Қаладағы баспананы жекешелендіру жөнінде шешім қабылданды. Тәуелсіздіктің алғашқы мерейтойы тойлануда. Ал 1993 жылы не жазды? Бұл жылы облыста бұрын-соңды болмаған су тасқыны болды. Жайық суы қаланы басуға дайын тұрды. Аз уақыттың ішінде топырақ бөгеттері тұрғызылды. Қызылқоға және Жылыой аудандарындағы Ойыл мен Ембі өзен-

дерінің суларының көктемгі тасуынан тигізілген материалдық шығын 21,8 миллиард рубльге жетті. Зардап шеккендер де болды. Тәжік моджахедтері тұтқыннан босатқан шекара әскерінің қатардағы сарбазы С.Қожантаев Атырауға үйіне оралды.

Нұрахмет Райымұлы атыраулықтардың ішінде алғаш болып Меккеге қажылыққа барды. Придорожный ауылының маңында тікұшақ құлап, өртеніп кетті. Зардап шеккендер мен құрбан болғандар жоқ. Утера ауылының маңында Астрахан облысынан кездейсоқ ұшып бара жатқан әскери зымыран құлады. Қазан айында облыста ВИЧ-инфекциясын жұқтырған алғашқы адам анықталды. Кеңес Одағының батыры Қайырғали Смағұлов қайтыс болды. Теңгенің айналымға енгізілгені туралы жарияланды. Бастапқыда тауарлар рубльге де, теңгеге де сатылды. 1 теңге 500 рубльге тең болды. Дүкендерде наннан басқа ештеңе жоқ, базарларда дүрлігіс болды.

1990 жылдың қарашасында Привокзальныйда Бисеналиевтер отбасын (әйелді және оның екі кішкентай баласын) айуандықпен өлтіру туралы ұзаққа (үш жылға жуық) созылған іс аяқталды. Қайта өткізілген сот отырысында төрт айыпталушы да ақталды, өйткені нақты дәлел жоқ, ал «мойындау жауаптары» полицияның қатыгездік азаптау әрекеттері арқылы алынған. Мұны істегендер жазасыз қалды...

1994 жылы қаңтарда Жоғарғы Кеңес пен мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну басталады. Алғашқы жергілікті «Ынтымақ» инвестициялық қоры құрылды, төлем құралы – тұрғын үй купоны. Әуежайда керосин болмағандықтан, бүкіл рейс тоқтатылды. Ширина аймағындағы Жайық мұзында балықшылар мен тәртіп сақшылары арасында қақтығыс болып, бір балықшы автоматпен өлтірілді, екеуі жараланды.

Мамыр айында қалалық мешіт құрылысына қаражат жинау басталды. Ақшаны мектептер, әртүрлі акционерлік қоғамдар, облыстық мемлекеттік пошта қызметі аударды. Ақылы көлік тұрағында коммерциялық фирманың көлігі жарылды, тергеу басталды. Атырауда тағы да нан дағдарысы басталды. ҰҚК пойыздарды рельстен шығаруға бағытталған екі әрекеттің алдын алып, қаскөйлер ұсталды. Қарттар үйі ашылды.

1995 жылы Шешенстандағы соғыс бүкіл ТМД елдерінде дүрбелең тудырды. Ұрыстың қайнаған ортасында болып, осы сұрапыл соғыс туралы бейнежазба түсірген жігіт жайлы толығырақ жазылды. Қазақстан азаматтары жаңа жеке бас куәлігін ала бастады. 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорты 1996 жылдың соңына дейін қолданылды. Сол кездің өзінде Атырау билігі облысты экологиялық апат аймағы ретінде тануды ұсынды. Парламентке басқа құжаттармен қатар жіберілген облыстық экология басқармасының басшысы Ю.Викулов, Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Т.Чакликов және «Қазгидромет» Батыс Қазақстан филиалының басшысы А.Кенжеғалиев қол қойған анықтамада – облыс аумағының 15%-дан астамын алып отырған бұрынғы ресейлік үш полигон аумағындағы экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдайдың өте күрделі екені сипатталған.

«Азғыр аймағының тұрғындары арасындағы аурушаңдық пен өлім-жітім деңгейі облыс бойынша орташа көрсеткіштен 2-3,5 есе жоғары, әсіресе қатерлі ісік, сүйек тіндерінің зақымдануы, қан аурулары көп. Өнеркәсіптік өнімнің жалпы көлемі өсті, бірақ мұнай кешені есебінен ғана. Тауардың 17,9 есеге қымбаттағаны байқалады. Бір бөлше нан 14 теңге тұрады. 29 сәуірде ҚР Президенті өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту бойынша референдум өтті, сайлаушылардың 95%-ы қолдады. Атыраудың орталық көшелерінің бойына троллейбустың электр желілері тартылды, бірақ қалада троллейбустар ақыры жүрмеді. 17-разъезде 500 жолаушысы бар «Ташкент – Волгоград» жүрдек жолаушылар пойызы апатқа ұшырады: жаралылар бар, оның ішінде атыраулықтар да болды. Тамыз айында елде тағы бір референдум болды, халықтың 90% жаңа Конституцияны қолдап, дауыс берді».

Міне, осы. Бүгінде газет те, сайт та, баспахана да жұмысын жалғастырып келеді. Газет кейінгі жылдардағы қаржылық қиындықтарға қарамастан әуел бастағы ұстанымы секілді өзінің қоғамдағы өткір де өзекті мәселелер бойынша объективті түрде ақпарат тарату бағытынан айныған емес.

Ергеш Ернар,
эл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Журналистика факультеті,
«Медиадизайн» мамандығының
2 курс магистранты.
Ғылыми жетекші – **Болатбек Төлепберген**

Бауыржан Жақып және Алаш

Аннотация: Мақалада еліміздің біртуар ақыны, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып ағамыз бен кешегі еліміздің тәуелсіздік жолында өз ғұмырын сарп еткен алаштықтар жайында баяндалады. Сонымен қатар екі ғасырдың дараларын нендей күш біріктіріп, байланыстырып тұрғаны жөнінде кеңінен қозғаймыз. Бұл мақалада Бауыржан ақынның елеулі қызметі мен шығармашылығына көп тоқталамыз.

Тірек сөздер: поэзия, дәстүр, жаңашылдық, Алаш, Бауыржан Жақып

Абайдың Қасқабұлағы,
Халқымның аққан жыр-әні.
Көрмедім сендей тұманы,
Жағанда сенің киелім,
Ұлылар ғана туады.

Бауыржан ақынның кіндік қаны тамған жерге деген перзенттік махаббаты жырланған бұл өлең ұлтымыздың біртуар ұлы ұлдарына мекен болған Шыңғыстау өңірі жайлы сыр шертеді. Әр ақын – өз елінің, өз жерінің перзенті. Өйткені ол балаң ойдың желкенін көтергенше өз жерінің сылдыр қаққан бұлағы мен сыбдыр қаққан құрағынан қиялына қанат бітіртіп, ақындық атты үлкен өмірге алғашқы қадамын содан бастайды. Ол – әр ақынның азаматтық парызы десек, Бауыржан ағамыз «Абайдың Қасқабұлағы» өлеңінде ақын мен оның туған жерін ажырамас бірлікте жырлай отырып, атажұртқа деген жүрек лүпілін былай жеткізеді.

Абайдың Қасқабұлағы,
Елімді қорғар қылыш па ең?
Жеріме біткен ырыс па ең?
Етпеттеп жатып жағанда,
Бала Абай сенен су ішкен
Іштегі өртін сөндіріп,
Дана Абай сенен су ішкен.

Бала Абайдан дана Абайға дейін ақын сырының куәсі болған Қасқабұлақ сондай-ақ:

Шақпаққа бара жатқанда,
Шәкерім бетін шайған су,
...Әуелеп шабыт қуған су,
Әуезов үні туған су,
Мұқаңның сөзі тұнған су.

Туған жерінің тарихын терең білетін ақын өзінің оған деген сүйіспеншілік сезімі мен аза-

маттық көзқарасын осылай таныта отырып, ұлылар туған өлкенің құтын қашырып, киесін кетіруге тырысқан тоталитарлық жүйе мен ядролық сынақ зардаптарына налиды да: «Отыз жыл ойран болса да» суы Абай жырларындай мөлдіреп жатқан Қасқабұлақ арқылы жанын жұбатады.

Қазақта «Ат тұяғын тай басар» деген сөз бар. Бауыржан Жақып – өзі өлеңмен өрнектеген өлкенің өлмейтін тарихын жасаған ұлылар – Әлихан, Ахмет, Міржақыптардың өкшесін басып келе жатқан талантты ақын. «Алдыңғы толқын ағалардың» жолын «кейінгі толқын інілердің» жалғастыруы – табиғи заңдылық. Оның үстіне ұлтымыздың ұлы ұлдарының табанының табы қалған топырақты басып, бетін жуып, іштегі өртін өшірген суды ішіп өскен ақынның талантты болмағы – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Адам баласына қасиет, кие туған жерінен, өскен ортасынан бітеді десек, бұрынғы Семей облысының Абай ауданында дүниеге келген Бауыржан Жақып – бірнеше жыр жинақтарының авторы. Оның «Аудитория», «Қарлығаш», «Бір кеменің үстінде», «Баспалдақтар», «Аралым – арым, Балқашым – бағым» атты өлеңдері ұжымдық жыр жинақтарына енгізілсе, «Жұлдызды шақ», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан» (1996), «Ақ лақ» (1997), «Қолтаңба» (2001) атты жеке өлеңдер жинағы жарық көрген.

Лирика – ақынның көңіл-күйі, сезімі жырланатын сюжетсіз шығарма десек, Бауыржан ағамыздың «Ұста шал» өлеңінде сюжет бар деуге болады. Оны «Ауыл шетіндегі дөңде ұста шалдың дүкені бар болатын. Оның иесі – көптің қадіріне бөленген Әлімбек ақсақал таң бозынан тұрып, бар маңайды құралдарының даусымен оятады. Өзі – қоңқақ мұрын, шот мандай, шодыр мінез, қайшы мұрт, қашау қасты, шеге көзді, біртоға адам, бірақ ашуланса тілі ашты. Көпті көрген қария әңгімешіл, көріпкелдігі де бар, кеуде керіп мақтанбайды. Барлық жұртты қолынан шыққан бұйымдарымен риза қылатын Әлекеңнің жасаған шанасы лирикалық қаһарманға да балалық бақыт сыйлаған», – деп мазмұндауға болады. Яғни, бұл өлеңде оқиғаның өтетін орны, оған қатысатын кейіпкерлер (шал, ауыл адамдары, ақын), басты кейіпкердің портрет, мінез ерекшелігі, яғни жалпы образы сомдалған. Өлеңнің өн бойында айтылған осы жайларды автор:

Қолынан шыққан заты көзге ілінсе,
Қалады аты аталып Әлекеңің, –

деп тұжырымдап, ұста шалға деген ел құрметін шынайы жеткізеді. Лирикадағы сюжет мәселесі басқа алдағы уақыттағы тақырыптың еншісі екенін айта отырып, мен бұл мақалада ақын өлеңдеріндегі ұлттық колорит бояуының басымдығына назар аударуды басты мақсат еттім. Бұл өлеңде де ұлттық дәстүр-ұсталық: «Балқытып, иіп темір-терсегінді, Құяды неше түрлі қалып қылып» деп шебер суреттеледі. Содан шыққан бұйымдар-шалдардың таяғы, шөңке, шөміш, ат әбзелдері, дөңгелек жер үстел, баланың бесігі, шана т.б. бүгінде бірен-серен қазақи дәстүр сақталған ауылда болмаса, негізінен тұрмыста қолдануда шығып бара жатқан заттар арқылы автор ұлттық дәстүрді дәріптейді.

«Күлжан апа» өлеңінде қазақи иіс аңқып тұрған ауыл баласының ұлттық дәстүрден сусындап өскен кейпі лирикалық қаһарманның:

Сары қымыз берген сапырып,
Саратан айы қалды алыс.
...Бүлдіргеніне Байпақтың
Бармадым қанша жыл өтті.
...Қойтасқа қойды өргізіп,
Қойбүлдірген тергізіп,
Қою шай ішкен күндер-ай,
Қойқандап атты желгізіп, –

деп жырланған жолдардағы сағыныш сезімінен айқын аңғарылады. Ұлттық тәрбиеге сусап жүрген бүгінгі балаларға мұның бәрі таңсық десек те, бойында қазақтың қаны бар ақынның өзі сияқты азаматтардың көбі бір кезде қара борбай бала болып, осы бақытты басынан өткергендігіне тәнті болмасқа шараң жоқ. «Сары қымызын сапырып, сары ірімшігін қайнатып, сары бауырсақ пен тортасын тосатын» Күлжан апа – ұлттық тәрбие тұнып тұрған ауыл аналарының жиынтық бейнесі. Бүгінде «Күлімдеп жырға айналатын» Күлжан апалардың азайып бара жатқанына қамыға отырып, Бауыржан ақын өлеңдерінен көңіліңе медет табатының анық. «Үш келіншек» өлеңінің:

Шыңғыстау, бір перзентпін мен де саған,
Картадан әр жотанды көрмес адам.
Басында бір төбеңнің үш жартас бар,
Күн бояп, мүсіндерін жел қашаған, –

деп басталатын алғашқы шумағында ақын ойы жалпыдан бастап жекеге қарай ойысады. «Үш келіншек» аталып кеткен сол жартастың сырын ақын өзіндік көзқараспен өзінше топшылай отырып, қазақ әйеліне тән төзімділік, адалдық, ар, намыс, жігер, ұят деген асыл қасиетті өлеңнің өзегі етіп алады да:

Отаудың отын көсеп, шашпай жағып,
Жарының жолын күткен жастай қалып.
Көз алмай құбыладан тоса-тоса,
Үш ана кетті ме екен тасқа айналып, –

деп әйел-анаға деген құрмет, сүйіспеншілік сезімімізді шыңдай түседі.

...Жан әжем, сенің баурыңда,
Тыңдадым қазақ өлеңін.
Жан әжем, сенің баурыңда,
Түйсіндім қазақ әлемін.
...Өзіңнің бесік жырыңмен,
Кірпігім менің ілінген.
Көзіңнен төккен нұрыңмен,
Саумалын жырдың сіміргем.
...Сен шерткен қалың шежірең,
Еске алып күнде көз ілем.
Тұтаттың сөздің ұшқынын,
Сөйлеген сайын сезінем.

Ұлы Абайдың әлем аренасына көтерілуінің түп-төркіні – таңнан таңға отырып тыңдаған Зере әженің әңгімелерінде жатқанын ескерсек, бұл – көне қазақтан бір елі де ажырамаған киелі дәстүр, тамыры терең тәрбие.

Осы ұлттық дәстүрді Бауыржан аға «Әжемнің шырағы» атты өлеңінде өзінің сезімімен астастыра суреттейді. Бір кездегі әжесінің жаққан шырағын өшірмей жүргені – сол лирикалық қаһарман сөздің мәйегін ішіп, ұлттық тәрбиеден сусындаған ұлттық рухы жоғары ақын екендігін танытқанында. Шынымен, «Отан – отбасынан басталады» дейміз. Өзінің ошағы – ата-ана, туған-туысының қадіріне жете білетін адамнан ғана елжандылық, ұлтжандылық деген ұлы қасиеттен туындайтын ірі істер күтуге болады. «М.Әуезов – публицист», «Ұлы суреткер» т.б. тақырыптарда ғылыми-зерттеу монографиялар жазған филология ғылымының док-

торы, профессор Бауыржан Жақып – лирикалық туындыларымен ғана емес, публицистикалық, ғылыми еңбектерімен де танылған ғалым ретінде елі үшін елеулі іс тындырып, әдебиет пен ғылым саласынан өзіндік орнын алып үлгерген тұлға. Осы жетістіктері үшін әкеге қарыздар екенін ақын «Әке туралы жыр» атты өлеңінде өзіндік тыныспен шабыттана жырлайды.

*Көзімді ашсам көктемде
Ақын боп шықсам арқырап,
Білімнің ішсек кәусарын,
Ізденіс жолын таңдасам,
Кітабым шықса баспадан.
Көрінсем телетаспадан,
Газетке шықса жырларым,
Журналда тұрса сырларым,
Үйленсем, сосын үй болсам, –*

деп дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап ақылы, білімі толысып азамат болған шағына дейінгі өмір белестерінде әке ізінің сайрап жатқанын бір ғана әр шумақ соңындағы «Әкешім, сенің арқаң бұл» деген қайталаулар арқылы әсерлі жеткізген. Бұл да – қарыз бен парыз, борыш пен аманат деген біздің халқымыз үшін бәрінен биік тұратын киелі ұғымды дәріптеу, оны өз оқырманының санасына сіңіріп, көкірегіне берік орнықтыру идеясын көздейді. Халқымыздағы аруаққа тағзым ету үкіні қадірлеп, топырақты кие тұту тәрізді дәстүрлерді құрметтеуге шақыратын «Үш тал үкі», «Қоңыр», «Киелі менің топырағым», «Туған ауыл» т.б. өлеңдерінде де ұлттық реңк басым.

«Толқынды толқын қуады, Толқыннан толқын туады» деп Мағжан жырлағандай, Әлихан, Міржақып, Ахмет сынды қазақтың біртуар ұлдары дүниеге келген қасиетті Семей өңірінде осы ата-бабаларымыздың жолын жалғастырап ұрпақ сабақтастығының болуы – табиғи заңдылық. Ендеше, осы ағалардың ізін жалғастырып келе жатқан Бауыржан Жақып та ұлттық рухты ұлықтаған ұлтжанды ақын екені даусыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Асығы алшысынан түскен ақын [мәтін] : Бауыржан Жақыптың «Білте шамның жарығы» бар жүрекке нұр шашты / С. Қасымжанұлы // Семей таңы. – 2013. – 4 маусым. – Б. 3
2. Жақып Б. Қолтаңба [Текст] : әдебиет кеші / Б. Жақып // Семей таңы. – 2009. – 29 қазан. – С. 6
3. Жақып Б. Тамыздың жиырма тоғызы // Семей таңы. – 2009. – 3 қыркүйек. – Б. 3
4. Жақып Б. Атқаратын шаруа ұшан-теңіз / Сұхбаттасқан О. Жақсанов // Мәдениет. – 2011. - № 8.-8-11 б.
5. Жақып Б. Қарашығымда таң атқан // Парасат. – 2007. – № 4. – 11 б.
6. Жанатұлы Е. Зекенұлы Қ. Бауыржанның бесінші жинағы жарық көрді // Семей таңы. – 7 маусым. – 4 б.
7. Көркембаев Р. «Болмасаң де ұксап бақ, бір ғылымды көрсеңіз...» // Семей таңы. – 2010. – 14 қаңтар. – С. 9 ; Семей таңы. – 2011. – 17 маусым. – С. 1
8. Қасым А. Алаштың рухани астанасы ақынын аялады // Дидар. – 2009. – 12 қараша. – С. 7

МАЗМҰНЫ

Туған күн	3
Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтау хаты	4
Ағалар лебізі	5
Олжас Сүлейменов	5
Темірхан Медетбек	5
Асқар Егеубай	5
Рафаэль Ниязбек	5
Серікқазы Мейірханов	
Текті аталардың ұрпағы	6
Рысбек Көркембаев	
Қымбатты да қадірлі інім Бауыржан Өміржанұлы!	6
I бөлім Ақын. Ғалым. Ұстаз	8
Мұзафар Әлімбаев. Жас поэзия жайсаңдығы	9
Шериаздан Елеукенов. Бұл өлке өлең-жырдың сарайы еді	10
Әбілфайыз Ыдырысов. Көсемсөз зергері	17
Хафиз Матаев. Әр сөзінен алтын шашырағандай... ..	22
Қабдырахман Ғабдоллаұлы. Ақынның бір өлеңі туралы	25
Темірхан Медетбек. Таны мені, ашып көр құпиямды	26
Рафаэль Ниязбек. Жүрегінен жұлдызды жырлар саулаған	34
Семей сапары	38
Марат Ысқақ (Төремұрат). Табиғатпен тілдескен	40
Кенесқазы Башеев. Уатылып кеткен обалар	42
Рысбек Көркембаев. Жыржүрек	47
Жанғара Дәдебаев. Оның жүрек айнасы тап-таза... ..	59
Намазалы Омашұлы. Журфакта Жақыповтың өз орны бар	63
Клара Хамзақызы. Мен де қалыс қалмайын дедім	66
Ғалым Жайлыбай. Суреткер ақын	68
Дегелең тауының зарын әлемге естірткен... ..	73
Мамытбек Қалдыбайұлы. Нағыз ақын	75
Бекен Нұрахмет. Тай кезінен тарпуы мықты болған	77
Бауыржан Омар. Біз үшеу едік... ..	81
Қалдықыз Жанботаева. Тұмадай тұнықтық	83
Өмірхан Балқыбек. Бұлттардан аспан ойын оқыған... ..	85
Айгүл Кемелбаева. Көмейден төккен көркем үн	89
Баян Бекетова. Бауыржан ақынның өлеңдеріне саяхат	94
Ғабдул-Сәбит Юсупов. «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін»	99
Жұмабай Құлиев. Сақи жырдың сәнді ордасы... ..	109
Думан Рамазан. Асығы алшысынан түскен ақын	113
Ермахан Шайхыұлы. Арда туған азамат	120
Нұржан Қуантайұлы. Кірпіктерге моншақ болған сағыныш	124
Гүлмира Сұлтанбаева. Қазақ публицистикасын зерттеудегі жаңа бағыт	128
Жидегүл Әбдіжәділқызы. Бауыржан Жақыптың бағындырған белестері	129
Гүлнар Өзбекова. Ұстазым жайлы айтам сыр	130
Орынтай Ошанова. Өрелі өлеңді ту еткен қазақ журналистикасының теоретигі	132
Римма Жақсылықбаева. Киелі Ертіс перзенті	137
Олжас Қасым. Өлең деген өңірде жыр түлеткен... ..	141
Сейітхан Зеберханұлы. Ақын ғалым атанды	145
Болатбек Мұхтаров. Журфак түлектері университет тарихына	
қолтаңба қалдырды	145
Сламхат Сейтқамызаұлы. Бауыржан өлеңдерінің ерекшелігі – қазақы бояуы!	146

Кенже Жұмағұлов. Ел сыйлаған азамат	147
Баян Бекетова. Көрермен көңілінен шыққан кеш	147
Мақпал Оразбек. Алматыны дүр сілкіндірген кеш	148
Қайырбек Шағыр. Өлеңдерінен ауыл иісі аңқиды	148
Айгүл Болатханқызы. Менің кезеңімнің ақыны	149
 II бөлім Арнау өлеңдер	 150
Марфуға Айтхожина. Алтын ғасыр	151
Рафаэль Ниязбек. Қазақ жыры	152
Ақын Бауыржан Жақыптың әкесі Өміржан ақсақалдың рухына!	153
Темірхан Медетбек. Бауыржан Жақып	154
Иран-Ғайып. Ақын Бауыржан Жақыпқа!	156
Жүрсін Ерман. Бауыржанға!	158
Абзал Бөкен. Ірі	159
Әбубәкір Қайран. Менің Баукенім	160
Қатира Жәленова. Жыр – шашу	161
Әділғазы Қайырбек. Біздің Бауыржан	162
Шаяхмет Алжанбай. Жыр майданның «Баукесі»	162
Әбіл Қасымов. Ардақты Бауыржан!	163
Сағатбек Медеубек. Бауыржанға!	164
Болат Шарахымбай. Босфордағы жыр кеші	165
Үміт Битенова. Бауыржан Жақыпқа	166
Серікзат Дүйсенғазин. Іні тілегі	167
Қалқаман Сарин. Б.Жақыпқа	168
Аязби, Қайрат, Төрехан. Қ ұ т т ы қ т а й м ы з !	169
Мақсат Әлсейітов. Бауыржан Жақыпқа	169
Мұрат Шаймаран. Тұрады жырың уақыттың алтын қолында	170
Маржан Ершуова. Ақ жүрек ақын	171
Таңатар Дәрелов. Бауыржан Жақыпқа!	171
Құрманғазы Жұмағұл. Шыңғыстаудың Құлжасы	173
Болат Құрманғажыұлы. Жаның жайсаң қашанда	173
Мақпал Мыса. Бауыржан ағаға	174
Мағиза Құнапияқызы. Қасқа бұлақ жағасы	175
Олжас Қасым. Іңкәр шақ	176
Алтынбек Құрманбайбаласы. Бәуке!	177
Байбұлан Тілеубай. Жасына кел, Жамбылдың	177
Серік Күмісханов. Ақын інім Бауыржан 50 жаста	178
Нұргүл Уайданова. Тілек	179
Серік Ақанұлы. Талантты тану	179
 III бөлім Баспа ісі және БАҚ	 180
Қоңыр Мухатаева. Басылым мәдениетін қалыптастыру	181
Молдахан Абдраев. Дата журналистика және деректер трансформациясы	184
Дастан Қастай. Жалған ақпарат астарына жасырынған жалаң мүдде механизміндегі заманалы бедерлер	 191
Әлімберді Ләззат, Мухатаева Қоңыр. Зағип жандарға арналған басылымдар	193
Махаббат Альмухаметова, Бауыржан Жақып. Кеңес Одағында жарық көрген «Тамаша адамдар өмірі» («ЖЗЛ») басылымының мазмұндық, таралымдық ерекшелігі	196
Рашид Кемелбек, Гүлмира Әшірбекова. Цифрлы баспа:	

Әдеби кітап шығарудағы мәселелер	199
Гүлмира Әшірбекова, Зухра Ермағанбетова. Бауыржан Жақып – ұлттық публицистика тарихын зерттеуші	203
Патима Жақсылықбаева. Ұлттық тәрбиенің маңызы мен ерекшеліктері	206
Айнұр Сапарова. Қазақстанның батысындағы тұңғыш тәуелсіз басылым	209
Ергеш Ернар, Болатбек Төлепберген. Бауыржан Жақып және Алаш	213

Ғылыми басылым

«БАСПА ІСІ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС: ҚАЛАМГЕР – РЕДАКТОР – ОҚЫРМАН»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

Жалпы редакциясын басқарған: Темірғали Көпбай

Ғылыми редактор: Айгүл Рамазан

Құрастырған әрі жауапты редакторы: Ермахан Шайхыұлы

Корректоры: Тілепберген Ақмөлдір

Беттеуші: Ибрагимов Ниетжан

Басуға 18.12.2023 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100 1/16

Көлемі 25 б.т. Офсетті қағаз. Тапсырыс №10502

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, №71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.